

БУЛГАУОВ ШОТБЕК ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ

**1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт
мәселесінің тарихнамасы**

**Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми
кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған**

Пікір жазғандар:

Х.М. Әбжанов - тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі

Х.А. Сутеева - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қ.С. Қаражан - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Булгауов Ш.Т. 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихнамасы. Монография. – Алматы, 2014. – 135 бет.

Монографияда 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихнамасы талданады. Ұлт мәселесінің теориялық-методологиялық негіздері көрсетіліп, кеңестік ұлт саясатының мәні ашылады. Тарихнамалық деректердегі Қазақстандағы ұлт мәселесіне қатысты методологиялық ұстанымдар анықталады. Социалистік қоғам құрудағы қайта құрулардың, соның ішінде Қазақстандағы басқару жүйесіндегі өзгерістердің, аграрлық реформалардың, индустрияландырудың ұлт мәселесін шешуге ықпалын зерттеудің бағыттары талданады. Мәдениет пен ғылым салаларындағы өзгерістердің ұлттық саясатқа қатысты жүргізілуді қарастырудың әдістері мен жолдары жүйеленеді. Мәдени революцияның ұлт мәселесіне қатысының зерттелу деңгейі айқындалады. Республикадағы қоғам қайраткерлерінің ұлт мәселесін шешу ұстанымына ғылымдағы көзқарастар көрсетіледі.

Монография студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, тарихнама пәнінен дәріс беретін оқытушыларға арналған.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1-тарау. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
Кеңестік ұлт саясаты: мәні және теориялық бағыттары.....	13
Зерттеулердегі Қазақстандағы ұлт мәселесіне қатысты методологиялық ұстанымдар.....	30
2-тарау. СОЦИАЛИСТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУГЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ	
Қазақстандағы басқару жүйесіндегі өзгерістер және ұлт мәселесі.....	47
Қазақстандағы аграрлық қайта құрулардың, индустрияландырудың ұлт мәселесіне ықпалы.....	64
3-тарау. МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	
Мәдени революцияның ұлт мәселесіне әсері.....	82
Қоғам қайраткерлерінің ұлт мәселесін шешу ұстанымына ғылымдағы көзқарас	98
ҚОРЫТЫНДЫ.....	114
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116

КІРІСПЕ

«Халық – тарих толқынында» атты бағдарлама ауқымында кеңестік кезеңнен мұра болып қалған көптеген шешілмеген түйткілдерді, соның ішінде ұлттық мәселесін жаңаша зерттеу қажеттілігі туындайды. Тек ұлт мәселесінің ғана емес кез келген оқиға және үдерістің тарихын зерттемес бұрын ең алдымен оны тарихнамалық тұрғыда талдау қажет, өйткені тарихнама ғылым саласы ғана зерттелмеген тұстарын, зерттеу методологиясы мен бағыттарын анықтап береді. Тарихнаманы тарих ғылымының айнасы іспеттес оның өткеніне, қазіргісіне баға беріп, келешегін болжайды. Жаңа форматтағы көп томдық Қазақстан тарихы дайындауда оның тарихнамасына баса назар аударған жөн.

Көп ұлтты Қазақстандағы ұлт мәселесінің, ұлтаралық қатынастарының, олардың саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайының жоғары дәрежеде болуы ел ішіндегі саяси тұрақтылықтың, бейбіт өмірдің, дамудың кепілі екені белгілі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылдың 18 қаңтарындағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында Мәңгілік Ел ұлттық идеясын бастамасын көтеріп, оның «жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы» болып саналатындығын қадап айтты [1]. Қазақ халқының ғана емес республикада өмір сүретін барлық ұлт өкілдерінің тілі мен дінінің әртүрлілігіне қарамастан мүддесінің, мақсатының, болашағының бір екендігін, яғни халықтардың өзара түсіністігі, сыйластығы, соның негізіндегі бейбітшілік пен тұрақтылық басты мемлекеттік құндылық болып табылатындығына көз жеткізілуде. Уақыт өткен сайын ұлтаралық татулық арқылы Қазақстанның тәуелсіздігі нығайып келеді.

Саяси, идеологиялық ерекшелігіне орай «жабық есік» саясатын ұстанған кеңестік тоталитарлық жүйе тұсындағы қазақ ұлтының, республиканы мекендеген өзге де халықтардың ұлттығын, мәдениетін, тілін, ділін, өзін-өзі қорғауы «кеңестік халықтың» құрамдас бөліктері ретінде социалистік құрылыс тұсында сақтап қалуы күрмеуі қиын күрделі мәселелердің бірі болғандығы белгілі. Қазіргі ұлт саясатымен кеңестік коммунистік ұлт саясатын мүлде салыстыруға келмейді. Кеңестік мемлекеттің 70 жылдан аса үстемдік еткен коммунистік ұлт саясатының салдары жекелеген адамдардың тағдырына ғана емес, тұтастай ұлттарға, олардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани дамуына зардапты ықпалын тигізді. Қазақ халқы мен өзге де этностардың ұлттық мүддесі большевиктер партиясы тарапынан қасақана, түбегейлі бұрмаланды. Коммунистердің қолдан жасаған ұлт саясатының салдарынан қазақ ұлты жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Ресми мәліметтер бойынша XX ғасырдың алпысыншы жылдары қазақтар барлық Қазақстан халқының небәрі 28%-ын құрағаны аян.

1917-1955 жылдарды қамтитын кезеңдегі ұлт мәселесінің тарихы кешенді түрде зерттелгенімен, кеңестік зерттеушілері тарапынан лениндік ұлт саясаты теориялық, таптық тұрғыда қарастырылды. Тәуелсіз қазақстандық тарихшы-зерттеушілер большевиктік ұлт тарихы мәселелерін жаңа тарихи сана тұрғысында қарастырып, өркениеттік, жаңа тарихи ұстанымдар ауқымында ұлттық мүдде тұрғысында тың көзқарастар танытуда. Алайда мәселенің тарихнамасы арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Сондықтан да мақсаты мен міндеттері әртүрлі осы тарихнамалық деректерді қайта қарау, салыстыру, жаңа сыни талдаудан өткізу ғылым үшін ғана емес, кеңестік өзгерістердің темірдей құрсауынан әзер аман қалған қазақ халқы үшін, оның болашаққа жасаған әрбір жаңа қадамын көру үшін де маңызы зор. Сонымен қатар қазақ халқының тоталитарлық жүйенің қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі қасіретті жағдайды басынан өткеруінің алғышарттарын, себеп-салдарын тарихи, ғылыми түрде зерттеудің жай-күйін айқындап, болашақ тәуелсіз дамуымызға қажетті тұстарын анықтаудағы рөлі ерекше.

Кеңестік билік тұсындағы ұлт мәселесінің пролетарлық интернационалистік табиғатын аша отырып, аграрлық, индустриалдық, мәдени және саяси өзгерістер тұсындағы лениндік ұлт саясатының 1917-1955 жылдар арасындағы даму үрдістерін тарихнамалық тұрғыдан зерттелу ерекшелігіне баға беру отандық тарих ғылымындағы олқылықтың орнын толтыруға талпыныс жасау ғана емес, сонымен қатар егемен елдегі саяси тұрақтылықты, ұлттық, конфессиялық, рухани толеранттықты сақтап қалуға септігін тигізері сөзсіз. Осы орайда қазан төңкерісінен қазіргі күнге дейінгі ұлт мәселесінің әрбір тарихи кезеңдерге байланысты тарихнамалық деректерді талдап, таразылап, әлі де зерттелуді қажет ететін мәселелерді жаңа ғылыми жетістіктер тұрғысынан айқындаудың қажеттілігі дау тудырмайды. Тарихынан сабақ алатын халық үшін оның ұлт ретінде даму кезеңдерін талдауға арналған зерттеулерді сарапатап, олардың ғылымға қосқан үлесіне баға беру арқылы жалпы зерттелу деңгейін анықтау өзекті болып табылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихнамасын былай қойғанда жалпы кеңестік ұлт саясатының тарихы күні бүгінге дейін отандық тарих ғылымында арнайы зерттелу нысанына айналып, кешенді түрде таразыланған емес. Тоталитарлық жүйе тұсындағы кеңестік ұлт мәселесінің даму үрдістерін көрсететін, оның шынайы демографиялық, этникалық және шаруашылық қырларын қарастырған тарихи зерттеулер тек тәуелсіздік жылдарында ғана жарық көре бастады [2]. 1917-1955 жылдардағы кеңестік Қазақстанның ұлт мәселесінің тарихын ашып көрсететін мерзімді басылымдарды жүйелі зерттеген еңбектер де «кеңестік кезеңде де, онан кейінгі уақытта да» [3,56] жазылмай келді. Оның себептерінің бірі ұлт мәселесінің Ленин, Сталин тұсында кеңестік социалистік құрылысты орнату жолындағы идеологияның, саясаттың «құрамдас бөлшегі» ғана болып, интернационализм идеясының

негізі бойынша ұлттың «өтпелілігінде», қоғамдық өзгерістерді жасайтын ұлт емес, езілген таптар деген тұжырымның үстем болуына байланысты болатын. Соның салдарынан «социализмнің толықтай жеңісі», «мәдени революция», «азамат соғысы», «жер-су», «аграрлық», «индустриалдық», т.б. да өзгерістер, ондағы «табыстар» тек жұмысшы, шаруа таптарының мүддесі тұрғысынан қарастырылып, барлық өзгерістерге «таптық» таңба басылды. Дегенмен де проблеманың зерттелу деңгейін арнайы талдамаса да тарихнамалық тұрғыда өзіндік саликалы пікір білдіріп, қомақты ой толғап, дәйекті тұжырым жасаған зерттеулер кездеседі. Сондай зерттеулердің бірі Қазақстандағы 1956-1991 жылдар аралығындағы ұлт мәселесінің тарихнамасын талдаған З.С. Батпенованың кандидаттық диссертациясы [4] болып саналады. Бұл зерттеу отандық тарихнама ғылымындағы ұлт мәселесін зерделеген алғашқы және соңғы еңбек болды.

XX ғасырдың 90 жылдарының басынан басталатын Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік кезеңі 30 жылдардың ортасынан бері «бірқалыпты» дамып келе жатқан кеңестік тарихнаманың «тыныштығын» бұзғаны белгілі. Бұл кезең «ұрпақтар сабақтастығын» алға қойып, ендігі жерде кешегі «қарсыластар», «жаулар» ойлары, зерттеулері, еңбектері қатар жарыққа шыға бастады. Сондай туындылардың қатарына тарихшы-зерттеуші З. Майданалінің [5] еңбегін жатқызуға болады. Автор ұлт мәселесінің зерттелуін арнайы талдамаса да проблеманың зерттеу бағыттарына тоқталды. Осы орайда тарихшының Қазақстан тарих ғылымындағы зерттелу деңгейі қазақстандық ғылымды дамытатын, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аграрлық, жер-су реформаларының кеңестік сипатының қазақ этносының даму жүйесіне қайшы келетін тұстарын ашып көрсететін, тарихи айналымнан шығып қалған «С.П. Швецов, М.Г. Сириус, А.Н. Донич, Е.А. Полочанский, А. Челинцев, В. Скороспешкин және тағы басқа зерттеушілердің» еңбектері арқылы көрінетіні туралы тұжырымы салмақты.

Тарихшы-ғалым З.А. Алдамжаров XX ғасырдың 30 жылдарында Н. Тимофеев, Т. Рысқұлов секілді көптеген авторлардың «қызықты да тартысты» екпінді мақалаларында Қазақстан және қазан төңкерісі жайлы материалдарға тарихнамалық талдау болғанын, оның жалғасы соғыстан кейінгі алғашқы он жылдықта жалғасын тапқаны жайында жазды [6]. Кейінгі жылдары Н.Н.Нүсіпбеков, С.Н. Покровский, Б.А. Төлепбаев, С.Б. Бейсембаев, С. Зиманов, Г.Ф. Дахшлейгер, П.М. Пахмурный, А.Б. Тұрсынбаев, М.К. Қозыбаев, Р.Б. Сүлейменов, К. Нұрпейсов, В.К. Григорьев, В.И. Коршунов, С.Б. Баишев, Н. Киікбаев және т.б. осы мәселеге өз үлестерін қосқандығын көрсетті. Алайда аталмыш ғалымдардың коммунистік идеологияға сәйкес тұжырым жасағандары назар аудартады. Зерттеуші-ғалымдардың В.И. Лениннің, коммунистік партияның қазақ өлкесіндегі кеңестік ұлттық мемлекеттілікті, социалистік экономиканы, мәдениетті құру, оны дамытудағы, ұлт мәселесін шешудегі лениндік идеяның салтанаты, далалық өлкедегі социалистік революцияның жеңісі, ол бүкілресейлік

үдерістің заңды жалғасы екендігі туралы пайымдаулары ашып көрсетілді [7]. Сонымен қатар Н. Киікбаев еңбекші бұқараның күрес тарихының маркстік-лениндік негізін қалауға Ә. Жангелдин, П. Кобозев, С. Сейфуллин, В. Радус-Зенкович, Т. Рыскулов, О. Жандосов, П. Виноградов, С. Мендешев, С. Асфендияров, П. Варламов, О. Исаев, Н. Нұрмақов, Т. Бокин, А. Асылбеков, А. Розыбакиев, М. Масанчи, А. Әйтиевтің үлес қосқандығын да атап өтті [7, 82 б.]. Ғалым олардың жұмыстарына тән ортақ кемшіліктердің бірі ретінде терең кәсіпқойлық, теориялық даярлықтың мардымсыздығын, дерек базасының әлсіздігін, сонымен бірге зерттеу мәселесінің анық еместігін атады [7, 83 б.]. Ғалымның еңбегі кеңестік республикадағы ұлт саясатының тарихын зерттеуде методологиялық бағыт бағдар көрсетеді, әрі осы мәселені қарастырған зерттеушілердің шығармаларына баға беруде мұрындық бола алады.

Кеңестік кезеңде жарық көрген ұлт мәселесінің тарихын баяндауға арналған іргелі зерттеулерде мәселенің тарихнамасына шолу жасалды. Мәселен, С. Бейсембаевтың өз заманында тың ғылыми тұжырымдары мол деп саналған шығармасынан проблеманың кеңестік кезеңде зерттелу деңгейін байқауға болады. Автор Орта Азия мен Қазақстан аймағының «артта қалған» халықтарының капиталистік емес жолмен дамуының лениндік ілімінің тарихи тәжірибесінің жүзеге асу проблемасына, осы өлкедегі партиялық, мемлекеттік құрылыстағы Орталық партия комитетінің басшылық рөліне өз зерттеулерін М. Жүнісов, П.М. Алампиев, С.Е. Толыбеков, Л.А. Рахлис, М.Г. Исаева, Д. Кішібеков, Г.Ф. Дахшлейгер, М. Шаумян секілді көптеген кеңестік авторлар арнағандығы жөнінде жазды [8, 11-12 б.]. Сонымен қатар ғалым Қазақстандағы пролетарлық диктатура аясында жүрген лениндік ұлт саясаты, контрреволюциялық қарсылыққа қарсы күрес, экономикадағы, мәдениеттегі социалистік өзгерістер, тағы да басқа лениндік идеялардың тәжірибеде жүзеге асуы тақырыптарына С.А. Нейштадт, Н. Киікбаев, С. Байшев, С.Н. Покровский, Т. Елеуов, А.Б. Тұрсынбаев, А.Н. Нүсіпбеков, Р.Б. Сүлейменов, Х.И. Бисенов т.б. авторлардың еңбек арнағанын атап өтті [8, 16-17 б.]. Еңбектердің мазмұны маркстік-лениндік идеологияның қазақ өлкесіндегі социалистік құрылысты орнатудағы әлеуметтік-экономикалық проблемалары, социализмнің жеңісі, лениндік ұлт саясатының салтанат құруы, ұлттар бірлігі, халықтар достығы мен олардың интернационалдық одақтастығы туралы екендігін ашып көрсетті. Кеңестік-большевиктік биліктің алғашқы жылдарында ұлт мәселесінің, ұлтаралық қатынастың теориялық түйіткілдерінің шешімін табу дәрежесін көрсететін мақалаларды негізінен партия-кеңес қызметкерлерінің жазғанындығына назар аударды. Сол себепті мақалалардың идеологиялық ұстанымдары мықты болғанымен теориялық-методологиялық деңгейінің төмен болғандығы туралы бүкпесіз жазды.

Кеңестік кезеңде отандық тарихнама ғылымының кенже дамып, тарихнамалық зерттеулердің көбінесе орталықта жарияланғандығы мәлім. Дегенмен де кеңестік Қазақстан тарихының тарихнамасын талдаған бірлі

жарым еңбектердің дүниеге келуіне республикадағы ғалымдар, соның ішінде Г.Ф. Дахшлейгер мұрындық болды. Ғалым-тарихшы және тарихнамашы Г.Ф. Дахшлейгер өзінің «В.И. Ленин и проблемы казахстанской историографии» атты зерттеуінде кеңестік Қазақстан тарихнамасының бірқатар проблемаларын талдау барысында ұлт мәселесінің зерттелу деңгейіне де тоқталып өткен [9]. Автор ұлт мәселесінің Лениннің шығармашылық мұрасынан ерекше орын алғандығын, «пролетариаттың көсемінің» аталмыш мәселені тарихи тұрғыда қарастырғанына баса назар аударды. Г.Ф. Дахшлейгер еңбегінде қазақстандық лениниананың кеңестік және дүниежүзілік лениниананың ажырамас бөлігі ретінде тек 1969-1970 жылдары қалыптасқандығы туралы тұжырым жасады. Оның қалыптасуына отандық тарих ғылымында С. Баишев, С. Бейсембаев, С. Зиманов, С. Покровский, Т. Ашимбаев, К. Бейсембиев, Н. Киікбаев және басқалардың үлес қосқандығын атап айтты. Соның нәтижесінде отандық тарихнама ғылымының Ленин және Қазақстан тақырыбындағы, оның түрлі аспектілерін қарастыратын зерттеулері жарық көруімен толығы түскендігін көрсетті [9, 8-9 б.]. Автор Орта Азия мен Қазақстан халықтарының капиталистік сатыға соқпай социализмге өту тәжірибесі, оның ұлт мәселесіне, экономикаға, мәдениетке, пролетариат диктатурасының орнауына әсері мәселелерінің М. Жүнісов, Б. Богоутдинов, А. Нүсіпбеков, А. Тұрсынбаев, К. Қаракеев, А. Алтмышбаев, А. Росляков, С. Раджабов, В. Шерстобитов, В. Непомнин, Р. Аминова, Ж. Ташлиев, В. Козачковский, Б. Лунин, С. Бейсембаев, К. Житов, Х.Турсунов, Д. Кішібеков, М. Сужиков, Р. Абдушукуров, Х. Иноятов, Б. Амантаев, Р. Сүлейменовтың және т.б. монографияларында жан-жақты қарастырғандарын атап өтті [9, 125-126 бб.].

Айта кетерлік аса маңызды жайт, большевиктік ұлт саясаты, оның салтанат құруы, КСРО-дағы ұлтаралық қатынастар, социализм тұсындағы ұлттардың жақындасуы, интернационалдық тәрбие мәселелері көбінесе заңтанушылар мен заңгерлердің еңбектерінен көрініс тапты. Сондай ғалымдардың кейбіреулері мәселенің зерттелу дейгейіне үстірт болса да тоқталып өткен. Мәселен, республикаға белгілі ғалым, танымал заңгер С.З. Зиманов өз зерттеулерінде және өзге авторлармен бірігіп жазған еңбектерінде кеңестік ұлт мәселесінің Т. Елеуов, М. Сапарғалиев, Г. Тайманов, С. Сартаев, А. Туганбаев, А. Мұхтаров және С. Досымбеков зерттеулері арқылы көрініс тапқанын, ал кейбір зерттеушілердің бұл мәселеге тереңірек қарай бастағаны туралы пікір танытты [10].

1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің кейбір аспектілеріне шет елдік зерттеушілердің еңбектері арналды [11]. Дж. Уилер, Р. Пайпс, В. Коларз, А. Парк, Р. Конквест, Л. Снайдер, В. Канолли, Коларц, Х. Сетон Уотсон, З. Бзежинский, К. Фридрикс, Х. Арендт кеңестік ұлт аймақтардағы, соның ішінде Қазақстандағы ұлт саясатының мәнін антидемократиялық деп ашып көрсетті.

Осылайша, көріп отырғанымыздай 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихнамасын талдаған зерттеулер

ғылымнан орын алмаған. Мәселенің зерттелу деңгейіне шолулардың өздері аталмыш проблеманы қарастырған тарихи шығармалардың барлығында бірдей жасала бермеген. Мұның өзі біз зерттеп отырған ұлт мәселесінің тарихнамасы арнайы зерттеу нысанына айналып, соған сәйкес тарихнамалық тұжырымдардың түйінделмегендігін дәйектейді. Бұл 1917-1955 жылдардағы республикадағы ұлт мәселесінің зерттелу деңгейін айқындап, болашақта зерттелуге тиіс тұстарын анықтау қажет дегенді білдіреді.

Зерттеудің деректік негізін 1917 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңде жарияланған, жазылған, 1917-1955 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ұлт мәселелері қарастырылған, оның теориялық және методологиялық, тарихи тұстарын зерттеген ғылыми мақалалар, іргелі еңбектер, монографиялар, ұжымдық, қорытындылаушы зерттеулер құрайды.

Негізгі және басты тарихнамалық деректер қатарына Қазақстандағы аталмыш кезеңдегі ұлт мәселесін зерттеу нәтижесінде жарық көрген тарихшы-зерттеушілердің монографиялық шығармалары жатады. Екінші кезектегі деректер тобын көрсетілген кезеңдегі ұлт мәселесін зерттеуге әр кезеңде үлес қосқан қазақстандық зерттеушілердің мақалалары құрайды. Деректердің үшінші тобына 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесін арнайы зерттеген диссертациялық жұмыстарды жатқызуға болады. Төртінші топты мәселені арнайы қарастырмағанымен аталған кезеңдегі ұлт мәселесі бойынша салмақты ой қорытып, тұжырымдар мен тұжырымдамаларды қалыптастыруға ат салысқан зерттеушілердің еңбектері құрайды. Енді осы деректерді 1920-1930 жылдары, 1940-1980 жылдардың бірінші жартысындағы, тәуелсіздік жылдардағы деп үш тарихнамалық кезеңге бөліп көрсетейік.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ қоғамындағы ұлт мәселесінің талас тудырған, шиеленіске, тіптен саяси репрессияны қолдануға алып келген әрекеттердің басында тұрған О. Исаев, И. Мұстамбаев, О. Жандосов, С. Нұрпеисов, А. Лекеров, И. Кабулов, А. Асылбеков, Н. Нұрмақов, С. Меңдешев, Ф.И. Голощекин, С. Сейфуллин, І. Құрамысұлы, Т. Рысқұлұлы, С. Брайнин, Ш. Шафиро, т.б. қоғам қайраткерлерінің мақалалары, жеке еңбектері, сонымен бірге Сталинге, қазақ республикасының басшыларына ашаршылық апаты тұсында жазған хаттары да маңызды тарихнамалық дерек ретінде пайдаланылғанын атап кеткен жөн.

XX ғасырдың соғысқа дейінгі және онан кейінгі жылдары, 1970-1980 жылдардың 1 жартысында ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, индустриаландыру, кеңестендіру, мәдени революция секілді ұлт мәселесінің ажырамас бөліктеріне тікелей қатысты теориялық мәселелерді зерттеген А.Н. Нүсіпбеков, Г. Абишев, Х.Г. Айдарова, Е. Бекмаханов, С.В. Юшков, А.Б. Тұрсынбаев, З. Ысмағұловтың еңбектері жарық көрді. Оларда алдыңғы жылдардағы идеологиялық ойлар, тұжырымдамалар тікелей жалғасын тауып, концептуалдық тұжырымдар берік орнықты. Осындай үрдіс М.С. Жүнісов, М. Сужиков, А. Нұрқанов, С.А. Нейштадт, Н.К. Киікбаев, А.Е. Ержанов, С.З.

Зиманов, А. Тұрсынбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, С.Н. Покровский, Н. Жандилдин, К. Нұрпейсов секілді зерттеушілердің шығармаларынан орын алды. Ал 1980 жылдардың 2 жартысынан 1992 жылдар аралығында жарияланған еңбектердің алдыңғы кезеңдердегі туындылардан айырмашылығы жоқтың қасы еді. Н. Жандилдин, Э.В. Тадевосян, М.Қ. Қозыбаев, Р.Б. Сүлейменов, А.Б. Тұрсынбаев, Ж.Б. Әбілқожин, М.С. Бурабаев секілді зерттеушілер кеңестік идеологияның тұжырымдарын, дамытып, ұстанымдарын нығайты.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары ұлт мәселесінің даму үрдістерін әртүрлі аспектіде С.З. Зиманов, Ж.К. Қасымбаев, М.К. Қозыбаев, Д. Кішібеков, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков және т.б. зерттеушілер зерттеді. Олар 1917 жылдан кейінгі тарих «ұлт саясатының» түбірімен еркіндікте еместігін, оның революция шешімдеріне «бодан» болып, кеңестік ұлт саясатының геноцид, этноцит, ашаршылық, саяси т.б. да өзгерістерге алып келгеніндігін дәлелдеді. Лениндік ұлт саясатының табысты жүрмегенін осы авторлармен қоса М.Х. Асылбеков, К.С. Алдажұманов, Ж.Б. Абылхожин, О.Х. Мұхатова, Г.Г. Такуова, Л.Х. Төлешова, А.И. Құдайбергенова, Ж.И. Молдахметова, А.А. Кәкенова секілді зерттеушілер қазақ жерінде болған осы жағдайға тікелей қатысты тың деректерді, ойларды пайдалана отырып көрсетті. Тәуелсіздік жылдары «Алаш» қозғалысына, жеке ұлт зиялыларына, қоғам қайраткерлеріне кеңірек назар аударуға қол жеткенін айту керек. К.Н. Нұрпейсов, Д.А. Аманжолова, М. Қойгелдиев, Р.К. Нұрмағамбетова, Д.Д. Сүлейменова, Д.А. Махат, Л.Д. Күдерина және т.б. зерттеушілер қазақ тарихындағы азаматтық қарсылық жағдайында Алаш бағытындағы, сонымен қатар большевизмді берік ұстанған, қоғамдық қызметтері де екі түрлі ой туғызатын С. Қожанов, С. Сәдуақасов, Т. Рысқұлов, Ж. Мыңбаев, Ы. Мұстамбаев, О. Жандосов, С. Сейфуллин, Н. Төреқұлов, Ж.М. Күдерин және т.б. секілді қоғам қайраткерлері жайлы зерттеулер жүргізіп, жаңа ой-тұжырымдар, тұжырымдамалар қалыптастырды.

Қосымша деректер ретінде ұлт зиялыларының туындылары, сонымен қатар кеңестік кезеңнің әртүрлі сатыларында жарық көрген мұрағат құжаттары және материалдар жинақтары пайдаланылды.

Зерттеу жұмысын дайындау және тарихнамалық тұжырымдар жасауға «Народное хозяйство Казахстана», «Большевик Казахстана», «Еңбекші қазақ», «Советская степь», т.б. мерзімді басылым материалдары пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңберіне келер болсақ, 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихы бойынша XX ғасырдың басынан бастап бүгінгі күнге дейінгі жарық көрген кеңестік және тәуелсіз Қазақстан жылдар шеңберіндегі тарих ғылымындағы еңбектерге тарихнамалық талдау жасалып, кеңестік ұлт мәселесінің зерттелу үрдістері ашып көрсетіледі.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізі. Қарастырып отырған кезеңде кеңестік-партиялық тарихи зерттеулерде адамдардың материалдық өндіріспен байланысын өте жоғары қоятын, әлеуметтік-экономикалық салаға

«өндірістік қатынас, өндіргіш күш» қатынастарының нәтижесі арқылы ғана қарайтын, «таптық» тұрғыдағы, сонымен бірге міндетті түрде «интернационализм» рухында талдау жасаумен шектейтін маркстік-лениндік концепциясы қазіргі кезеңдегі методологиялық еркіндік арқылы сын көзімен қаралды. Кеңестік кезеңде жазылған еңбектер негізінен таптық, партиялық көзқарасқа негізделіп жазылғандықтан, марксизм-ленинизм тұжырымдары, тарихи материализм, неомарксизм бағыттарының концептуальды көзқарастары мен әдістері осы кезеңдегі өзгерістерді, олардың ықпалын, біржақтылығын айқындау үшін қолданылды.

Тарихи дамудың барлық сатысына формациялық тұрғыда қарайтын, тарихты анықтаудың басқа принциптерін мойындамайтын, қоғамдық-экономикалық формация категориясын жеке дара дәріптейтін, адамзаттың мыңдаған жылдық адамгершілік, өркениеттік жетістіктерін жоққа шығаратын құрылысты аңсаған, «утопистік» идеологияға, тоталитарлық, әміршіл-әкімшіл тәсілдің үстемдігі жаңа методологиялық жетістіктер тұрғысынан сыналды.

Адамзат тарихын зерттеудің өркениеттік методологиялық бағыты тарихи таным процессінде ең жоғары құндылық ретінде адамды көтеріп қоюмен, таптық және марксистік методологияға тән европоцентристік көзқарасты мойындамауымен «ескі» методологиядан жоғары тұратыны мойындалды. Сондықтан да диссертациялық жұмыста осы өркениеттік теориясы басшылыққа алынды. А.Дж. Тойнбидің «әрбір қоғам ол әртүрлі сипаттағы қоғам түрлерінің өкілі. Алайда адамдардың өздеріне тиісті туыстығы батыстық, эллинистік, немесе тағы сол сияқты қоғам болып саналмайды. Бұл туыстық Номо» [12, 295 б.] деген тұжырымы осының дәлелі. Адамды жоғары қою арқылы қоғамды, ұлтты, ұлттық бірлікті тарихтан ысырып тастаған марксизм-ленинизмнің де ұлтты, оның болашағын өзінің мақсатына таңып қойған коммунистік идеологияның да діттеген жеріне жете алмағанына тарих куә. Кеңестік ұлтты қолдан жасағысы келген номенклатуралық билік уақыт өте келе тығырыққа тірелді. Ұлт мәселесі шешілмеуіне байланысты ірілі-ұсақты оқиғалар орын алды. Мәселен, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, Таулы Карабах теке тіресі, Жаңа Өзендегі бас көтеру және т.б. кеңестік ұлт саясатының бет пердесін ашып берді. Большевиктердің көптеген ұлтты «жойылатын» жүйеге жатқызған қателіктері, қазақ ұлтын «қараңғы, артта қалған» ұлт санатына қосуының ақыры алып мемлекеттің күйреуімен аяқталды. Осы мәселені зерттеуде отандық тарих ғылымындағы ұлттық санаға, тарихи сыни көзқарасқа негізделген ұстаным басшылыққа алынды.

Сонымен қатар тарихнама ғылымының анықтығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін методологиялық тарихилық, шынайылық және әлеуметтік бағыт принциптерімен қатар талдау, жүйелеу, салыстырмалы тарихи, қорыту, ретроспективті, тарихнамалық мерзімдемелік және басқа да ғылыми әдістер шынайы тұжырымдар жасау мақсатында қолданылды.

Монографияның мақсаты - жаңа тарихи өзгерістер тұрғысынан, объективті әрі тарихи тұрғыдан, ұлт мәселесін адамзат тарихын зерттеудегі қалыптасқан дүниежүзілік өркениеттік, жаңа методологиялық бағыттар мен әдістерге, тарихи ойдың жаңа талаптарына сүйене отырып, 1917-1955 жылдардағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарих ғылымындағы зерттелу деңгейін айқындау.

Міндеттері:

- кеңестік ұлт мәселесінің теориялық-методологиялық негіздерін анықтай отырып, қазақ өлкесіндегі ұлт мәселесінің шешімінің басты нәтижесі болып саналатын мемлекеттік құрылыс өзгерістеріне, кеңестендіру, аграрлық реформалар мен индустриаландырудың ұлт мәселесіне ықпалына арналған зерттеулерге, зерттеу қорытындыларына тарихнамалық талдау жасау, салыстыру, жаңа тарихи талапқа сай ой түйіндеу;

- қазақ өлкесіндегі кеңестік мәдениет пен ғылым салаларындағы өзгерістерге, лениндік ұлт саясатын жүргізуде үлкен рөл атқарған мәдени революцияның ұлт мәселесін шешудегі рөліне қатысты тарихнамалық сипаттамаларға, тұжырымдарға шынайы баға беру;

- ұлт мәселесін шешудегі алаш және қоғам қайраткерлері рөлінің кеңестік кезеңдегі және сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан тарих ғылымындағы зерттелу барысына баға беру, салыстыру, оның нәтижелеріне қазіргі кездегі тарихи талапқа сай талдау жасау;

- кеңестік тарих ғылымында тек «дұрыстық», «дамушы» деңгейде көрсетіліп келген ұлт мәселесінің саяси, мәдени-рухани, ғылым, экономикалық жүйелерге қатысты шетел зерттеушілерінің ой-тұжырымдарын ашып көрсету;

- тарихи ой, тұжырымы мол тәуелсіздік кезеңдегі зерттеушілердің Қазақстандағы 1917-1955 жылдар аралығындағы ұлт мәселесін зерттеген еңбектеріне бүгінгі тарих ғылымы талаптары деңгейінде баға беру, ұлт мәселесінің болашақта Қазақстан қоғамындағы саяси, мәдени, экономикалық дамуындағы алатын орнын анықтау.

1-тарау. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кеңестік ұлт саясаты: мәні және негізгі теориялық бағыттары

Кеңестік Қазақстанның «ұлт мәселесінің» зерттелу деңгейін анықтамас бұрын, большевиктік ұлт саясатына, ұлт мәселесіне түсініктеме беру қажет. Әрбір тарихи кезеңдердегі ұлттар, ұлт топтары және халықтар арасындағы саяси, экономикалық, территориялық, идеологиялық және мәдени қатынастардың жиынтығы деп қана қарамай, оның мақсат-мүддесінің, даму ерекшелігінің, тигізген әсерінің де күрделі екендігін көрсету керек. 1917 жылғы қазан жеңісінен бастау алатын большевиктер ұстанған ұлт мәселесінің тұжырымдары, мақсат-мүддесі: – ол, ұлт езгісінің және ұлт теңсіздігінің жойылуы; тәуелді елдер мен отарлардың империализм езгісінен азат болуы; халықтар арасындағы теңдіктің орнауы және олар арасындағы достыққа негізделген өзара көмек пен ынтамақтастық болатын. Ұлт мәселесі – жұмысшы табының пролетариат диктатурасы үшін жалпы революциялық күресінің құрамдас бөлігі, сонымен бірге оның социализм үшін күресіндегі одақтастар мен жақтастар мәселесі, оның дұрыс шешілуі – социализмнің капитализмді жеңудегі қажетті шартының бірі болды. Алғаш рет ұлт мәселесіне ғылыми анықтаманы тарихты материалистік тұрғыдан негіздеген К. Маркс пен Ф. Энгельс берді, ал В.И. Ленин одан әрі дамытты. Марксизм ұлттың және ұлт қозғалысының әлеуметтік мәнін аша отырып, ұлттық езгі мен теңсіздіктің жойылуы тек капитализмнің жойылып, социализмнің жеңуімен байланысты екендігін дәлелдеді.

«Коммунистік партияның Манифесінде» «бір адамды екінші адамның қанауы жойылған жерде, бір ұлттың екінші бір ұлтты қанауы жойылады, таптар антогонизмі жойылған жерде, ұлт арасындағы жаулық та жойылады» [1, 296 б.], - деп көрсетілген. Олар алдыңғы планға – «Барлық елдердің пролетарлы, бірігіңдер!» деген пролетарлық интернационалистік ұранды қойды. К. Маркс пен Ф. Энгельс «өзге халықтарды езгіге салып отырған халықтың өзі азат бола алмайды» деген қағиданың да иегерлері. Сонымен бірге олар ұлттық егемендікті отар елдерге де беруді талап етті, себебі ол елдердегі пролетариат революциялық күрестегі одақтасы болатын. Егер пролетариат өкіметті өз қолына алса, онда тез арада отар елдің азаттығына жетуге тырысар еді. Осы арқылы халықтардың өзін-өзі билеу принципінің маркстік негізі қаланған болатын. II Интернационалдың Лондондық конгрессі 1896 жылы резолюция қабылдады, онда ұлт мәселесін шешудің негізі ұлттың өзін-өзі билеу құқы жайлы марксистік ұраны алғаш рет көтерілді. Дегенмен, II Интернационалдың келесі конгресстерінде (Париж 1900, Амстердам 1904) бұл ұлттық-отарлық мәселе бойынша нақты шешімдер қабылданбады. «Әсіре оңшылдар (крайние правые)» (Э. Давид, Г. Куов, ван Кол және т.б.) бұл принципті тіпті мойындамады, ал К. Каутский сөз жүзінде қолдағанмен оның тым шектен шығар талап екенін айтуы

арқылы іс жүзінде бұл принципті жоққа шығарды. О. Бауэр, К. Реннер және т.б. қолдағанымен, бұл принципті «ұлттық-мәдени автономия» түсінігімен ауыстырып пайдаланды» [2, 65-66 бб.].

Осы мәселемен өз кезегінде В.И. Ленин де айналысуға мәжбүр болды, оның еңбектерінде алғаш рет марксизм тарихында коммунистік партияның ұлт мәселесі бойынша теориялық бағдарламасы мен саясаты қарастырылды. «Проект программы Российской социал-демократической рабочей партий» (1902) жобасында ұлт мәселесінің негізгі шешімі ұлттың өзін-өзі билеу құқы ұлттың бөлінуге, жеке мемлекет құруға деген құқымен толықтырылды. Бұл принцип Лениннің «О Манифесте армянских социал-демократов» (1903), «Национальный вопрос в нашей программе» (1903), «Рабочий класс и национальный вопрос» (1913), «Критические заметки по национальному вопросу» (1913) және «О праве нации на самоопределение» (1914), «Социалистическая революция и право нации на самоопределение» (1916), «О брошюре Юниуса» (1916), «Итоги дискуссии о самоопределении» (1916) деген мақалаларында дамытылды. Ұлт мәселесінің кейбір қырлары 1913 жылғы РСДРП-нің «Августовский» («жазғы») кеңесінің шешімдерінде, И.В. Сталиннің «Марксизм и национальный вопрос» (1913) деген еңбектерінде: ұлттар теңдігі және кіші ұлттар құқы; ұлттығын анықтау, тіптен бөліну құқы; тілдер, олардың теңдігі; ұлт мәдениеті, оның таптық мәні; орталықтану және автономия жайлы және т.б. жайлы қарастырды. «В.И. Ленин осы секілді мәселелер бойынша орыс және халықаралық оппортунистерді, олардың буржуазиялық ұлтшылдығын қатты сынға алды» [1, 297 б.]. М.С. Жүнісов «Теория и практика национальных отношений» деген еңбегінде «ұлт» тек қана әлеуметтік емес, сонымен қатар «этникалық қауымдастық екенін», ғылымның ұлттық психологияға көптеген түсініктемелерді «ұлттық сана, ұлттық психологияның қыры, ұлттық мінез, сезім, мақтаныш» ойлап тапқанын [3, 8-9 бб.], коммунизмнің интернационалдық мәдениеті ұлттық мәдениеттің ең асқан табыстарынан «қалыптасатындығын» айтқан болатын. В.И. Лениннің осы тектес пайымдаулары кеңестік кезеңдегі тарихшыларды, зерттеушілерді ұлт мәселесін зерттеуде таптық тұрғыда қарауды талап етуге жол ашты. Осының нәтижесінде тарихнамада «Кеңестік республика барлық ұлттардың еңбекшілерін біріктіреді және еңбекшілердің мүддесін ұлттарға бөлмей қорғайды» [4, 69 б.] деген лениндік тұжырым қалыптасты.

Жалпы марксизм-ленинизм – ол табиғаттың, қоғамның даму заңдылықтары туралы, қаналған және езілеген көпшілік революциясы мен барлық елдердегі социализмнің жеңісі туралы, коммунистік қоғамды құру жайлы ғылым. Оның негізгі мақсат-міндетін, бағытын партияның ұлттық программасының мәні жайлы айтқан Лениннің сөзі арқылы да жалғастыруға болады: «Ұлттардың толық тең құқылығы; ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы; барлық ұлттардың жұмысшыларын біріктіру – марксизм жұмысшыларға осы ұлттық бағдарламаны үйретеді, бүкіл дүние жүзінің тәжірибесі мен Ресейдің тәжірибесі осыны үйретеді» [5, 151 б.]. «Марксизм-ленинизм іліміндегі ең бастысы пролетариат диктатурасы, онсыз коммунистік қоғамды құру мүмкін

емес» [6, 323 б.] екендігі, сонымен қатар маркстік-лениндік ұлт мәселесі теориясының негізгі қағидасы Коммунистік Интернационалдың бағдарламалық құжаттарының және практикалық істерінің негізін қалағаны баса көрсетілді.

Марксизм-ленинизм ұлт мәселесін жалпы қоғамның саяси-әлеуметтік даму мәселесіне бағынышты қарастырады. Яғни буржуазиялық-демократиялық революция тұсында ұлт мәселесі осы революцияның бөлігі ретінде қарастырылады, оның шешімдері революция мақсаттарына бағынышты (феодализм қалдықтарын жою және т.б.). Сонымен қатар социалистік революция тұсында да ұлт мәселесі социалистік революция жайлы жалпы мәселенің бөлігі болып табылады, ұлт мәселесі осы революцияның мақсаттарына, демократия мен социализм мақсаттарына бағынады. Әрине, осыдан келіп партияның алдында келесі мақсат-міндеттің де қойылатыны заңдылық болатын: «Марксистер сонымен қатар ұлт мәселесін демократия мен социализм мақсаттарына дүниежүзілік масштабта бағынышты болғанын дұрыс санайды» [2, 65-66 бб.]. Осы ойлар В.И. Лениннің «О праве нации на самоопределение» деген жұмысында толықтай қарастырылды. Ол 1914 жылғы ақпан-мамырда жазылған. Алғаш рет 1914 жылы мамырда «Просвещение» журналының №4,5,6 сандарында жарық көрді. Ол кейін шығармаларының 4 басылымының 20 томына енді. Ленин сонымен қатар ұлттың өзін-өзі билеу құқын талап етуі оның сөзсіз бөлінуін көрсетпейтіндігін, бұл мәселе жұмысшы табының мүддесінен шыға отырып, әр кезде ерекше шешілуі тиіс екендігін көрсетті. Ол қанаушы қоғамдық құрылыс тұсында коммунистердің алдына қоятын екі жақты міндетті көрсетті: «...двустороннюю задачу: борьбу со всяким национализмом и в первую голову с национализмом великорусским; признание не только полного равноправия всех наций вообще, но и равноправия в отношении государственного строительства, т.е. право наций на самоопределение, на отделение; - а наряду с этим, и именно в интересах успешной борьбы со всяким национализмом всех наций, отстаивание единства пролетарской борьбы и пролетарских организаций, теснейшего слияния их в интернациональную общность, вопреки буржуазным стремлениям к национальной обособленности. — Полное равноправие наций; право самоопределения наций; слияние рабочих всех наций — этой национальной программе учит рабочих марксизм, учит опыт всего мира и опыт России» [7, 281-282 бб.]. Осыған орай ұлт мәселесінің әлеуметтік-таптық мазмұнын, оның мақсатын қазақстандық зерттеушілер де кеңестік таптық идеологияның ізімен барынша ашып көрсетуге тырысты.

Сонымен, марксистер ұлт мәселесі өзінің дамуында үш кезеңнен өткенін көрсетеді. Бірінші кезең — феодализмнің жойылып, капитализмнің жеңіске жетуімен, батыс Европада ағылшын, француз, италия буржуазиялық ұлттарының қалыптасып, оған сәйкес буржуазиялық мемлекеттердің құрылуымен айқындалады. Алғашқы кезде бұл көпұлтты мемлекеттер ұлттық езгінің, ұлт қозғалысының алаңына айналып, мұнда ұлт мәселесі

мемлекет ішіндегі ғана мәселе болатындығын көрсетеді. Ұлт қозғалысының және ұлт мәселесінің екінші кезеңін большевиктер империализм кезеңімен тікелей байланысты қарастырды. Бұл тұста капитализм сұранысын қамтамасыз ету мақсатында бұрынғы ұлттық мемлекеттер тарапынан жаңа аймақтарды басып алу, ондағы ұлттарды езгіге салу, олармен қақтығысқа түсу орын алды (Англия, Франция, Германия, Италия). Марксистердің ойынша ұлттар езуші және езілуші болып екіге бөлінеді. Бұл тұста ұлттық-отарлық мәселе пролетарлық революция, пролетарлық диктатура мәселесінің бір бөлшегіне айналады. Бұл кезеңдегі ерекшелік ол, метрополиядағы пролетариаттың революциялық қозғалысының және отар халықтар мен тәуелді елдердің ұлт-азаттық қозғалыстарының бірігуі болатынын көрсете отырып, ұлт-азаттық қозғалыстағы басшылық роль маркстік-лениндік теориямен қаруланған, коммунистік және жұмысшы партиясы басқарған пролетариат қолына көшкенін көрсетті. Ұлт мәселесінің дамуындағы үшінші кезеңді большевиктер Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісімен байланыстырады: «Бұл капитализм мен ұлттық езгінің жойылу кезеңі, ұлт мәселесінің лениндік-сталиндік ұлт саясаты негізінде табысты шешілуі, социалистік ұлттар арасында тең құқылы шын туысқандық достастықтың қалыптасу кезеңі» [1, 297-298 бб.], - деп атап көрсетеді.

Сонымен бірге большевиктер «Ұлттық езгінің титтей де болса көрінісіне қарсы және ұлтшылдық біткеннің барлық түріне қарсы аяусыз күресе отырып, Ресейдегі барлық халықтар жұмысшыларының бірлігіне жетті, оларды жұмысшы қозғалысының негізгі ұйтқысы, жетекші күші болған орыс жұмысшыларының төңірегіне топтастырды» [5, 152 б.] деген тұжырым жасады. В.И.Лениннің 1913 жылғы қазан-желтоқсан аралығында жазылған, алғаш рет Петербургтің «Просвещение» журналының №10,11,12 сандарында жарық көрген, шығармаларының 20 томының 4 басылымына енген «Критические заметки по национальному вопросу» еңбегінің маңызы ерекше. Мұнда ол большевиктердің ұлттық бағдарламасына түсінік берді, маркстік ұлт мәселесінің теориясын дамытты, марксизмнің ұлт тіліне, мәдениетіне, тең құқылығына қатынасын ашып көрсетті. Сонымен қатар буржуазиялық ұлтшылдыққа соққы берді, капитализм тұсындағы ұлт мәселесіне қатысты екі тарихи тенденцияны ашып берді. Осы еңбекте буржуазиялық қоғамда демократиялық және социалистік мәдениет бар екені айтылды, өйткені қоғамда еңбекшілер мен үстем тап өкілдері қатар өмір сүреді. Осыған сәйкес капитализм тұсында тұтас ұлт мәдениеті бар дегендер қатты сынға ұшырады. В.И.Ленин «Есть две нации в каждой современной нации - скажем мы всем национал-социалам. Есть две национальные культуры в каждой национальной культуре. Есть великорусская культура Пуришкевичей, Гучковых и Струве, - но есть также великорусская культура, характеризировавшая именами Чернышевского и Плеханова» деп жаза отырып, екі жау таптың келіспес жерін анықтап көрсетті: «Буржуазный национализм и пролетарский интернационализм – вот два непримиримо-враждебные лозунга, соответствующие двум великим классовым лагерям всего

капиталистического мира и выражающие две политики (более того: два мирозозерцания) в национальном вопросе» [8, 435-436 бб.].

Ұлт мәселесінің социализм тұсындағы дамуына, теориялық тұрғыдан қалыптасуына тағы бір анықтық алып келетін оның капитализм тұсындағы марксизм-ленинизм «екі қарама-қайшы» тенденция жатқанындығын да қарастырғанын айта кеткен жөн. Біріншісі – «ұлт өмірінің, ұлт қозғалысының оянуы, барлық ұлт езгісінің түріне қарсы күрес, ұлт мемлекеттерінің құрылуы», екіншісі – «ұлт шектеулігінің жойылуы, ұлттар арасындағы кез келген қатынастардың күшеюі және дамуы, капиталдың, экономикалық өмірдің, саясаттың, ғылымның, әлемдік нарықтық қатынастың интернационалдық бірлігінің орнауы» [2, 66-67 бб.]. Яғни алғашқы тенденция капитализмнің бастапқы кезеңіне тән болса, екіншісі империализмге тән болатын. Марксистер бұл жерде алдыңғы планға капиталистік қоғамның отаршылдыққа ден қоя отырып, сонысымен де «ұлттық принциптен бас тартқанын», Азия, Африкада жаңа ұлт мемлекеттерінің құрылу процессін кейінге шегергенін, сонысымен де бірінші тенденцияның жоққа шыққанын көрсетті. Екінші тенденцияның да түбірімен өзгеріске түскенін империализм тұсындағы күшпен біріккен, кейін күйреп, ыдыраған Австро-Венгрия, Француз одағының, Ағылшын бірлестіктерінің тарихи фактілерімен дәлелдей отырып, империализмнің терең дағдарыста екенін, буржуазияның ұлт мәселесін шеше алмайтынын көрсетті. Сол арқылы марксистер өздерінің негізгі идеологиясының түп қазығы болып табылатын пролетарлық түсініктегі ұлт мәселесінің дамуындағы екі тенденциясын ұсынды. Яғни ұлт мемлекеттерінің құрылу тенденциясын – ұлттардың өзін-өзі билеу құқын беру арқылы қорғауға тырысатынын, сонымен қатар екінші тенденцияның шешімін пролетарлық интернационализм, еңбекшілердің империализмге қарсы ерікті одағын құру арқылы табуға болатынын көрсетті. Бұл теориялық тұжырымның кейін кеңестік дамуда орындалуға міндетті болған негізгі төрт бағытын көруге болады. Біріншіден, ол құқық тек қана «өркениетті ұлттарға» ғана тән болмайды, кез келген ұлттар мен халықтарға да қатысты; екіншіден, өзін-өзі билеу құқы ол ұлттың бөлінуге деген құқы ғана емес, сонымен бірге оның өз ішіндегі барлық құрылымдарын басқару құқы болып табылады; үшіншіден, бөлінуге құқы бар екен деп бөлінбейді, оның әлеуметтік бостандық, социализм жолындағы күрес мәселесіне бағынышты екендігіне қарап шешеді; төртіншіден, ұлттар теңдігі тек қана құқық түрінде ғана емес, ол шын мәнісінде, экономикалық, мәдени т.б. тұрғыда болады.

В.И. Ленин бастаған большевиктер кеңестік ұлт мәселесінің негізін қалай отырып, оның негізгі принциптерін 1917 жылғы 15 қарашадағы Кеңес үкіметі қабылдаған «Декларация прав народов России» деген құжатта жариялады. Мұнда ХКК-нің Председателі В.И. Ленин және Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссары И.В. Сталин қол қойған принциптер кейін партияның X, XII съездерінде, КСРО, одақтас республикалардың конституциясында, партияның шешімдерінде расталды және нақтыланды.

Онда халықтар мен ұлттардың өзін-өзі билеу құқы, халықтар теңдігі мен егемендігі, артықшылықтар мен шектеулікті жою, кіші ұлттардың еркін дамуы, социалистік федерацияны құру секілді принциптер бар, артынша РСФСР Совнаркомының «Ко всем трудящимся-мусульманам России и Востока (Из обращения Совнаркома РСФСР, 20 ноября 1917 г.)» деп аталатын мұсылман халықтарды отарлық езгіге қарсы және пролетарлық революцияны, Кеңес үкіметін қолдауға шақырған үндеуі шықты [9, 45-47 бб.]. Кеңестік өкіметтен Польша, Финляндия, Латви., Литва, Эстония, Беларусия, Украина, Закавказья елдері өздерінің биліктерін қолдарына алды. Ал «бөлінгісі келмеген» халықтардың құқықтарына кеңестік конституция «кепіл» берді. Бұл лениншілдер сөзімен айтқанда, «социалистік революцияның жеңісі, пролетариат диктатурасының орнауы, кеңестік құрылыстың беки түсуі және КСРО халықтарының ынтымақтастығы мен ұлт мәселесінің шешілуінің саяси негізін қалады» [1, 298 б.] деген қорытындыға әкеледі. Егер халықтың немесе ұлттың саны тым аз болса, орналасқан территорияда көпшілік болмаған жағдайда, ... социалистік автономия принципі қолданылатын болды. Халыққа, ұлтқа авт. респ., болмаса, авт. обл. немесе ұлттық округ статусы берілгенде «Азаматтарға өз тілін пайдалануға, мәдениетін дамытуға, салты мен әдет-ғұрпын сақтауға мүмкіншілік жасалады», ал маркстік-лениндік ұлттық бағдарламаның принциптерін біртіндеп жүзеге асырудың нәтижесінде «кеңес халықтары ұлт мәселесін шешті және көпұлтты ірі мемлекет құрды» [2, 67-68 бб.] деген большевиктік тұжырым жасауға мүмкіншілік пайда болды. Бұл ой кеңестік тарих ғылымында кеңінен қолдау тауып, ары қарай тереңдетілді.

Ұлт мәселесін шешуде В.И. Лениннің соңғы хаттары мен мақалаларының орны бөлек екенін айту керек, онда ол социализм орнату жоспарын негіздеп, ілгері дамытты. Ол «социализмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың» қажеттігін көрсете келе «Кеңес Одағы халықтарының мызғымас достығы бар жерде ғана социализм орнату мүмкін болады. Партия артта қалған халықтардың іс жүзіндегі теңсіздігін тез жоюға көмектесуге, барлық халықтарды интернационализм мен туысқандық бірлік рухында тәрбиелеуге, әрбір халықтың ұлттық мәдениеті мен ұлттық сезімдеріне ыждаһаттықпен қарап отыруға тиіс» [5, 319-321 бб.], - деп атап көрсеткен болатын.

Ұлт мәселесі жайлы көп зерттеу жүргізген М. Сужиков өз еңбегінде шетел зерттеушілерінің дұрыс ойларын сынға алды. Ол біріншіден, қазақтар ұлт емес, ... «себебі, территория өзінен-өзі ұлттық бірлікке алып келмейді. Оның үстіне қазақтардың территориясы өте үлкен, әртүрлі шаруашылық ошағының болуы ұлт болуға кедергі болды» [10, 5 б.], екіншіден, халық - құл иеленуші, феодалдық құрылыстың жемісі. Ал ұлт – капиталистік қоғамның жемісі екенін Лениннің сөзімен көрсетті: «Ұлт ол буржуазиялық дәуірдің қоғамдық даму жемісі, болмай қоймайтын формасы» [10, 23 б.]. Жалпы ұлттың негізгі белгілерін тізіп көрсету «оның негізін аша алмауы мүмкін» дей келе, мысалға тіл, территория, экономика, және мәдениет ұлтқа ғана емес

тайпа мен халыққа да тән екенін айтады. Ұлттың белгілері шын мәнісінде «мұнан көп» дей отырып автор М.С. Жүнісовтың «ұлт дегеніміз» - «әлеуметтік-этникалық қауымдастық» деген сөзін дұрысқа жатқызады, мұнда этникалық даму көрінеді, ұлт бір тұтастықта көрінеді, ұлттың этникалық қауымдастықтың жоғары формасы екендігі «қарастырылады» [10, 24б.], - дейді. Автор бұл мәселеде «кейбір ғалымдар... идеалистік позицияда, олар ұлтқа «сана», «сезім» алып келеді, «ұлт» дегеніміз, бұл «өздерін - ұлт екендіктерін сезінетін адамдар тобы», «бұл ұжымдық сананың бірлігі және пікірдің ерекше түрі, оның негізгі қасиеті эмоционалалдық пен ерекшелік» [10, 36 б.], - деп көрсетті.

К. Фрихтің: «мәдениет, құндылықтар бірлігімен,...саяси ұмтылысымен және орналасқан территориясымен көрінетін адамдар тобы ұлт деген сөзді анықтайды»- деп айтқанын, Г. Мангонидің «Ұлт деп көптеген адамдар қоғамдастығын, ортақ мәдениеті және санасы бар, ортақ территориясы, оған байланысты ортақ мақсаты болса да оларды біріктіретін негізгі күш ол өзіндік тарихы, өздеріне тән діні, ерекше мәдениеті, тілі» бар дегенін көрсете отырып, осы екі автордың ойына Р. Эмерсонның «От империи к нации» деген еңбегінде «ұлт қанша дегенмен экономикалық тұрғыда әрқашанда бірікпеген, экономикалық процесстердің нәтижесі емес», «ұлттық сананы оятуда экономикалық элементтердің шешуші маңызы болды дегенмен, оның ұлттың өзін қалыптастырудағы рөлі кездейсоқ еді» деген сөзін қосты. Коммунистік идеяға қарсы келетін бұл шетелдік авторлардың анықтамаларына Е. Ренанның сөзі де ұқсас: «Ұлт – ол рух, рухани принцип. Осыған алып келетін екі нәрсе бар, бірі - өткеннің бай естелік мұрасына бірігіп, жалпы ие болуы, екінші – шын мәнісінде бұл келісім, бірге тұруға талпыну және сол мұраға үлес қосуға талпыну» [10, 37-38 бб.]. Автор Рудольф Шпрингердің «Ұлт - бір ойлайтын, рухани өзегі бір адамдардың одағы», «ұлт... дегеніміз ой мен сезімдердің бірлігі, демек таза ішкі дүние», «бұл рухани мәдени қауымдастық» дегенін, II Интернациональдың басты теоретиктерінің бірі Отто Бауэрдің «Ұлт – мінез, рухани және дене қасиеттерінің бірлігі, белгілердің қосындысы...» [10, 60-61 бб.] деген сөздеріне әрине келіспейді, ол К. Маркстің: «Өндірістік қатынастың жиынтығы... ол қоғамның экономикалық құрылымын анықтайды, юридикалық, саяси қондырмалар мен соған сәйкес белгілі қоғамдық сананың формаларының тұратын базисі» деген сөзін келтіре отырып, ұлт және ұлттық қатынастың табиғаты төрт сапалық факторлармен анықталатындығын айтады: «материалдық (өндіргіш күштердің даму деңгейі, өндірістік қатынастың үстем түрі), саяси (әлеуметтік құрылыс), рухани және этникалық». Ұлттың әлеуметтік емес белгілеріне, яғни өндірістік тәсілге байланысты емес, тілдің және территорияның бірлігін жатқызады [10, 38-39 бб.].

Маркстік ұлт мәселесінің дамуына көп үлес қосқан И.В. Сталин «...ұлт мәдениетінің дамуын қолдап отырған себебіміз – олар даму керек, пролетариат барлық елге жеңген кезде бір тілдегі, социалистік мәдениетке

жол ашылады» [1, 290 б.] деген большевиктік тұжырым жасады. Ол «Марксизм и национальный вопрос» (1913) еңбегінде ұлт мәселесінің маркстік бағдарламасына түсініктеме жасаған болатын. Бұл еңбек 1912 ж. аяғы мен 1913 ж. басында жазылған, алғаш рет «Просвещение» журналының №3-5 сандарында жарық көрді. Онда «Нация есть исторически сложившаяся устойчивая общность людей, возникшая на базе общности языка, территории, экономической жизни и психического склада, проявляющегося в общности культуры» [6, 320-322 бб.] секілді тұжырым жасай отырып, И.В. Сталин австрияның социал-демократтарының «ұлттық-мәдени автономия» негізіндегі программасын қатты сынға алды. Программасы революцияға емес, реформаға негізделген, олар ұлтқа таптық тұрғыдан қарамай, тапқа бөлмей, «мәдени бірлік, ортақтығы», «тағдыр ортақтығы» арқылы ұлттарды біріктіруге тырысқанын көрсетті. Сондықтан да ол әр ұлттардың алшақтауға тырысуын «ұлтшылдықтың нәзік түрі» («утонченным видом национализма») деп атады. Сонымен қатар марксистердің Е. Ренан секілді ғалымдардың «Ұлт – ол рух, рухани негіз (принцип). Рухты құратын екі жағдай... Бірі – бай естелік мұрасына ие болу, екінші – ол шын келісім, бірге тұруға және ортақ мұраға барынша үлес қосуға ниет білдіру» [11, 18 б.] деген тапқа бөлмей қарастырған ойларын сынға алуы заңдылық болатын. Ал «кеңестік ұлттық саясат ол отаршылдықтың жаңа формасы» [12, 5 б.] дейтін Оверстрит секілді ғалымдардың ойына марксизм-ленинизм әрқашанда толығырақ жауап беруге тырысты, ұлт мәселесі халықтардың бостандығын жаулап алуының, коммунизм құрудың жалпы мәселесінің құрамдас және бағынышты бөлігі. Ұлт мәселесінің негізі және шешілуі – ол революцияның жеңісі, елді демократияландыру екенін әрқашанда атап көрсетуге тырысты. Сонымен қатар «Партияның бағдармасының талабы: ұлттардың өзін-өзі билеуі, жеке мемлекет болып бөлініп шығуына дейінгі құқы. Дегенмен, ол ұлттың сөзсіз бөлінуін білдірмейді. Бөлінуді әрбір нақты жағдайға байланысты, пролетаритаттың таптық мүддесіне сай шешу қажет. Мақсат халықтар достығына негізделген, тең ұлттардың ерікті одағына негізделген көп ұлтты мемлекет құру» [6, 320-322 бб.] екендігін нақтылап отырды. Бұл ойдың көлеңке тұстары бар екені белгілі, ол ұлттың қоғамда саяси мәселелерді шешуде тек екінші орында болып пролетариат диктатурасының жай бір құралы болуында.

И.В. Сталиннің кеңес билігінің ең қиын, күрделі тұсында, троцкийшілдер, зиновьевшілдер, бухариншілдер және буржуазиялық ұлтшылдардың партияға қарсы әрекетінің күшейген тұсында жазылған еңбегі - ол «Об основах ленинизма. Лекции читанные в Свердловском университете», марксизм-ленинизм теориясына жаңа леп беру керек болатын. 1924 жылғы сәуір, мамырда алғаш рет «Правда» газетінде жарық көрген. Кейін «О Ленине и ленинизме», «Вопросы ленинизма» кітабына енген бұл еңбек Сталиннің шығармаларының 6 томына да енгізілді. Жұмыстың мақсаты партияға лениндік шақыру (призыв), оның қатарын нығайту, лениндік өсиеттерді орындау болатын. Сонымен қатар мұнда

пролетарлық революция, партия, шаруалар мен ұлт мәселесі жайлы, революцияның стратегиясы мен тактикасы, жұмыстағы Лениннің стилі жайлы мәселелер көтерілді. Мұнда ол ұлт мәселесін шешудегі кеңес мемлекетінің рөлін: «Советская власть является не только массовой и самой демократической в мире государственной организацией, но и наиболее интернационалисткой из всех государственных организации классового общества, ибо она, разрушая всякий национальный гнет и опираясь на сотрудничество трудящихся масс различных национальностей, облегчает тем самым объединение этих масс в едином государственном союзе» деп көрсетті. И.В. Сталин ленинизмге тоқтала отырып: «Ленинизм есть марксизм эпохи империализма и пролетарской революции. Точнее: ленинизм есть теория и практика пролетарской революции вообще, теория и тактика диктатуры пролетариата в особенности», ұлт мәселесіндегі оның рөліне былайша анықтама берді: «Национальный вопрос – есть часть общего вопроса о пролетарской революции, часть вопроса о диктатуре пролетариата. Ленинизм впервые связал национальный вопрос с вопросом о колониях, превратив, таким образом, национальный вопрос из вопроса частного и внутригосударственного в общий и международный, в мировой вопрос об освобождении угнетенных народов зависимых стран и колоний от ига империализма»[7, 291-293 бб.], - деп жазды.

И.В. Сталин каутскийшілдердің оппортунистік концепциясын әшкерелей келе социалистік революцияның тіл санын азайтпайтынын, керісінше көбейтетінін көрсетуге тырысты. Ол «Ұлы Қазан» социалистік революциясы тарих сахнасына бұрын ұмыт болған, аз белгілі болып келген ұлттар мен халықтарды езгі құрсауынан құтқарып, оларға жаңа өмір, даму бергенін атап көрсетті. Одан әрі қарай ол ұлттар ерекшелігінің, тілінің жойылып, олардың бірігуі декрет арқылы жүзеге аспайтынын, ол біртіндеп, дүниежүзілік социалистік шаруашылық қалыптасуымен болатындығын айтты. Ол бұл мәселені «Марксизм и вопросы языкознания» (1950) деген еңбегінде барынша жетілдірді. Ал «Политика партии по национальному вопросу» деген тарауда ол «ұлт қозғалысының, ұлт мәселесінің міндеттері әр кезеңдегі пролетарлық революцияның мақсат, міндеттерінің өзгеруіне байланысты өзгеріске түсетінін көрсетті» [1, 301б.]. И.В. Сталиннің коммунистік партияның ұлт мәселесі бойынша теориясы мен саясатына және бағдарламасына арналған «Национальный вопрос и ленинизм. Ответ товарищам Мешкову, Ковальчуку и другим» деген шығармасы 1929 жылы наурызда жазылды. Ол алғаш рет 1949 жылы И.В. Сталиннің шығармаларының 11 томында жарық көрді. Мұнда В.И. Лениннің «Критические заметки по национальному вопросу» (1913), «О праве нации на самоопределение» (1914), сонымен қатар И.В. Сталиннің «Марксизм и ленинизм» (1913) еңбектеріндегі Коммунистік партияның ұлт теориясы, ұлт мәселесі бойынша бағдарламасы одан әрі дамытылды. И.В. Сталин маркстік теория бойынша ұлттың негізгі төрт белгісінің: «тілінің, территориясының, экономикалық өмірінің және психикалық ерекшелігінің бірлігі» дұрыстығын

көрсетуі арқылы кейбірулердің бесінші белгіні: «өзінің ұлттық мемлекетінің болуын» қосуға тырысушылығының қате екенін көрсетті. Ол бесінші белгіні қосудың не теориялық, болмаса практикалық – саяси тұрғыдан ақтауға болмайтынын, бұл қате ұсыныс ұлттық, империалистік езгіні жоққа шығарып, өзіндік мемлекеттілігі жоқ ұлттар ұлт емес екенін мойындауға тура келетіндігіне баса назар аударды.

Капитализм тұсындағы буржуазиялық ұлтқа И.В. Сталин: «Классовый мир внутри нации ради «единства нации»; расширение территории своей нации путем захвата чужих национальных территории; недоверие и ненависть к чужим нациям; подавление национальных меньшинств; единый фронт с империализмом, - таков идейный и социально-политический багаж этих нации» деген түсініктеме береді. Ол буржуазиялық ұлтқа қарама-қарсы социалистік ұлтқа: «...коренным образом отличаются от соответствующих старых, буржуазных наций в старой России как по своему классовому составу и духовному облику, так и по своим социально-политическим интересам и устремлениям» деген баға берді. Ол сонымен қатар «пролетарлық интернационализм, жұмысшы табы мен оның интернационалистік партиясының социалистік ұлтты қалыптастырудағы басшылық рөлі; социалистік құрылысты орнату, капитализм қалдықтарын жою мақсатында ұлт ішіндегі жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағының құрылуы; ұлттар мен кіші ұлттардың теңдігі, еркін дамуы үшін ұлттық езгінің қалдықтарын жою; интернационализмді, халықтар арасында достықты нығайту үшін ұлтшылдықтың қалдықтарын жою туралы, сонымен бірге барлық езілген және толықтай құқығы жоқ ұлттармен біріге отырып, жаугершілік саясатқа, соғысқа, империализмге қарсы күресу – міне, осының барлығы жаңа ұлттың рухани, саяси-әлеуметтік бейнесі» екендігін атап көрсетті [1, 299-300 б.].

И.В. Сталин марксизмге деген көзқарасын білдіре отырып, «Марксизм есть наука о законах развития природы и общества, наука о революции угнетенных и эксплуатируемых масс, наука победе социализма во всех странах, наука о строительстве коммунистического общества» дей келе, қоғамдағы тілдің рөліне: «без языка, понятного для общества и общего для его членов, общество прекращает производство, распадается и перестает существовать, как общество» [6, 318-320 бб.] деген өте жоғары баға берді. Оның 1921 жылғы 10 ақпандағы «Правда» газетінде жарық көрген, партияның ОК-бекіткен, РКП(б) X съезіне дайындаған «Об очередных задачах партии в национальном вопросе» тезистерінде кейінгі жылдары большевизмнің ұлт мәселесінің тұжырымдарына айналған, тарихи әдебиеттерде міндетті түрде атап көрсетілетін ұлт мәселесінің үш кезеңі ашып көрсетілді [7, 293-294 бб.]. Сонымен қатар Сталиннің «Национальные моменты в партийном и государственном строительстве. Тезисы к XII съезду РКП(б), одобренные ЦК партии» деген еңбегіндегі ойлары (РКП(б) XII съезінің (1923) шешімдерінде бекітілген (Правда» №65. 24 наурыз 1923 жыл) большевиктік ұлт саясатының нақты түйінінің көрінісі болатын:

«- Ұлт мәселесі жұмысшы табының пролетариат диктатурасы үшін жалпы революциялық күресінің құрамдас бөлігі.

- Ұлт мәселесі капитализм тұсында шешілмейді, ол буржуазияның бұл мәселеде әлсіздігін көрсетеді.

- Коммунистік партияның ұлт мәселесі бойынша бағдарламасында көрсетілгендей ұлттардың өзін-өзі билеу құқы, өзіндік мемлекеттілік құруына деген құқы бар. Өз тағдырын шешудегі теңдігі, егемендегі бар.

- Ұлы державалық шовинизмді, жергілікті ұлтшылдықты, оны қоздырушы троцкийшіл-бухариншіл сатқындар мен капитулянттарды жою қажет.

- Партия тез арада патшалықтан мұраға қалған халықтар теңсіздігін, артта қалушылығын, ... өнеркәсіп ошақтарын құру арқылы, өз жұмысшы табын қалыптастыру арқылы, өз интеллигенциясын дамыту арқылы жояды.

Кеңестік құрылыста мына төмендегілерге қол жеткізу қажет болатын:

- КСРО жоғарғы органдар жүйесінде тең дәрежеде барлық ұлт республикаларының, облыстарының өкілеттілігі болу қажет;

- Халық Комиссариаттары КСРО халықтарының қажеттіктері мен талаптарын қанағаттандыру мақсатында құрылу керек;

- ұлт республикаларының, облыстарының органдарын негізінен жергілікті адамдар, жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпы мен салтын білетін адамдар құрауы тиіс;

Партия құрылысында:

- ұлт республикаларының жергілікті партия жұмыскерлерінен жоғары типтегі марксистік кружоктар құру;

- өз тілдерінде марксистік әдебиетті дамыту;

- Шығыс халықтарының университеттерін және оның жергілікті жердегі бөлімдерін күшейту;

- одақтас республикалардың компартиясының ОК-нің жанынан жергілікті жұмыскерлерден инструкторлық топтар құру;

- өз тілінде көпшілік партиялық әдебиетті дамыту» [1, 295-296бб.].

Большевиктердің лениндік ұлт саясатының негізіне айналған осы ұлт мәселесінің тұжырымдары, практикалық талаптары әуелі Брюссельде, онан кейін Лонданда 1903 жылы 17 июльден 10 августқа дейін жасырын өткен РСДРП II съезінде Ленин жасаған «Біздің бағдарламамыздағы ұлт мәселесі» деген жұмысында нақтыланған болатын. Онда ол интернационалистік бағдарламалық қағидаларды дәйектілікпен дәлелдеді: ұлтына қарамастан барлық азаматтардың толық тең құқылы болуы, мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы, барлық ұлттар жұмысшыларының бірінғай таптық ұйымдарға (партия, кәсіподақтар, т.б.) бірігуі жайлы айтқан болатын. «Искрашылдардың қабылдаған программа-минимумында өзге де маңызды міндеттермен бірге «барлық ұлттардың толық тең праволылығы және олардың өзін-өзі билеу правосы туралы» мәселесі қойылды» [5, 53-54 бб.]. РСДРП ОК-нің партия қызметкерлерімен өткізген Поронино кеңесінде, 1913 ж. 23 қыркүйек – 1 қазан (6 – 14 қазан), ұлт мәселесі жөнінде

қабылдаған шешімдерде: «...5. Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы туралы мәселені (яғни бөліну туралы мәселені толық еркін және демократиялық жолмен шешуді мемлекет конституциясының қамтамасыз етуі) белгілі бір ұлттың бөлініп шығуының тиімді-тиімсіздігі туралы мәселемен шатастыруға болмайды. Бұл соңғы мәселені с.-д. партия бүкіл қоғамдық даму мүдделері мен пролетариаттың социализм жолындағы тап күресі мүдделерінің тұрғысынан қарап, әрбір жеке жағдайда мүлде дербес шешуге тиіс» деген жолдар бар [13, 425-426 бб.]. Партия осы мәселені большевиктердің шешуші жеңісінің алдында да көтерді: 1917 жылғы 24-29 сәуірде Петроградта Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында ұлт мәселесі туралы И.В. Сталин баяндама жасады. Онда қабылданған қарарда Ресейдің құрамына енетін ұлттардың өз еркімен бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруына праволылығын мойындады. «Мұндай правоны мойындамау, - деп жазылған және «оның тәжірибеде жүзеге асырылуын қамтамасыз етерліктей шараларды қолданбау басып алу немесе аннексия жасау саясатын қолдаумен тең нәрсе» делінген [5, 194 б.]. Дегенмен, В.И. Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» БОАК-і қолдағанымен, 1918 жылы 5 қаңтарда ашылған құрылтай жиналысы оны талқылағысы келмеді. 6 қаңтарда БОАК-і Құрылтай жиналысын таратып жіберді. Ал 1918 жылғы 10 қаңтарда ашылған жұмысшы, солдат депутаттары Кеңестерінің Бүкіл ресейлік III съезі, сонымен қатар шаруа депутаттарының III съезі «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» қабылдады. Декларацияда «Россия жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестерінің Республикасы жарияланады» делінген. Сонымен «Ресей кеңестік республикасы кеңестік ұлт республикаларының федерациясы ретінде еркін ұлттардың ерікті одағы негізінде құрылды» [5, 230-231 бб.].

Бір қарағанда лениндік ұлт саясатының жүзеге асуы принципті, жүйелі, «гуманды» болып көрінгенімен, шын мәнісінде кеңестердің әрбір қадамы күшпен, зорлықпен, адам құқын белден баса отырып жүргенін көреміз. Қазан төңкерісінің алғашқы жылдары таптық идеологияның нәтижесінде, соғыс жағдайының әсерінен, шаруашылық, өнеркәсіп жүйесінің күйреуінен келіп аштыққа ұрынған большевиктер қайткенде жағдайды қалпына келіруге тырысты. БОАК-нің 1918 жылғы 9 мамырдағы «О представлении Народному Комиссару Продовольствия чрезвычайных полномочий по борьбе с деревенской буржуазией, укрывающей хлебных запасы и спекулирующей ими» деген декретінде барлық еңбекшілерді кулактарға қарсы күреске шақыра отырып, өздерінің «артық астығын» ортақ қазанға салмағандарды қайткенде қатты жазалуға күш салғаны анық байқалады. Себебі онда, «...3) Объявит всех, имеющих излишек хлеба... врагами народа, предавать их революционному суду с тем, чтобы виновные приговаривались к тюремному заключению на срок не менее 10- лет, изгонялись навсегда из общины, все их имущество подвергалось конфискации...» [9, 57-58 бб.] деген жолдар бар. Большевиктердің «тап жауларына» қолданған осы секілді қарсы әрекеттерінің тәсілі ешбір тоқтаусыз XX ғасырдың 30 жылдардың соңына

карай жаппай қуғын-сүргінге ұласқаны тарихтан белгілі. Жалпы РКП(б)-ның инициативасы бойынша 1920 жылы қыркүйекте Бакуде Шығыс халықтарының I съезі жиналғанын айту керек, оның жұмысына Коминтерн II конгресінің делегаттары қатынасты. Съезд Манифест қабылдап, онда езілген халықтарды империализм мен отаршылдықтың үстемдігінен өздерінің азат болуы жолында бірігуге, күресті күшейте түсуге шақырды [5, 283 б.].

1921 жылы 8-16 наурызда өткен РКП(б) X съезінде қаралған ұлт мәселесінің орны ерекше болды, ондағы қарастырылған жаңа экономикалық саясаттың мәні Ленин айтқандай «...пролетариат пен шаруалардың одағы болып табылады, оның мәні – авангардтың, пролетариаттың қалың шаруалар бұқарасымен бірлігі»еді. Большевиктердің ойынша ұлт мәселесі шаруа мәселесі, өйткені ұлт аймақтардың халқы көбінесе шаруалар болатын. Іс жүзіндегі теңсіздікті жою үшін бірінші кезекте ұлт аудандарында өнеркәсіп құру қажет болды. «Съезд ...кеңес мемлекеттілігін, ана тілінде жұмыс істейтін өкімет органдары мен шаруашылықты басқару органдарын, сотын, баспасөзін, мектебін, театрын және т.б. дамытып, нығайтуына, ұлт кадрларын жедел даярлауына көмектесу қажет деп тапты» [5, 298-300 бб.]. Съезде И.В. Сталиннің «Партияның ұлт мәселесіндегі кезектегі міндеттері» деген баяндамасы талқыланды. Съезд партия алға кеткен Орталық Россияны орыс емес халықтар еңбекшілерінің қуып жетуіне көмектесуге тиіс деп тапты. Сонымен қатар «басты қауіп болып табылатын ұлыорыстық шовинизмді және жергілікті ұлтшылдықты жою жөнінде бірқатар шаралар белгіледі» [14, 309-313 бб.].

Партияның ұлт мәселесі бойынша қарастырған бағдарламасы, тұжырымдары және идеологиялық, тәжірибелік ұстанымдары кейінгі жылдары ерекше екпінмен тарихи әдебиетте теориялық-методологиялық қолданыста болып, тарихи және тарихнамалық зерттеулердің маркстік-лениндік ұлт мәселесінің теориялық негізін қалыптастырды. Оған диссертацияда қолданылған ұлт мәселесінің зерттелу деңгейін ашуға ат салысқан кеңестік зерттеушілердің еңбектеріндегі теориялық-методологиялық бағыт-бағдарлар жарық түсіреді. Зерттеуші А.Е. Ержанов өзінің еңбегінде большевизмнің ұлт саясатындағы ұстанған тәжірибесінде қалайда да айтарлықтай ерекшеліктер болғанын көрсеткен. Ол лениндік ұлт саясатының маңызды творчестволық даму кезеңіне 1953-1958 жылдарды жатқыза отырып, «біріншіден, Сталин тұсындағы жеке басқа табынушылық тұсында кеткен ұлт саясатындағы қателіктер» осы кезеңде анағұрлым жөнделгенін айтады. Ол қателіктердің ішінде «ұлттық кадрларды жаппай жою, бүтін халықтарды негізсіз қудалау, ел билігін орталықтандыру, жергілікті органдардың рөлін төмендету, ұлттық кадрлерге сенімсіздік көрсету бар» [15, 4 б.], - деп атап кеткен. Дегенмен, өзге ғалымдардың ұстанған жолы С. Досымбеков, С. Күлбаев тұжырымдарына өте ұқсас екенін айту керек. Олар «Біздің бұл лениндік ұлт саясат жалғыз әділетті саясат болатын,... ол ұлттардың өз еріктерімен бірігуіне, ұлттардың туысқандық қатынасына қызмет етті», [16, 4 б.], - деп көрсеткен болатын.

Кеңес билігінің тарихында ұлт саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын аса маңызды саяси, шаруашылық, мәдени өзгерістердің лениндік ұлт теориясының қалыптасуына, оның ұзақ жылдарға тарих ғылымының теориялық-методологиялық тұжырымдарының шындалуына және әрекет жасауына, үстемдік етуіне үлкен себеп болғанын атап кеткен жөн. 1925 жылғы 18 дек. - 31 дек. дейін болған ВКП(б)XIV съезі – елімізді индустриаландыру съезі де өзінің басты бағытына партияның XIV конференциясынан кейін көп кешікпей құрылған Зиновьев пен Каменев басқарған «жаңа оппозицияға» қарсы шыға отырып [14, 417 б.] қоғам алдына қойған лениндік ұлт саясатының басты бір міндеті өнеркәсіп саласындағы қайта құруларды шешуге тырысты. Алайда батыстық ресми әдебиетте Германияның әлеуметтанушысы Ирвинг Федчердің индустриаландыруға деген көзқарасы да сынға түскені заңдылық болатын. Оның пайымдауы бойынша «индустриаландыру тек сырт көрінісінде ғана халық мүдделері үшін жүргізілген, шындығында халық мүдделеріне зиян келтірді», «...олар социалистік индустрияландыру мен капиталистік индустрияландыру арасындағы айырмашылық жоқ» [14, 437-438 бб.]. Ал партияның XV съезі партия тарихында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және социализмнің бүкіл майданда шабуылға шығуына әзірлік жасау съезі болып орын алды [14, 477 б.].

Капиталистік дүниеде экономикалық дағдарыс өршіп, жаппай жұмыссыздық, қайыршылық пен аштық өсіп отырған жағдайда бесжылдықтың мерзімінен бұрын орындалуы – «қазіргі заманғы тарихтағы ең тамаша факті болып табылады» [14, 592 б.]. Дегенмен, партияның кеңестік ұлт саясатының жүзеге асуы барысында кедергінің, жетіспеушілік, қателіктердің де бар екенін мойындауы тарих ғылымындағы теориялық-методологиялық тұжырымдардың қалыптасуына да әсер еткенін айту керек. Мәселен, «қара және түсті металлургияның, мұнай және көмір өндірудің артта қалуы өнеркәсіптің өсуіне елеулі кедергі жасады. Ауыл шаруашылығын қайта құрылыс кезеңіндегі қиыншылықтарға душар болды. Ұжымдастырудың бастапқы кезінде кулактар елеулі шығынға ұшыратқан мал шаруашылығы өте қиын жағдайда қалды. Мал басының, әсіресе ірі қараның саны азая берді. Өнеркәсіп ауыл шаруашылық заттарымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеді» [14, 624 б.] деген пайымдаулар бар. Алайда, бұл секілді мойындау маркстік-лениндік теорияға, идеологиялық ұстанымдарына ешбір нұқсан келтіре алмасы анық болатын. Бұл секілді ішінара кеңестік саясаттың шаруашылық, болмаса мәдени салаларындағы қателіктер тарихи әдебиеттерде де орын тепкенін айту керек.

Маркстік-лениндік теорияның жеке мәселелерін социалистік құрылыстың практикасына пайдалануды «дұрыс түсінбей, қате ұққан коммунистер де аз болған жоқ», кейбір коммунистер социалистік қоғам құрылысы стихиялы үдеріс сияқты өз бетімен дамиды, сондықтан да пролетариат диктатурасын жұмсарту керек, тіпті мемлекетті де, оның органдарын да жалпы жою керек деп те ойлағандарға М.И. Калинин съезде:

«...көптеген адамдар жапай ұжымдастыру жүріп жатқан аудандарда селолық Кеңестерді жою туралы, ...деген мәселе қояды» [14, 626-627 бб.], - деп сын айтты. Ал тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық тек қана бір тұжырымды ұстануға әсер еткен «мәдени революция ойдағыдай жүзеге асырылды. Сауатсыздықты жою аяқталды, мектеп ісі өрістетілді. ...Бүкіл елімізде міндетті түрде жетіжылдық білім беру енгізілді. Орта білім алу кеңінен өрістеді» [14, 663 б.] деген жолдарды көруге болады. Сонымен қатар партияның біржақты идеологиялық, теориялық ұстанымдарына қарамастан алдына қойған мақсаттарының тұжырымдары бар: «Кеңес халқының тарихи тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тек социализм ғана адамды адам қанауды, өндіріс анархиясын, экономикалық дағдарыстарды, бұқараның жұмыссыздығы мен қайыршылығын жояды, экономиканың жоспарлы түрде үздіксіз өркендеуін және халықтың тұрмыс дәрежесінің үнемі артуын, ғылымның, мәдениет пен өнердің гүлденуін қамтамасыз етеді» [14, 677 б.]. Бұл секілді біржақты теорияға негізделген, идеологиялық құралға айналған тұжырымдар тек тәуелсіздік жылдары ғана өзінің позициясынан біртіндеп айырыла бастады.

Кеңестік кезеңдегі ұлт мәселесінің Қазақстан тарих ғылымындағы теориялық даму бағыттарын, қолдану аясын 1917-1955 жылдардағы Қазақстанда жүзеге асып жатқан аграрлық, индустриалдық, саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты, сонымен қатар кеңестік тоталитарлық биліктің қысымына қарамастан тарихи зерттеулерде, монографияларда, ғылыми мақалаларда, саяси маңызы бар хаттарда көрініс тапқанын айту керек. Кеңестік билік бүкіл қоғам алдында, халықтар алдында өзінің саяси-идеологиялық ұстанымдарын барлық билік жүйелері арқылы көпшілік баспа, зерттеулер беттерінде, ғылыми конференцияларда, съездерде, сонымен қатар заңдар арқылы кеңінен насихаттауға, ерекше қарқынды жүргізуге мәжбүр болды. Лениндік-сталиндік, әміршіл-әкімшіл социалистік құрылыс жүйесі тұсындағы Қазақстандағы ұлт мәселесінің тарихи тұжырымдамасын қарастырған еңбектер саяси, аграрлық, индустриалдық, мәдени өзгерістердің, реформалардың ұлт мәселесіне тигізген әсерін бір жақты дәріптейтін зерттеулер болып саналады. Олар дербес зерттеудің нысаны ретінде де саналады. Мұндай еңбектердің мазмұны негізінен ұлт мәселесінің Ленин, Сталин тұсында кеңестік социалистік құрылысты орнату жолындағы идеологияның, саясаттың «құрамдас бөлшегі» ғана болып, интернационализм идеясының негізі бойынша ұлттың «өтпелілігінде», қоғамдық өзгерістерді жасайтын ұлт емес, езілген таптар дегенге саяды. Кеңестік зерттеушілер тарапынан «социализмнің толықтай жеңісі», «мәдени революция», «азамат соғысы», «жер-су», «аграрлық», «индустриалдық», т.б. да өзгерістер, ондағы «табыстар» тек жұмысшы, шаруа таптарының мүддесі тұрғысынан қарастырылып, барлық өзгерістерге «таптық» таңба басылды. Тек Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанның ұлт мәселесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндіктің туғандығын атап өткен абзал. Тақырыптың

күрделілігіне қарамастан оны зерттеуде тың деректердің пайда болуы, тарих ғылымының, оның методологиясының жаңа бағыттармен, ұстанымдармен толығуы оны зерттеуге оңтайлы жағдай жасап, ұлт мәселесін шынайы, әрі терең қарастыруға жол ашты.

Ұлт мәселесінің кеңестік қазақ жеріндегі даму барысын көрсететін маркстік-лениндік методологиядан түбірімен ерекшеленетін жарияланымдар тек XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап қана тарихи айналымға қайта түсе бастады [17]. Әсіресе, қазақ қоғамында болған алапат аштық жылдарына байланысты хаттар көптеген ғылыми мәселелерге жарық түсірді. Олардың құнды неде деген сауал туындайтын болса, оған жауап біреу, ол: біріншіден, бұл хаттар бізді шындыққа итермелейтіндігінде, мемлекеттік саясаттың, биліктің, лениндік ұлт саясатының, идеологияның сырын ашатындығында; екіншіден, бұл хаттар тарихи айналымға ресми түрде еніп отыр, яғни тарихнамалық тұрғыдан бұл үлкен жетістік болып табылатындығында. Сонымен қатар Қазақстан тарих ғылымындағы зерттелу деңгейі қазақстандық ғылымды дамытатын, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аграрлық, жер-су реформаларының кеңестік сипатының қазақ этносының даму жүйесіне жат келетін тұстарын ашып көрсететін, тарихи айналымнан шығып қалған, маркстік-лениндік методологияға қайшы келетін С.П. Швецов, М.Г. Сириус, А.Н. Донич, Е.А. Полочанский, А. Челинцев, В. Скороспешкин және тағы басқа зерттеушілердің еңбектері «Народное хозяйство Казахстана» журналында жиі басылды. Ал «Народное хозяйство Казахстана», «Советская степь», «Большевик Казахстана», «Еңбекші қазақ» беттерінде О. Исаев, И. Мұстамбаев, О. Жандосов, С. Нұрпейсов, А. Лекеров, И. Кабулов, А. Асылбеков, Н. Нұрмақов, С. Меңдешев, Ф.И. Голощекин, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасұлы, Т. Жүргенұлы, І. Құрамысұлы, С. Аспандиярұлы, Т.Рысқұлұлы, С.Брайнин, Ш. Шафиро, т.б. қоғам қайраткерлерінің еңбектері жарық көрді.

Жоғарыда келтірген маман, ғалымдардан басқа кеңестік саясатқа қатты қарсылық көрсеткен «алаш» қайраткерлерін көптеген зерттеушілер, авторлар теориялық-методологиялық тұрғыдан сынға алды. 1932 жылы жарық көрген И.А. Зверяков еңбегінде «вредитель», «знаток», «алаш-ордынец», «буржуазный профессор», «специалист», «ученый» деген сөздерді (кекесінді тұрғыда) барынша қолданды. Ол Қазақстанның даму жолын көрсететін «ұстаздар», «білгіштер» деп профессорлар Швецов, Челинцев, Рыбниковты атай отырып [18, 36 б.], кейін ол бұл авторларға Ясинский, Прокопович, Полочанский секілді қазақ шаруашылығын қайтсе дұрыс жолға қоюға болады деген оқыған азаматтардың есімдерін косты. Олардың Қазақстан жағдайында халықтың малшаруашылығына байланысты құнды тәжірибесін қалайда сақтау қажет, оның өзі де дүние жүзінде мал басы қысқарып жатқан тұста «капитал екенін» баса айтқан логикалық тұрғыдан дұрыс айтылған ойын, сонымен бірге автор оның индустриаландыру ауыл шаруашылығындағы «көптеген азаматтарды өз жағына тартуы мүмкін», бұл

жағдай «өз кезегінде малшаруашылығының көлемін азайтуы мүмкін» [18, 44 б.] деген сөзін де сынға алды.

Кеңес билігінің алғашқы он жылдыقتарында большевиктік идеологияның теориялық методологиялық ұстанымдарын ұстанған авторлар қатарында үкімет басшылары, қоғам қайраткерлері, атақты ғалымдар, профессорлар, ұлт зиялылары және тағы басқалар болғанын атап кету қажет. Бұл мақалалардан сол кезеңдегі қазақ қоғамына тән ішкі қайшылықтың көрінісін анық көруге болатын еді. Тарихшы-марксистердің күшеюі, олардың қазақ мәдениетін, өмір сүру салтын сақтауға тырысқан «ұлтшылдарға», «оппортунистерге», «ұлыдержавалық шовинистерге» қарсы шабуылы 1925 жылдан кейін күшейе түскенін М.Н. Покровский, Ғ. Тоғжанов, Е. Федоров, І. Құрамысов, С. Нурпеисов, И. Кабулов, Ф.И. Голощекин секілді авторлардың еңбектерінен анық көруге болады. Ф.И. Голощекиннің «Большевик Казакстана» журналындағы мақаласында социалистік құрылыс капитализм қоршауында екендігі, дүниежүзілік империализмнің ашық түрде ғана емес, жасырын, ішкі жаулар арқылы да тап жаулары соңғы демі қалғанша, барлық әдіспен, шаралармен «кеңес өкіметімен, социализм құрылысымен күресетіндігін» [19, 7 б.] айтуы кеңестік жазалау жүйесінің теріс әрекеттерін түбірімен ақтап алуға тырысқанын көрсек, зерттеуші Е. Федоров «көшпелі шаруашылық – экономиканың ең жоғарғы табысы, оны құртпау керек, керісінше қолдап, мүмкін болса дамыту керек» [20, 5-8 бб.] деген объективті ойлары үшін А.Н. Донич, М.Г. Сириус, проф.С.П. Швецов, А. Букинич, Е. Тимофеев, И.И. Маслов секілді авторларды «контрреволюциялық зиянкестер» қатарына жатқызды.

Қорыта келе, Қазақстан тарихының теориялық методологиялық тұжырымдарының қалыптасып дамуы, лениндік-сталиндік ілімнің ұстанымдарының нығая түсуі тек 20-30 жылдармен шектелмейтінін, ол тарихи әдебиетте ешбір бәсеңдемей Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарына дейін созылғанын айту керек. Ұлт мәселесінің негізі және шешілуі – ол революцияның жеңісі, елді демократияландыру. Сонымен қатар партияның программасының талабы: ұлттардың өзін-өзі билеуі, жеке мемлекет болып бөлініп шығу құқы да әрқашанда қағаз бетінен, саяси бағыт-бағдар қатарынан шет қалмаған болатын. Дегенмен, ол ұлттың сөзсіз бөлінуін білдірмейтіндігі қатар жарияланатын, себебі ұлт бостандығы, ұлт еркіндігі большевизмнің тар идеологиясының аясына бағынғысы келмегені белгілі. Лениншілдер бөлінуді әрбір нақты жағдайға байланысты, пролетариаттың таптық мүддесіне сай шешу қажеттігін айтуға мәжбүр болған себебі де сонда, олар ұлтқа тұтастай сене алмас еді. Зерттеушілер социалистік ұлттардың жақындасуын (шаруашылық, өндіріс, мәдени, тұрмыстық, әлеуметтік процесстерге, өмірге ортақ көзқарастырының дамуы) олардың гүлденуімен байланыстыруға асыққаны да сонда болатын, ұлттардың гүлденуі тура сол ұлттарды «жақындастырады», оларды болашақта «біріктіреді» [21, 15 б.], - деп есептеді. Яғни ұлттың жойылуын күтті. Сонымен қатар марксистердің «мақсат, міндеті» халықтар достығына

негізделген, тең ұлттардың ерікті одағына негізделген «көп ұлтты мемлекет құру» екендігін нақтылап отыруының да көлеңке тұстары бар екені белгілі, ол ұлттар қоғамда саяси мәселелерді шешуде тек екінші орында болып, пролетариат диктатурасының, оның идеологиясының жай бір құралы болуында еді.

Зерттеулердегі Қазақстандағы ұлт мәселесіне қатысты методологиялық ұстанымдар

Маркстік-лениндік ғылымның, оның теориялық-методологиялық ұстанымдарының тарих ғылымының дамуына тигізген әсері, орны мен рөлінің ерекше екені белгілі. Кеңестік кезеңде тарихи зерттеулердің даму барысына, оның идеялық-методологиялық бағытына баса назар аударылды. Маркстік методология тарихнама саласының кез келген жұмысы үшін жетекші арқау, айқындаушы болды. Барлық қоғамдық ғылымдар үшін «дүние тану теориясы мен методы» деп жарияланған тарихи материализм ғылым бола тұрып, онымен бірге жұмысшы табының мүдделерін тікелей білдіру мағнасында ол – партиялық ғылым болғаны белгілі. Алайда, қазіргі таңда тарихи әдебиеттерде қолданылып жүрген Н.Я. Данилевский (Н.Я. Данилевский Россия и Европа. Взгляд на культурные и политические отношения славянского мира к германо-романскому. –СПб., 1869), О. Шпенглер (Закат Европы: В 2т. т.1. –М.: Айрис–пресс, 2003), А. Тойнби (Постижение истории: Сборник. – 2-е изд. –М.: Айрис–пресс, 2002) еңбектерінде жақсы талдап көрсетілген адамзат тарихын зерттеудің өркениеттік методологиялық бағыты: «тарихи таным процессінде ең жоғары құндылық ретінде адамды қою, әртүрлі қоғамдағы материалдық, рухани және діни ерекшеліктер және олардың тарихи сабақтастығының ескерілуі, таптық және марксистік методологияға тән европоцентристік көзқарасты мойындамай, адамзат қоғамына «жоғары мәдени» сипаттаманы бекітуді ұстану», сонымен қатар Марк Блок пен Люсьен Февр 1929 жылы Францияда негізін салған «Анналар» мектебінің «методологиялық бағытының ықпалы» [22.7-8 бб.] тек қана кеңестік тоталитарлық жүйенің қарама-қайшылықтарын түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа тарихи методологияның қалыптасуына, дамуына септігін тигізетіні анық. Дегенмен, кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихи теориялық-методологиялық ұстанымдар Қазақстанның тәуелсіздік жылдары қолданысқа түсе бастаған бұл тұжырымдардан қашықта болатын.

Марксизм-ленинизм іліміндегі ең бастысы пролетариат диктатурасы, онсыз коммунистік қоғамды құру мүмкін емес еді. Ұлт мәселесі буржуазиялық-демократиялық революция тұсында осы революцияның бөлігі ретінде қарастырылды, оның шешімдері революция мақсаттарына бағынышты (феодализм қалдықтарын жою және т.б.) болды, сонымен қатар ұлт мәселесі социалистік революция тұсында социалистік революция жайлы жалпы мәселенің бөлігі болып табылды. Кеңестік тарихи әдебиетте пролетариат диктатурасының табысына ұлттарға өзін-өзі билеу құқы

берілгенін, олардың саяси, экономикалық және мәдени теңдігі орнағанын жатқызды. Кеңес халықтары мен ұлттарының өмірінде социалистік интернационализм және халықтар достығы идеологиясы жеңіп шыққанын, халықтар теңдігі мен суверендігі, артықшылықтар мен шектеулікті жою, кіші ұлттардың еркін дамуы, социалистік федерацияны құру секілді принциптер басшылыққа алынғаны әрдайым атап көрсетіліп отырды.

Марксистер ұлт мәселесін демократия мен социализм мақсаттарына дүниежүзілік масштабта да бағынышты болғанын дұрыс санады. Дегенмен, большевиктер «ұлт», «халық» терминдерін толықтай пайдалануға тырысқанымен, оған біржақты қарағаны белгілі. Ұлт тұтастығын, оның болашағын толықтай бұзғанымен, большевиктер кеңестік кезеңнің өн бойында оның атын жамылып саясат жүргізді, идеологиясын қалыптастырды. Кеңес өкіметі әр ұлттың қасиетті құқы ұлттың өзін-өзі билеу құқын талап етуіне де тек қана жұмысшы табының мүддесінен шыға отырып, әр кезде ерекше шешілуі тиіс екендігін көрсетумен болды. Коммунистік партия ұлт мәселелерін, ұлттық қатынастарға байланысты барлық проблемаларды «пролетарлық интернационализм» тұрғысынан шешті, ал саяси қарсыластарының тұжырымдарына, оппортунистер, меньшевиктер, троцкистер, жалпы социал-шовинистерге қарсы аяусыз қарсы күресті. Маркстік-лениндік ұлттық бағдарламаның принциптерін біртіндеп жүзеге асырудың нәтижесінде кеңес халықтары «ұлт мәселесін шешті және көпұлтты ірі мемлекет құрды» деген секілді тұжырымдар үстемдік етті. Большевизм тұсында үстемдік еткен маркстік-лениндік идеологияның қоғамға жат тұстары Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары ғана жарыққа шыққаны заңдылық болатын.

Кеңестік кезеңдегі тарихи зерттеулердегі теориялық методологиялық ұстанымдардың негізгі бағыттарының бірі ол КСРО халықтарының тарихы әлі де болса жазылмағанын, әсіресе «ұлт мәселесі, басты қауіп ретінде ұлыдержавалық шовинизммен және қосымша қауіп ретінде жергілікті ұлтшылдықпен күрес» әлі де қарастырылмағанын [23, 6 б.] айту болатын. Алдағы істелінетін жұмыстың ауқымына арналған: «Тарих ол нақты қоғамдық мәселенің нақты зерттелуі. Осы зерттеуде ...мақсатымызға жету үшін біз қарсыластарымызды соққыға алуымыз керек» [23, 7 б.] деген анықтама жолдарды көреміз. Бұл айтқандар 1931 жылғы 6 ақпанда тарихшы-марксистер қоғамының қабылдаған тезистерімен де үндес: «...как быстро во-время неразоблаченные уклоны оппортунистов вырастают в целые системы меньшевистствующего идеализма или самой грубой механистики. Историки отнюдь не должны считать себя застрахованными от подобного рода опасности; их спасти может только самая решительная, самая беспощадная борьба за чистую ленинскую линию против всяких уклонов и примеренчества к ним» [23, 9 б.].

Партияның алға қойған мақсаттарының күшпен орындалуын ақтайтын ойларды ашып көрсететін: «Біз мақтанышпен айтуымыз керек, біз күрестік, төбелестік, біздің қолымыз көп жағдайға жетті, теңсіздің жойылып жатыр,

жойылып қалды. Біз бұған мақтана аламыз және мақтануымыз керек. Оны Кеңес Одағының саясаты істеді» [24, 26 б.] деген күштеп ұжымдастыру тұсындағы байдың малын тартып алудың ірі табысқа балануын, сонымен қатар «Ұлтшыл-уклонистер, ұлтшыл топтар – судуақасовшылдар, қожановшылдар, рысқұловшылдар, меңдешевшілдердің артында әрқашанда Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышпаев және К⁰ секілді алашордалық кертартпалар тұрды» [25, 49 б.] деген негізгі саяси ұстанымды көреміз. Бұл секілді теориялық ұстанымдар тек РКП(б) X съезі басты қауіп болып табылатын ұлыорыстық шовинизмді және жергілікті ұлтшылдықты жою жөнінде бірқатар шаралар белгілеген [14, 310 б.] соң ғана жүзеге аса бастағанын айту керек. Дегенмен, «ұлтшылдықтың» арғы жағында ұлт интеллигенциясы тұрғанын ескерсек, шетел ғалымдарының айтқаны шындыққа жақын екенін көреміз: «Орта Азияда ұлттық талпынысты жүзеге асыратын жалғыз элемент интеллигенция болатынын ескерсек, ендігі жерде ұлттың қалыптасуы жоғарыдан орнатылатын таза жасанды процесс болады» деген Дж.Уилердің сөзі [23, 23 б.] осы тұстағы саясатқа дәл сипаттама болатынын көреміз.

Сонымен қатар КСРО-дағы ұлт мәселесінің дамуына еңбектерін арнаған Р. Пайпс, В. Коларз, Р. Конквест, Л. Снайдер, т.б. [27, 16-18 бб.] айту керек. Бұл кезде тоталитарлық жүйенің ресми көзқарасын, позициясын нығайтатын, оның тұжырымдамасы көрсетілетін баспа беттері болды [28]. Жалпы 1927 жылғы 2-19 декабрьде өткен Партияның XV съезінде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының Троцкий мен Зиновьевті партиядан шығару туралы қаулысын мақұлдап, троцкийшіл-зиновьевшілдер блогының неғұрлым белсенді басшылары: Каменевті, Пятаковты, Радекті, Раковскийді, Сафаровты, Смильганы және Сапронов бастаған «децистер» тобын партиядан шығарғанын [14, 476-477 бб.], болашақта оларды саяси жазалауға қадам жасағанын көреміз. Ал партия 1937 жылы өзінің алдына қойған негізгі саяси міндетін: – «елімізде капиталистік элементтердің қалықтарын түгелдей жою, антогонистік топтарды туғызатын, қоғамды қанаушы және қаналушы деп екіге бөлетін себептерді толығымен жою міндеттері шешілді» [14, 659 б.], - деп жариялап та үлгерді.

Маркстік-лениндік теориялық методологиялық ұстанымдардың тарихи әдебиетте қалыптасуына кедергі қатарынан «троцкийшіл-ұлтшыл концепция ұстанған» Г. Сафаров, Е.Б. Бекмаханов секілді авторлардың белгілі еңбектері мен таптық талапқа сай болмаған 1943, 1949 жылғы 2 томдық «Қазақ ССР тарихының» 1 томы [29, 5-6,10-11 бб.] атап көрсетіліп отырды. Ал кеңестік саясат табыстарын қазақ ұлтшыл-уклонистерінің әрекеті «әшкереленгенімен» [30, 99 б.] байланыстыру, сонымен бірге кеңестік кезеңдегі тарихтың «теориялық деңгейі» төмендігін, оның бір себебі сол белгілі «троцкист, буржуазияшыл-ұлтшылдардың (Сафаров, Бөкейханов т.б.)» Кеңес өкіметінің «сырттан келгендігін», «күшпен орнатылғандығын айтуы болатын» [31, 568 б.] деген тұжырымдар бұл кезде жүйелі түрде жүзеге асты. Кеңестік авторлар әрқашанда Лениннің большевиктер партиясының ұлттық бағдарламасын

жасау жолында оның негізін: «а) кез келген ұлтшылдықпен күрес; б) барлық ұлттардың жұмысшыларының бірлігі; в) ұлыорыстық қаражүздік ұлтшылдықпен күрес» [32, 119-120 бб.], «Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм – міне капиталистік дүниенің екі ұлы таптық лагеріне сәйкес, бүкіл капитализмнің, оның ұлттық мәселедегі екі саясатын білдіретін екі бітіспес-жау ұраны» деген Лениннің сөздерін [33, 8 б.] қосып отырды.

Кеңестік ғылымда С.Сәдуақасов секілді қоғам қайраткерлерін коммунист болғанына қарамастан сынға алу, оның «Ешбір маркстік әдебиетте өркениетті халықтардың жұмысшы табы коммунизм патшалығын езілген ұлттардың өлі денесі арқылы жетеді деген сөз айтылмаған» [34, 16 б.] деген ұлтқа жаны ашып айтқан сөздері ұлтшылдықтың ішіндегі нағыз «тар маңдайлы», «махровый» ұлтшылы айтатын сөзге жатқызылды. Жиыrmасыншы жылдардың қиыншылықтарын бетке ұстай отырып, зерттеушілер «коммунизмді коммунист емес адамдардың қолымен құруға тиіс болғанын», буржуазиялық мамандардың жұмысқа тартылғанын, ал жетістікке жету солардың «қолдарының таза, іскер болуына байланысты» екенін [23, 3 б.], «Біздің қазіргі оппортунистер Лениннің артына жасырынғанды жақсы көреді», оның цитаталарын пайдаланса да бәрібір тауып аламыз» [23, 4 б.] деген сөздер арқылы большевиктік саясаттың негізін тағы бір көрсетіп отырды.

Зерттеушілер кеңестік тарихнамада, тарихында Кеңес өкіметінің кеңестік құрылысты орнату мәселесі идеологиялық тартыс күресіне айналғанын, ол тек танымдық бағытта емес, сонымен бірге саяси да мақсатты білдіргенін көрсетті. Мәселе қандай жолмен жүрген дұрыс – капиталистік пе жоқ социалистік пе деген ойдың айналасында болды [35, 117 б.]. Мұнда А. Байтұрсыновтың қазақ қоғамында таптың жоқтығын алға тартқаны, С. Сәдуақасовтың III областық партия конференциясында қазақ кедей езгіден емес, жұмыссыздықтан жаппай шегіп отырғанын айтқаны, осы секілді ойды білдірген ұлы державалық шовинистерді (С.П. Швецов және басқалар), тап жоқ, алдымен техника дамысын, таптар пайда болсын деген Г. Тоғжановты, сонымен бірге «Алаш» қызметін өте жоғары қоюға тырысқан сөздерді келтіре отырып, осының барлығы бір мақсатпен, социалистік құрылыстан капиталистік құрылысқа бұрылу үшін жасалып жатқанын көрсетуге тырысты [35, 118-120 бб.]. Дегенмен, зерттеушілердің социалистік құрылыстың жауларына беретін жауаптары дайын болатын, социализмді құрудағы кеңестік тәжірибе ол артта қалған елдердің капитализмге соқпай өтуі – тек қана «таптық күрес» арқылы екені нақтыланып отырды [35, 145 б.].

Бұл идеологиялық тартыс күресіне өзге де зерттеушілер атсалысқаны белгілі, Н. Төреқұловты ұлт мәселесін шешуде «ұлттық сенімсіздіктің» бар екенін айтқаны үшін, оның аппаратты жергіліктендіру қажет, орыстар жергілікті ұлтты басқаруға асықпай отыр дегенін К. Бейсембиев сынға алды [36, 41 б.]. Тоғжановтың мәдениетті орыс халқының соңынан ілесе бермей тәжірибені «қазақ даласынан іздейік», «орыстарды үлкенге, қазақтарды жасқа

теңей отырып Москва бізге үлгі бола алмайды» деген сөздерін, сонымен бірге ұлт ол «ертеден қалыптасатын категория» деген ойларын жоққа шығаруға тырысты [36, 44,48 бб.]. Автор сонымен қатар М. Брудный, Шонанов, С. Қожанов, Г. Сафаров, Т. Рысқұлов секілді қоғам қайраткерлерінің кеңестік саясат тұрғысынан жіберген қателерін сынға алды [36, 53,57-58,120-122 бб.]. Кеңестік тарих ғылымында сынға алынып келген Ф.И. Голощекинді қазақ арасында шын коммунист кездеспейтіндігі жайлы айтқандарын қатеге шығара отырып [36, 128 б.], партияның (Киробком) желтоқсан пенумында (1922 ж.) «О методах подхода и овладения «социальной базой партийно-советской работы в Киргизии» - мәселесі бойынша сөйлеген А.И. Вайнштейн, А. Әйтиев байларды барынша әлсіретуге тырысса, оған А. Асылбековтың түбірімен қарсы шыққанын көрсетті. Н. Нұрмақов, К. Токтабаев, С. Меңдешев, А. Кенжин баяндамаларында кедей массасының даяр еместігін алға тартқанын, нәтижесінде пленум байлардың ықпалын азайту үшін кеделерге көмек беретін болып қана шешкенін айтады [36, 134 б.]. Жалпы бұл идеологиялық тартыстың немен бітетінін келесі сөйлемдерден анық көруге болады, национал-уклонист Сәдуақасов, Қожанов, Мыңбаев, Мұстамбаев, Сұлтанбеков секілді ұлтшылдар мен оның ормандағы жақтастарына қарсы С. Меңдешев, С. Сейфуллин, А. Әйтиев, сонымен қатар І. Құрамысов, Ғ. Тоғжанов, О. Исаев, О. Жандосов, Х. Жүсіпбеков және т.б. партия-кеңес қызметкерлері баспа арқылы күресті күшейткен болатын [36, 166 б.].

Кеңестік тарих ғылымының тарихи зертеулерде орын алған теориялық методологиялық ұстанымдарының қалыптасуын, оның даму барысын айқындау үшін большевиктердің кеңестендіру саясатына көп талас-тартыс алып келген, ұзақ жылдар зерттеушілердің назарын өзіне аударған А.П.Кучкиннің «Советизация казахского аула» деген еңбегін қарастыру қажет секілді. Осы мәселеге Г.Ф. Дахшлейгер соғыстан кейінгі жылдары «қазақ ауылын кеңестендіру» мәселесі үлкен таласқа алып келді, оны А.П. Кучкиннің «Вопросы истории» (1946, №10) журналында жарық көрген «Советизация казахского аула» (1926-1929 гг.) деген мақаласы «бастап берді» [37, 119 б.], - дейді. Мақаланың негізгі «ойы» - «ауылдағы билік байдың қолында болды. Бұл кезде (1925 жыл) коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің орталық билігі ауылға әлі жеткен жоқ болатын». Автор негізінен кеңестендіру 1929 жылы «аяқталған» дегеніне Қазақстан тарихшыларының «қарсы» екенін жазады, сонымен қатар бұл ойын өзге де еңбектерінде қайталайды [38]. Зерттеуші С.В. Юшков та көптеген ғалымдар ұстанған тарихи әдебиеттегі «Октябрьдің алғашқы он жылында қазақ ауылында кеңес өкіметі тіптен болмаған (проф.А.П. Кучкин), онда тек бай-феодалдар ғана билік құрды деген ойды батыл лақтырып тастауымыз керек» [39, 11 б.] деген тұжырымды қолдады. Осы мәселені зерттеуші Т. Елеуов Құрамысовтың «Октябрь дауылы ауылға жөнді тимей, соқпай өтіп кетті» деген Голощекиннің сөзін қайталағандығы үшін сынға ала отырып [40, 18 б.], өз ойын дәлелдеу үшін Т. Рысқұловтың тоталитарлық қысымның күшейген

тұсындағы, ұлт азаматтарының сағы сынған кездегі, 1936 жылғы «Против извращения истории казахского народа» деген мақаласындағы «Сафаровтың, алашордашылардың контрреволюциялық жаласына қарамастан қазақ еңбекшілері Октябрь революциясына белсене араласты, кеңес өкіметін барынша қолдады» [40, 23 б.], - деп көрсеткенін сынға алды. Сонымен қатар А.П. Кучкиннің қателіктерін Қазақстан тарихшылары бірауыздан «мойындағанын» айта келе, оның «тарих ғылымына қосары жоқ» [40, 27-28 бб.] екенін баса көрсетуге тырысты. Дегенмен Г.Ф. Дахшлейгер кеңестендіру мәселесінің кейінгі жылдары бәсеңдемей, қайта өрши түскенін айта келе, алайда қорытындысын екі ойлы бітіреді. Ол біріншіден, ешкім де революциядан кейін «кеңестер» бірден пролетариат диктатурасының органы болды деп айта алмайтынын, екіншіден, ешкім де 1925 жылға қарай ауыл «кеңестендірілді» деп айтпайды, бірақ жұмыс осы бағытта жүргізілді. 1929 жылы кеңестендіру «негізінен» аяқталды, алайда ол кейінгі ауыл шаруашылығын «ұжымдастыру» кезеңінде де өз «жалғасын тапты» [41, 14-15 бб.] деген қорытынды жасады.

Көптеген жылдар зерттеушілердің ойын бөлген А.П. Кучкин шындығында маркстік-лениндік методологиядан қашық кетпегенін байқаймыз. Ол «Советизация казахского аула» деген еңбегінде қазақтың бай табына деген көзқарасын: «патша чиновниктерінің тонауынан бөлек қазақ еңбекшілерін қазақ қоғамының мүлікті топтары да қатты қанады»- деп білдіре отырып, қазақ еңбекшілерінің шаруашылығы бай шаруашылығының қосалқы бөлігі болатын, «тегін жұмыс күшінің көзі» [42, 48-49 бб.], - деп жазды. Дегенмен, ол өзге зерттеушілер секілді емес, Қазақстанның V өлкелік партконференциясының: «Республиканың жергілікті және басқа жақтан келген халықтарын жерге орналастырып болмайынша өлкені елдендіруге болмайды» деген шешіміне қатты назар салғанын көреміз. Ол бұл конференция жерге орналастыру мәселесі бойынша «маркстік-лениндік, таптық позицияны емес, ұлтшылдық позицияны ұстанды», соған байланысты «жер мәселесі сонымен қатар таптық мәселе», «әр ұлттың қанаушы табына қарсы еңбекші таптың мүддесі үшін жүргізу керек» [42, 164-165 бб.] екендігін баса көрсетті.

А.П. Кучкин сонымен бірге 1925 жылы жерге байланысты орыстар мен қазақтар арасында «жүздеген қақтығыс болғанын» [42, 168 б.] да жасырмады. Ол өзге тарихшыларға қарсы «кеңестер 29-30 жылдарға дейін байлардың, кулактардың, бұрынғы старшина мен басқармалардың... қолында екенін» қалайда дәлелдеумен болды. Бұл секілді ойлар өзге авторлар тарапынан қарсылылық тудырғанымен, тоталитарлық режимнің идеологиялық ұстанымдарын жоққа шығармайтыны анық. Өзге авторлардан тағы бір ерекшелігі сонда, ол ашық тартысқа бейімділігімен көзге түседі. Жоғарыда айтқандай маркстік методологиядан ауытқымаса да ол Г.Т. Таймановтың «Развитие Советской государственности в Казахстане», Н. Киікбаевтың «Торжество ленинской политики в Казахстане» [42, 19-20 бб.], А. Нейштадттың «Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР

в 1917-1937 годах» деген еңбектерін [42, 21-22 бб.], Л. Утегенованың «О классовой борьбе как закономерности социалистического строительства на примере казахского аула» («Вестник АН КазССР», 1958, №7.) деген мақаласын, «К вопросу о советизации казахского аула» («Известия АН КазССР». сер.ист. 1948, №49.) мақаласының авторы А. Тұрсынбаевты [42, 22-24 бб.], оның келесі бір еңбегі «Победа колхозного строя в Казахстане» деген атпен жарық көрген докторлық диссертациясын кеңестердің 20 жылдардың басынан-ақ күшейе бастағанын дәлелдемек болғаны үшін сынға алды [42, 26-27 бб.]. Ал мына сөйлем А.П. Кучкиннің мызғымас большевиктік принципінің көрінісі деуге болады: «Голощекин шындығында Қазақстан үшін аз еңбек сіңірген жоқ, ал кім де кім мұны жоққа шығарытын болса олар буржуазиялық ұлтшылдардың сөзін сөйлеп отыр», оның «кемшілігі болған күнде» қазақ өлкелік партия басшылығы тұсындағы оның «оң ісін сызып тастай алмайды» [42, 117 б.],- деді.

Осы тұста Г.Ф. Дахшлейгердің «жергілікті ұлтшылдыққа бұратын уклонистер Ресей федерациясынан бөлінуге тырысты, әлеуметтік негізді есепке алмай тек ұлттық белгі бойынша Қазақстанға көшіп-қонуға жер болса да, тиым салуға тырысты» («Постановление V конференции парторганизации Казахстана по вопросу землеустройства». Кызыл-Орда, 1926.), қазақ еңбекшілерінің таптық санасын көтеру мақсатында «патриархалдықтың» барлық қалдықтарын батыл қирату қажет» [41, 5,11 б.] деген сөздерін келтіре отырып, жалпы А.П. Кучкиннің таптық шеңберден тыс шықпағанын байқауға болады. Бұл кезеңде Н. Джандильдин секілді ғалымдардың да негізгі алға қойған мақсаты жолға қойылды, ол «ұлт жойылатын жүйе», онда «екі мәдениет бар», адамның рухани дүниесінің басты жағы ол – ұлтшылдық емес [43, 5-7 бб.] деген ойды қайткенде дәлелдеуге тырысқан болатын. Бұл ойды өзге авторлар да қолдап, дамытуға тырысты.

Марксизм-ленинизм ұлттың пайда болуына объективті негіз болатын «экономикалық өзгерістерді» көрсете отырып, «бұл процестегі мемлекеттің, территорияның, тілдің, мәдениеттің маңызды рөлін нақтылап отыратын» дей келе М. Сужиков В.И. Лениннің «Тек қана ірі машиналық индустрия ғана толығымен қоғамдағы жершілдік байланысты жоя алады және оның орнына ұлттық (интернационалдық) байланысты қояды», «Жеке фактор ретінде ұлттық сезім жайлы айту, демек істің негізін бүркемелеу болып табылады» дегенін, ұлттың сезім жақта емес, экономика, өндіргіш күштер, өндірістік қатынастар жағында екенін дәлелдеуге тырысты. Одан әрі автор капиталистік қоғам тұсында Лениннің сөзімен айтқанда «ұлттық езгіні (жалпы саясиды да) жою мүмкін емес», ол үшін таптарды жою керек, яғни социализмді енгізу керек. Ұлттық езгіні жою үшін социалистік өндіріс фундаменті қажет, ал ол фундаментте демократиялық ұйым – мемлекет, демократиялық армия т.б. керек. «Капитализмді социализмге айналдырып пролетариат ұлттық езгіні толық жоюға жағдай жасайды», - дейді [10, 40-41 бб.]. Сонымен, М. Сужиков социалистік революцияның алдындағы қазақ халқын зерттеушілердің бір тобы – Октябрь революциясына дейін қазақ халқы ұлт болып қалыптасуға

қадам жасамағанын, өзге зерттеушілер – ұлт болып қалыптасқанын, үшінші бір зерттеушілер – қазақтар буржуазиялық ұлт болып қалыптаса бастады, «бірақ та аяқталмады» , - деп [10, 80 б.] қазақ халқының социалистік революциядан соң ғана «революциялық өзгерістерге» түсуінің «зандылығын» көрсетуге тырысты. Сонымен қатар автор халық тілінің ұлттық тілден айырмашылығына оның «хатқа түспегенін» қарсы қойды [10, 104 б.]. Міне осыдан бастап қазақ халқына «артта қалған», «сауатсыз», «экстенсивті мал шаруашылығымен айналысқан халық», «ұлт емес», т.б. сол секілді айдар тағылды. Мақсат әрине біреу болатын, қазақ халқын «дамымаған», «артта қалған» дей отырып социалистік революцияның «зандылығын» дәлелдеу еді. Ал ол «занды» болса, онда кейінгі жеке меншік иелерінің дүние-мүліктерін, завод, фабрикаларын национализациялау, байларды тәркілеу, т.б. саяси реформалар кеңестік қоғамның мүддесіне қайшы емес деген ойды қалыптастыру болатын.

Сөз жоқ, тәуелсіздік алған жылдардан бастап кеңестік ұлт мәселесінің ажырамас бөлігі, ұлт мәселесінде үлкен роль атқарған «алаш» қозғалысына, жеке ұлт зиялыларына, қоғам қайраткерлеріне кеңірек назар аударуға қол жетті, осыған дейін маркстік-лениндік методологияны ұстанғандар сынға ұшырады [44]. М.К. Қозыбаев, М. Қойгелдиев, К.Н. Нұрпейсов, Р.К. Нұрмағамбетова, Р.С. Мажитов, Д.Д. Сүлейменова, Е. Қуандықов, Д.А. Махат, Ж.М. Уәлиханова, Ж.Б. Әшірбекова, Э.Ж. Әзіретбергенова, Л.Д. Кудерина, П.Ж. Алтынбекова және т.б. зерттеушілер қазақ тарихындағы азаматтық қарсылық жағдайында алаш бағытындағы, сонымен қатар большевизм бағытын берік ұстанған, қоғамдық қызметтері де екі түрлі ой туғызатын, әртүрлі бағалауға алып келген С. Қожанов, С. Сәдуақасов, Т. Рысқұлов, Ж. Мыңбаев, Ы. Мұстамбаев, О. Жандосов, С. Сейфуллин, Н. Төреқұлов, Ж.М. Күдерин, Л. Мирзоян, С. Меңдешев және т.б. секілді қоғам қайраткерлері жайлы зерттеулер жүргізді. Бұл кезде М.К. Қозыбаев алаш қозғалысын отарлыққа қарсы күрестің «ең прогресшіл ағымдардың бірі болды» [45, 45 б.] деген тұжырым жасады. Алаш тақырыбын жан-жақты, терең зерттеп жүрген зертеуші М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» деген еңбегінде «Үш жүз» партиясының шын бейнесін нақты фактілер арқылы ашып берген. Мыс.: Екібастұзда 705 жұмысшы «Алашқа» өз даусын берсе, ал «Үш жүзге» тіптен дауыс бермеген; Семей қаласында 3304 дауысты алаштықтар иеленсе, үшжүздіктерге – 1 ғана дауыс тиген; Қызылжар уезінде «Алаш» кандидаттарына 486 адам, ал «Үш жүзге» 4 адам ғана дауыс берген [46, 321 б.], - дейді. Зерттеуші Д.А. Махаттың осы тақырыпты аша түсетін «Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «оңшылдыққа және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдарлары (1925-1933)» деген зерттеуінде голощекиндік биліктің Алаш зиялыларына қарсы әрекетінің большевиктік қарқынды, әрі табанды жүргені жазылды. Автор сол кездегі саяси жүйенің «жеңіске» жеткенін 1932 жылғы 28 қарашада «қалалық кеңестің пленумында І. Құрамысов Қазақстанның 12 жылдығына орай тұңғыш коммунист университетіне Голощекин атын беріп, оның 2 томдық шығармалар жинағын

шығару жөнінде айта келе, оның Қазақстандағы ерен «еңбегіне» ерекше тоқталып өтті» [47, 138 б.] деген деректер арқылы дәл көрсетіп берді.

Кеңестік тоталитарлық методологияның тағы бір назар аударатын бағыты болды, ол «нағыз жала жабушылар мен бұрмалаушылар» қатарында ақ эмигранттар мен ұлтшылдар: М. Шоқай, З. Валиди, «отанын сатқан» Б. Хаит т.б., сонымен қатар американдық және Батыс Европа буржуазиялық тарихнамашыларынан Б. Пейрес, А. Парк, С. Зенковский, Р. Пайпс және т.б. есімдері болатын [48, 16-17 бб.]. М.М. Сужиков зерттеуінде Е. Ренан, Г. Мангони, Т. Парсонс, Емерсон, тағы басқалардың «ұлт – ортақ мәдениетпен, сана-сезіммен біріккен адамдардың қоғамы» [49, 15-16 бб.] деген большевизм түсінігіне сай келмейтін ойларын сынға алды. Бұл тақырыпты өзге авторлармен қатар С.Н. Покровский де жан-жақты қарастыруға тырысты. Ол буржуазиялық бұрмалаушылар (А. Парк, Р. Пайпс, Б. Хаит т.б.) Орта Азия мен Қазақстанда «коммунистер кеңестік ұлттық мемлекеттіліктің құрылуына кедергі жасады деп нықтамақшы болады» [50, 33 б.], - дейді. Сонымен қатар ол «Победа советской власти в Семиречье» деген басқа еңбегінде де Эссерсон мен Бейли, Б. Хаит, А. Парк, т.б. «оқиғаны бұрмалай отырып кеңес өкіметіне жала жаппақшы, жас кеңес республикаларына интервенттердің қарақшылық шабуылын бояп көрсетпекші» [51, 3-4 бб.], - деп сынға алды.

Маркстік-лениндік теориялық методологияның бір ерекшелігі ол М.Қ. Қозыбаев, К.Н. Нұрпейсов, Ә. Нысанбаев, Ф. Сүлейменов, Ж.Б. Әбілқожин, М.Б. Тәтімов, Д. Кішібеков секілді көптеген алдыңғы қатарлы зерттеушілердің кеңестік кеңістіктегі үлкен саяси өзгерістерге қарамастан өздерінің ленинизмге деген ұстанған жолдарынан ауытқымауға тырысқаны болатын. М.Қ. Қозыбаев өзінің ойын былай білдірді: «Қайта құрудың мәні – ленинизмге, Ленинге оралу» дей келе, «4,5 млн. адамның ұлт аймақтарынан депортацияланғанын», Қазақстан қатты бидай дәнінің тоннасы 8 рубльге мемлекетке сатылып, халықаралық рынокта оның бағасы «250 доллар екендігін» [52, 8-9 бб.] айтуы екі түрлі ой қалдыратыны анық. Ал Алматыдағы, Таулы Қарабахтағы оқиғаларға тек «теориялық жете зерттеу керек...» екенін айту арқылы ол мәселелерді шешуге әлі даяр емес екенін білдіреді [52, 10 б.]. М. Қозыбаев өзінің ойын өзге еңбегінде былайша жалғастырады: «В.И. Ленин өз принциптерін толық қалыптастырып, ой-арманын түгелдей бір ізге салып үлгере алмай кетті» [53, 58 б.]. Дегенмен, автордың «Сталин мақұлдаған, Голощекиннің өзі жанын сала қорғаған бұл мәдени революция программасының шовинистік сыры айтпаса да түсінікті. Осыдан барып, бір ұрпақтың өмірінде қазақ тілі екі рет жаңа орфографияға көшті, екі рет халықты жаппай саутсыз етті» [53, 61 б.], - деп осы уақытта дейін айыпталмай келген мәдени революцияның сырын ашқан ойы алғаш рет тарих ғылымында жаңа бір леп алып келгенін айту керек. Алайда, ол сонымен қатар: «біз бүгінде сталинизмді айыптасақ, И. Сталинді кінәласақ,... бұл – кешегімізден тағылым алу, бүгіннен ертеңге байсалды жол салу. Бұл – қоғамдық өмірді Ленинше қайта құру» [53, 65 б.], - деп кеңестік тарих

тұрғысынан қорытынды жасаған. К.Н. Нұрпейсов те XX ғасырдың 90 жылы осы көзқарасты ұстанды: «Ал кейбір жауапты қазақ қызметкерлері ешбір негізсіз... Орынбор қаласын Қазақ республикасының орталығы ету «орыстардың өктемдігін» орнатумен бірдей деп байбалам салды» [54, 6 б.], - деп ұлтжанды азаматтарды сынға ала отырып, былайша қорытынды жасады: «Қазақ кеңес мемлекеттігінің дүниеге келуі, оның аяғынан қаз тұрып, 70 жылдық даму жолынан өтуі В.И. Ленин бастап және келешегін айқындап кеткен сара жолға тікелей байланысты» [54, 11 б.].

Ә. Нысанбаев, Ф. Сүлейменов еңбегіндегі тұжырым алдыңғы авторлардың ойына үлкен бір түйін секілді: «Егер Карл Марксті алатын болсақ, жалпы адамзаттық тұрғыдағы осы бір ойшылдың шығармаларындағы бай қазынаны біз әлі игеріп болған жоқпыз», «Бұған қарағанда, В.И. Лениннің теориялық мұрасының жағдайы біршама жақсы секілді» [55, 13 б.] деген ойды қолдады. Авторлар «бүгінгі көкөрім жастарымыз... сарғыш тартқан лекция конспектілеріндегі қалыптасқан тұжырымдарға күдікпен қарайтын болды. Онымен қоймай, біздің үйреншікті философиялық тұжырымдарымызды оқулықтарда мүлде тілге тиек етілмейтін қайдағы бір өмірлік фактілермен байланыстыруды талап ететінін қайтерсің» [55, 11-12 бб.], - деп кеңестік кезеңнен қалған білім беру жүйесін түбегейлі өзгертпей ары қарай дамудың екіталай екендігіне назар аударды. Себебі кеңестік білім беру саласы батыстық білім әлеміндегі үрдістерден оқшау еді. Тіпті тоталитарлық биліктің темір құрсауы сыпырылып тасталғаннан кейін де өзге де ТМД елдері тәрізді постиндустриалды мемлекеттердің білім беру жүйесіне Қазақстан да бірден мән бере қоймады. Тек тоқсаныншы жылдардың соңына қарай білім берудегі сең болып сірескен консервативті әдіс-тәсілдердің орнына оқытудың жаңа технологиялары келе бастады. Ал Ж.Б. Әбілқожин, М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов бірігіп жазған зерттеулерінде шындығында тек «ұжымдастырудың екпіні» ғана емес, кінәлі социализм, социалистік құрылыстың өзгерістері, принциптері екендігін мойындай алмайды: «Лениннің аппараттың амбициясына қайшы келетін ойлары «социализм теориясының» ауқымынан шығарылып тасталды» [56, 60 б.], - деп өкініш білдіреді. Д. Кішібеков те осы секілді көзқарасты нақтырақ айтуға тырысты: «менің өмір бойғы тірегім – маркстік-лениндік теория. Бұл өте күшті, икемді, диалектикалық-интернационалдық ілім» [57, 64 б.] деген қорытынды жасады.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары кеңестік кезеңдегі ұлттық автономияландыру, мемлекеттілік, «ұлы қазан жеңісі», марксизм-ленинизм және жалпы социалистік идеяны қайта бағалаудың көш басында С.З. Зиманов, Ж.К. Қасымбаев, Д. Кішібеков, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, М.К. Қозыбаев секілді зерттеуші ғалымдар болғанын айту керек. Алайда, алғашқы жылдары тарих ғылымында көптеген жылдар үстемдік еткен ғылыми методологиядан олардың бірден кете алмағаны да байқалды. Бұл заңды құбылыс еді, өйткені жаңа бағытта төл тарихты жазуға тарихшылардың теориялық және методологиялық дайындықтарының төмендігі кедергі

келтірді. С.З. Зиманов ұлттық автономияландырудың қайшылықты тұсының бар екенін, алайда «оған кінәлі ленинизм емес» [58, 12 б.] деген қорытындыға келсе, Д.Кішібеков те жалпы марксизмнен, маркстік-лениндік ілімнен, идеологиядан бас тарту қате екенін көрсетті. Сонымен қатар «В.И. Ленин 1917 жылы Ресейге пролетарлық революцияны «таңды» дегісі келеді, өйткені Ресей оған дайын емес-ті. Бірақ, Ленин адамдарды социалистік революцияға бастай алмас еді, егер де халық оған даяр болмаса» [59, 210 б.] деген тұжырым жасады. Бұл авторлардың ойына белгілі ғалым Ж.Қ. Қасымбаев та «Ұлы Октябрь жеңісінің заңдылығын кездейсоқтыққа, большевиктердің «жаман ойына», «астыртын әрекетіне жатқызады», жоқ, ол қате ...Т. Елеуов, С.Н. Покровский, К. Нұрпейсов, В.К. Григорьев, одан бұрын С. Асфендиаров, Т. Рысқұлов, О. Брайнин, Ш. Шафиро т.б. «қазақ қоғамының тапсыздығымен, Октябрь революциясының «кездейсоқтығымен», Түркістандағы Октябрь революциясы мұсылмандарға сырттан әкелінген, жат, бөтен, революция мұнда телеграфпен келген деген ойларды «әлдеқашан жоққа шығарған болатын» [60, 343 б.] деген пікірін қосты.

Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында өзге авторлар да тарихи таным үдерісінің терең өгеріске түскеніне, оның өзгеру қажеттігіне екі ойлылықпен қарады. «Межнациональные отношения в Казахстане: (теория и практика регулирования)» жинағының авторлары М. Сужиков, М. Тәтімов, А. Ахмеджанов және т.б. алдыңғы онжылдықтардағы ойларына «ұқсамайтын» тың сөздермен «өз ұлтын жақсы көру, оның тағдыры туралы ойлау – оның тұйықтығына, оңашалануына талпыну емес, ерекшелік қиялына берілу емес» [61, 4 б.] деген тың тұжырым жасады. Оның үстіне олар: «Дүниежүзілік ғылымда «ұлттың» жүздеген дефинициясы (анықтамасы) болса да, бұл қоғамдық өмірдің күрделі де көпжақты феноменіне кейінгі кезге дейін нақты анықтама болмады» [61, 11 б.],- деп «ескі» көзқарастарынан да бас тартты. Соған қарамастан, олар «ұлттың негізін түсіндіретін идеалистік көзқарастың негізгі кемшілігі ол рухани бастауды абсолюттендіру және экономикалық, әлеуметтік және басқа да факторларды ескермеу, ал олар ұлттың тағдырында маңызды мәнге ие екені белгілі»- деп ескі жолдарына түсе келе, барлық кінәні Сталинге аударуға тырысты [61, 12-14 бб.]. Мұнда тағы бір келісуге болмайтын тұжырым бар, ол олардың «тұрғылықты, байырғы», автохтонды, «байырғы» деген түсінік. Олар орыс, украин халықтарын да «жатқызуға» тырысушылығы [61, 19 б.]. 70-80 жылдардағыдай емес, авторлар кеңестік кезеңде «елде ұлттық мәселе шешілгені былай тұрсын, керісінше барынша шиеленісті» [61, 99 б.],- деп жазғанымен ешқандай талдау, терең теориялық негіздеу жасай алмады. Зерттеуші ғалым Р.Б. Әбсаттаров та «Национальные процессы: особенности и проблемы» еңбегінде ұлт мәселесін, оның терминдерін, құрамдас бөліктерін, құрылымын қарастыру тұсында кеңестік дүниенің ұстанымдарының әсерінен кете алмағанын байқатты. Ол «ұлт» пен «халықтың» негізгі айырмашылығына «әлеуметтік-экономикалық байланыстардың даму деңгейін» [62, 115 б.] жатқызды. Осындай және

осыған ұқсас тұжырымдар отандық тарихнамада жиі кездеседі. Мұның өзі кеңестік кезеңде өзгеше ойлау мен балама көзқарастарға тиым салынғандығын байқатады.

Қазақстандағы ұлт мәселесіне қатысты методологиялық ұстанымдардың қалыптасу аясының, қазақ халқының тарихи тағдырында үлкен рөл атқарған бағыттарының бірі саяси, шаруашылық реформалары болатын. 1932 жылы жарық көрген И.А. Зверяковтың «От кочевания – к социализму» деген еңбегінің сөздік қоры, оның теориялық ұстанымдарды қолдану әдісі 20 жылдарға қарағанда терең өзгеріске түсіп, ендігі жерде кеңестік тоталитарлық жүйенің өз қарсыластарына ашық түрде ымыраға келмес күрес ашқандығы байқалады. Ол «Жергілікті зиянкес Сириус», бұрынғы «Қазақстанның Мемлкеттік агрономы» ауаның ылғалдылығы 250 мм.-ден төмен болса ол жерде жер шаруашылығымен айналысу тиімсіз, «мұндағы табиғатты тиімді пайдаланудың түрі көшпелі шаруашылық» [18, 37 б.], – деп айтқан М.Г. Сириустың логикалық тұрғыдан дұрыс ойын барынша теріске шығаруға тырысқан. Ш. Юсупов те алдағы болатын күштеп ұжымдастырудың қажеттігіне «ескі реакциялық қарым-қатынастарды жоймайынша, қазақ халқын социалистік қоғам құрылысына тарту мүмкін емес», өйткені тап жаулары біріншіден – малды сойып, қырып, болмаса басқа жаққа алып кетуі мүмкін, екіншіден, байлар көшу салтын «өздерінің мүддесіне пайдалануы мүмкін екенін» [63, 53 б.] жатқызады. Ол «ұсак бытыраңқы көшпелі шаруашылықты отырықшы, ұжымдық шаруашылыққа айналдыру керек» [63, 30 б.], - деп алдағы болатын күштеп ұжымдастырудың қажеттігін көрсетеді.

Кеңестік кезеңдегі өзге зерттеушілер секілді Г.Ф. Дахшлейгер сол тұстағы «асыра сілтеу», «күштеу» саясаттарына көз жұма қарап, бар кінәні жеке тұлғаларға аударуға тырысты. Ол Ф.И. Голощекиннің (1925-1932жж.) көшпелі, жартылай көшпелі жұртты «ұжымдастыру» және «жаппай жоспарлы отырықшыландыру» тұсында «үлкен қателіктер жібергенін» көрсету арқылы кеңес мемлекетінің саясатында қателік болмайтынын, сонымен қатар «кеңестендірудің» маңызын барынша ашып көрсетуге тырысты. Ол социализм жолындағы қазақ халқының көрген тақсіретіне, азабына, оның дамуына қайшы келетін өзгерістеріне өзінің көзқарасын таптық, кеңестік идеология тұрғысынан ғана білдірді. Голощекиннің ауылдағы кеңестердің жоқтығы жайлы айтқанына «Кеңес өкіметінің сегіз жылы қазақ еңбекші халқына ештеңе бермегені ме?» [64, 12-13 бб.], - деп сынға алды. Дегенмен, бұл кезең асыра сілтеуге негізделген саяси әрекетімен белгілі: «1929-1933 жж. «ұжымдастыру» кезінде 3386 шаруа атылып, 13151 шаруа 3-10 жыл аралығында бас бостандығынан айырылған. Толық емес мағлұмат бойынша 1920-1953 жж. аралығында республикада 110 мың адам репрессияланған» [65, 26 б.], «санақтың жинақталмаған деректеріне қарағанда, Қазақстан халқы 1930-1933 жж. аралығында 3 379,5 мың адамға кеміген (1930 ж. – 5 873 мың, 1933 жж. – 2 493,5 мың.)» [65, 75 б.] болатын.

Ұлт мәселесінің шешілу барысына қатты әсер еткен күштеп ұжымдастырудың «қасіретіне» қайта құру жылдарында Ж.Б. Әбілқожин, М.Қ. Қозыбаев, А.Б. Тұрсынбаев, М.Б. Тәтімов секілді авторлар жіті назар аударды. Олар ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастырудың «қасіретіне» оның тез арада, 1932 жылы аяқталуға тиіс болғанын, Қызылорданың БКП (б) окружкомының V пленумында тіпті 1930 жылдың аяғы – 1931 жылдың басы деп белгіленгені туралы айтылды [66, 53 б.]. Мұнда да кеңестік идеологияның бағытына ешбір көлеңке түсірмей, қателіктің себептерін басқа жақтан іздеудің жолы анық көрінеді. Осыған ұқсас тұжырым Т.Б. Балақаевтың еңбегінен де көрніс тапқан. Тарихшы «Ұжымдастыру, біз ойлаймыз, жіберген қателіктері мен шектен шығуларына қарамастан, ауыл мен деревняда әлеуметтік-экономикалық қатынастардың терең өзгерістерге түсуіне жағдай жасады. Ол таптық қанау мен бөлінудің жолын жауып тастады», сонымен қатар қазір ұжымдастырудың «лениндік принципінің бұзылғаны белгілі» [67, 4-5 бб.], - деп тұжырымдады. Автор малдың 10 есе, жанның 1,7 млн- ға азайғаны жайлы мәліметті меңзеген [67, 5-6 бб.]. Мұның өзі ғылымда бірлі-жарым шынайы тұжырымдардың орын алғандығын айғақтайды. М.Қ. Қозыбаев «жарияланымға тарихи процесстерді жан-жақты қарауға мүмкіншілік беретін құжаттар берілмейтін» [68, 9-10 бб.], - деп колхоз-кооператив қозғалысының, 20-30 жылдардағы саяси репрессиялар дерегінің тарихтан тыс қалғанын айтады. Ал күштеп ұжымдастыру саясатына байланысты өзге авторлардың ойына ұқсас: «бұл асығыс жасалған акция керісінше ауылдың қанаушы табына өз уақытында... шаруаларды кооперациялаудың лениндік принциптерінен ауытқығанын пайдаланып қарсы шабуылға шығуына мүмкіншілік берді» [68, 11-13 бб.] деген тұжырым жасады. Автор 20 жылдардың ортасынан «біртіндеп халық билігін жеке диктатурамен алмастыру жүрді, командалық-бюрократиялық әдіс ендіріле бастағанын» [68, 10 б.] айта отырып, қазақ халқы қай жылы билікке келіп үлгергенін қарастырмайды. Тек «сөзсіз, ұжымдастыру социализмнің ұлы табысы деп тарихшылар әділ айтады» [68, 17 б.] деген кеңестік, таптық тұрғыдағы тұжырым жасады. А. Тұрсынбаев та еңбегінде индустриаландыру, ұжымдастыру, кеңестендіру, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, байлардың мал-мүлкінің тәркілеуі, т.б. қазақ халқына орасан зор қасірет алып келген реформаларға «табыс», «жеңіс», «жетістік» ретінде ғана қарай отырып, оның тек «ұлы орыс халқының көмегімен» ғана жүзеге асқанын қадап айтқан [69, 48-49, 53-55 бб.].

В.И. Лениннің «ол қала мен деревня, өнеркәсіп пен жер игеру арасындағы социализм толығымен сүйенетін байланыстың жарқын көрінісі» [70, 21 б.], - деп берген анықтамасын келтіре отырып, Г. Дахшлейгер еңбегінде темір жолдарға социалистік құрылыстың ұлт мәселесіне қатты әсер еткен саласы ретіндегі маңызын атап өтті. В.К. Савосько кешегі артта қалған ел «аграрлы-индустриалды елге айналғандығын» [71, 17 б.] дәріптеді. Д. Кішібеков қазақ қоғамында «жеке меншік», «таптар», «таптық күрес» болғандығын, демек «таптық қоғам» бар [72, 8 б.] деген тұжырым жасай

отырып, 1958 жылы Турцияда жарық көрген Таир Чагатайдың «Қызыл империализм» брошюрасындағы шындыққа сәуле түсіретін «колхоздар ұлттық республикаларға езгі мен қанау алып келді», «колхоздар елде индустриаландыруды жүргізу үшін құрылды» [72, 13 б.] деген сөздерін сынға алды. Зерттеушілер қазақ өлкесінде қазақ-большевиктердің көп болмағанын (А. Әйтиев, Т. Бокин, Н. Нұрмақов, Б. Өтепов, С. Сейфуллин, С. Ғаббасов және т.б.), барлық жерде орыс, «христиан» қоныстанушыларына жасырын түрде қару тарату белең алғанын көрсете отырып (Әулие ата, Петропавловск уездерінде), қазақ халқының революциядан алшақ тұрғандығын [73, 7-9 бб.] дәйекті түрде сипаттады. Осыған үндес пікірлері шет елдік авторлардың ұжымдастыру, индустриаландыру секілді ірі өзгерістердің де қазақ халқының мүддесін көздемегені жайында жазған еңбектерінен орын алды. Мәселен, В. Канолли, Коларц, Уилер, Х. Сетон-Уотсон индустриаландырудың «кімнің арқасында жүруі тиіс екенін», «орыс емес территориядағы әрбір жаңа фабрика, әрбір жаңа көмір шахтасы, әрбір жаңа мұнай бұрғысы сол территориядағы халықтар үшін емес, великоросстар үшін» деп тұжырымдады. Шет елдік зерттеушілердің шынайы пайымдауларын К. Есмағамбетовтың сынға алуы [74, 167-168 бб.] осы кезеңдегі кеңестік тарих ғылымының теориялық-методологиялық ұстанымдарының тар шеңберде қалғандығын көрсетеді.

Кеңестік кезеңде бірініші бесжылдықтың соңында Францияны, екінші бесжылдықта Англия мен Германияны артқа тастап, «Европада бірінші орынға шыққанын», индустриаландыру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жеңісінің «неше түрлі халық жауларымен» күрес үстінде қол жеткенін көрсете отырып, Ф.Я. Барсук В.И. Лениннің 1921 жылғы сәуірдегі қазақ даласына қарап айтқан сөзін келтірді: «Посмотрите на карту РСФСР... к югу от Оренбурга и от Омска, ...на которых уместились бы десятки громаднейших культурных государств. И на всех этих пространствах царит патриархальщина, полудикость и самая настоящая дикость» [75, 18 б.]. Жалпы автор кеңестік реформалардың нәтижелерін тек қана таза «табыстар», «жеңістер» арқылы көрінетін сандармен ғана көрсетуге тырысқан [75, 20 б.]. Г. Абишев те жоғарыда келтірген авторлар секілді соғыс жылдарына дейінгі кезеңдегі индустриаландыру, ұжымдастыру секілді өнеркәсіптік, аграрлық реформаларды барынша позитивті тұрғыдан ғана көрсетуге тырысты [76, 11-15 бб.]. Ондағы мақсат, ол Кеңес мемлекетінің азаматтарының патриот болуына «барлық материалдық, моральдік жағдайлар жасалғанын» көрсету болатын. Онда В.И. Лениннің «Никогда не победят того народа, в котором рабочие и крестьяне в большинстве своем узнали, почувствовали и увидели, что они отстаивают свою, Советскую власть – власть трудящихся, что отстаивают то дело, победа которого им и их детям обеспечит возможность пользоваться всеми благами культуры, всеми созданиями человеческого труда» [76, 15 б.] деген сөздерін де кездестіруге болады.

Алайда, тек тәуелсіздік алған жылдары ғана қарастырып отырған тақырыпты зерттеуге қатысты методологиялық ұстанымдар өзгере бастады.

Осы кезде ұлт аймақтарындағы кеңес билігінің антидемократиялық табиғатын және мәнін алғашында У. Чемберлин, Ж. Кастанье ашқанын, 50 жылдары КСРО-ның саяси құрылысына «тоталитарлық» деп баға берген Х. Арендт, К. Фридрикс, З. Бзежинскийдің еңбектері белгілі болды. Р. Смал-Стоцкий, В. Коларц, О. Кэроу, Р. Пайпс, П. Парк, Ч. Хостлер, В. Монтей, С. Зеньковский, Дж. Уиллер секілді зерттеушілердің де Кеңес Одағындағы ұлт саясатының шынайы мәнін ашқандығы туралы пікірлері туралы [77, 19-20 бб.] К.Л. Есмағамбетов жазды. Социалистік революцияның өзге халықтар үшін «пролетарлық отаршылдық» тұрғысынан түсіндіруді жан-жақты дамытуға ат салысқан Э.Олуорд, А. Беннигсен, Э. Уимбуш, Т. Хэммонд, Х. Сетон-Уотсон, Э. Каррер д'Анкос, Г. Симон, Д. Гейер, А. Каппелер және т.б. секілді зерттеушілерді, Қазақстан тарихының тематикалық, географиялық жағын кең түрде қарастыруға тырысқан 60-70 жылдардан бастау алатын «жаңа тарих мектебінің» Дж. Кип, Р. Петибридж, Р. Суни, М. Ферро, Р. Пирс, Ц. Хасегава, Д. Рэлей, Д. Гейер секілді өкілдерінің есімдерін [77, 21 б.] атап өте келе, автор революциядан кейін патшалық Ресейді кеңес өкіметінің ауыстырғаны, символдарының өзгергені болмаса олардың өз мүдделерінің өзгеріссіз сол күйінде қалғанын айтқан Р. Фокс, А. Беннигсен, Дж. Уилер, А. Парк [77, 27 б.] есімдерін келтірді. Сонымен бірге индустриаландырудың «ауыл шаруашылығының есебінен» дамуына қарай отырып, 1926-1928 жылдарды Қазақстанды Россияның «ішкі отарына айналдыру кезеңі деп қарастырған Э. Карр, Р. Дэвис, А. Ноув, П. Грегори, Р. Стюарт, Н. Ясный секілді ғалымдарды, ұжымдастырудың трагедиялық нәтижесіне идеологиялық тұрғыдан қарай отырып, жалпы «марксизмнің шаруа табына жау» болған себебінен осындай ауыр жағдайдың болғанын түсіндірген М. Фейнсод, Дж. Бергамини, Ш. Фицпатрик, С. Ософский, Э. Кингстон Манн, А. Мейер, Ф. Мосли, И. Дойчер, Г. Раух, Л. Шапиро т.б. ғалымдарды атап кетті [77, 30-32 бб.].

Қазақстанды социалистік жетілдіруді (модернизация) бағалауда ескеретін жайдың бар екенін көрсете келе М.Г. Ескендіровтің еңбегіндегі: «екіншіден, бұл кезең Қазақстанның қазіргі заман тарихындағы ең ауыр және қайшылықты кезең, ...оны жақсы не жаман жағынан біржақты бағалауға болмайды» [78, 3 б.] деген ойына, әрине, келісу қиын. Автор индустриаландыруды зерттеу 30 жылдары-ақ басталғанын, оған П.М. Алампиев, А.И. Поднек, К. Сарымолдаев, А.Ф. Хавин, Д.Е. Енукидзе секілді зерттеуші ғалымдардың еңбектерін мысалға келтіре отырып [78, 5 б.], бұл еңбектерге талдау жасамай, келесі 30 жылдардың аяғы мен 50 жылдардың аяғына дейінгі кезенді зерттеген авторлар қатарына С. Баишев, А.Н. Нүсіпбеков, Г. Чуланов, Н. Киікбаев, С.А. Нейштадт секілді зерттеушілерді жатқызады [78, 5-6 бб.]. «30 жылдары партриархалды-феодалдық қатынас енді аяқталып, негізінен көшпелі шаруашылық та жойылды, сонымен қатар қазақ ұлтының қалыптасуы жүрді» [79, 36 б.] деген секілді қорытынды жасау осы тұстағы «Қоғамдық өмірді интернационалдыру ұлттықты жоққа шығару емес» [80, 18 б.] деген тұжырым жасауға алып келді.

Кеңес өкіметі тұсында республикалар «аса дамыған аграрлы-индустриалды комплекске, ірі білім, ғылым және мәдениет ошақтарына айналды» [21, 203 б.], - деп С.З. Зиманов, И.К. Рейтор еңбектерінде қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезеңді тек позитивті жағынан көрсетуге тырысты. КСРО халықтарының достығының тамыры ол «социалистік базисте», «біртұтас социалистік экономикада» жатқанын айта келе, З. Ысмағұлов [81, 4 б.] та, «социализм» барлық халықтардың экономикалық, саяси және мәдени даму жағынан «тез өсуіне қажетті жағдай жасағанын», «жүздеген қалалар, заводтар, фабрикалар, электростанциялар құрылды, колхоздар, совхоздар, МТС-тер ұйымдастырылғанын» [81, 5-6 б.], бұрынғы артта қалған ел енді «алдыңғы қатарлы индустриалды-аграрлы социалистік республикаға» айналғанын [81, 7-9 б.] көрсетеді. А.Б. Тұрсынбаев Б. Хаиттың «Түркістан – Кеңес индустриасының тек шикізат базасы болу үшін қызмет етуі тиіс еді», «Түркістан-Сібір темір жолының» мақсаты да осы Орта Азия мен Қазақстанды «орыс экономикасымен» байланыстыру болатын», В. Коларздың «Кеңес Одағының орыс емес территориясындағы әрбір жаңа фабрика, жаңадан салынған көмір шахтасы, әрбір мұнай шыққан бұрғысы негізінен бұл жердегі халықтар үшін емес, «великоросстар» үшін», профессор О. Кэроудың Орта Азия мен Қазақстанның мақсаты ол «индустриалды» (Урал) жерлерді жұмыс күшімен «қамтамасыз ету» [82, 437 б.] дегенін сынға алды. И.И. Минц Лоутонның («Русская революция» 1927.) Ресейдің марксистер көзқарасымен де революция үшін әлі даяр еместігін, соның салдарынан НЭП-ті енгізуге тура келгендігін, АҚШ-та Б. Пейрстің «История России» деген еңбегінде де «барлық кінәні большевиктерге артады» [83, 18-19 бб.], - дейді. Ол шетел ғалымдарының сөздеріне жауап ретінде «Ұлы қазан социалистік революциясының тарихнамасының үшінші кезеңі 1929-1939 жылдар Кеңес Одағы үшін ең бір табысты жылдар еді. Елді асыра индустриаландыру негізінде ауыл шаруашылығында колхоз құрылысымен аяқталған ұжымдастыру табысты дамып отыр» [83, 21 б.], - дейді. О.И. Чеченкина да буржуазиялық тарихнамашылардың КСРО-дағы «ұлт мәселесінің шешілмегендігін» дәлелдеу үшін лениндік ұлт саясатын «барынша бұрмалайтындығын» [27, 6 б.], «олар осындай табыстар коммунистерсіз, кеңестік құрылыссыз да болатындығын» дәлелдеуге тырысатындығын [27, 19 б.] айтқан.

Қорыта келе, кеңестік тарих ғылымында терең із қалдырған маркстік-лениндік ілім және теориялық-методологиялық ұстаным жетпіс жылдан астам уақыт дамып, XX ғасырдың 90 жылдарының басында КСРО-ның ыдырауына байланысты дағдарысқа ұшырады. Ұлт саясатына қатысты жарияланған еңбектер тарих еншісінде қалды. Олардағы түйінделген тұжырымдар, тарихнамалық фактілер көбінесе қайталанатын сипатты иеленді, өйткені олар кеңестік идеология мен коммунистік қатаң цензураның талаптарында жасалған болатын.

Қазақ өлкесі үшін де үлкен қасірет алып келген атақты XX ғасырдың 30 жылдары «үлкен террор», немесе «кәдімгі террор» (Р. Конквест. Большой

террор. Флоренция, 1974.; Геллер, Некрич. Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. Кн. 1. Лондон. 1982.) деген тұжырымдар кеңестік кезеңде тарихшыларға беймәлім болды. Тәуелсіздік жылдары ғана алғашында талас туғызып, кейіннен шынайы еңбектер жазыла бастады. Тоталитарлық жүйе, әсіресе 1930-1940 жылдары қазақ халқының басына түскен ауыр жағдай тарихи үдерістерді қайта қарау негізінде мүмкін болды. большевиктік ұрдажық, ұлтқа қарсы жүргізілген саясатының нәтижесінде ұлт мәселесі шешу былай тұрсын халық саны үш миллионнан аса адамға азайып кеткендігі дәйектелді. Ұлт зиялыларына қарсы сталиндік қуғын-сүргін ауыр із қалдырды, түрмеге қамау, жер аудару, партия қатарынан шығару, қызметтен босату «...өзінің халқына қызмет ету рухында тәрбиеленген зиялылардың орнына енді партияға ғана қызмет етуді ойлайтын» [84, 304 б.] кезеңнің ащы шындығы туралы зерттеулер жарияланды. Отандық тарихнама ғылымы жаңа бағыттар мен ұстанымдарды басшылыққа алған зерттеулермен толыға түсті.

**2-тарау. СОЦИАЛИСТІК ҚОҒАМ ҚҰРУДАҒЫ
РЕФОРМАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІН
ШЕШУГЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Қазақстандағы басқару жүйесіндегі өзгерістер және ұлт мәселесі

1921 жылғы наурызда партияның X съезінде Сталин ұлттық республикалардағы, облыстардағы, аймақтардағы партиялық, кәсіподақтық, мемлекеттік, кооперативтік және шаруашылық аппараттарын «национализациялауды» [1, 29, 33 бб.] қадап айтты. «Көсемнің»: «а) развить и укрепить у себя советскую государственность в формах, соответствующих национальному облику этих народов; б) поставить у себя действующие на родном языке суд, администрацию, органы хозяйства, органы власти, составленные из людей местных, знающих быт и психологию местного населения; в) развить у себя прессу, школу, театр, клубное дело и вообще культурно-просветительные учреждения на родном языке» деген сөздеріне зерттеушілер «лениндік-сталиндік ұлт саясатының іргелі мәселесінің бірі» ретінде қарады. Оның мәнісі аты аталған аппараттарды ұлттық ету, өзінің ұлттық кадрларын тәрбиелеп шығару болатын. Ондағы мақсат әрине «жергілікті еңбекшілерді мемлекетті басқаруға, пролетариат диктатурасының таптық негізіне бағынатын, араластыру», сол арқылы «кеңестерден барлық қанаушы элементтерді және олардың ұлтшыл агенттерін қуу» екенін [1, 34 б.] көрсете отырып, көшпелі қазақтардың ірі «табысына» «көшпелі тұрмыстан» – «қазақ халқының бақытсыздығынан» құтылғандығын жатқызады [1, 20 б.]. Бұл ойды өзге зерттеушілер де «қазақ халқы ұлт болып қалыптаспаған», көшпелі ауылдағы қатынас «бекерге патриархалды-феодалдық емес» [2, 107-108 бб.] деген тұжырым арқылы жаңа аппараттың қажеттігін көрсетеді.

«Басты методологиялық талап» одақтық республикалардағы ұлттық-мемлекеттік құрылыс тек қана «социалистік республиканың дамуымен, соның заңдылықтары мен саясаты арқылы танылуы тиіс». Оларды жақсылап меңгермейінше, түсінбейінше ұлттық-мемлекеттік құрылыстың ішкі процесстерін «түсіну мүмкін емес» [3, 21 б.] деген тұжырымды С.З. Зиманов жасады. Бұл ойлардың нақты астарын өзге зерттеушілер большевиктер тұсындағы ұлттың «статусына» В.И. Лениннің берген «Жұмысшылар бірлігі, пролетариаттың интернационалдық таптық күресінің бірлігі мемлекеттік шекаралар мәселесіне қарағанда шексіз маңызды», сонымен қатар «Біз бірінші планға мемлекеттік шекараны өзгерту мүмкіншілігі болған барлық жағдайда жұмысшы табының таптық күресінің мүддесін алға тартамыз» [4, 120 б.] деген сөздері арқылы келтірді. «Ұлттық мәселе ұлттың негізінде шешілуі мүмкін емес, ол жоғары және сапалық өзгерістердің негізінде – социалистік революция және пролетариат диктатурасының негізінде шешіледі», жұмысшы табы өзінің ерекше және объективті жағдайына байланысты «барлық ұлттардың шын өкілі ретінде», тек қана ол «қаналушы халықты және артта қалған және шашырап жүрген еңбекшілер тобын соңынан ерте алады және біріктіре алады», «Бұл күнде ұлт бостандығын және барлық ұлттардың жұмысшыларының бірлігін тек қана пролетариат қорғайды» [5, 26-27 бб.], - деп Лениннің сөзімен пролетарлық

интернационализмнің ұлт мәселесіндегі негізгі идеясын басқа зерттеушілер де анықтап көрсетті.

В.И. Лениннің әрқашанда маңыз беретін ойын К.Ф. Котов келтірді: «Біз ұлттардың ерікті одағын қалаймыз, бұл одақ бір ұлттың екінші бір ұлтқа зорлық-зомбылық жасатпауы тиіс, ол толық сенімділікке, анық туысқандық бірлікке, ерікті келісімге құрылады», және партияның ұлттық бағдарламасының мәнін ашатын: «...ұлттың өзін-өзі билеу құқы; барлық ұлттардың жұмысшыларының бірігуі» деген сөздерін келтіре отырып [6, 5-6 бб.], сол себептен де Қазақстан «мемлекеттілігіне», «тәуелсіздігіне», «бостандығына», «мәдениеттілікке» жеткенін айтты [6, 8-9,13 бб.]. Зерттеушілер осы табыстар мен жетістіктердің барлығын тек қана пролетарлық интернационализм, таптық тұрғыдан бағалайтындығын көрсететті. «Ұлттық мәселе – бұл тек тарихи секірістер, әлеуметтік революция арқылы шешімі мүмкін болатын құбылыс. Сондықтан этникалық фактор ұлттық мәселесінің пайда болуына қатысса да таптық күрестің міндеттеріне бағынады» [7, 58 б.] деген пікірлерін Лениннің: «Тек жалғыз пролетариат ұлттың шын бостандығын және барлық ұлттардың жұмысшыларының бірлігін қорғайды» деген қағидасымен дәлелдеді. «Әбір ұлт әлеуметтік жағдайда таптар жиынтығы болып табылады, таптардан тұрмайтын ұлт жоқ. Ал буржуазия ұлт ішіндегі таптар қайшылығын және ұлт мәселесінің әлеуметтік-таптық мазмұнын әрқашанда бүркемелеуге тырысты» [8, 12 б.], «Ұлттық мәселе» – ол нақты-тарихи әлеуметтік проблема, теңсіздік пен езгіге негізделген ұлттық қатынас жүйесінің пайда болуымен және дамуымен байланысты» деген тұжырым ғылымнан көрініс тапты. Сонымен қатар «Ұлт ол буржуазиялық дәуірдің қоғамдық даму жемісі, болмай қоймайтын формасы» [9, 23 б.] деген Лениннің сөзін келтіре отырып, зерттеушілер ұлт мәселелерін, ұлттық қатынастарға байланысты барлық проблемаларды партия «пролетарлық интернационализм» тұрғысынан шешетіндігін нақтылады. «Ұлт» тек қана әлеуметтік емес, сонымен қатар «этникалық қауымдастық екенін», ғылымның ұлттық психологияға көптеген түсініктемелерді «ұлттық сана, ұлттық психологияның қыры, ұлттық мінез, сезім, мақтаныш» ойлап тапқанын [10, 8-9 бб.], коммунизмнің интернационалдық мәдениеті ұлттық мәдениеттің ең асқан табыстарынан «қалыптасатындығын» [10, 56 б.] көрсетті. Ұлы Октябрь революциясының жеңісі, коммунистік партияның ұлт саясатын жүзеге асыруы қазақ халқының жаңа, «социалистік ұлт» болуын тездеткенін айту, немесе «ұлт мәселесінің қоғамдық проблемалардың ішінде ең күрделісі екені белгілі» дей отырып, бұл сөзге Лениннің «европалық мемлекеттердің осы мәселемен жүздеген жылдар айналысса да еш жерде дұрыс нәтижеге қолдары жетпеген» деген сөзін [11, 3 б.], [12, 4 б.] қосу кеңестік кезеңде кең тараған әдіс болатын.

Кеңестік тарихи әдебиетте ұлт мәселесінің пролетарлық интернационализм тұрғысынан шешуге қарсы болған «буржуазиялық фальсификаторларды» әшкерелеуге С.И. Умаханов, А.К. Алиев, Н. Джандильдин, М. Сужиков, А.Е. Ержанов секілді зерттеушілер бар күштерін

салды. Қазақстан «мемлекеттілігіне», «тәуелсіздігіне», «бостандығына», «мәдениеттілікке» жеткеніне қарсы ой айтқандарды М.-С.И. Умаханов буржуазиялық зерттеушілерді ұлттың социалистік жолмен дамуы сөз жоқ «ұлттық өзіндік ерекшеліктің жоғалуына, ұлттық дәстүр мен мәдениеттің «унификациялануына» (бір ізге салынуына), «нивелировкаға түсуіне»(жойылуына) алып келетінін» айтқаны үшін сынға алды. Ал А.К. Әлиев айтқан ой осы сөзімізді аша түседі: «Социализм жаулары социалистік революцияны бүліншілік ретінде, көптеген ұрпақ жасаған рухани құндылықтарды, сонымен қатар дәстүрлер мен салттарды, жоюшы ретінде бейнелейді» - деді. Алайда ол дұрыс емес, өйткені «социалистік революция барлық ескі қоғамда болған салт пен дәстүрлерде болған халыққа жат, реакциялықтың барлығын, зиянды дәстүр мен салттың экономикалық және идеологиялық негізін лақтырып тастаған болатын» [13, 105 б.], - деп большевиктер саясатын барынша қорғайды. В.И. Лениннің «Біз бірінші планға мемлекеттік шекараны өзгерту мүмкіншілігі болған барлық жағдайда жұмысшы табының таптық күресінің мүддесін алға тартамыз» деген секілді ойларына американдық социолог А. Лоу: «Ленин ұлттық мемлекетке және ұлттарға соншалықты немкеттілікпен, тіпті жаулықпен қарады» деген сөзіне қарсы Н. Джандильдин ештеңе де айта алмаған [14, 8 б.]. Ол кеңес халқы жайлы: - «ол адамдардың жаңа саяси-әлеуметтік және интернационалдық қоғамдастығы... социалистік қоғам жүйесінде өздерінің түпкілікті мүдделерінің және мақсатының бірлігінің негізінде», «сонымен қатар кеңес халқы – ерекше, тарихтағы алғашқы халықтар мен ұлттардың интернационалдық туысқандығының түрі. Бұл туысқандықтың берік және мызғымас бекінісі оның өзінде және оның табиғатында» [14, 113 б.], - деді. Мұның өзі тарихи зерттеулердегі басты ұстаным таптық бағыт болғандығын анық байқатады.

Зерттеушілердің «Қазақ еңбекшілері Қазақстан территориясының барлық жерінде кеңес өкіметі жеңсе ғана оларға бақытты және ерікті өмір беретінін көрді» [15, 89 б.], - деп сауатсыз, білімсіз, «артта қалған, надан» қазақтарды саяси сауатты, саналы еткісі келгені замана талабы болатын. М.С. Сапарғалиев Сталиннің патшалықтың ұлттық саясатына «жыртқыштық саясат»- деп баға бергенін айта келе [16, 5 б.], кеңестік социалистік мемлекет негізінен пролетарлық диктатура мемлекеті екенін, оның негізгі мақсаты Ленин жазғандай «социализм құру, қоғамның тапқа бөлінуін жою, қоғамның барлық мүшесін еңбекші ету, адамды адамның қанаудың барлық мүмкіншілігін жою» екенін айтады [16, 7 б.]. Қазақ автономиясының құрылу фактісін С. Көлбаев секілді ғалымдар «Қазақстан еңбекшілері өзінің көп ғасырылық тарихында алғаш рет өзінің кеңестік ұлттық мемлекеттілігін алды» [17, 24 б.], - деп бағалады. Тек қазан төңкерісі, коммунистік партия бастаған «пролетариат диктатурасы» қазақ халқына «ұлт болып қалыптасуға мүмкіндік бергенін» [18, 3-4 бб.] Н.К. Киікбаев та атап кетті. Зерттеушілер 1919 жылғы 10 июльде құрылған Қырғыз өлкесін басқаратын Революциялық комитеттің (Кирревком) декрет бойынша негізгі мақсатын: «а) Қырғыз

өлкесінің аумағындағы барлық кеңестер әрекетін ұйымдастыру және біріктіру; б) Орталық Кеңес өкіметінің барлық қаулыларын жергілікті тұрғындардың тұрмысымен, дәстүрлерімен және өмір сүру жағдайымен байланысты қарап өмірге енгізу; в) жергілікті Кеңестер қызметін бақылау; г) Қырғыз өлкесінің шаруашылығы мен мәдениетін көтерудің барлық шараларын қабылдау; д) таза жергілікті маңыздағы мәселелердің барлығын шешу» [19, 113 б.], - деп көрсетті. Мұнда большевиктердің ғана мақсат-мүдделерін көруге болады, ал қазақ ұлтының ой-арманы көлеңкеде қалған болатын. Оның үстіне Кирревкомның резиденциясы Орынбор қаласында орналасты және бірінші председатели болып партияның 1902 жылдан бергі мүшесі С.С. Пестковский тағайындалды.

1918 жылғы 30 сәуірде Түркістан өлкесінің V Кеңестер съезі автономиясын «жариялады» дей отырып, С. Бейсембаев РСФСР құрамында Түркістан Кеңестік Федеративтік Республикасының құрылуы тек қана елдің ішінде ғана емес, сонымен қатар «халықаралық масштабта да маңызы болды», ол практика жүзінде Шығыстың қаналған халықтарына оларды қанаудан азат ететін, өз-өзін басқару құқына ие болуына бағытталған лениндік «ұлт саясатының негізін көрсетті» [20, 180 б.], - дейді. Ал С. Досымбеков, С. Көлбаев «Сороколетие образования казахской советской государственности» деген еңбегінде 1920 жылғы 26 тамызда РСФСР-дің «құрамдас бөлігі ретінде» Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы «орыс халқының туысқандық көмегінсіз», «Коммунистік партияның күнделікті басшылығынсыз» экономикалық, мәдени және саяси артта қалушылықтан өтіп, «гүлденген социалистік республикаға айнала алар емес еді» [12, 12-13 бб.], – деп қорытты. Алайда, «Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, қазақ халқының көзі ашылмады. Адам шығыны да, мал шығыны да аз болған жоқ. Қазіргі тарихи әдебиет бұл туралы батыл түрде жазалауды бастады, дегенмен, біздер әлі де тек әміршіл-әкімшіл мемлекеттік- сталиндік социализмді айыптаудан арыға бара алмай жүрміз» дей келе Т. Омарбеков көп кешікпей-ақ 1921-1922 жылдардың алапат ашаршылықтың басталғанын, оның негізгі себептерінің бірі сол кеңестік мемлекетті нығайту жолындағы жүріп жатқан азамат соғысы болғанын айтты. Мәселен, Батыс Қазақстанда (құрамында Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Торғай губерниялары бар) 1917-1923 жылдар аралығында тұрғындар «981,314 адамға кеміп кеткен» [21, 5 б.].

Мемлекеттік құрылыс, аграрлық, өнеркәсіп саласындағы өзгерістердің баспа беттерінде, зерттеулерде жарық көруіне, оның ұлт мәселелерінің проблемаларын шешудегі рөліне қазақстандық басшылардың қадала назар аударғаны белгілі. 1930 жылғы «Народное хозяйство Казакстана» журналының №5-8 санында О.Ж. Исаевтың «Национальная политика партии в Казакстане» деген мақаласы жарық көрді (1930 жылғы 1 шілдедегі ВКП(б) XVI съезінде сөйлеген сөзі). Оның мақаласының ішінде Голощекиннің сөзін растайтын мынадай жолдар бар: «Болмаса, біздің Қазақ республикасын алып қарайық. Республиканың орасан зор бөлігін таза көшпелі артта қалған мал

шаруашылық аудандары алып жатыр, бізде, тура айтсақ, кеңестендірілмеген ауылдар бар» - деп ары қарай осы жағдайды жуып-шайғысы келіп: «Әрине, мұнда кім Қазақстанды біледі, қорқынышты еш нәрсе жоқ» [22, 24 б.], – деп жазды. Тарих беттерінде көптеген жылдар талас тудырып келген кеңестендіру мәселесінің қорқыныш тудыратын қырлары аз емес болатын. Қазақ халқының ұлттығына, болашағына, мәдениеті мен санасына қатты әсер еткен кеңестік мемлекеттік құрылыс, аздаған уақыттан соң аштыққа, апатқа алып келгені белгілі. О.Ж. Исаевтың ұстанған позициясын А. Ержанов дамыта түсті, ол қазақ халқы толықтай «бостандыққа» жеткенін, оның «теңсіздік жағдайының аяқталғанын» айта келе, Коммунистік партияның ұлттық саясаттағы кезектегі бір ірі қадамы ол қазақ халқына «ұлттық мемлекеттілігін» беруі болды деді. Ал Т.Елеуов бұл жетістіктердің қалайша басталғанын көрсетті, ол «Революцияда пайда болған жұмысшы мен шаруа билігі Ресейді қанды империалистік соғыстан жұлып алып, елді ұлттық күйреуден құтқарды» [23, 4 б.], - деді. 1918 жылы ақгвардияшылар мен алашордашылардың «қарсылығын жоя отырып», Қазақстанның барлық территориясында «кеңес өкіметін орнатып», РСФСР құрамындағы қазақ «кеңестік автономиясын» [23, 422 б.] құруға даярлықты бастап кеткендігін айтады. Дегенмен, ұран секілді болып кеткен осы тектес тұжырымдар ешбір тарихи фактілер арқылы дәлелденбей қолданысқа түсіп отырғанын айту керек.

Зерттеуші В.К. Савоськоның еңбегі қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын автономиядан одақтық республикаға айналу кезеңіне арналған. Ол Қазақстанның экономикалық, мәдени «артта қалғандығын» [1, 11 б.] «дәстүр» бойынша айта отырып, 1936 жылға қарай жағдайдың түбірімен өзгергендігін ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі 1920 жылмен салыстырғанда «20 еседен аса өскенін» [1, 13 б.] көрсетеді. Дегенмен, кеңестік мемлекеттік аппараттың қызметі жоғарыдағы зерттеушілердің көрсеткеніндей тек қана позитивті емес екенін айтуға тура келеді. А.А. Кәкенова 30 жылдардағы аштыққа байланысты Солтүстік Қазақстанда 400,9 мың адам, немесе 51,4% қазақтар жетіспейтіндігін, жалпы қаза болған адамдар санының үлесі Солтүстік Қазақстанда 22,3% болғанын көрсетті. Кеңестік реформалардың салдарынан болған 30 жылдардың адам кемшілігін толықтыру мақсатында Қазақстан 1931-1940 жылдары 509 мың адамды шет жерден қабылдағанын айта келе, қазақтардың саны 1926-1939 жылдары Солтүстік Қазақстанда 788.090 адамнан 445.821 адамға кеміп кеткенін, ал орыстардың үлесі 526.480 адамнан 689.675 адамға өсіп, украиндармен қосқанда аймақта басымдыққа ие болғаны туралы тұжырым [24, 13-14 бб.] жасады. Жалпы санақ арасындағы есеп бойынша бұл аймақ 70%-ға өскенін, 1959 жылғы санақ бойынша 30-дан астам ұлттың есепке алынғанын айтады [24, 21-22б.]. Миграцияның пайдалы жағы болғанымен, өзге этностардың осы кезеңдегідей жүз мыңдап келуі қазақ халқының этно мәдениетінің дамымауына, орыстануына, қазақ тілінің аясының тарылуына, ұлтаралық қатынастың шиеленісуіне алып келгенін айта отырып, қазақ өз жерінде (Солтүстік Қазақстанда) тек 18%-дай ғана

болғанын көрсетеді [24, 22-24 бб.]. Ал Г.Г. Такуова қазақ ұлтының саны «21%-ға көбейгенімен республика халықтарының құрамындағы үлесі 1939 жылғы 38%-дан 1959 жылы 30%-ға азайып» [25, 18 б.] кеткенін көрсетті.

Қазақ халқының мемлекеттік аппарат қызметіне байланысты, лениндік ұлт саясатының нәтижесінде, сонымен бірге кеңестік реформалардың тікелей салдарынан өз жерінде тым азайып кетуі ғалымдар тарапынан ерекше проблема ретінде көтерілгенін көруге болады. Зерттеуші А.Ш. Туғанбаев еңбегінде Қазақстанда қазақтардың саны XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси, аграрлық реформалардың себебінен 1970 жылғы санақ бойынша 32,4% болып тұрғанда, және онан да төмен болып тұрған алдыңғы он жылдықтарда Д.А. Гайдуков, И.М. Кислицын секілді «ғалымдар» Қазақстанға қарап СССР-ді федерациядан унитарлық мемлекетке айналдыруға уақыт келді, «федерация» өзінің қызметін атқарып болды деген қорытынды жасағанын айта келе, оны «қатеге» жатқызды. Ол мұнда «100-ден аса ұлттың бар екенін», бұл жағдай «кеңес республикаларына тән табиғи жағдай», социалистік мемлекеттіліктің дамуының нәтижесінде «кеңес халықтарының онан сайын интернационалданып жатқанын», жалпы көпұлттылықты марксистердің теріс көрмейтінін, оны «жамандыққа жатқызбайтынын» [26, 113 б.] айта отырып, өзінің ойын таптық тұрғыда қорғауға тырысты. Дегенмен, марксизмнің болашақтағы стратегиялық мақсатында аты аталған ғалымдар көтеріп отырған проблема коммунизм құрылысының жүйесіне, ұлт мәселесінің шешілуіне бір де қайшы емес екенін айту керек. Кеңес ұлттары коммунистік құрылыс тұсында бір тілді, бір ұлтты қоғамдастық жүйеге айналып, езгісіз, азат және туысқандық қатынасқа көшуге тиіс болатын.

Ж.И. Молдахметова өзінің дербес зерттеуінде Қазақстандағы кеңестік кезеңдегі ұлтаралық қатынас проблемасының тарихнамалық дәстүрі болса да, әлі күнге жан-жақты монографиялық, толықтай объективті тұрғыда жазылмағанын айтты [27, 4,8 бб.]. Өкінішке орай еңбектің авторы тек 59 бетінен бастап қана этникалық қатынастарға, оның дамуүрдістеріне, мәдениетіне, діліне байланысты ойларын пікір білдерген. Автор қазақ мемлекеттілігінің жазылмай келген тұстарына көңіл аударған, ол Қарақалпақ АССР-нің Қазақстанға қосылуы мен шығу мәселесінде тарихи әдебиетте ешбір жүйелі мәліметтердің жоқ екендігін көрсете келе, сонымен қатар Сырдария мен Жетісу облыстары Қазақ АССР-іне қосыларда қырғыз тарихшыларының көрсеткеніндей: «Қырғызстанды көрші республиканың жұтып қою «қаупі» пайда болды» [27, 59 б.], - деді. Ал Г.Ф. Дахшлейгер еңбегінде келтірген буржуазиялық ғалымдар ойынан белгілі бір жүйелілікті көруге болатынын айтуға болады. Мұнда Р. Пайпстің «Октябрь революциясы мұсылман аудандарына отаршылдықтың жаңа түрін, «пролетарлық отаршылдықтың» режимін орнатты, ал Кеңес мемлекеті қазақ, өзбек, халықтарына «жат», сондықтан да бұл халықтар «орыстарға тәуелді», А. Парктің «азамат соғысы тұсында «кеңестер мұсылмандарды тың күшпен қуғындап, жерін тартып алып, тонаумен болды» [28, 35 б.] деген ойларына автор 20-30 жылдары Кеңес мемлекетінің реформаларын «жақсы жағынан»

көрсету үшін, кеңестік реформалардың «халық үшін» жасалып жатқанын дәлелдеуде тек қана «профессионал» тарихшылар ғана емес партия және қоғам қайраткерлерінің де (С.Д. Асфендияров, И. Кабулов, О. Жандосов, Ғ. Тоғжанов, Т. Рысқұлов, Н.Т. Тимофеев т.б.) үлес қосқанын [28, 13 б.] мысалға келтірді. Ал олардың көзқарастары А. Парк, Р. Пайпс, Б. Хаит, В. Коларз, У. Дуглас, О. Кэроу т.б. секілді шетел авторлардың жазғандарына мүлдем ұқсамайтыны түсінікті.

Кеңестік мемлекетінің жүргізген ұлт саясатының әрбір қадамы зерттеушілер көрсеткендей сынға түскені белгілі. Социализмге қарсы капиталистік дүниенің барлығы идеологиялық соғыс жүргізіп отырғанын: «Америка даусы», «Би-би-си», «Неміс толқыны», «Израиль даусы», «Бостандық», «Ватикан рабиосы», Сауд Аравиясының, Пакистанның, Біріккен Араб Эмиратының радиостанциялары, киностудиялар, көрме залдары, журнал редакциялары т.б. көптеген тілдерде антикоммунистік үгіттерін жүргізетіндігін, тек АҚШ қана жылына 2,5 млрд. долларды осы мақсатта жұмсайтындығын» [29, 5 б.] дәлелдеген. Зерттеушілер міндетті түрде «Ұлт - ...капиталистік формацияның жемісі» [29, 14 б.], «ұлттық қатынасқа талдау жасауда таптық позиция шешуші роль атқару керек екенін» [29, 21 б.] көрсету кеңестік кезеңдегі міндет болатындығын қадап айтқан. Сонымен бірге ұлт мәселесінің шешілуі ол мемлекеттік аппаратпен тығыз байланысты қарастырылғандығына назар аударған. «Марксизм-ленинизм ұлттық мәселенің шешілуін социалистік революцияның жеңісімен, пролетариат диктатурасының орнауымен» [29, 4 б.] байланыстырды. Идеологияға сәйкес таптық бағытты, маркстік-лениндік методологияны ұстану заңды құбылыс болатын. Осыған орай ХХ ғасырдың 50-60, одан кейінгі жылдары зерттеушілер «кеңестерді», «кеңестендіруді», кеңес билігінің қалыптасу ерекшелігін [30] ескеруге тиіс болды.

С. Зиманов, С. Дәулетова, М. Ысмағұлов РСФСР-дің Наркомнац (ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариаты) құрылымдық бірлігінің бірі 1918 жылғы мамырдан 1919-жылғы күзге дейін қызмет жасаған, қазақ бөлімі екенін, Кирревком (Қырғыз революциялық комитеті) құрылған соң, «ол РСФСР-дің БОАК-інде Қазақстан өкілдігіне көшті», оның қызметін: «социалистік революцияның қазақ даласындағы өлкені басқару органы құрылғанға дейінгі ұлттық саясатты жүзеге асыруға белсенді көмектесу үшін арнайы құрылған орган» [31, 5-6 б.] екенін көрсетті. Олар бұл органның ұйымдасу мен қызметінің негізінде «лениндік ұлт саясатының міндеттерінің принциптері жатқанын» [31, 12 б.] атап кетті. Жалпы авторлар Наркомнац міндетін – БОАК 19 мамыр, 1920 ж.: - «разработка и проведение в жизнь всех мероприятий, обеспечивающих братское сотрудничество национальностей и племен РСФСР», - деп анықтаса, 1921 ж. 26 мамырдағы анықтамада (Калинин, Ленин қол қойған): «Наркомнац имеет своей задачей: а) обеспечение мирного сожительства и братского сотрудничества всех национальностей и племен РСФСР, а также и договорных дружественных советских республик; б) содействие их материальному и духовному

развитию, применительно к особенностям их быта, культуры и экономического состояния; в) наблюдения за проведением в жизнь национальной политики Советской власти» [31, 38 б.], - деп көрсетілген.

Әрине, Қазақ АССР-нің құрылуы интервенттер, ақ гвардияшылар, алашордашылар мен троцкист-бухариншілер секілді жау, сатқындарға, буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы күрестің арқасында ғана мүмкін болғанын сонымен қатар Орынборда 1920 жылғы 4 қазанда ашылған «Қазақ АССР-і Кеңестерінің Құрылтай съезі» жайлы, ондағы қабылданған «ҚазАССР еңбекшілер құқының Декларациясын» зерттеушілер аса маңызды құжатқа жатқызды [32, 12-20 бб.]. Дегенмен, кез келген ұлт үшін, егер ол бұрынғы отар ел болатын болса тіптен де қажеттілік ол егеменділікке талпыныс болатын. Қазақ өлкесінде де ұлт зиялыларының да егеменділікке деген құлшынысының болуы заңдылық еді, алайда белгілі зерттеуші, тарихтағы ұлттық мәселелерге көп көңіл қойып жүрген Т. Омарбеков В.И. Лениннің Ресей құрамындағы әртүрлі ұлттардың өздерінің дербес, тәуелсіз, егеменді мемлекетін құру праволарын мойындағанымен, олардың Ресей құрамынан шығуына үзілді-кесілді қарсы болғанын оның С. Шаумянға 1913 жылы 6 желтоқсанда жазған хаты арқылы көрсетеді: «Мы за автономию для всех частей, мы за право отделения (а не за отделение всех!). Автономия есть наш план устройства демократического государства. Отделение вовсе не наш план. Отделения мы вовсе не проповедуем. В общем, мы против отделения. Но мы стоим за право отделение...» [33, 335 б.]. Автор осы ойлар кейін 1919 жылғы 2 қарашада қабылданған «Россия халықтары праволарының декларациясында» тек қана «1. Россия халықтарының теңдігі және егемендігі. 2. Россия халықтарының бөлініп шығуға және дербес мемлекеттерін құруға дейінгі өзін-өзі басқару правосы» түрінде енгенін, яғни мұнда дербес мемлекеттілік құру жайлы мәселе қозғалмағанын көрсетеді. Ал зерттеуші Т. Елеуов Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатудағы, мемлекеттілігінің қалыптасуындағы қиындығын бес топқа бөлді. Шын мәнісінде оның тек бесіншісі ғана «Қазақстанның экономикалық және мәдени артта қалғандығы, қазақ ауылындағы патриархалдық-феодалдық қатынастың үстем болуы, өнеркәсіп жұмысшылар санының аз болуы» [34, 58-59 бб.] алдыңғы төртеуінен өзгешеленеді. Қалғандары белгілі кеңес өкіметінің «жаулары», оның ішінде бірінші орында әрине, ұлт зиялылары. Қазақстандағы мемлекеттік аппаратты жергіліктендіруді РСФСР орталық Үкіметі басқарғанын [35, 49-50 бб.] айта келе, Г.Т. Тайманов «ұлттық межелеудің» еңбекші көпшілікті Кеңес өкіметіне жақындатқанын, пролетариат негізіндегі қазақ кеңестік мемлекеттілігінің нығаюына және тез дамуына мүмкіншілік жасағанын атап кетті [35, 52 б.].

«...буржуазиялық республика орнатпақ болды», «орыс пролетариатының басшылығынан Қазақстанды алып кетпек болды», «өз халқын қанау үшін үстем тап билігін сақтауға тырысты» - деп, Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, Мұстафа Шоқайдың батыл әрі шынайы көзқарастарын қазақ мемлекеттілігімен байланыстыра отырып, кеңестік ұлт саясатының

мәні мен мазмұнын көкейге қонымды деп санаған Ғ. Әбішев еңбегінде егер Кеңес Одағында өнеркәсіп өнімдерінің жалпы өнімі 1913 пен 1940 жылдардың арасында орташа алғанда 10,9 есеге өссе, онда Қазақстанда осы уақытта ол 22,2 есеге өскенін айта келе, оны «Бұл сандар лениндік-сталиндік ұлт саясатының жарқын көрінісі» [36, 30-38 б.] екендігін көрсетті. Автордың бұл жолдарды XX ғасырдың 50 - жылдары жазып отырғандығына сену қиын екендігін айту керек. Себебі, осы екі ортада қазақ халқы жойылып кетудің алдында тұрды, оған бұл кезде жан сақтау керек болды. Қайтсек қазақ жерінде «социалистік құрылысты нығайтамыз» деп большевиктер ештеңеден де аянған жоқ болатын: «Кеңес үкіметі Қазақстанның халық шаруашылығы» қажеттігіне қаржыны аямады: 1924 жыл мен 1928 жыл аралығында 724 млн. рубль, алғашқы сталиндік бесжылдықта - 1 558 млн. рубль, екіншісінде - 4 101 млн. рубль және үшіншісінде - 6 353 млн. рубль жұмсады [36, 39 б.] дей отырып, майдандағы, тылдағы жеңістер, табыстар Сталиннің, сталиндік партияның «қамқорлығының арқасында болғанын», Қызыл Армияның тарихи жеңісі ол «большевик партиясының гилтлершілдікті талқандауға кеңес халқын ұйымдастырған және дем берген «аса зор ұйымдастырушылық, саяси-тәрбиелік әрекетінің нәтижесі» [36, 71 б.], - деп тұжырымдағаны талас тудырамы анық. Себебі, кейінгі тарихи деректердегі мәліметтерде ашылғандай, коммунистік партия 1940 жылға дейін кеңес халықтарын, демек мемлекеттілігін де экономикалық жағынан ғана емес, рухани, саяси, мәдени жағынан да, сонымен қатар техниалық, ғылыми тұрғыдан да таптап, жаншып, тек қана әлсіретумен болды. Атақты 1930 жылдардағы саяси репрессияда, Сталиннің өзі бастап қол қойған құжаттарда, тек қана ұлтшылдар, контрреволюционерлер, дәрігерлер, генетиктер, өнер адамдары ғана емес әскери аламдар, маршалдар, генералдар, офицерлер, конструкторлар да болды.

У.Д. Құдайбергенов КСРО халықтарының ұлттық-мемлекеттілігінің ғылыми анықтамалық түсінігінің 4 кезенді есепке алуы тиіс екендігі туралы пікір білдірді. Олар:

а) халықтың ұлттық негізін және көпұлтты құрамы,

б) өкіметтің социалистік мәні,

в) оның интернационалдық әрекетінің мазмұны,

г) оның Кеңес мемлекетінің ажырамас бөлігі екендігіне» [37, 50 б.].

Автордың пікірін сол кезеңдегі қоғам мен ғылымда үстем еткен идеологияға сәйкес тұжырымын «Жергілікті ұлттың тәуелсіздігі одақтас республиканың тәуелсіздігінде жүзеге асады. Бірақ одақтас республиканың тәуелсіздігінің көзі республикаға атау берген ұлттың тәуелсіздігіне байланысты. Республиканың барлық жұрты, бүкіл халқы біртұтас» [37, 56 б.] деген пайымдаулары дәйектейді. Автор «ұлттың әлеуметтік белсенді және көбіне ұйымдасқан ядросы - жұмысшы табы, әсіресе оның өнеркәсіп отряды». Жұмысшы табының саны мен сапалық құрамы социалистік ұлттың толысқандығының белгісі» [37, 58 б.], - деп қорытындылады. КСРО-да «ұлттық мемлекеттілік өзінен өзі қажет емес және ұлттық ерекшелікті өсіру

үшін де емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында интернационалдық бірлікті нығайту және арттыру үшін қажет» [37, 66б.], - деп түйіндеді. Осылайша, ұлттық мәселені «тәуелсіздіктен» бастап, «интернационализммен» аяқтады, сол арқылы ұлт мәселесінің интернационализм идеясына бағынатындығын атап көрсетті.

«Ұлттық езгі жойылды; ұлттарға өзін-өзі билеу құқы берілді; халықтардың шын мәнісіндегі теңсіздігі жойылды; олардың саяси, экономикалық және мәдени теңдігі орнады; кеңес халықтары мен ұлттарының өмірінде социалистік интернационализм және халықтар достығы идеологиясы жеңіп шықты. Барлық осы өзгерістер жиылып КСРО-да ұлттық мәселенің шешілгенін білдіреді», [38, 6 б.], - деп М.М. Сужиков алдыңғы жылдардағы теориялық көзқарастардан айырмашылығы жоқ ойларды келтіре отырып, интернационализм мәселесін мемлекеттілікпен байланыстырды: «Интернационалдық мүдде - ол Кеңес Одағының қорғау, коммунизмнің материалдық-техникалық негізін жасау, кеңес халқының бірлігін нығайту, халықтар достығы, бүкілодақтық мемлекеттілікті дамыту, марксизм-ленинизм идеологиясын нығайту, жалпыкеңестік мәдениетті, жалпыкеңестік дәстүрді дамыту, дүниежүзілік социализм жүйесін нығайту, дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың бірлігі және т.б.»- деп белгілі сөздермен жіктеп берді. Ал ұлттық мүддеге – «ұлттық мемлекеттілікті, экономикалық ортақтықты, ұлттық мәдениетті, ұлттық дәстүрді, ұлттық тілді және т.б. дамыту» [38, 26 б.] жататындығын айтады. Осы ойына автор «интернационалдық пен ұлттық мүдделердің гармониялық үйлесуі тек оның негізінде ұлт теңдігі, достығы және ынтымақтастығы жатса ғана мүмкін, ал ол тек социализм жағдайында қамтамасыз етіледі» [38, 30 б.], - деп жазды. Сонда бұрынғы «бір ұлттағы екі мәдениет», «тек қана пролетариат диктатурасы», «коммунизм тұсында ұлттардың қосылып, жойылуы...» т.б. немесе В.И. Лениннің «Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм – міне екі келіспес-жау ұран, капиталистік дүниенің екі ұлы таптық лагеріне сәйкес келетін және ұлттық мәселедегі екі саясатты білдіретіндігі» (Қараңыз: М.С. Джунусов Буржуазный национализм: принципы критики. М.:Наука, 1986. 6 бет.) туралы сол кездегі саясатқа сәйкес тұжырым жасады.

Жалпы «Қазақ еңбекшілері Қазақстан территориясының барлық жерінде Кеңес өкіметі жеңсе ғана оларға бақытты және ерікті өмір беретінін көрді»- деп Г.Ф. Дахшлейгер кеңес билігінің «табысты қадамын»: «1917 жылғы қазан – 1920 қазан Қазақ автономиясына даярлық; 1920 жылғы қазаннан – 1924 жылдың аяғы, 1925 жылдың көктемі – Қазақ Кеңестік автономиясын нығайту кезеңі; Қазақ жерлерінің бірігуі, кеңестендірудің алғашқы табыстары; 1925 жылдың көктемі – 1936 жылдың аяғы – қазақ ауылдарын кеңестендіру, социалистік экономиканы құру, жаңа қоғамдық қатынастар жеңісі, ҚАССР-дің одақтық республикаға өтуге даярлық жасауы және одақтық республикаға айналуы» [39, 8 б.] деген кезеңдерге бөлді. Бұл сөз жоқ кеңестік лениндік ұлт саясатының табыстарына тікелей байланысты болатын. Э.В. Тадевосян оны:

1) Октябрьден КСР Одағының құрылған және нығайғанына дейін (1917-1924 жж.); 2) КСР Одағының құрылған және нығайған кезінен бастап 30 жылдардың екінші жартысына дейін; 3) 30 жылдардың екінші жартысынан 60 жылдарға дейін [40, 66 б.], - деп бөле отырып, КСРО-да ұлттық мәселенің шешілуі дегеніміз: а) халықтар арасындағы ұлттық езгінің, антогонизмнің, араздықтың, сенімсіздіктің жойылуы және олардың ерікті, тәуелсіз өзін-өзі билеуін және дамуын қамтамасыз ету – деген анықтама берді. Авторлар қазақ мемлекеттілігінің даму жолын осылайша «табысты» жылдармен нақтылап отыруы кеңестік саясаттың, идеологияның нығаюын, социалистік құрылыстың жетістіктерге жетуін нақты көрсетті. Алайда қазақ ұлтының біртіндеп ұлттығынан, мәдениетінен, тілінен айырылғаны, шаруашылығының күйреп, рухының түскені тек тәуелсіздік жылдары жарық көрген зерттеулерден көрініс тапты.

Большевиктік ұлт саясатты тәжірибеде жүзеге асыруда партияның ОК-нің, оның бөлімдерінің, мемлекеттік органдармен жымдасқан жерінің қандай принциптермен құрылғанына, ұлттық аймақтың өзіндік ерекшеліктерінің бар екеніндігіне байланысты екенін зерттеуші Н.К. Смағұлов назар аударды [41, 12 б.]. Күрделі жағдайдан шығу үшін, басқаша ойлайтын ағымдармен күресудің бір ғана жолы қалғанын: «жақпаған қоғамдық-саяси қайраткерлердің көзін жою, психологиялық қысым көрсету, бір оппозициялық партияны екіншісіне қарсы айдап салу, олардың басшысын алмастыруға дейін барғанын (мысалы «Үш жүз» партиясы)» [41, 13 б.] көрсетті. Автор большевиктердің ұлт саясаты мәселесінде, кадр мәселесінде ешкімге де жұмсақтық көрсетпейтіндігін 1921 жылғы 21 шілдедегі РКП (б) X съезінің «О проверке, пересмотре и очистке партии» [41, 16 б.] шешімі байқатқанын айтады. Мұндай тұжырым өзге де зерттеушілер көрсеткендей кеңестік өмір сүру салты маркстік-лениндік дүниетанымға сүйенген «интернационалистерді» қалыптастыру шеңберінде жасалған қорытынды болатын.

Зерттеуші ғалымдар арасындағы ондаған жылдар талас тудырған большевиктік «кеңестендірудің» 1924-1925 жылдары қолға алыну себебін «кеңестердің тым әлсіз» және «бөтен элементтерімен» ластануын, ауылда «нағыз пролетариат диктатурасының органын құру» керектігімен түсіндірді. Мұны байлардың «экономикалық күшін», олардың кеңес өкіметіне деген «ықпалын», «феодалдық және рулық қалдықтарды» жою қажет болатын, яғни ұлт саясатымен байланыстырды. С. Баишев «орыс және қазақ, украиндықтар мен белорустар, өзбек пен ұйғырлар, татарлар мен тәжіктер және т.б. ұлттар» қоян-қолтық Кеңес өкіметін қазақ даласында орнату үшін «күресті» кеңес өкіметінің алғашқы кезінде күшті болған таптық әлеуметтік-экономикалық формацияның элементтері мен қалдықтарынан бүтіндей «құтылды», [42, 78-79 бб.], - деп қорытты. Г. Әбішев болса, социализм жолына түскен Қазақстан мемлекетінің саяси, экономикалық және мәдени өзгерістерге түсуі «көпұлтты кеңес мемлекетінің дүние жүзіндегі ең қуатты

мемлекет екендігінің куәсі», кешегі езілген халықтардың, «қазақтардың, нағыз бостандығын қамтамасыз еткенін» [36, 28 б.] атап өтті.

Келесі авторларды біріктіріп, бір қатардан көрсететін мәселе ол ұлт саясатының табыстарына жеке бір саладағы нәтижелерге үлкен мән беру болатын. А.Н. Нүсіпбеков социалистік революцияға дейін қазақ халқының «тұтас ұлттық мемлекеті болмағанын» айта келе, лениндік ұлт саясатының үлкен табысының бірі межелеу саясатын өте жоғары бағалады. А.Б. Тұрсынбаев та ірі байларды экспроприациялау, шабындық және егістік жерді бөліске салу Қазақстандағы «кеңес мемлекеттілігін едәуір нығайтуына алып келді» деген қорытынды жасады. М.С. Сапарғалиев мемлекеттің ұлттық мәселелерін табысты шешуде Сталин басқарып отырған ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариатының [16, 22 б.], «Декларация прав трудящихся КАССР»-ның (1920 26 августь. Москва. Кремль) маңызын атап кетті. Оның негізгі сақсаттарының бірі «жерге деген жеке меншікті жою», «көпшілік қазақты отырықшылыққа көшіру», сол арқылы оның «экономикасын, рухани деңгейін көтеру көзделгенін» [16, 127 б.] атап көрсетті. Дегенмен, «халықтың энтузиазмын көтеруге», сонымен қатар «күштеу, қысым жасау және үнемі үрейде ұстау» әдісіне сүйенген [21, 392 б.] кеңестік билік ұстанған саясат ешқандай жақсылыққа алып келе алмас еді, осы жылдарға анықтық алып келетін сөздер де оған дәлел болады: «аштық», «саяси репрессия», «шаруашылықтың күйреуі», «халық санының азаюы» т.б.

Жетісу темір жолының негізгі мақсатын большевиктердің ұлт саясатының негізгі тармақтарымен байланыстыра отырып, Г. Дахшлейгер «...өлкедегі кеңес мемлекеттілігін нығайтуға, қазақ жерлерінің экономикалық жағынан қазақ кеңестік мемлекетіне бірігуіне көмектесті. Жетісуды орталық Россиямен жалғастырып өлкедегі сауаттылықтың тарауына және жалпы мәдениеттің көтерілуін тездетті», [43, 28 б.], - деп жоғары бағалады. Автор социалистік темір жол транспортын дамыту, сонымен қатар елді жалпы социалистік индустриаландыру «лениндік-сталиндік ұлт саясатының орындалуымен тығыз байланыста» болғандығын көрсетті [43, 31 б.]. Яғни бірінші қажеттілік – ол кеңестік мемлекеттілікті нығайту. Ол үшін қашықтағы ұлттық республикаларда саналы жұмысшы табының, коммунистердің санын тезірек көбейту керек болатын. Елді идеологияландыру. Ал келесі қажеттілік – ол транспорт, темір жол транспорты. Онсыз жұмыс орындарын ашу, қалалар салу, елді «жаудан» қорғау, елді сауаттандыру, ағарту мүмкін емес еді. Ал үшінші қажеттілікті большевиктер ұлтшылдар, троцкистер, зиновьевшілдермен «күресіп» жүріп жаулап алған болатын – фабрика, заводтар, банктер, ... кеңестік биліктің қолына түсіп «қажетті қаржыға, валютаға» айналды. Автор қазақ ауылында социалистік құрылыс жеткілікті дамымай жатқанын айта келе, оның себебіне «...ауылшаруашылығы республиканың 82,2% жалпы өнімін беріп отыр, ...1926 жылы Қазақстан СССР өнеркәсіп өнімдерінің тек 0,71% берді» деген фактілер арқылы автор қазақтарға үлкен өзгерістердің жақындап келе жатқанын көрсетті. Индустриаландырумен қатар «қазақ ауылын кеңестендіру

қажеттігі – ол кеңес мемлекеттілігін нығайту міндеттерінің бірі екенін» [43, 33 б.] көрсетті.

Артта қалған елдерде социализм құру тәжірибесі жайлы М.С. Жүнісов «Об историческом опыте строительства социализма в ранее отсталых странах» еңбегінің «Кіріспесінде» капиталистік сатыны артта қалған елдердің соқпай өте алуы, ол «пролетариат диктатурасы елінің пайда болуы» екенін атап өтеді [44, 3 б.]. А. Тұрсынбаев та еңбегінде «Ұлы Октябрь социалистік» революциясының тарихи маңызына «халықаралық қатынастың социалистік жаңа типіне, ұлттық тәуелсіздік пен теңдікке негізделген, алып келгендігін» жатқыза отырып, автор «артта қалған Кеңестік Шығыс халықтарының ұлттық мемлекеттігінің дүниеге келуіне тек қана ҰОС революциясының жеңісінің нәтижесінде ғана «мүмкін болғандығын» [45, 13,15 бб.] көрсетті. Автор бұл жағдайды «көпғасырлық Қазақстан халқының тарихындағы бірінші мемлекеттік құрылым еді», «Қазақ халқы тек қана Кеңес өкіметінен пролетариат диктатурасының құрамдас бөлігі болатын ұлттық-мемлекеттілікті алды» - деп есептеді. «Лениндік ұлт саясатының салтанатына, маңызды қорытындысына және жарқын көрінісіне Ұлы Октябрде пайда болған терезесі тең республикалардың көпұлтты бір мемлекетке өз еріктерімен бірігуін» жатқызды [45, 16-18 бб.]. П.Н. Федосеевтің еңбегінде КСРО-ның құрылуы және дамуы, ол – «пролетарлық интернационализмнің жеңісінің көрнекті әрекеті» [46, 14-15 бб.] түрінде бекітілді. Алайда, социалистік құрылыс, қазақ кеңес мемлекетінің қалыптасуы қазақ ұлтын нығайтпағаны, керісінше оны кері кетіргені Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бастап тың деректер арқылы жан-жақты теріске шығарылып келе жатқаны белгілі. Қоғамдағы аштық, жоқшылық саяси репрессиялармен қатар жүріп қазақ халқы социалистік идея күшімен ғасырлық кері кетушіліктен жарқын социализмнің қырына бір-ақ «секіріп» шықпақ болған кеңестік билік саясатының салдарынан тек аштыққа ұшырағандардың өзін М.К. Қозыбаев 1 млн. 750мың (42%) адам десе, Б.А. Төлепбаев пен В.П. Осипов 1 млн. 50-100 мың, М.Х. Асылбеков, Ә.Б. Ғалиев – 1 млн. 745 мың, Р. Конквест осы жылдарда – 1 млн. адамның құрбан болғанын [47, 9 б.] көрсетті. Егер 1 млн. 300 мың адам (аштықтан аман қалғандардың жартысы) республикадан тыс шет жерлерге кетуге мәжбүр болғанын еске алсақ, онда қазақ тарихындағы мемлекеттік билік мәселесі үлкен проблема екенін анық байқалады.

«Шығыс аймақтардағы таптық жіктеу саясатының алғашқы қадамы көпшіліктен барлық жергілікті қанаушы элементтердің ықпалын аулақтату, олармен барлық кеңестік басқару органдарында күрес жүргізу, таптық артықшылықтарын жергілікті көпшілікті еңбекшілер Кеңесі ету арқылы жою» екенін партияның Х съезінің шешімдері арқылы кеңестердің қызметін еңбегінде ашып көрсеткен ғалымдардың ойын өзге зерттеушілер одан әрі дамытты. Г.Ф. Дахшлейгер өзінің еңбегінде «ауылды кеңестендіру лениндік ұлт саясатының мақсатты, интернационалдық негізде жүргізуінің арқасында» болғандығын атап кетті. «Развитие и сближение Советской наций. Проблемы

управления» еңбегінің авторлары М.М. Сужиков, Т.С. Сарсенбаев, Г.В. Малинин, т.б. социализм, коммунизм тұсында ұлттардың экономикалық қоғамдастығы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын құруға алып келетінін, ұлттық мәдениет, тілдер, салт-дәстүрлер адам айтқысыз дамитынын, ұлттар бірімен-бірі жақындасып, олардың өмірі интернационалдана түсетінін көрсетеді [48, 229-230 бб.]. Ал М.С. Жүнісов «Социализм қоғамдық прогрестің сондай принципті жаңа қуатты бұлағын, халықтар достығы және ынтымақтастығын ашты», «Кеңес Одағында қол жеткен ұлттық қатынастың прогресі, жаңа типтегі әлеуметтік прогрестің қалыптасу процесінің жүйесіндегі маңызды элементі болып табылады» [49, 3-4 бб.] деген тұжырым жасады.

Жалпы кеңес билігінің алғашқы жылдарында ауыл кеңестеріне неғұрлым даярлығы бар партия мен кеңестік қызметкерлердің: Өскемен уезінің ауылдарына – Б. Өтепов, М. Беспалов; Павлодар мен Қарқаралыға – Н. Нұрмақов; Семейге – Е. Кадуков; Ақмолаға – А. Асылбеков, С. Сейфуллин, Н. Бекмухамедов, Б. Смағұлов, т.б. бағытталғандығын айта келе, К. Нұрпейсов «байлардың, қазақ халқының қанаушы үстем табының» қарсылығына қарамастан 1918 жылғы жазға қарай Далалық өлкедегі «көптеген қазақ болыстарында кеңестер ұйымдастырылғанын» көрсетеді. Дегенмен, К. Есмағамбетов «Действительность и фальсификация» деген еңбегінде буржуазиялық тарихнамашылардың «фальсификаторлық» әрекеттерінің «саяси мәні»- тарихты капиталистік дүниенің үстем табы үшін теріс айналдыру, «кеңестік тәжірибені қаралау» және оның адамдар жүрегіне, ақылына әсерін әлсірету, жаңа, әділетті қоғамға алып келетін «заңдылықтарды жоққа шығару» [50, 5 б.], - деп атап көрсеткенімен шетел зерттеушілерінің кеңес билігінің өзгерістеріне берген бағасы шынайы тарихи үдерістерге жақын екендігін көруге болады. Кеңестік құрылысқа арналған «реакциялық еңбектерді» К. Есмағамбетов Уилердің сөзімен айтқанда жергілікті халық Кеңес өкіметі үшін күресуге дайын болмаған себебі «сауатсыздық» болатын, Зеньковский де «көшпелілік, төмен деңгейлі сауаттылық, рулық қатынас «пролетарлық революция» тұсында олардың саяси бейжай болуына алып келді» [50, 155-156 бб.]. К. Есмағамбетов өз пікірін «Бұл тұжырымдар тарихтың шындығына қарсы», - деп түйіндеді. А. Парк 1917 жылдың алдында марксистердің өзі Түркістанды социалистік революция үшін қолайсыз орта деп санаған. Автор «Осылай дей тұра империализм тұсында ұлттық мәселе ұлттық-отарлық мәселеге айналғанын, ал ұлт-азаттық қозғалыс социалистік революцияның құрамдас бөлігіне айналғанын айтпайды» [50, 156 б.], - деп жазды. Шет елдік тарихнамада «Октябрь революциясын тек орыстар жүзеге асырды», Х. Сетон-Уотсон айтқандай «жаңа өкіметтің» негізгі мақсаты «Түркістандағы социалистік революцияны ұйымдастыру емес, мұсылман арасындағы ұлттық қозғалысты басып-жаншу болатын», Уилер айтқандай «Кеңес өкіметінің қазақ өлкесіндегі сүйеніші, таптық жағынан бөлінісіне қарамай, орыс қоныс аударушылары болатын» [50, 158 б.] деген тұжырымдар орын алған. Р.

Пайпс, А. Парк, О. Кэроу т.б. өлкеде «орыс отаршылдарының» болуы жергілікті өкіметтің «жеңілуіне себеп болған» деп айтқанына, автор олардың «ұлттың өзін-өзі билеу құқы шындығында біздің елімізде іске аспағандығын» дәлелдеуге тырысатындығы деп көрсетті [50, 162-163 бб.]. Осындай көзқарастардың тарихи шындыққа келетін тұстары болғанымен шетелдік тарихшылардың Түркістандағы болған оқиғалардан алыс және оның тарихын мұрағат қорларындағы құжаттарсыз зерттегендерін атап айтқан жөн. Кеңестік тарих ғылымында шетелдік тарихшылардың еңбектері, соның ішінде ой пікірлері үнемі қатаң сынға ұшырап отырды.

Шетелдік тарихнамашылар Орта Азия мен Қазақстанда «таптар, таптық күрес» болмағандығын, ал күрестің тек қана «орыстарға қарсы, отаршылдарға ғана қарсы болғанын», сонымен қатар Түркістандағы және Дала өлкесіндегі революцияның жеңісі «заңсыз оқиға» болғанын айтады», - деп Х. Инояттов [51, 23 б.] сынға алды. Оған қоса «империализм қорғаушылары» Орта Азия мен Қазақстанға Октябрь революциясы «тек қана орыстардың қатысуымен және жергілікті халықсыз болғандығын», ол мұнда тек телеграфпен келгендігін бірауыздан «сендіргісі келеді» [51, 24 б.], - деп сынады. С.З. Зиманов, С.О. Даулетова, М.Ш. Ысмағұлов еңбегінде К. Нұрпейсов, С. Бейсембаев еңбектерінің де осы мәселені біршама талдағанын айта келе [52, 6-8 бб.], алашордалықтардың билігінен, ықпалынан құтылған халық Кеңес өкіметінің өкілдерін «көтеріңкі көңілмен... қарсы алды» [52, 156 б.] деген тоқтамға келді. Ал кейбір зерттеушілердің «ұлттарға өзін-өзі билеу құқы берілді; олардың саяси, экономикалық және мәдени теңдігі орнады; кеңес халықтары мен ұлттарының өмірінде социалистік интернационализм және халықтар достығы идеологиясы жеңіп шықты. Барлық осы өзгерістер жиылып СССР-де ұлттық мәселенің шешілгенін білдіреді» [38, 6 б.] деген қорытындыға келген. А. Поляковтың еңбегіндегі есебіне қарасақ, 1926 жылғы санақ бойынша елімізде 194 этникалық бірліктің болғаны туралы мәлімет берілген. Ал кейінгі (1959, 1970, 1979 ж.) санақтар бойынша жүзден сәл-ақ асатын этностар тіркелген [53, 69 б.]. Бұл лениндік ұлт саясатының, пролетарлық интернационализмнің тікелей «жемісі», нәтижесі екені анық.

«Қазақ кеңестік мемлекеттілігінің» де статусы, ондағы ұлттық мәселенің шешімі де кеңестік мемлекет тұсында «орындалмағанын», «ұлттық территориялық автономия», «одақтық республика» құрғанда да қазақ мемлекеттігі А. Байтұрсынов айтқандай «қуыршақ республика» ғана болғанын М.К. Қозыбаев дәйектеді [54, 169 б.]. Көтеріп отырған проблемаға Е.И. Медеубаевтың еңбегі анықтық алып келетінін айту керек. Кеңестік биліктің «соғыс коммунизмі» саясаты автордың ойынша, революцияның алғашқы жылдарында және 20 жылдардың аяғында, 30 жылдардың басында «сталиндік редакциямен» қайтадан өмірге енгізілген. 1938 жылғы «БКП (б) тарихының Қысқаша курсына» Кеңес өкіметі «соғыс коммунизміне» жағдайдың қысымымен енгізілген және ол саясат «уақытша». 1928 жылы БКП (б) июль пленумында И. Сталин өзінің сөзінде «соғыс жағдайы мен интервенция болмағанда, соғыс коммунизмі де болмас еді» [55, 11 б.].

Сонымен «соғыс коммунизм саясаты» әлеуметтік-экономикалық ортаның құрамдас бөлігіне айналғанын: «жекеменшік институтын жою, товар-ақша қатынасын жабу, өнеркәсіпті жаппай национализациялау, азық-түлік салғырты принципімен шаруалардың астығын алу, жалпы еңбек міндеттілігін енгізу, еңбек армиясын ұйымдастыру, жұмысшылар еңбегін милитаризациялау және т.б. шаралар» [55, 26-27 бб.]. Жалпы автор 1918-1921 жылдардағы Қазақстандағы азық-түлік айналысындағы саясаттың «террор», «күштеу», «штраф», «конфискелеу» секілді сөздермен байланысты ғана сипаттауға мәжбүр болғанын атап айтқан. Г. Нұрбетова «қызыл террор» жайлы зерттеуінде «Социализмнің деформациясының бастауының тамыры 20 жылдардың екінші жартысындағы жылдарда жатыр», бұл «халық билігінің біртіндеп жеке өкімет диктатурасымен, әміршіл-әкімшіл басшылықтың орнауымен, аймақтық көсемшілдікпен алмасқан уақыты болатын, кезінде Ленин ондай қауіптің бар екенін ескерткен» [56, 8 б.], - деп жазды.

Қазақ кеңестік мемлекеттілігінің тағы бір қырын ашатын мәселелердің тақырыптың бірі Қазақстан ғылымындағы «цензура» мәселесі болды. Осы мәселе Б.М. Қаипованың зерттеуінде қарастырылды. Автор аталмыш мәселе арнайы зерттеу нысанына айнала қоймағандығына баса назар аударды. Цензура мәселесіне М.Қ. Қозыбаев, Л.Я. Гуревич, И.М. Қозыбаев және Ш. Елеукенов, Ж. Шалғынбаеваның мақалаларында арналғандығы туралы жазды [57, 5 б.]. Б.М. Қаипованың мына тұжырымдары салмақты: «Цензура жайлы 1918 жылғы 21 тамызда ол бекітіліп, бірінші рет ресми құжатта «ашық айтыла бастады» [57, 19 б.]. 1938-1939 жылдарда «Казглавлит» РСФСР-дің «Главлитінен» 199 бұйрық алғанын, ол бойынша 1860 автордың 7809 шығармасын айналымнан алып, жеке авторлардың «4512 кітабын, 2833 жинақты және 1299 әртүрлі тізімдерді макулатураға өткізді», «1950-1951 жылдары көпшілік кітапханадан «Казглавлит» 97 750 кітапты пайдаланудан алды» [57, 22-23 б.]. Әрине, онсыз социализмнің ажырамас бір бөлігі «мәдени революцияны», ал мәдени революциясыз – социализмді, социалистік мемлекетті құру мүмкін болмас еді. Осы секілді күштеуге негізделген лениндік ұлт саясатының тікелей нәтижесінің салдарынан азайған қазақ ұлтының өз жерінде 30 пайызға дейін азаюына зерттеушілер : «кеңес өкіметінің тұсында қазақтар азайған жоқ», керісінше, «жылдам өсті» [58, 20 б.] деген тұжырыммен тойтарыс берді. С. Зиманов, С. Дәулетова, М. Ысмағұлов «Казахский отдел Народного Комиссариата по делам национальностей РСФСР» деген зерттеуінің мазмұны қазақстандық билік жүйесінің кеңестік отаршыл саясаттан аттап, өзбетінше әрекет ете алмағандығын айғақтайды. М. Сапарғалиев, Г. Тайманов, С. Сартаев, А. Туғанбаев секілді заңгер-тарихшылардың еңбектері, А. Мұхтаров, С. Досымбеков монографиялары да осындай мазмұнда жазылған еңбектер болып табылады [5, 7 б.]. Мәселенің кейбір шынайы тұстары А.С. Елагиннің, А.Б. Тұрсынбаевтың, Н. Киікбаевтың, С. Кенжебаевтың [5, 8-9 б.] зерттеулерінен көрініс тапқан. Авторлар РСФСР-дің Наркомнацтың қазақ

бөлімінің баспа беттеріндегі материалдары да мардымсыз екенін [5, 13 б.] көрсете отырып, қазақ бөлімінің әрекеті жайлы негізгі деректі «Жизнь национальностей» газетінен (1918-1921 ж. газет, 1923 ж. журнал) алуға болатынын [5, 14 б.] айтқан.

1920-жылдардағы қазақ мемлекетінің қызметі, оның бағыты мен бағдары шынайы түрде тәуелсіздік жылдар ғана ашыла бастады. Шындығында да кеңестік «автономияландыру» мәселесі В.И. Лениннің жеке басы үшін қиын жағдайда жүрген. Науқасына қарамастан Л.Б. Каменев пен ОК-нің РКП (б) саяси бюро мүшелеріне 1922 жылы 26 қыркүйекте «Об образовании СССР», 1922 жылғы 30 және 31 желтоқсандағы «К вопросу о национальностях или об «автономизации» атты хаттар мен жазбаларды айтып отыру түрінде (ол тек 50 жылдардың екінші жартысында, В.И. Лениннің ШТЖ-ның 5 басылымына енді) дайындатқа. Тарихтан орын алған жағдайды С.З. Зиманов өз еңбегінде Лениннің федерацияға, ерікті одаққа біріктіру идеясы жайлы «Однако этой идее не суждено было воплотиться в жизнь, после смерти Ленина она была предана забвению. Центр становился центральным и все больше централизованным, а республики – его периферией и придатком» [59, 19-20 бб.], - деп көрсетті. Кейін, Сталин тұсында «ерікті республикалар одағы» автономияланғанын айта келе: «В литературе последних лет это выдавалось как деформация ленинской национальной политики, отход от ее принципов в национально-государственном строительстве. На самом деле это было потенциально заложено и у Ленина» [59, 28 б.] деген қорытынды жасады. Автор кезінде В.И. Лениннің федерациялық басқару жүйесін сынға да алғанын, алайда жоққа да шығармағанын айта келе, «В ее основе лежала стратегическая линия создания строго централизованного Великодержавного государства, в которой национальный вопрос и автономизация национальностей были второстепенными и промежуточными вопросами, всецело подчиненными главной политической цели» [59, 29 б.], - деді. В.И. Лениннің 1918 жылдың басында айтқан «Противники централизма постоянно выдвигают автономию и федерацию, как средства борьбы со случайностями централизма, на самом деле демократически централизм несколько не исключает автономию, а напротив, предполагает ее необходимость» [59, 33 б.] деген сөзі арқылы да автор тоталитарлық режимге өзгеше, нақты сипат берді.

Қорыта келе, В.И. Лениннің: «Аппарат» болмаса біз әлдеқашан мерт болар едік. Аппаратты жақсарту жолында үздіксіз және қажырлы күрес жүргізбейінше біз социализмнің базасы жасалғанға дейін мерт боламыз» [60, 351 б.] деген ресми әдебиеттерде колданыста жүрген сөздерін келтіре отырып, бұл мойындауда ұзақ жылдарға созылған кеңестік тарихтың екпіні, мақсаты, сонымен қатар негізгі бағдарламасы да жатқанын айту керек. Кеңестік мемлекет аппаратының пролетариат диктатурасына негізделгенін оның XX ғасырдың 20-30 жылдардағы, онан кейінгі жылдардағы қадамдарынан анық көруге болады. Мәселен, кулактарды тап ретінде жою саясатының нақты формаларын БКП(б) ОК Саяси Бюросының ұжымдастыру

жөніндегі комиссиясы (1929 жылғы желтақсан) мен БКП(б) ОК Саяси Бюросының кулактар жөніндегі арнаулы комиссиясы (1930 жылғы қаңтар) жасап дайындады. Бұл комиссиялардың ұсыныстары партияның ОК-нің 1930 жылғы 5 және 30 қаңтардағы, СССР ОАК мен ХКС-нің 1 ақпандағы қаулыларының негізіне алынды, бұл қаулылар «кулактарды тежеп, ығыстыру саясатынан жаппай ұжымдастыру негізінде кулактарды тап ретінде жою саясатына көшуді баянда етті, осы саясатты іске асырудың нақты жолдары мен әдістерін белгілеп берді» [60, 534 б.]. Бұның астарында партияның аппарат алдында қойған негізгі саяси міндеті тұрды: «- елімізде капиталистік элементтердің қалықтарын түгелдей жою, антогонистік топтарды туғызатын, қоғамды қанаушы және қаналушы деп екіге бөлетін себептерді толығымен жою...» [60, 659 б.]. Яғни большевиктердің ойынша «ұлт мәселесінің дұрыс шешілуі – социализмнің капитализмді жеңудегі қажетті шартының бірі болып табылады». Әрине, бұл міндеттер шешілді де, өйткені ұлт зиялысынан айрылған, жікке бөлінген, қарусыз, оның үстіне саяси партиясы, ұйымы жоқ, кеңестік тарихшылар жазғандай «сауатсыз, қараңғы» қазақ халқы лениндік мемлекет аппаратына қарсы тұра алмайтын еді. Оның басты себебі, «Капитализмнен коммунизмге өту, әрине, орасан көп және алуан түрлі саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады, ол: - пролетариат диктатурасы»– [61, 210 б.], - деп В.И. Ленин жазғандай, ұлт мәселесі пролетариат диктатурасының коммунизмге өтудегі құралы ғана болатын.

Қазақстандағы аграрлық қайта құрулардың, индустрияландырудың ұлт мәселесіне ықпалы

Марксизм-ленинизм ұлт мәселесін жалпы қоғамның саяси-әлеуметтік даму мәселесіне бағынышты қарастырғаны белгілі. Буржуазиялық-демократиялық революция тұсында ұлт мәселесі осы революцияның бөлігі ретінде қарастырылды, оның шешімдері революция мақсаттарына бағынышты (феодализм қалдықтарын жою және т.б.). Сонымен қатар социалистік революция тұсында да ұлт мәселесі социалистік революция жайлы жалпы мәселенің бөлігі болып табылады, ұлт мәселесі осы революцияның мақсаттарына, демократия мен социализм мақсаттарына бағынады. Яғни аграрлық, жер-су реформалары социалистік құрылысты орнату жолына қызмет етуі тиіс болатын. Большевиктердің алдына қойған негізгі мақсатына қайшы келетін әрекеттердің, мәселелердің барлығы жойылуы тиіс болды. «Коммунистік партияның Манифесінде» «бір адамды екінші адамның қанауы жойылған жерде, бір ұлттың екінші бір ұлтты қанауы жойылады, таптар антогонизмі жойылған жерде, ұлт арасындағы жаулық та жойылады» деп көрсетілгені белгілі. Алайда, «қанау жойылған жерде» тек қана үстем тап өкілдері ғана жойылған жоқ, сонымен қатар ұлттың өмір сүруіне қажетті көшпелі шауашылық мәдениеті, адам еркі, бостандығы, құқы тапталғаны белгілі. «Барлық елдердің пролетарлы, бірігіңдер!» деген

интернационалистiк ұран тек қана ұлт теңдiгiне алып келуi тиiс болатын: «Полное равноправие наций; право самоопределения наций; слияние рабочих всех наций – этой национальной программе учит рабочих марксизм, учит опыт всего мира и опыт России» [62, 281-282 бб.] дегенмен, жұмысшы табы жоқтың қасындағы қазақ өлкесi лаж жоқ кеңестiк үлкен әлеуметтiк, экономикалық қатiгез эксперименттiң алдында тұрған болатын. Сонымен, ұлт мәселесiнiң дамуындағы үшiншi кезеңдi большевиктер Ұлы Октябрь социалистiк революциясының жеңiсiмен байланыстырғаны белгiлi: «Бұл капитализм мен ұлттық езгiнiң жойылу кезеңi, ұлт мәселесiнiң лениндiк-сталиндiк ұлт саясаты негiзiнде табысты шешiлуi, социалистiк ұлттар арасында тең құқылы шын туысқандық достастықтың қалыптасу кезеңi» [63, 297-298 бб.]. Осы кезеңнiң «жарқын беттерiнiң» бiрi, ол диссертацияда қарастырғалы отырған ұлттар теңсiздiгiне, адамды адамның қанауына, ұлт мәселесiнiң басқа да келеңсiз жақтарына тосқауыл болатын, жоятын ұжымдастыру, индустриаландыру секiлдi өзгерiстер болатын.

Кеңестiк ұлт мәселесiнiң жүзеге асуына үлкен әсер еткен ұжымдастыру мен индустриаландыру өзгерiстерiне Ф.Я. Барсук, Г. Дахшлейгер, А. Тұрсұнбаев секiлдi зерттеушiлер кеңестiк идеологияға сай қарай отырып, бұл салалардағы «жеңiске» тек «неше түрлi халық жауларымен» күрес үстiнде қол жеткенiн дәлелдеуге тырысты. Зерттеушi Ф.Я. Барсук КСРО 1938 жылы өнеркәсiп өндiрiс көлемi бойынша Кеңес Одағы 1913 жылғымен салыстырғанда 908,8 пайызға жетiп, бiрiнiшi бесжылдықтың соңында Францияны, екiншi бесжылдықта Англия мен Германияны артқа тастап, «Европада бiрiнiшi орынға шыққанын» [64, 4 б.] айта келе, индустриаландыру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жеңiсiнiң «неше түрлi халық жауларымен» күрес үстiнде қол жеткенiн көрсеттi. Г. Дахшлейгер В.И. Лениннiң темiр жолдар – «ол қала мен деревня, өнеркәсiп пен жер игеру арасындағы социализм толығымен сүйенетiн байланыстың жарқын көрiнiсi» [43, 21 б.], И.В. Сталиннiң «Социалистiк индустриаландырудың негiзгi мақсаты, ол «қоғамдастырылған өнеркәсiп саласының жекешаруашылық, ұсақтоварлы және капиталистiк салаларын жеңуiн» қамтамасыз ету дегенiн келтiре отырып, «Троцкийшiлдер, зиновьевшiлдер, буржазиялық ұлтшылдар және басқа да халық жаулары бiздiң елiмiздегi социализм жеңiсiнiң мүмкiншiлiгiн жоққа шығарды, социалистiк индустриаландыру саясатына қарсы тұрды» [43, 29 б.], - деп кеңес мемлекетiнiң жауларын атап кетедi. Ол 1929 жылы Түрксибте 10 мыңнан аса қазақ жұмысшылары жұмыс iстегенiмен, РСФСР үкiметi 3 млн. 850 мың рубльдi қазақ мамандарын даярлау үшiн жұмсаса да, автор қазақтар арасында мамандар өте аз екенiн жасыра алмаған: «57 қазақ компрессор, экскаватор т.б. күрделi машина құрылғыларымен жұмыс жасауға үйрендi, ...38 қазақ электротехник және байланысшы мамандығын меңгердi» [43, 109-110 бб.], – деп көрсетедi. А. Тұрсұнбаев та индустриаландыру, ұжымдастыру, кеңестендiру, шабындық және егiстiк жерлердi бөлiске салу, Түрксиб секiлдi қазақ халқына орасан зор қасiрет алып келген реформаларға «табыс»,

«жеңіс», «жетістік» ретінде қараған [65, 48-49,53-55 бб.]. Ол «Победа колхозного строя в Казахстане» деген еңбегінде қазақ ауылын «тапсыз» деген қоғам қайраткерлерін сынға ала отырып, Орта Азиядағы 1924-1925 жылдардағы болған ұлттық межелеуді [66, 34 б.], 1 360 000 га шабындық және 1 250 000 га егістік жердің байлардан тартып алынғанын [66, 61 б.], мұнан кедей мен орташаның қатары жымдасып, кеңестік биліктің тірегі, «одағы құрылғанын» [66, 73 б.] маңызды оқиға ретінде атап кетті. С. Кульбаев болса осы айтқандарға толығымен қосылды [17, 38 б.]. Г.Т. Тайманов кеңестік Қазақстанның халық шаруашылығындағы өнеркәсіптің үлес салмағы арқылы (жалпы өнімді пайыздық өлшеммен) былайша көрсетті:

	1930 жыл	1932 жыл	1937 жыл
Өнеркәсіп	6%	40%	57%
Ауыл шаруашылығы	94%	60%	43%

[35, 52 б.], табыс тұрғысына, ғана келтіріп отырған бұл көрсеткіш шындығында қазақ халқының дәстүрлі көшпелі мәдениетінің күйрегенін анықтап отырғанын айту керек.

Кеңестік ұлт мәселесінің шешілу барысы ұжымдастыру тұсында қазақ өлкесін басқарған Ф.И. Голощекиннің 1931 жылғы №7-8 «Большевик Казахстана» беттеріндегі «Еще раз о путях развитие животноводства» деген мақаласында Қазақстанның социалистік даму жолында екенін, оған «біздің ұжымдастыру, совхоз құрылысы, өнеркәсіп құрылысы, кооператив, теміржол, мәдени даму» дәлел екендігін келтіре отырып, мал шаруашылығына байланысты көптеген «жетістіктеге» жасаған қорытындысынан көреміз [67, 6-7 бб.]. Жалпы бұл мал шаруашылығына байланысты жетістіктердің тек «оппортунистерге» қарсы айтылған жауап екенін байқау қиын емес. «Ол туралы айтпаса да болар еді. Бірақ ескі «көсемдерінсіз», Сәдуақасовсыз қалған бұрынғы сәдуақасовшылдықтан жақтаушы ізбасарлары шықты» [67, 8 б.], - деп Төреғожинді де сынға алған. Оның Қазақстанда 1932 жылы ірі бас малмен есептегенде, төлімен қосып, 275 мың бас мал ғана болатындығын есептеген оның кеңес үкіметінің барлық жоспарына күдік келтірген сөзіне шыдамағанын көреміз [67, 9 б.]. П. Исаков мақаласында Аленовтың «есебі бойынша» 1931 жылғы мал даярлау жоспары алпыс пайыздық малды алумен теңелетін еді. Өзінің жергілікті мүддесін ғана көздеп, «осындай «балансты» нағыз махровый оңшыл оппортунист жамылып отыр» [68, 18 б.] дей келе, Исаков Төреғожиннің де сол тектес қатесін сынады [68, 19 б.]. Ондай сөзді «махровый национал-уклониист» Сәдуақасов та «байларға тимеу керек, таптық күрес жоқ деп айтқан» [68, 21 б.], - деп П. Исаков партияның, оның идеологиясының артына жасырынып алып сол кездегі саясаттың теріс жағын барынша жасыруға талпынды.

Ұлт мәселесінің даму барысына О. Исаевтың «Ленинское разрешение национального вопроса» деген еңбегі, және «НХК» (1930. №5-8) журналындағы «Национальная политика партии в Казакстане» мақаласы жарық түсіреді. Оның «Ленинское разрешение национального вопроса» деген еңбегінде 608 ірі бай феодалдарды конфискулегенде 150 мың бас

малдың (ірі қараға шаққанда) тартып алынғандығын, 20.206-сы кедей-батрак шаруашылықтарына берілгендігін көреміз. 293 колхоз және 5 совхоз құрылғандығын айта келе конфискелеудің негізгі себебі байлар малын бөлу емес, ол – ауылдағы бай және жартылай феодал ұяларын, ауылдағы патриархалды-рулық және жартылай феодалдық қатынастарды жойып, «ауылдағы өндіргіш күштерге социалистік жолмен дамуына алғышарт және жағдай жасау» [69, 16 б.], – деп лениндік ұлт саясатының тұжырымдарын алға тартты. Ал Ерназаровтың «Оседание в Казакстане» еңбегіндегі сөздерге көңіл аударсаңыз ашаршылық апатының болуы мүмкін емес екендігіне «көзіңіз жетеді». «Отырықшыландыру ісіне 1931 жылы мынадай сома бөлінетін болады: жерге орналастыру жұмысына 4.208.000 р., мелиорацияға 5.186.000 р., ирригацияға 747.000 р., тұрғын үй құрылысына 23 млн р., аула құрылысына 9,5 млн. р., ауылшаруашылық құрылысына 2.400.000 р., жол құрылысына 4.700.000 р., машина жабдықтауға 4.500.000 рубль» [70, 11 б.], – деп жазды. Сонымен қатар М. Ряднин де еңбегінде: «Қазақстанның малшаруашылығы басты сала болып табылады. Қазақстанның колхоздарында бесжылдық басында 9,6% мал (198 мың бас), ал 1932 жылғы 1 шілдеде колхоздарда 3000 мың басқа жуық немесе барлық мал басының 48% шоғырланды» [71, 23 б.], – деп көрсетті. Автордың пікірінше күшпен ұжымдастырудың табыстарын, отырықшылықтың малшаруашылығын жоғары товарлы, тұрақты ететінін ауыл еңбекшілері «көріп, түсініп», «жаппай отырықшы жағдайға көше бастады. Кейінгі жылдардың өзінде жоспарлы түрде отырықшылыққа 264 мың қазақ шаруашылығы көшті» [71, 23 б.]. Алайда ол тұстағы жағдай мүлдем басқаша болатын. Жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландырудың қасіретті салдары тарихтан белгілі. Дегенмен тоталитарлық билік пен большевиктердің саясатты дәріптеген еңбектерде өзгеше жазылуы мүмкін емес еді. Мәселен, 1940 жылы жарық көрген «20 лет КазССР. 1920-1940» деген еңбек кеңестік Қазақстанды біржақты күнгей тұстары арқылы көрсетті.

Кеңестік ресми тарихтың беттерінде 1932 жылы Қазақстанда жалпы 1932 жылы совхоздар, колхоздар, колхозшылар Қазақстанда барлық егістіктің 98 процентін игергенін ал 2 проценті ғана жеке қожалықтар еншісіне тигендігін мақтанышпен көрсете отырып, қазақтың көшпелі шаруашылығын отырықшыландыру үшін 1933 жылы 43.299 мың руб. бөлінгені жазылды. «Қоныс аудару тез жойылып, олар шаруашылық тұрғыда жайланды. 1933 және 1934 жылдары малсыз шаруашылықтарға жеңілдікпен совхоздар мен товарлы-колхоз фермаларынан 892 мың бас мал сатып алынды» [72, 126 б.] деген тұжырым жасалды. Алайда кейінгі жылдары зерттеушілер айтарлықтай назар аударып жүрген кеңестік заңның бірінде бұл айтылғандардың мәні тіптен басқаша екендігі байқалады. 1932 жылы 7 тамызда КСРО БОАК мен ХКК бірігіп қабылдаған «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперацияның дүние-мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» заңы туралы қаулыда қоғамдағы әлеуметтік қатынас өзінің шиеленіскен сатысына аяқ

басқанын көрсетті. Мұнда концентрациялық лагерьге жіберу, бес, он жылға соттау, ату жазасын қолдану, дүние-мүлкін тәркілеу секілді жаза түрлері, қоғам мүшелерін қайткенде «қорқыту» тәсілі бар еді [21, 275-278 бб.].

«Егер 1932 жылы колхозшылардың көпшілігі малсыз болса, 1936 жылғы 1 қаңтарда олардың 11 %-ы ғана малсыз болды» деп малдың қайда кеткенін, оның себептерін көрсетпей тек жанама түрде ғана көрсете отырып, кеңестік тарих беттері Қазақстанда ашаршылықтан кейінгі жылдардың әлі де болса қиын жағдайды кешіп отырғандығын білдіреді: «осындай жауапты кезеңде өлкенің басшылары маңызды саяси қате жіберді. Бұрынғы басшылық өздерінің қателіктерін мойындауға және жөндеуге қабілетсіз болып шықты, оларды біздің партияның ОК алып тастады» [73, 9 б.], - деп қана қою дәстүрге айналған болатын. Ұжымдастыру, отырықшыландыру мәселелеріне қатысты 1928 жылғы «НХК» журналының №6-8 санындағы ресми инструкция жарияланғанын атап кету қажет. Онда малы көп үстем тапқа жататын бай, жер аударылуға тиіс адамдар категориялары [74, 118 б.] анықталған шешімдер қабылданған. Осы «Инструкциядан» тартып алынған малдар қайда кетеді деген сұраққа да жауап табуға болады. «НХК»-ның 1928 жылғы №6-8 санындағы Қазақстандық басшыларының үндеуінде де қазақ ауылында әлі күнге «патриархалды-рулық қатынастың қалдығы» жойылып болмағанын, оның «сынықтары» әлі еңбекші қазақтардың аяғының астында жатқанын айта келе, ауылда бай, жартылай феодалдар, ірі байлар ауыл халқын әлі күнге аяусыз қанап, оларды «қараңғылықта, жоқшылықта ұстап отырғаны» туралы жазылған. Қазақстанның басшыларының осы үндеуде: «Ауылдың батрақтары мен кедейлері! Сіздер тәркіленген малдан мал алуға толық құқыларыңыз бар», оны асыраған сендер, суықта да, аязда да қорғадыңдар, енді міне «өз еңбектеріңді көретін уақыт келді», «ұжымдарға бірігіп, мал, құрал-сайман, өздерінің күшін жинап» батрақтар мен кедейлер көп пайда табады, «үлкен шаруашылық ұсақ, әлсіз шаруашылықтарға қарағанда басқаруы жеңіл әрі арзан» [75, 130 б.], - деп үгіттегенін көруге болады. Алайда кеңестік тарихнамада орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдай кейбір шынайы көзқарастарға қарамастан қасақана бұрмаланып көрсетілді. Мәселен, А.Н. Доництің «кең шөл және шөлейтті даланың болуы «шаруашылықтың экстенсивті формасының болуына жағдай жасады. Жерді дамыту тек қана егін беріп отырған, қайта көшпелі болуға жарамайтын жерде ғана жүргізілу керек» деген тұжырымына [76, 5 б.] Е. Федоров зиянкестік деген баға берген. Е. Федоров зиянкестердің қатарына М.Г. Сириус, проф. С.П. Швецовты да жатқызған. («НХК». №4-5. 1928. с.141) [76, 7 б.]. Осындай анық та дәл анықтаманы бергені үшін инженер-агроном А. Букиничті «Задачи мелиорации в центральном районе Кирреспублики (Тургайском и Иргизском уездах)» («Сов. Киргизия». №1-2 за 1924г.) атты мақаласы үшін сынға алды. Автор эсер Е. Тимофеевтің («НХК». 1929) И.И. Масловтың сөзіне қосылып: «Бұл жердегі шаруашылық бәрі бір көшпелі болады, өздеріне жайылым іздейтін болады», «осы жағдайдағы көшпелі шаруашылық – экономиканың ең жоғарғы табысы, оны

құртпау керек, керісінше қолдап, мүмкін болса дамыту керек» [76, 8 б.], – деп түйіндеді. Е. Федоров «Зиянкестер философиясына» еңбегінің екінші бөлімін арнап, «Швецов бойынша: «көшпелі тұрмысты жою Қазақстанда дала мал шаруашылығының жойылуын ғана білдірмейді, сонымен бірге құрғақ даланы адам тұрмайтын жерге айналдырар еді» [76, 14 б.], - деп сынады. Өкінішке орай Швецовтың айтқаны өзге де ғалымдардың ескерткені секілді келгенін айту керек. І. Құрамысов өзінің мақаласында байларға деген көзқарасы анық көрінеді. «Біз не істеуіміз керек еді? Ол малды сойып тастауы мүмкін, жасыруы мүмкін деп тигеуіміз керек пе, жоқ оның қарсылығын сындыруымыз керек пе? Большевиктер соңғысын айта алды, себебі социалистік құрылыстың табысы, қазақ еңбекшілерінің азат болуы осыдан» [77, 25 б.] дегені осының айғағы. «Біз мақтанышпен айтуымыз керек, біз күрестік, төбелестік, біздің қолымыз көп жағдайға жетті, теңсіздің жойылып жатыр, жойылып қалды. Біз бұған мақтана аламыз және мақтануымыз керек. Оны Кеңес Одағының саясаты істеді» [77, 26 б.], - деп байдың малын тартып алғанын ерлікке балады, теңдікке жеттік деп санады. Кеңестік тарихи әдебиетте осы секілді ғылыми тәсіл XX ғасырдың 90 жылы да қолданыста болғанын М.К. Қозыбаевтың еңбегінен көруге болады. Ол 20 жылдардың ортасынан «біртіндеп халық билігін жеке диктатурамен алмастыру жүрді, командалық-бюрократиялық әдіс ендіріле бастағанын» [78, 10 б.] айта отырып, қазақ халқы қай жылы билікке келіп үлгергенін қарастырмайды. Тек, «Сөзсіз, ұжымдастыру социализмнің ұлы табысы деп тарихшылар әділ айтады» [78, 17 б.] деген кеңестік, таптық тұжырым жасады.

Қазақ халқын қайткенде таптық тұрғыдан шыңдау, идеологиялық тұрғыдан большевиктердің таптық санасына жақындату мақсатында жүрген саяси, аграрлық және т.б. да өзгерістер большевиктер ойлағандай болып шыққанымен, кеңестік қоғам қайраткерлерінің ұлтжанды азаматтарының өзі мойындағандай басқаша болатын. Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі ұлт мәселесінің Қазақстан тарих ғылымындағы аграрлық реформалар, индустриаландырумен байланысының көрінісі тек қана позитивті болып шыққанына төмендегі хаттардың иелері «қарсы» шығады. Ораз Исаевтың 1932 ж. тамыздағы «Сталинге хатында»: «1929 жылғы есептің деректері бойынша Қазақстанда 40 миллион бас мал болған (төлді бөліп-жармай түгел қоса есептегенде), ал қазір не бары 6 миллиондай мал қалды, оның 2 миллионы совхоздарда, ал колхоздық сектор мен жеке меншік секторындағы 4 миллион бас малдың көп бөлігі қазақтың бұрынғы негізгі мал шаруашылық аудандарында емес, орыс аудандарында. Көптеген қазақ аудандарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмаған. Өлкедегі шаруалар шаруашылықтарының жалпы саны 1931 жылдағыдан қазір 23-25% кем» [79, 53 б.] дей келе, автор: «Негізгі қателіктер: солға ауытқу, науқаншылдық, қажетті өзара сынның жоқтығы, кемшіліктерді бүркемелеу, шын жағдайды өңін айналдырып көрсету (көзбояушылық)». «Ауылда байлардың үстемдігі келмеске кетті. Партияның ұлт-саясатын жүзеге асыруда жергілікті ұлтшылдық басты қауіп болып табылмаса да, біз бір кезде жергілікті

ұлтшылдыққа қатты шүйлігіп, дұрыс істедік деп ойлаймын». «Солға бұра тартумен, ұлы державалық шовинизммен күрес тиісті дәрежеде қолға алынбады». «Қарқын жағынан көрші аудандардан басып озуда, сөйтіп, социализмге тезірек жетуге ұмтылу қазақ ауылында әкімгерлік жолмен жаппай ұжымдастыруға әкеліп соқтырды» [79, 55 б.]. «Мал басының мейлінше азайып кетуін мойындағысы және азаю себебін анықтағысы келмеуден барып 1930 жылғы мал есебінің деректеріне шындықты жасыру үшін 50% үстеме қосылды (тұп-тура аспаннан алып қосқан)» [79, 56 б.] деген жолдар бар.

«Қазақстан коммунисті» журналының 1990 жылғы №6 санында Т.Р. Рысқұловтың 1932 жылғы 28 қыркүйекте қазақ даласын жайлаған аштыққа байланысты Сталинге жазған хаты жарияланды. Ал «Қазақстан коммунисті» (1990, №7.) журналында Т.Р. Рысқұловтың (11-наурыз, 1933 ж.) Сталинге жазған хатында мынадай жолдар бар: «Қазақстанда қазақ халқының білгілі бір бөлігі душар болған мұндай мүшкіл жағдай өзге өлкелердің не өзге республикалардың ешқайсысында жоқ» [80, 45 б.]. «Сарысу ауданындағы 7000 шаруашылықтан тек 500-дей шаруашылық қалған, өзгелері Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен, ал бірсыпырасы тіпті Қырғызстанға ауып барған» [80, 46 б.]. «Шұбартау ауданында мемлекет жәрдемге бөлген 2 770 пұт астықтың не бары 943 пұты ғана халықтың қолына тиген... Қорғалжын ауданына ашыққандар үшін жәрдемге бөлінген 3000 пұт астықтың Ақмоладан тиісті жеріне бар-жоғы 300 пұты ғана жеткен, және ашарықтардың қолдарына тиді-ау дегенде оның 117 пұты тағы да ұрланған» [80, 49 б.]. «Қазақстанда 1928/1929 жылдардағы 40 миллион бас малдан санақ кезінде 5 397 мың бас қана мал қалғаны, яғни мал басының 85,5 процент кеміп кеткені анықталды. Соның ішінде 1931 жылғы ақпанның 1932 жылғы ақпанға дейінгі аралықта мал басы 55 процент кеміген (бұл жылы ССРО-да мал басының кемуі 16,7 процент болған). Санаққа дейінгі кезеңде мұнда жалпы мал басының 80 проценті қоғамдастырылса, ал ССРО-да бұл уақыт ішінде не бары 33 проценті ғана қоғамдастырылған. Қалған 5 397 мың бас малдың 37,6 проценті совхоздардың үлесіне тиген (ал КСРО бойынша совхоздардағы мал саны барлық малдың 9 проценті ғана екен), қалған малдың 1 559,9 мыңы, яғни 28 проценті қазақтардың меншігінде болған (ал 1928 жылы Қазақстандағы [малдың] 80 проценті қазақтардың меншігінде еді)» [80, 50-51 бб.]. Сонымен қатар «Қазақстан коммунисті» журналының 1990 жылғы №4 санында «Бесеудің хаты» жарияланды. (ВКП (б) өлкелік комитетіне Голощекин жолдасқа. шілде, 1932 ж.). (Жарияланымды даярлағандар: Н. Жағыпаров, Е. Грибанова, И. Бухонова). «Бүгінгі Қазақстан – бұл 163 миллион сомның товарлы өнімін беретін 40 миллион малы бар өлке» - деп жаздыңыз Сіз, Голощекин жолдас, 1930 жылы «Октябрь революциясының жеңістері» деген мақалаңызда («Қазақстанның 10 жылдығы». 1920-1930 жылдар. – Алматы, ҚазАССР-інің Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы. 1930. XVII бет.). Бұл сөздер 1929 жылғы бетбұрыс жылынан кейін шамамен бір жылдан соң айтылды,... Бірақ қазір, Сіздің

мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде, Қазақстан мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды» [81, 70 б.]. «Бірақ біздің байларға берген тойтарысымыз, байларға берген соққымыз көп ретте оспадарлау болып шықты, өйткені көбінде байлармен қоса орта шаруаларға да, тіпті кедейлерге де соққы тиіп жатты, олардың мүдделеріне айтарлықтай нұқсан келтірілді, сөйтіп олардың едәуір бөлігін байлардың ығына итермеледік» [81, 75 б.]. «...сөйтіп оңшыл нәтижелерге әкеліп соқтырды:

а) баймен қоса орта шаруа да соққы алды;

ә) сондықтан кедей-орташалардың бір бөлігі көп ретте байлардың соңынан ілесті;

б) байлар малдың қисапсыз қырылуына қол жеткізді;

в) жалған колхоздар ұйымдастыру осы уақытқа дейін жүргізіліп келді;

г) сөйтіп, осылардың бәрі бірқатар аудандарда ашаршылыққа душар етті». Мүсрепов, Ғатаулин, Дәулеткалиев, Алтынбеков, Қуанышев. [81, 76-77 бб.]. Ал «Қазақ тарихы» журналының 1995 жылғы №3 санында жарияланған «Алтаудың хаты» да мазмұны жағынан жоғарыдағы авторлармен үндес. «БК (б) П ОК-нің 17 қыркүйек 1932 жылғы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендету жөніндегі Қаулысынан кейін бес ай өтті, бірақ ешқандай ілгерілеушілік жоқ. оны кеңірек тарату мен іске асыру әрекеті де байқалмайды», «ХКК-нің мәліметі бойынша, 800 мың қазақ қожалығынан 1932 жылдың көктеміне қарай 450 мың қожалық қалды», - дейді. 24/II – 33 ж. ҚПИ (ИКП) тыңдаушылары: Ғ. Ысқақов, І. Қабылов, Ж. Арыстанов, Б. Айбасов. БК (б) П Казкрайкомның мүшесі Ғ. Тоғжанов, БК (б) П мүшесі және МГБИ (МГРИ) студенті О. Жандосов [82, 50 б.]. Хаттың негізгі идеясы, ол босып кеткен және аман қалған қазақ шаруа қожалықтарына байланысты нақты шараларды жасау керек екені айтылды. «Қателікке кім кінәлі?» деген атпен «Қазақстан коммунисті» журналында жарық көрген «ВКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің аштық жылынан кейін өткен пленумының стенограммасынан үзіндісінде (1933 ж. 10-16 шілде. VI пленумы.), сөйлеген үкімет басшыларының өкілдері мал шаруашылығындағы болған қателіктердің, асыра сілтеулердің, ашаршылық зардаптарының неден, кімнен болғанын анықтауға тырысты. Біріншіден, Голощекиннің ықпалынан шыға алмаушылық деген ой көзге түседі, екіншіден «ұлыорысшылдық» кінәлі болып шыққан, ал үшіншіден, негізгі идеялық қателіктерінің сол күйінше қалғанын байқалады [83, 39 б.].

«Казахстанская трагедия» деген еңбектің авторлары ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастырудың «трагедиясына» оның тез арада, 1932 жылы аяқталуға тиіс болғанын, Қызылорданың БКП (б) окружкомының V пленумында тіпті 1930 жылдың аяғы – 1931 жылдың басы деп белгіленгенін айтады [84, 53 б.]. Сонымен қатар «бірақ та Лениннің аппараттың амбициясына қайшы келетін ойлары «социализм теориясының» ауқымынан шығарылып тасталды» [84, 60 б.], - дейді. Осындай ойлардан соң

Қазақстанда 1932 жылдың ақпанында «колхоз шаруашылығының 87% және жеке шаруалардың 51,8% өздерінің малдарынан толықтай айырылғаны» [84, 61 б.], 1926 жылғы санаққа қарағанда «1939 жылы 1 321 мың адамның кемшілігі тіркелгені» (36,7% азайған), болмаса осы жылдары «өзбектер - 22%, тәжіктер - 29%, қырғыздар - 16%, қарақалпақтар - 25%-ға өскені» [84, 65-66 бб.] оқырманның көңіліне екі түрлі ой тастайтыны анық. Осы тұстағы саясат салдарынан 1933 жылы қазақтардың жалпы саны 4510 мың болуы тиіс еді, 1934 жылы Қазақстанда М. Татимовтың есебі бойынша тек қана 2900 мың қазақ болды дегеніне сүйене отырып, онда қазақтардың аштық салдарынан ел бойынша «1610 мың адамға азайғанын» М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғалиев көрсетеді [85, 107 б.]. Қазақстаннан 1930-1931 жылдары Қытайға 5 587 шаруа көшкенін (820 бай, 2 120 орта шаруа, 2 647 кедей шаруа) айта отырып, ал Кеңес Одағының түрлі жерлеріне 27 ауданнан 1930 жылы ғана 35 034 шаруа көшіп кеткенін, бұлардың 15 960 Орта Азия республикаларына, 901 Украинаға, 18 173 Ресей Федерациясына көшкенін Ш. Юсупов айтады. Көшкен шаруалардың әрқайсысы 25-тен артығырақ мал алып кеткенін көрсете отырып, ол бар кінәні байларға аударды [86, 63 б.].

Аштықтан қашқан қазақтар 1934 жылы Қазақстанның барлық өнеркәсібіндегі 72 мың жұмысшы мен қызметкерлердің 40,5%-ын құрағанын, 1934 жылдың аяғында Қазақстанның халық шаруашылығында 585 540 жұмысшы мен қызметкердің 232 605-і қазақ екенін, яғни 39,7% екенін келтіре отырып, зерттеуші ғалым А.Н. Нүсіпбеков мұндай «жетістікке» жетуге Отанымыздың өзге халықтарының «қарымсыз» көмегі себепші болғанын [87, 239 б.] көрсетеді. Бұл ойды М.С. Жүнісов теориялық тұрғыда былайша сипаттады: «ұлт үшін территориялық орналасу соншалықты маңызды», «адамдардың таптық жағдайына ешқандай территориялық шектеулік жоқ» [88, 35 б.] Яғни коммунистерге этностың жағдайы, оның бөлінісі, тілі, территориясы қажет емес. Ол сөзді Ленин де «Біз аяғына дейін интернационалистерміз және барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының ерікті одаққа біріктіруге тырысамыз» [88, 188 б.], - деп айтқанын келтіреді. В.П. Данилов аштан қаза болғандар санын 5-7 млн-нан 3-4 млн-ға түсірумен әуре болса [89, 65 б.], А.Б. Тұрсынбаев аштық саясатындағы асыра сілтеулерді, қателіктерді «бай-феодалдар элементтері пайдаланды» [89, 75 б.], - деп атап көрсетті. М.С. Бурабаев, С.В. Қайназарова мақаласында «үлкен құрбандық теориясының» жақтастарына Құрамысов, Беккер, Исаевты және т.б. жатқыза отырып, кемшіліктер мен аштық, мал-жан шығыны «буржуазиялық ұлтшылдарға социалистік құрылысты Қазақстанды отарлаудың жаңа формасы деуге негіз болды» [89, 160,162 бб.], - деп жоғарыдағы авторлардың ойын қайталады. Керісінше, Роберт Конквестің «Аштықтың ащы шындығы» деген еңбегінен алынған («Қасірет зардабы. Кеңестік ұжымдастыру және аштық терроры» (Лондон, 1988) үзіндіден орын алған ақиқатты көруге болады. «Правда» газетінің басылымы «Родина» журналының 1989 жылғы 9 номерінен ықшамдалып аударылған) Автор қазақтардан «аштық пен жазалаудан бір жарым миллиондай адам

қырылғанын анықтауға болатынын» айта келе, сан ғасырлардан бері өзгеше мәдени дәстүрлері қалыптасқан көшпелілер мен жартылай көшпелілерді бірер жылдың ішінде отырықшы, ұжымдасқан егіншілерге айналдыруды ұйғарғанын, ал бұл шешім қазақ ұлтының мүддесіне «қайшы» [90, 81-82 бб.] болғанын көрсетеді. Ол «Қазақстандағы осы тұстағы аштық, 1921 жылғыдай, жасанды түрде, яғни таза идеологиялық пікірден туған ойламсыз саясат жүргізудің нәтижесінде шықты» [90, 85 б.] деген ерекше тұжырым жасады. Роберт Конквест 1933 жылдан кейінгі 1937 жылғы қаңтардағы санақтың белгісіз болып тұрғанына назар аударған. Санақ ісінің басқармасының басшысы О.А. Квиткиннің 25 наурызда «елдің шын санын бұрмалағысы келді» (Большевик, 1938, №23-24), «СССР халықтарының санын қысқартқысы келді» (Правда, 17.1.1939) деген айыппен сотталған (Пирожков С.И. Жизнь и творческая деятельность О.А. Квиткина. Киев, 1974.) [91, 83 б.].

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап кеңестік биліктің ұлт мәселесін шешуде басты өзгерістер алып келген аграрлық және индустриалдық бағыттағы реформаларының қазақ ұлтына тигізген әсерін жаңа көзқараспен зерттеуге қол жеткізілді. М.Қ. Қозыбаевтың «1932 жылы ақпанға қарай Қазақстанда колхозшылардың 80 пайызы, жеке қожалықтардың 51,8 пайызы өз малдарынан ұжымдастырудың кері саясатынан түгелдей айырылғанын», оның салдарынан қазақ жұрты «3,5 млн. жылқысынан, 6,3 млн. мүйізді ірі қарасынан, 18 млн. қойдан» айырылғанын, ал түйе бағу саласының іс жүзінде «түгелдей жойылғанын» деген тұжырымы осының дәлелі [47, 8 б.]. Сонымен қатар отырықшыландыру саясатының тек қана шаруашылық апатына алып келмегенін М.Қ. Қозыбаев өзге еңбегінде атап кеткен. Ол кейін белгілі болған деректерге сүйеніп 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 көтерілістің болғанын, оған 80 мыңға жуық адам қатысқанын айта келе, 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін Қазақстаннан 281 230 шаруа шаруашылықтарының қоныс аударғанын, көбісі Қытай, Иран, Ауғаныстан асқанын. Жалпы аштық жылдары республикадан шетке «1 130 мың адам кеткен, оның 676 мыңы қайта оралмаған, тек 454 мың адам ғана кері оралғанын» жаза отырып, 1929-1931 жылдары ОГПУ-дің 5551 адамды жазаға тартып, 883 адамды атып тастаған [54, 196 б.]. Автор «Народ не безмолвствует» жинағының кіріспесінде де адам шығынын, аман қалған халықтың санын, қайта оралғандардың, сонымен бірге шетелге кеткендер санын көрсетті [92, 9-10 бб.].

Толық емес санақ бойынша «республикада ашаршылық құрбандар саны 2 млн. 200 мыңға жеткенін» [93, 9 б.] айтқан М.Қ. Қозыбаевтың есебіне М.Х. Асылбеков қосыла отырып, әсіресе 1932-1933 жылдардың аса ауыр болғанын, «осы кезде 2,5 млн. қазақ шетінеп, 616 мың қазақ көшіп кеткен, оның 205 мыңы шетелге өтіп кеткеніне назар аударған. Қазақтардың үлесі 58,5 пайыздан 33 пайызға түсті, ал олардың саны 1926-1939 жылдар аралығындағы санақ бойынша 1,3 млн. адамға азайып кетті», «сөйтіп қазақтар өз жерінде тұңғыш рет азшылыққа айналды». Авторлардың

ашаршылық құрбандарын әртүрлі бағалауын зерттеуші Л.Х. Төлешова зерттеуінде ашып көрсеткен. М. Олкот пен С.Г. Уиткрофт 1 млн., Б. Төлепбаев, В. Осиповтар 1 млн. 50 мен 100 мыңның арасында, ал өзге ұлттардан 200-250 мың десе, М. Қозыбаев 2 млн. 100 мың, оның 1 млн. 750 мыңы қазақтар, М.Х. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалиев та осыған шамалас санға тоқтаған. – 1 млн. 745 мың адам табиғи шығынмен қоса алғанда опат болды. М. Тәтімов бұл санды 2 млн. 100 мыңнан 2 млн. 300 мыңға жуық, - дейді, оны Т. Омарбеков та қолдады, А.Н. Алексеенко мен Н.Е. Масанов 46,8%-ға, яғни 1794,4 мыңға дейін жеткізетіндігін көрсетеді [94, 17-18 бб.]. Автор сонымен бірге осы жылдары шет елге кеткен қазақтар санын Конквест Синь-Цзянға (Батыс Қытайға) 200 мың қазақ өтті десе, Москвалық ғалымдар Ю.А. Поляков, В.Б. Жиромская, И.Н. Киселев 1930-1931 жылдары шетелге (қайтып келгендерін шығарып тастағанда) 1,3 млн-ға жеткізеді, М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілқожин, Қ.С. Алдажұманов 200 мыңдай болғанын көрсетеді, Б. Төлепбаев пен В.Осипов кеткендердің санын 500 мыңдай десе, М. Тәтімов 165 мың көлемін көрсетеді, ал Т. Омарбеков 100 мыңға жуық дегенге тоқтағанын айта келе, оның шетелге кеткендердің санын көтерудің «ашаршылықтан қаза болғандар санын азайтуға алып келетінін» ескерткен [94, 18-19 бб.]. Әрине, аштық апатының көрсеткішіне мұндай әртүрлі көзқарас көбінесе зерттеуші ғалымдар кінәлі емес екенін айту қажет, себебі кеңестік идеологтар өз қателіктерін, асыра сілтеу саясаттарының «жемісін» барынша жасыруға тырысқаны құпия емес, сонымен қатар дүниежүзілік қауымдастық алдында да өздерінің беделін түсіре алмасы анық еді. Ал оның негізгі себебі қайткенде капиталистік мемлекеттер қоршауында тұрған елдегі социалистік революцияның, социализмнің, млн. адам жолында құрбан болған идеологияның беделіне нұқсан келтірмеу керек болатын.

Өзге авторлар секілді емес: «патриотизм мен интернационализмді дәріптеуге құрылған, жекелеген ұлттардың көз жасын көрмейтін, көңіл-күйін сезбейтін тарихымыздың беттерін өмірге келтірді», - деп жазды. Т. Омарбеков 1929 жылы ғана Қазақстанда кеңестік шаруашылық өзгерістерінің күштеу саясатына негізделу нәтижесінде 30-дан астам үлкенді-кішілі көтерілістің болғанын көрсетеді [95, 4-5 бб.]. 30 жылға қарай күшейе түскен халық наразылығын Сталиннің бақылап отырғанын автор Голощекиннің 1930 жылы 21 сәуірде Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Смирновқа жазған аса құпия хатынан көруге болатынын көрсеткен [95, 5 б.]. Ол баскөтерулерге байланысты мынадай кестені ұсынды:

Жылдар	Өкімет өкілдеріне және кеңес, партия белсенділеріне қарсы терактілер	Бұқаралық бас көтерулер (банда бас көтерулері және көшулерді есептемегенде)	Колхоздар және совхоздар мүліктерін өртеу
1929	143	54	17
1930	139	241	42
1931	178	77	68
Қоры	460	372	127

[95, 267 б.]. К.С. Алдажұманов та 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 көтеріліс болған, кеңес билігі жауапқа тартқан Абралы көтерілісінің құрамында: 197 бай, 5 молда, 38 орташа, 9 саудагер, 26 кедей, 9 қызметкер көрсетілгенін дәйектеді. Автор бұл бөліске өзінің келіспейтіндігін көтерілісшілердің жетекшісі С. Кемпірбаевтың – 3 жылқысы, 2 сиыры ғана болғанымен дәлелдейді [96, 12,14 бб.]. Ал Ж.Б. Әбілқожин бұл өзгерістердің 1928 жылғы 27 тамыздағы декретке тікелей қатысты екенін көрсетеді. Ғалым пікірінше осы декрет бойынша 700 бай шараушылығынан 144 745 мал (ірі малға шаққанда) тәркіленгенін, 113 мыңға жуығы колхоздарға (29 мың, немесе 26%) және кедей-батрак шаруашылығына (85 мың, немесе 74%) бөлініп берілген [97, 23 б.].

Ұлт мәселесінің кеңестік реформалар мен оның салдарымен күрес тұсындағы шешілу барысына Б.А. Мұсаев, Е.С. Қуандық, М.Г. Ескендіров секілді зерттеушілер тәуелсіздік жылдарында қол жеткен жаңа методологиялық жетістіктер арқылы қарауға көп көңіл бөлді. Б.А. Мұсаев «Голод первой половине 20-х годов XX века в Казахстане: исторический, социально-политический анализ» деген еңбегінде 1921-1922 жылдардағы аштық проблемасын алғашқылардың бірі болып Н.И. Мардаровский (Голод в Крғизии и борьба с недородом. Оренбург: КирГлавполитпросвет, 1922.) қарастырған, алайда ол аштықтың себептеріне тек «халықтың сауатсыздығы, патшалық отарлық, бірінші дүние жүзілік соғыс, азамат соғысы» - деп большевиктік көзқараспен ғана түсіндіргенін, ал 30-40 жылдары бұл тақырып идеологиялық бақылауда болып, жабылғанын [98, 4 б.] айтты. Тек Н.С. Хрущевтің тұсында ғана бұл тақырып С.А. Нейштадтың (Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР в 1917-1937 гг. Алматы: КазГиз, 1957.) еңбегінде қарастырылды. Автор 2,3 млн. адамның аштыққа ұшыраған санын көрсетсе, Г. Чуланов, Б. Ишмухамедов, П.И. Антонов, М.М. Розманов халық шаруашылығына талдау жасады. Кейінгі жылдары бұл тақырып Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нұрпейсов, А.Б. Тұрсынбаев, А.Н. Нүсіпбеков, С.Б. Баишев, Г.Ч. Чуланов, М.Х. Шаумян, В.К. Григорьев, Е.Л. Виленский т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. К.Н. Нұрпейсов, Г.Ф. Дахшлейгердің «История крестьянства Советского Казахстана» (Т.1. Алматы: Наука, 1985) еңбегіне «жиналған материалдарды жүйелеп, оны сол кездегі үстем көзқарас тұрғысынан баяндады» деген сипаттама берді. Автор А.Н. Алексеенконың жергілікті халық ашаршылық кезінде 414 мың адамнан, немесе 18,5% айырылғанын А.М. Мамырханова бүкіл Қазақстан 876.201 адамнан айырылғанын, оның 410.669-ы қазақтар дегенін келтіреді. Дегенмен, автор санақ есептерінің болмауы және жергілікті атқарушы органдардың нашар жұмысына байланысты ашығу шығынының «дәл санын айту қиын» деп пайымдаған.

Қазақстанда ашыққандар саны (Жетісу мен Сырдария облыстарын есептемегенде) 1921 жылдың аяғында 2 млн. 875 мың 430 жеткендігін [99, 33

б.] Г.Х. Халидуллин көрсетеді. Зерттеуші Е.С. Қуандық еңбегінде 50-60 жылдардағы Н. Киікбаев, Б.А. Амантаев, Б.Ф. Шахматов, М. Шаумян және т.б. тарихшы ғалымдардың еңбектері «кіші Октябрь» мәселесінің «шынайы бет-пердесін, кемшіліктерін ашық көрсетпей, айналып, болмаса бүркемелеп», таптық көзқараспен шектеліп отырғандарын, 70-80 жылдарда қазақ ауылының 20-30 жылдарындағы жағдайын тереңірек, молырақ қарастырғандар қатарына: Б.К. Бейсембиев, Ж. Жұмабеков, Ж. Ибраев, Б.А. Төлепбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нұрпейсов жататынын айта келе, «аталмыш іргелі еңбектердің авторларының көп жағдайда сол кездегі идеологияның ықпалынан шығуға мүмкіндіктері болмағандығын» көрсетті. Қазан төңкерісінен кейінгі 11 жыл уақыт өтсе де қазақ жерінде кеңестер өкіметі жаңадан «тап жауларын» қолдан жасап, оларды «жоюды басты мақсат етіп қойды» [100, 23 б.] деген автордың ойы сын көтермейтіні көрінеді, өйткені қазақ қоғамы большевиктер ойынан шығатындай терең өзгерістерге түсе қойған жоқ болатын. Ал Г.Х. Халидуллин кеңестердің Қазақстанда азық-түлік отрядтарын 1920 жылғы маусымнан бастап енгізгенін, олардың шектен шыққан бассыздығын, НЭП (жаңа экономикалық саясат) енген соң да (1921 ж.) күшпен азық-түлік алу тоқтамағанын көрсетті [99, 20-27 б.]. Сонымен қатар Л.А. Прокопенко кейінгі жылдардағы ұжымдастыру саясатының шаруаны өндірістің «құралы мен нәтижесінен» аулақтатқанын, сол себептен олардың еріксіз колхоздарға еніп, онда ең ауыр жұмыстар істегенін, тәуелді жанға айналғанын атап көрсетті [101, 20 б.].

Кеңестік реформалардың салдарынан өз жерінде азшылыққа айналған қазақ ұлтының жағдайын Г.Г. Тақуова тың жерлерді игерумен тығыз байланыста қарастыра отырып, қазақ ұлтының саны 21%-ға көбейгенімен республика халықтарының құрамындағы үлесі «1939 жылғы 38%-дан 1959 жылы 30%-ға азайып» кеткенін [25, 17-18 бб.] айта келе, М.Х. Асылбеков, В.В. Козина еңбектері, И.Д. Никифоров, У. Исқақов, Ж.К. Қасымбаев зерттеулері мәселені толық қараған деп айтуға болатындығын көрсетеді [25, 6-7 бб.]. Сонымен қатар қазақ ұлтының өз жерінде азшылыққа айналуына М.Х. Асылбеков, В.В. Козина «коллективизация тұсында СССР-дің орталық аудандардан Қазақстанға 250 мың шаруалар (раскулаченные) жер аударылып келгенін», сонымен қатар өнеркәсіп құрылысы үшін, соғысқа дейінгі жылдары еуропалық бөліктен тағы да «1 млн. 200 мың адам қоныс аударылып келгенін» Әр жылдары Қазақстанға «800 мың неміс, 18,5 мың корей жанұясы, 102 мың поляк, 507 мың Солтүстік Кавказ халықтары депортацияланғанын», халықтарды депортациялау салдарынан республика халқы 1 млн. 500 мың адамға көбейіп, тың жерді игеруге 1,5 млн. адам келген, 150 мың адам жабық әскери объектілерге қабылданған [102, 68 б.]. Ғалым Т. Омарбеков болса «тыңға шабуыл» ұранының тасасында да қазақ даласына «славяндардың жаңа лебін қоныстандыру», сөйтіп қазақ даласын бейбіт жолмен «отарлау саясаты тұр» [21, 7 б.], - деп бағалады. Осылайша, қазақ жерінде жүрген лениндік ұлт саясаты тек қана шаруашылық

өзгерістерге ғана емес, сонымен бірге этникалық дамуға да өзінің зиянын тигізді.

Қазақстан халқын отырықшыландырудың қорытынды кезеңіне 1933-1935 жылдарды жатқыза отырып, 1935 жылы мемлекеттің отырықшыландыру шығыны 350 млн. рубль болғанын, сонымен қатар ауыл шаруашылығын механикаландырудың табыстарын Г.Б. Карагизова ашып көрсеткен. Алайда, автор бұл жағдайға басқа көзбен қарау керек екенін көрсетеді, өйткені колхоз егістіктерінде олар «тегін», мемлекеттің қаржысымен емес сол колхоз есебінен өмір сүргенін көрсетеді: еңбек ақыларына - 20% бидай, жүгері, мақта және 17% қызылша, 16% картофель алып отырған. Бұл МТС (машинно тракторные станции), МСС-тар (машинно сенокосные станции) автордың ойынша экономикалық жағдайдың жақсаруына емес, керісінше колхоздарды құлдыққа салғандай болғанын айтады [103, 16 б.]. В.К. Григорьев тарихи әдебиеттерде ұжымдастыруға, индустриаландыруға даяр сияқты сипатталғанымен, шын мәнісінде ауылдың «қайта құруға толықтай даяр емес екендігі - ескерілмеді» дей келе, ол осындай түбегейлі өзгерістерге дайындығы бар орыс шаруалары 12 жыл ойлануға және тәжірибе жинауға уақыт алса, ал артта қалған қазақтар «1 ғана жыл алғаны» [104, 219-220 б.] туралы жазды. Ал осы өзгерістердің басы зерттеуші О. Мұхатова көрсеткендей, ауыл шаруашылығының дағдарысқа тірелу себептері: «1920-жылдарда жүргізілген қайта құрулардан басталады, басты себептері: ауыл шаруашылығын дамыту мемлекеттік меншікке негізделуіне байланысты; нарықтық қатынастарды теріске шығаратын концептуальды теория орныққан» [105, 5 б.]

Ұлт мәселесінің кеңестік кеңістікте өзгеріске түсуіне қатысты ой айтқан зерттеушілерге, тарихтың «көлеңкесінде» қалып келген авторлардың есімдеріне, олардың көшпелі мәдениетке деген ойларына зерттеуші К.Т. Сантаева еңбегінде баса назар аударды. Ол «С.П. Швецов, М.Г. Сириус, Н.Н. Челинцев, А. Донич, Е.А. Полочанский, В.В. Благовещенский, Б.С. Бырдин, В.И. Скороспешкин, Н.П. Филатов, К.А. Чувелев, Б. Соколовский» еңбектерін атады. Олар ғасырлар бойы қазақ даласында берік қалыптасып қалған «дәстүрлі мал шаруашылығының эволюциялық даму жолын сақтауға» шақырғаны, аты аталған авторларды, осындай көзқарасты ұстанған Алашорда қайраткерлерін «буржуазияшыл экономистер», «контрреволюционерлер», «зиянкестер» бағыттары деп айыпталғаны жөнінде жазды. И.А. Зверяков, Н. Сырғабеков, Ф.И. Голощекин, П. Исаков, Ғ. Тоғжанов, Б. Семевский, Е. Федоров т.б.» еңбектерінің қазақстандық белгілі тарихшы ғалымдар А.Б. Тұрсынбаевтың, Г.Ф. Дахшлейгердің, Б. Төлепбаевтың, К. Нұрпейсовтың еңбектерінде қарастырылмағанына тоқталған [106, 9 б.].

Зерттеуші З. Майданали да дәстүрлі қазақ шаруашылығын сталиндік емес жолмен біртіндеп өзгертудің ғылыми бағыты болғандығын көрсетті [107, 6 б.]. Оларға қарсы ресми идеологияны ұстанған Н. Сырғабековтың «Против буржуазных теорий развития С.Х. Казахстана» деген мақаласын

келтірді. Онда Н. Сырғабеков «контрреволюциялық теориялардың иелері» Швецов, Полочанский, Рыбников, Бөкейханов, Сәдуақасовтарды неше түрлі атаулармен атай отырып, олардың теорияларының социализмге жат жерлерін сынға алған болатын [107, 154-156 бб.]. Автор 50 жылдардың ортасынан бастап колхоз құрылысының проблемасын қарқынды зерттеудің басталғанын айта келе, «тарихи-партиялық» бағыттың өкілдеріне А.Б. Тұрсынбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Б.А. Төлепбаев, К. Нұрпейсовты жатқызды. Дегенмен, автор олардың идеологиялық догманың «құрбандары болғанын» ресми бағыттың солай болғанына «басқаша болуы мүмкін емес болатын» деген көзқарасты ұстана отырып, жаңа, тәуелсіз көзқарасты ұстанғандар қатарына: М.Қ.Қозыбаев, Н.А. Рогалина, Ж.Б. Әбілқожин, А.И. Колгановтарды жатқызды [107, 8-9 бб.]. Ал М. Қойгелдиев пен Т. Омарбековтың «Тарих тағлымы не дейді?» еңбегін жоғары бағалай келе, қарастырылып отырған проблемаға байланысты «жүйелілік жетіспей жатқанын» айтты [107, 10 б.].

Шетел зерттеушілерінің кеңестік реформалардың, өзгерістердің қазақ халқына тигізген әсерін, алып келген қасіретін ашық айтқаны М. Сужиков, А. Нүсіпбеков, Х. Бисенов, Т. Елеуов, А. Туғанбаев, Д. Кішібеков, Г.Ф. Дахшлейгер, К.Л. Есмағамбетов секілді зерттеушілер тарапынан сынға ұшырады. Қазақ еңбекшілері «революцияға қатысқан жоқ», кеңес өкіметі тек қана орыс қызыл гвардиясының «штык күшімен» орнады», П. Погорельский мен В. Батраковтың: «Өлкенің аборигендері бұл күресті (социалистік революция) бақылап қана отырды, бірақ көпшілік болып қатыспады» деп айтқандарын М. Сужиков қатаң сынға алды. Н. Киікбаев та пролетариаты, саяси ұйымы жоқ, артта қалған, саяси сауатсыз халыққа көп міндет артуға тырысты, алайда, автордың өзі орыс жұмысшылары мен солдаттарын «ұйымдастырушы» ретінде көрсетуге мәжбүр болды. Кеңестік зерттеушілер лениндік ұлт саясатының Қазақстанда іске асуы жайлы тек қана позитивті тұрғыдан тұжырымдағаны белгілі, олар еңбектерінде пролетариат диктатурасының орнауымен «ұлт езгісін және ұлттық теңсіздікті» жойып, «ұлттық мәселенің нағыз демократиялық шешімін» бергенін, еліміздегі халықтар «бостандық» және «бақыт жолына» түскенін [17, 12 б.] көрсеткен болатын. А. Нүсіпбеков, Х. Бисенов еңбегінде өздерінің назарын Баймырза Хаиттың «Туркестан в XX столетии» (Б. Хаит. Туркестан в XX столетии. Дармштадт, 1956.) еңбегіне аударды. Авторлар Б. Хаит секілді авторларды «сатқындар», «өткенге, бүгінге жала жапқыштар», «жазушы сымақтар», «тарих қоқысына лақтырылғандар», «қасқырлар», «шірігендер», «азғындар» т.б. деп атай отырып [108, 4,6-7 бб.], барлық империалистік қатардағы елдердегі антисоветтік орталықтар осы «түркістандықтарға» да сүйенгенін [108, 6 б.] көрсетті. Олар Б. Хаиттың Алаш азаматтары секілді «түркістан халықтарында тапқа бөліну болған жоқ», «бұл – тапсыз қоғам болатын», Түркістандағы «нағыз қанаушы тап орыс басқарушылары мен отарлаушылары» деп айтқанын келтіреді [108, 32-33 бб.]. Т. Елеуов те «буржуазиялық фальсификаторлар» Ресейден Орта Азияға революцияның «экспортталғанын», қазақ, өзбек, түркмен, қырғыз т.б. халықтардың

«социалистік революцияға дайын еместігін», оған «қатыспағандығын», сонымен қатар кеңес өкіметін бұл халықтарға орыстардың «алып келгенін» [23, 6 б.] айтқанын сынға алу арқылы кеңестік ғылыми методологияның бағытын тағы бір анықтап берді.

Тарихта белгілі жағдайдың бірі, тіптен талас тудыра қоймас «басында ешбір революциялық ойы жоқ, өз жерін, малын жақсы көретін қарапайым қырғыз халқы коллективизацияға қарсыласып штыкпен шаншылды, атылды және жер аударылды» [109, 445 б.] деген У. Дугластың сөздерін А. Тұрсынбаев жоққа шығаруға тырысты. Ал «Против буржуазной фальсификаций истории Казахстана» деген өзге бір зерттеуінде «Ресейдің бұрынғы езілген халықтарында сувренитет жоқ, большевиктер орыс патшасының ескі отарлық жүйесін жалғастырып келеді» деп жазған шет елдік авторларды да [110, 20 б.] сынға алды. Буржуазиялық фальсификаторлар өмірдің өзі «жоққа шығарған» Октябрь қазақ ауылына «соқпай өтті» деген тезисті қайтадан көтеріп, Орта Азия мен Қазақстан халықтары «Октябрь революциясын түсінбеді» дегісі келеді. Осылардың қатарында «тарихтың фальсификаторлары» Кастанье, Эссерстон, Бейли, Зеки Велиди Тоган, Б. Хаит және т.б. бар [110, 25 б.], - деп атап көрсетті.

А. Туғанбаев шаруашылық, экономикалық, өнеркәсіптік табыстарды тізе отырып [111, 26,30,34-36 бб.], осындай табыстарға қарамастан сыртта «кеңестік ұлттық саясат ол отаршылдықтың жаңа формасы» [111, 5 б.] дейтін ғалымдардың бар екенін атап кетті. Тоталитарлық кеңестік жүйенің өзгерістеріне сын айтқан шет елдік авторларға қарсы ойын Г.Ф. Дахшлейгер де қарастырды. Ол А. Парктің «1917 жылға дейін марксистердің өзі мұндағы жағдай әлеуметтік революцияға қолайсыз деген болатын, ... орыс революциясының тұсында мұндағы көп жерлерде көшпелі жағдай, қарапайым тайпалық ұйым әлі өзін жойған жоқ еді, бұл кезде жеке меншік тек бастапқы формада көрінді» деген сөздерін келтіре отырып, У. Коларцтың «Қазан революциясы ол - орыс революциясы, Ресейде болғандықтан емес оны мұнда [Қазақстанда] орыс нәсіліндегі, мәдениетіндегі халық жүргізді. ...орыс қоныстанушылары коммунистік үгіттің мұндағы жалғыз сүйеніші болатын» [28, 34 б.], - деп айтқан сөздерін сынға алды. И.М. Краснов АҚШ буржуазиялық тарихнамашылары Октябрь социалистік революциясының жеңісін «жаман қарсы алғанын», мысалға 1918 жылғы қазанда АҚШ-тың қоғамдық ақпарат Комитеті 68 құжатты брошюра түрінде жарыққа шығарғанын, онда большевиктердің мемлекеттік «билікті басып алғанын», халық бұқарасының рөлі «төмен болғанын көрсетеді» [112, 128-129 бб.], - деп сынады. Д. Кішібеков болса Дж. Уилердің «дәстүрлі жерді, суды пайдалануды жою арқылы Кеңес өкіметі мұсылман қоғамының негізін шайқады» деген сөзін келтіре отырып, «ұжымдастыруда жекелеген, кейбір қателіктердің болғанын» ресми деректерді пайдаланып көрсетті, «бірақ олар өз уақытында және тез шешілгендігін» айтқан [113, 42-43 б.]. Шетелдік Ян Мэррей Мэтли, Мартин Макколи европалықтардың көптеп келуіне байланысты қазақтардың пайызы «онан сайын төмендеді» деген пікіріне

автор «социализм тұсында өндіргіш құрал-жабдыққа жеке меншік жойылған, қанаушы және қаналушылар жоқ, ұлттық, нәсілдік бөлінушілікке қарамастан өзара тең, отарлауға орын жоқ» [113, 69 б.] деген тәрізді саяси үгіт-насихатқа көбірек келетін сөздер арқылы жауап берді.

Кеңестік тарихта қалыптасқан дәстүрмен жер-су реформалары, тәркілеу, ұжымдастыру, кеңестендіру секілді Кеңес мемлекетінің саясаты туғызған қарсылық нәтижесінде пайда болған «басмашыларды» тек «бандиттер», «қарақшы», «контрреволюциялық қозғалыс», «қанаушы таптың сүйеніші, жоғын жоқтаушы», «азғындар, қылмыскерлер, адам кейпінен айырылғандар» деп сипаттай келе, Х. Иноятов «буржуазиялық тарихнамашылардың», мысалға Чарльз Варен Хостлер, Вели Каюмхан, М. Рывкин басмашылық қозғалысын «Орта Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы», басмашыларды «ұлттық бостандықтың тамаша күрескерлері» және де «бұл азаттық үшін қозғалысқа барлық халықтар қатысты», «ұлттық патриоттар қозғалысы» деген баға бергенін сынға алды [51, 312-317 бб.]. Сонымен қатар өзге зерттеушілерден бөлек тұрған С.З. Зиманов Қазақстанда толықтай немесе жеке бөліктерінде ұлттық жұмысшы табы, осы сөздің қатаң түсінігінде болмағаны, тек «саны аз, бытыраңқы, санасы аз, өзерінің көшпелі және жартылай көшпелі ұжымдарымен байланысын үзбеген» жұмысшы қабаты болғаны, сонымен қатар 1918 жылдың ортасына дейін өлкеде болшевиктердің бір де орталығы «болмағаны» шет ел зерттеушілерінің жазғандарымен үндес екенін көреміз. Жұмысшы табының барлық ұлттардың, халықтардың, еңбек адамдарының мүддесін «біртұтас біріктіреді» [114, 168 б.] деген қорытынды жасай отырып, Н. Джандильдин «таптық психология ұлттық мінезден кең ұғым», таптық мүдде этникалық ерекшелік, мінез араласпайтын жерге де араласатыны туралы жазды [114, 37-38 бб.]. Сонымен кеңестік авторлар коммунистердің негізгі қызметі ол В.И. Ленин анықтап бергендей «отарлық және патриархалды-феодалдық мұраларды жоюдың» арқасында мүмкін екенін көрсетті. Яғни қазақ халқының көшпелі, рухани мәдениеті, салт-дәстүрі большевизмнің идеологиясына, мүддесіне орын беруі тиіс болатын.

Қорыта келе, кеңестік аграрлық және индустриалдық реформалардың қазақ өлкесіне тигізген әсері, ол өзгерістердің қазақтың көшпелі мәдениетінің, салт-дәстүрінің, тілінің тағдырына ықпалының зерттелуі талданды. Кеңестік кезеңде зерттеу маркстік-лениндік методология және таптық бағытта жүргізілген. Солардың салдарынан қазақ ұлтының тарихи қасіреті ашылмады. Ұлт мәселесі большевиктік идеологияның шырмауынан шыға алмады. Осыған орай одақтық республиканың бірі болған Қазақстанға орталық шикізат базасы ретінде ғана қарады. Республиканың байырғы халқы, оның мәдениеті, тілі, тарихы біртұтас кеңестік халық деген түсінікпен араласып кетті. Қазақтар «аға ұлттың» айтқанына көніп, айдауына жүруге тиіс болды. Осыған байланысты тарихи зерттеулер тоталитаризмнің құрсауында қалып, коммунистік биліктің мүддесінде тұжырымдар жасауға мәжбүр болды.

Кеңес Одағының ыдырап, социалистік жүйенің жойылуына байланысты қазақстандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық проблемаларын қайта қарап, жаңа тарихи таным қалыптастыру қажеттілігі туындады. Отандық тарих ғылымында ары қарай зерттеулер жүргізу үшін жаңа ұстанымдар, бағытар, әдістер пайда болды. Ұлт мәселесіне жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, дербес, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар түйіндеу қалыптасты. Өткен ғасырдың жиырмамыншы, отызыншы жылдарындағы қазақ тарихындағы оқиғалар мен үдерістер шынайы зерттеле бастады.

3-тарау. МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мәдени революцияның ұлт мәселесіне әсері

Буржуазиялық ұлтшылдар капиталистік қоғам тұсында ұлттық мәдениеттің бірлігін алға тартқанына марксистер езілушілер мен езушілердің ортақ мәдениеті болмайтынын алға қойған болатын. Большевиктердің

ойынша ұлттық мәдениет мазмұны жағынан таптық қоғамда дамуына байланысты таптық болады. Дегенмен, «есть хотя бы не развитые, элементы демократической и социалистической культуры, ибо в каждой нации есть трудящаяся и эксплуатируемая масса, условия жизни которой неизбежно порождают идеологию демократическую и социалистическую» [1, 290 б.] - деп В.И. Ленин социалистік мәдениеттің бастауын көрсете отырып, оның негізгі мақсатына нағыз мәдени прогресстің саяси алғы шарты қанаушылар өкіметін құлату және пролетариат диктатурасын орнату екенін көрсетті. Партияның ресми әдебиетінде «Мемлекеттік өкімет билігін жеңіп алғанда ғана жұмысшы табы мәдени революция жасай алады, еңбекшілер бұқарасын рухани құлдық пен қараңғылықтан құтқарып, ғылым мен мәдениеттің барлық байлығын олардың игілігіне айналдырады» [2, 345-346 бб.] деген жолдар бар. В.И. Ленин «Пролетариаттың жаңа мәдениетін ойдан шығару емес, осы күнгі мәдениеттің озық үлгілерін, дәстүрлерін марксизмнің дүниеге көзқарасы тұрғысынан және пролетариаттың өз диктатурасы дәуіріндегі күресі мен өмірінің жағдайларына қарап дамыту» [2, 346 б.] деген тұжырым жасады. Яғни ол социалистік мәдениетті қанаушы қоғам жағдайларында жасалған мәдениеттің барлық таңдаулыларының нағыз және заңды мұрагері деп есептеді. Өткендегі мәдениет мұраларының ең құндыларын іріктеп алу, ескі буржуазиялық мәдениеттің реакциялық жақтарын алып тастау мәдени революция міндеттерінің бірі болды.

Халықтың мәдени дәрежесін көтеруді де еңбек өнімділігін арттырудың, өндіргіш күштерді қалпына келтірудің және дамытудың маңызды шарты деп есептеді В.И. Ленин. «Ең жаңа ғылымның соңғы табысына сүйеніп құрылған ірі капиталистік техникасыз.., - деді В.И. Ленин, - социализм орнату мүмкін емес» [3, 241-242 бб.]. «Жаппай сауаттылыққа жету, мұнымен ешбір тынбай, қайткен күнде де онан әрі жылжып, еуропалық және америкалық мәдениеттің шын бағалы нәрселерінің бәрін үйрену: - мұның өзі біздің ең бірінші және ең басты міндетіміз» деп атап көрсетті В.И. Ленин [2, 350 б.]. Осы тұста мәдениет саласының болашақ мақсат, мүддесіне И.В. Сталиннің сөзі арқылы анықтама берсек: «ұлт мәдениетінің дамуын қолдап отырған себебіміз – олар даму керек, пролетариат барлық елде жеңген кезде бір тілдегі, социалистік мәдениетке жол ашылады» [1, 290 б.]. Яғни бір сөйлемде маркстік-лениндік идеологияның, ұлт саясатының, сонымен қатар социалистік құрылысты орнату жолындағы әдіс-тәсілдің барлық қарама-қайшылығы орын алған. Осы секілді өзге де тұжырымдар партияның пограммасында қарастырылды: барлық азаматтардың теңдігі (нәсіліне, ұлтына, дініне, жынысына қарамай); азаматтардың өз тілінде білім алуына деген құқы; жиылыстарда әрбір азаматтың өз тілінде түсінісуге деген құқы; қоғамдық орындарда, мемлекеттік мекемелерде ұлт тілінің мемлекеттік тілмен қатар жүруін енгізу. Сонымен қатар партия ҰОС революциясы берген халықтардың саяси теңдігі ұлт мәселесінің шешілу жолындағы алғашқы қадам деп есептеді. Осыған байланысты халықтардың ұлттық мемлекеті құрылды.

Бұрын артта қалған халықтардың теңдігіне нақты жету үшін саяси, шаруашылық және мәдени артта қалушылығын жою міндеттерін іске асыру үшін ұлттық аймақтарда өнеркәсіп орындарын ашу, жұмысшы табын, халық интеллигенциясын қалыптастыру, мәдениетін дамыту, білім ошақтарын салу, т.б. жүзеге асырылды. «Туысқан орыс халқының көмегінің арқасында өнеркәсіп орындары ашылды, ұжымдастыру, мәдени революция... арқылы халықтардың артта қалушылығын жоюға көмектесті» [1, 291-293 бб.]. Кейін РКП(б) XII съезінің (1923) шешімдерінде бекітілген Сталиннің төмендегі ойларында («Национальные моменты в партийном и государственном строительстве. Тезисы к XII съезду РКП(б), одобренные ЦК партии». Сталин И.В. «Правда» №65. 24 март, 1923 (Сталин И.В. Соч., т. 5.) коммунистік партия мен мемлекеттік құрылыстың ұлт мәселесіне қатысты мақсат, міндеттерінің қатарында ұлт мәселесінің тек социализм тұсында ғана шешілетінін, ұлттардың өз құқын шешудегі суверендігі, теңдігі, ұлтшылдықтың барлық түріне күресе отырып, өз жұмысшы табын қалыптастыру арқылы, өз интеллигенциясын дамыту арқылы теңсіздігін, артта қалушылығын жоятындығы айтылды. Сонымен қатар ұлт мәселесінің мақсат-міндеттерін іске асыру шаруашылық, өнеркәсіп және мәдени революция өзгерістерімен, жетістіктерімен, дамуымен қатар жүргені көрінеді:

«Кеңестік құрылыста мыналарды істеу керек болатын:

- ұлт республикаларының, облыстарының органдарын негізінен жергілікті адамдар, жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпы мен салтын білетін адамдар құрауы тиіс;

Партия құрылысында:

- ұлт республикаларының жергілікті партия жұмыскерлерінен жоғары типтегі маркстік кружоктар құру;
- өз тілдерінде маркстік әдебиетті дамыту;
- Шығыс халықтарының Университеттерін және оның жергілікті жердегі бөлімдерін күшейту;
- одақтас республикалардың компартиясының ОК-нің жанынан жергілікті жұмыскерлерден инструкторлық топтар құру;
- өз тілінде көпшілік партиялық әдебиетті дамыту;
- республикаларда партиялық-тәрбие жұмысын және жастар арасындағы жұмысты күшейту» [1, 295-296 б.].

В.И. Ленин кооперативтендіру идеясына үлкен сеніммен қарады, сонымен бірге «бұл толық кооперативтендірілу жағдайының өзі шаруалардың (нақ сол, қалың бұқара болып табылатын шаруалардың) мәдениеттілігін керек ететіндігі сонша, бүтін бір мәдени революциясыз толық кооперативтендірілудің өзі мүмкін емес» екенін де атап кетті [2, 342-343 бб.]. Ол мәдени революцияның міндеттерін шаруашылық өзгерістерімен байланысын: «Ағартудың нәтижелерін, шарауашылықтың жақсаруымен ғана өлшеуге болады» [2, 351 б.], - деп көрсетті. Ал партия бірінші бесжылдық тұсындағы жағдайды «Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру шаруалардың

материалдық әл-ауқаты мен мәдени тұрмыс дәрежесінің жақсаруына объективтік жағдай туғызды. Деревнядағы капитализмнің түп тамыры үзілді, мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктің экономикалық негізі жойылды. Еңбекші шаруалар кулактардың езушілігі мен қанауынан азат болды. «Кедейлердің бәрін дерлік колхоз құрылысымен қамту, осы негізде шаруалардың байлар мен жарлыларға жіктелуінің және осымен байланысты деревнядағы қайыршылық пен пауперизмнің жойылуы» («Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі». Стенографиялық есеп, III том, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962, 237-бет.) бірінші бесжылдықта шаруалар жағдайының түбірімен жақсаруының негізгі факторы болып табылды. Мәдени революциядағы зор табыстар бірінші бесжылдықтың ерекше сипаты болды. ...Халықтың сауаттылығы 67 проценттен 90 процентке дейін көтерілді» [2, 600-601 бб.], - деп атап өтті.

КСРО-да социализмнің жеңуі деп аталған жылдары (1933-1937 жылдар) большевиктердің «екінші бесжылдықта капитализмнен социализмге өту кезеңінің басты міндеттері шешілді: антогонистік таптарды және қанау атаулыны тудыратын капиталистік элементтер мен себептер біржола жойылды; барлық еңбекшілер социалистік қоғамның саналы да белсенді құрылысшыларына айналды» [2, 605 б.] деуі түсінікті еді. Осы жылдары «Мәдени революция ойдағыдай жүзеге асырылды. Сауатсыздықты жою аяқталды, мектеп ісі өрістетілді. Бүкіл елімізде міндетті түрде жетіжылдық білім беру енгізілді. Орта білім алу кеңінен өрістеді» [2, 663 б.]. Сонымен қатар мәдени революцияның жетістіктерінің табысты қолданылған саласының бірі идеологиялық майдан болатын. Партиялық үгіт пен насихаттың сапасын жақсартуға, партия қызметкерлері мен насихатшы кадрларды дайындауда, идеологиялық жұмысты жақсартуда ВКП(б) ОК-нің партияның XVII съезінен кейін қабылданған «Таяу уақыттағы насихат жұмыстары туралы» (1935 жылғы июнь), «ВКП(б) ОК-і жанынан насихатшылардың Жоғары мектебін ұйымдастыру туралы» (1935 жылғы ноябрь), «ВКП(б) ОК-і жанындағы партия ұйымдастырушыларының жоғары мектебі туралы» (1935 жылғы июль), Дзержинский атындағы Балахнин целлюлоза-қағаз комбинатындағы (Горький) саяси үгіттің жайы туралы» (1935 жылғы желтоқсан) қаулыларының «зор маңызы болған» [2, 645 б.].

Кеңестік Қазақстанның ғылымындағы мәдени революцияның қызметіне, дамуына, оның қазақ өлкесіндегі большевиктік ұлт мәселесін шешудегі рөліне көп көңіл аударған зерттеуші Н. Джандильдин лениндік ұлт саясатының қомақты бір саласы мәдени революцияны былайша сипаттады: «еңбекшілердің коммунистік дүниетаным негізіндегі санасындағы және психологиясындағы түбірлі өзгерістердің күрделі міндеттерін шешу, рухани мәдениет байлығын құру, халық тұрмысының өзгеруі» секілді сөздермен анықтай отырып, «Жұмысшы табы күні өткен ескі реакцияшыл қанаушы таптың көне мәдениетін қирата отырып, оны лақтырмайды, керісінше сақтайды... сын көзбен жаңа, социалистік мәдениетті құру үшін, бастапқы материал ретінде, пайдаланады» [4, 4 б.], - деп лениндік ойды қолдады.

Сонымен қатар ол: «Мәдени революцияның ерекшелігі сонда, ол жоғарыдан басқарылады, социалистік мемлекеттің инициативасымен, аса кең көпшілік еңбекшілердің қолдауымен» жүргізілді [4, 5 б.]. Жүздеген жылдар бойы қазақ даласында мәдениетсіздік және қараңғылық тұрды, Россияға қосылғанға дейін Қазақстанда бір де бір зиялы қауым мектебі болмады» [4, 6-7 б.]. Кеңес өкіметі өзінің алғашқы күнінен бастап Коммунистік партия өзінің «ұлы Ленин» негізін қалаған ұлт саясатын жүргізгенін, лениндік ұлт саясаты «бар күшін аз ұлттардың бостандығының дамуына, олардың экономикасын және мәдениетін көтеруге, біртұтас ұлттық мемлекет көлемінде халықтар достығын нығайтуға бағыттап отырды» [4, 10 б.] деген қорытындыға келді.

Автор РСФСР-де 1919 жылғы желтоқсанда ХКК-нің сауатсыздықты жою жайлы декреті шыққандығын, осы саясаттың әсерімен Қазақстанда «1930 жылы ересек адамдардың арасында сауаттылар 40 пайызға жеткенін» жазды, «1939 жылғы санақ бойынша – 9 жастан жоғары қарай 76,3 пайыз, оның ішінде ерлер - 85,2; әйелдер - 66,3 пайыз» болғандығын келтіре отырып, Қазақстанда мұғалімдер санының «1924 жылы 4000-нан асқандығын (1911 жылмен салыстырғанда екі есе өскен)» келтіріп, мектептердің индустриалдандыру, ұжымдастыру, ірі өнеркәсіптердің, колхоз, совхоздардың орнауымен байланысты, әрі жалпы міндетті бастауыш білім беруді енгізгеніне 2 жыл болғанда «1932/1933 оқу жылы мектептердің саны - 6 869, оқушылардың саны – 576 мың болғанына» [4, 15 б.] назар аударды. Алайда, өзге авторлар секілді ол да «76,3 пайыз, 66,3 пайыз» деген сандардың арасында қазақ ұлтының үлес салмағына келтірмеген, тек теориялық-методологиялық талаптың міндеттерін орындай келе, сауатсыздықпен күрестің жеңіспен аяқталғанын: «Бұл лениндік ұлт саясатының данышпандығының және жеңімпаз күшінің жарқын көрінісі болатын, еліміздегі өзге халықтар мен қатар қазақ халқының ғасырлық артта қалушылық, қараңғылық пен надандығын жою, жаңа социалистік мәдениет үшін күрес майданындағы осындай айқын жеңісін қамтамасыз етті» [4, 16 б.], - деп кеңес өкіметінің лениндік ұлт саясатының жеңісін дәріптеді. Сонымен қатар Н. Джандильдин жоғарғы және орта арнаулы білім беретін орындардың маңызды екенін, мәдени революцияның негізгі мақсатына «Қазақстандағы мәдени революцияның ең басты нәтижесінің бірі коммунизм және халық ісіне соңына дейін берілген көптеген қазақ кеңестік интеллигенциясын құруда шешуші роль атқарған орта және жоғары оқу орындарының өсуі» [4, 26 б.] қазақ зиялыларының ендігі жерде тек кеңестік, коммунистік екендігіне назар аударды.

Мәдени революцияның лениндік ұстанымдарын зерттеушілер өз еңбектерінде жан-жақты қарастырды. Кеңестік қоғамда лениндік ұлт мәселесін шешудің күрделілігі кез келген еңбектен байқалды. Н. Джандильдин ұлтқа байланысты этнопсихологиялық категорияларды, әртүрлі ұлттық психологияның аспектілерін қарастырған зерттеулердің авторларын атай отырып, біріншіден, «ұлт жойылатын жүйе»; екіншіден, ұлтқа тұтас жүйе ретінде қарауға болмайды – онда «екі мәдениет бар»;

үшіншіден, адамның рухани дүниесінің басты жағы ол – ұлтшылдық емес, керісінше «интернационалдық және таптық» [5, 5-7 бб.] деген большевиктердің позициясын анық көрсетті. Н.С. Фурсин болса «табыстар» көзіне «қалалардағы 76 клуб, 72 кітапхана және қызыл шайханалар мен ауылдағы және селолардағы 584 оқу-отау үйлері, 33 қызыл шайханалар, 12 қызыл отау, 168 қызыл бұрыш, 9 шаруа мен малшылар үйі, 93 облыстық кітапханалар, 3 жылжымалы кітапханалар», т.б. секілді жетістіктерді жатқызды [6, 10 б.]. Осындай идеологиялық «өңдеуден» өтіп қана қазақтың баласы «байлардың малына» суық қолын соза алар еді. А. Нүсіпбеков «ұлтқа тән негізгі белгілер (тіл, территория, экономикалық және мәдени бірлік) кеңестік кезеңде толық дамыды», «қазақ халқының жаңа, социалистік ұлтқа айналу процесін тездетті», - дейді. Соған сәйкес автор Қазақстанның Кеңес үкіметінің алғашқы бір декреті «қазақ тілін мемлекеттік тіл» ретінде мойындауы болды (1921 жылғы 2 ақпанда «Декларация прав трудящихся КАССР»-ға сәйкес шыққан декрет), «социалистік ұлт болып қалыптасу процессін жылдамдататын негізгі жағдай ол пролетариат диктатурасы» [7, 20 б.], - деп кеңестік билік тұсында ұлт болудың ерекшелігін атады. Г.Ф. Дахшлейгер де қазақ халқына кеңес өкіметі «силаған» реформаларының, өзгерістерінің шыңы болып табылатын ауылшаруашылығын ұжымдастыру, индустриаландырудың «социалистік табыстары» ол «мәдени революциясыз» мүмкін болмасын, «30 жылдардың ортасында КСРО-да газет пен журналдар 100-ден аса тілде шығып, оның тиражы ондаған миллионнан асып түскенін» көрсетті [8, 32-33, 35 бб.].

«Мәдени революция барлық еңбекшілерді социалистік құрылыстың барысында мәдени-тарихи процестің әлеуметтік-саяси белсенді мүшелеріне айналдырып, жаңа адамды тәрбиелеуді мақсат етеді» - деп К. Нұрпейсов пен Х. Әбжанов мәдени революцияның негізгі мақсатын анық көрсетті. «Біріншіден, мәдени революция өз алдына жеке мәселе ретінде емес, социалистік қоғам орнатудың, кооперациялаудың, шаруаларды жаңа құрылысқа тартудың басты шарттарының бірі ретінде қарастырылған» [9, 24 б.] дегендері осының дәлелі. Сонымен қатар мәдени революция жолындағы асыра сілтеу, шектен шығулардың болғанын авторлар: «бұл мәдени революция емес», «Революция – мағынасы терең, өресі биік, арқалаған жүгі жауапты сөз, артта қалған жоғары формациялардікінен әлде қайда жоғары цивилизацияны дүниеге әкелетін күш» [9, 28 б.] ретінде санады.

Мәдени революцияға арнаға еңбегінде Р.Б. Сүлейменов өте аз уақытта, кеңестік Ресейдің, туысқандық достықтың және барлық КСРО халықтарының біріккен әрекеттерінің арқасында өткеннің артта қалушылығы жойылып, «жаңа ұлттық социалистік мәдениеттің қалыптасуының алғышарттары қалыптасты» [10, 203 б.], - дейді. Қазақстандағы кеңестік мәдениет тарихы оқырмандарға бір өкініштісі «бұрмаланып, жұтаңданып» жетіп отырғанын, В.И. Ленин және Коммунистік партияның рөлі «жөнді ашылмағанын», мәдени революция жайлы лениндік ілім «тар ұғымда және дөрекі түрде түсіндірілгенін» [10, 218 б.] ашып көрсетуге тырысты. Қазақ халқының

«тарихсыз бұратана» болғанын, енді міне Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін кеңес өкіметі оның экономикасын қайта құрып, ғылымы мен мәдениетін сақтауға, дамуына жағдай жасағанын айтады. Осы тұжырымдарға Ю.И. Романов та қосылды, ол қазақтың Наркомнацтағы өкілдері Москвадан 1920 жылғы қыркүйек айына қатысты Қазақстанға жасалған көмектің көлемін: «жеті типографиялық машина, 380 мың кітап, 30 мың дәптер – деп көрсететінін» [11, 107-108 бб.] айтады. Алайда, автор ол көмектердің не үшін беріліп жатқанын «қозғамайды», малын күшпен алу бір басқа, ал қазақтардың «бетін бері қарату», яғни социалистік құрылысқа дайындау, санасын «көтеру» оңай іс емес болатын. Осы жағдайды С.Е. Толыбеков мақаласында дәл көрсете алған, ол Қазақстанның «қуатты индустриалды колхозды республикаға» айналуының себебіне барлық ғылым саласының «қарқынды дамуын» [12, 544 б.] жатқызды. Ол 20-30 жылдардағы мәдени табыстардың барлығын тізе келе, жалпы 1937 жылы Қазақстанда 16 жоғары оқу орнының болғанын айтады [12, 548-549 бб.]. Ал А.Е. Ержанов 1946 жылғы 1 шілдеде құрылған Ғылым Академиясы 20 ғылыми мекемелерді біріктіргенін, оның республикадағы «мәдени өмірдегі үлкен оқиға екенін атап көрсетті [13, 6 б.].

Ұлт мәселесінің дамуында маңызды орын алатын мәдени революцияның табыстарын А.С. Елагин, К. Нұрпейсов, М.С. Жүнісов, М. Сужиков, Д. Кішібеков, Ғ. Сапарғалиев, С.Е. Толыбеков, М. Шаумян, А. Ержанов секілді зерттеушілер тереңірек қарастыруға тырысты. А.С. Елагин бүкіл Қазақстанда жоғары білімді 20 қазақ қана болған, негізінен «дәулетті, бай-феодал басшы тобынан», - деп жазды. Оның пікірінше «ревкомдар мен кеңестердің атқару комитеттерінің «көмегімен» халыққа білім беру бөлімдері мұғалімдердің «мектепке сабақ бере алатындары» таңдалып алынған [14, 202-203 бб.] яғни кеңес билігіне оң қарайтын мұғалімдер қажет болатын. К. Нұрпейсов те «Октябрь алдында қазақ халқының сауатсыздығы 98% болатын, ал сауаттылар тек үстем тап өкілдерінен еді» [15, 147 б.], - деп жоғарыдағы автордың ойына қосылады. Кеңестік авторлар кейінгі жылдардағы мәдени саладағы өзгерістерге ерекше қарағаны белгілі, М. Шаумянның пайымдауынша экономикадағы өзгерістер қазақ халқының мәдениетінің де қарқынды дамуына алып келгенін, «1936/37 оқу жылында Қазақстанда 7 733 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеп, онда 930 мың оқушы оқыған. Республикада 19 жоғары оқу орны, 120 техникум болды, онда 30 326 адам оқыды, оның ішінде 15 326 қазақ болған» [16, 182 б.] А. Ержановтың мәліметтері мына төмендегідей болды: республикада 1940 жылы «350-ден аса газет және журналдар шығып тұрды» [17, 34 б.]. Ағарту саласына бюджет бойынша: «1940 жылы – 63 млн. сом», 1952 жылы – 157,2 млн. сом бөлініп отырған. Автор білім беру саласының үздіксіз даму үстінде екенін келесі мысалдармен де «дәлелдейді»: «егер 1938-1940 жылдардағы орта мектепті бітірушілердің үш шығаруында 230 қазақ болса, 1954-1956 жылғы үш шығаруда 52 600 қазақ болған» [17, 128-129 бб.]. Сонымен қатар М.С. Жүнісов, М. Сужиков, Д. Кішібеков, Ғ. Сапарғалиев секілді авторлар да «О

закономерностях перехода народов ранее отсталых стран к социализму (на примере казахского народа)» деген еңбекте тек қана 1933-1939 жылдары Қазақстанда «2614 мектеп үйінің жаңадан құрылғанын» айта келе «қазақ халқы мұндай ғаламат мектеп құрылысы жайлы армандай да алмаған болатындығы» [18, 153 б.] туралы жазды.

Жалпы авторлардың мәдени революцияның табыстарын тек қана позитивті қарастыруға тырысқаны, оның шаруашылық, өнеркәсіп жетістіктерімен де байланысының бар екенін жан-жақты қарастыруы заңдылық болатын, алайда осы «жетістіктерге, табыстарға толы жылдар» қазақ халқының жойылуға аз қалған тұсы екені белгілі. Кеңестік билік тұсында бұрын қазақ жерінде ешбір мәдени ошақтардың «жоқ болғанын» [19, 225 б.] айту дәстүрге айналған болатын, ал қазақ жеріндегі санаулы газеттерді жапқанда С.Баишев бар газеттерді айта отырып («1913 жылы 11 газет»), оларды жабуға тура келгенін В.И. Лениннің «Егер біз билікке келсек буржуазиялық газеттерді жабатындығымызды айтқанбыз, ал жаппау деген сөз, ол социалист болмау деген сөз. Кім оны «ашындар» деп айтса, олар біздің социализмге кетіп бара жатқанымызды түсінбейді» [19, 232 б.] деген сөздерімен ақиқатты меңзеді. Зерттеуші Ж.М. Уәлиханова Сұлтанбек Қожановтың 1913-1917 жылдары Ташкенттегі мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқығанын айта келе, жалпы мұнда 25 жылда тек 54 қырғыз бен қазақ, 11 өзбек, түрікмен, татар бітіргенін көрсеткен болатын [20, 12 б.]. Демек, жаппай саяси репрессия жылдары санаулы ұлт қаймағының жойылуы да сол социализмді «түсінбегендіктен» екені анық, бұл большевик қайраткерлерінің лениндік идеологияның тұжырымдарын берік ұстану нәтижесінде жүзеге асырылды. М. Тәтімов республикамызда тұратын басқа ұлт өкілдерінің ішінде «150 мың адам қазақ тілін жетік біледі екен», оларды процентке шақсақ, мынадай: «орыстар – 0,9, украиндар – 0,6, белорустар – 0,4 процент» [21, 18 б.]. Автор Орта Азия халықтарына қарағанда қазақтар орыс тілін 2,5 есе, Кавказ халықтарынан 2 еседей, Балтық жағалауындағы кейбір халықтардан 1,5 есе, тіпті славян тілдес халықтардың өзінен біршама жетік меңгергені көрініп тұр. Мұны «мақтанарлық нәтиже ретінде бағалаған жөн» [21, 19 б.] деген тұжырымынан мәдени революцияның «салқыны» байқалады.

Мәдени революцияның, кеңестік кезеңдегі білім мен ғылымның дамуын Ж.О. Артықбаев өзгелерге қарағанда басқаша түсіндіруге тырысты. Ол «Мәдени революция халықтардың сауатын көтеру үшін ойлап табылған жоқ, керісінше, «жаңа адамды», «мәңгүртті» өсіріп шығару үшін ойлап табылған» дей отырып, өкінішке орай оған түсінік бермеген. Ол білімнің жоқтығын мына мысал арқылы көрсетеді: «1936 жылы бүкіл республикада орта мектепті 11 қазақ баласы бітірді» [22, 123 б.]. Бар жоғы екі сөйлем, алайда ол автордың бір мағынаға екі ойды сиғызғысы келгенін көрсетеді: біріншіден, «мәдени революция» жоғарыда көрсеткендей адамдарды таза білім жағынан, сауаттылық, білімділік тұрғысынан емес, қоғамдағы алатын орнына қарай, саяси-әлеуметтік, идеологиялық тұрғыдан «мәңгүрттейтіні». Екіншіден,

кеңестік кезеңнің мәдени революциясының «жетістіктеріне» де қарсы еместігі. Мысалы: 1946 жылы Қазақстан ҒА-ның ашылуын, 90 жылдарға қарай онда 32 ғылым мекемесінің, 250-ге жуық докторлар және 2000 ғылым кандидаттарының болғандығын «ірі оқиғаға» балайды [22, 123 б.]. Дегенмен республиканың ғылымы елеулі түрде дамып, айтарлықтай жетістіктерге жеткенімен мұндай көрсеткіштің ішінде байырғы халық өкілдерінің өте аз болғандығы ақиқат.

Кеңестік кезеңдегі «мәдени революцияның» шынайы жағдайын Л.Д. Кудеринаның «Геноцид в Казахстане» деген зерттеуінен көруге болады. Мұнда «қазақ ұлтшылдары» деген жаламен Жұмахан Мауысымбай ұлы Күдерин, өзге де 42 қазақ зиялыларымен бірге «жауапқа тартылғаны» айтылған [23, 16-17,52 бб.]. Осы жаламен сотталғандар негізінен оқығандар, ағартушылар, қазақ халқының мәдениетіне көп үлес қосқан азаматтар болатын. Алғашқы оқулықтарды жазған, оқытушы-ағартушылар, жазушылар, ақындар, заңгерлер, дәрігерлер, саяси қайраткерлер, алашордалықтар, былайша айтсақ «ұлттың қаймағы». Автор ендігі жерде байқағандай қазақтарды «орыстандыру» толықтай жүре бастады, бұрынғы араб шрифтіндегі оқулықтардың қажеті болмай қалды, олар ұмыт болды. Сонымен қатар Сәкен Сейфуллинге арналған «Алаш арыстары және сұңқар Сәкен» деп аталатын А. Кәкен мақаласынан да осы ұлтқа қарсы «мәдени» саясаттың «ізі» [24, 34-35,39 бб.] көрінеді. Кеңестік тарихи әдебиетте алашорда азаматтарын, олардың оң істерін теріске шығаруда, олардың беделін, авторитетін түсіруде, халық алдындағы алаштықтардың қадірін кетіру үшін бірінші кезекте осы Сәкен Сейфуллин секілді қоғам қайраткерлерінің Алаш партиясына, алашордалықтарға қарсы айтқан пікірлерін алдымызға жайып салатын. Автор бұл «салтты» барынша бұзуға тырысқан. XX ғасырдың 40 жылдарының аяғына қарай тарихи әдебиетте сынға ұшырап, 25 жылға сотталған Е.Бекмахановтың да өмірі, тағдыры тоталитарлық жүйенің «мәдени» революциялық саясатымен тығыз байланысты болатын. Ал П.Ж. Алтынбекова тәуелсіз тарихымыз тұсында да «Л.И. Мирзоянның тікелей атсалысуымен Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру жылдарында құлдыраған мәдени-әлеуметтік өмірдің де жана мазмұнмен жандана түскенін ешкім жоққа шығара алмайды» деген тұжырым жасады [25, 4 б.]. Яғни социалистік құрылыстың белсенді қоғам қайраткерінің кеңестік лениндік идеологияны өзгертпесе де, интеллигенцияға қарсы саяси репрессияны тоқтата алмаса да, сонымен бірге ұлт дініне қарсы жүрген мәдени революцияға еш өзгеріс алып келе алмаса да, автор осындай қорытынды жасаған.

Кеңестік билік тұсындағы «мәдени революцияның» даму барысына, кезеңдеріне үлкен маңыз бергендер қатарында Р.Б. Сүлейменов, Х.И. Бисенов, А.Е. Ержанов, Г.Ф. Дахшлейгер, С. Баишев, А.П. Кучкин, С.Б. Нурмухамедов, В.К. Савосько секілді зерттеушілер болғанын айту керек. Р.Б. Сүлейменов және Х.И. Бисенов «1962 жылға қарай тарихшылардың арасында мәдени революция социализм жеңісімен, 1937 жылы, аяқталады деген қате пікір болды» [26, 4 б.] дей келе, олар жалпы мынадай кезеңдерге

бөлуді ұсынады: I. Қазақстандағы Октябрь революциясы мен Кеңес өкіметін нығайту жылдарындағы мәдени құрылыс (1917-1920 жж.). II. 1921-1927 жылдар арасындағы мәдени құрылыс. III. Қазақстандағы мәдени революцияның шешуші табыстары (1928-1940 жж.). IV. Ұлы Отан соғысы тұсындағы Қазақстан мәдениеті (1941-1945 жж.). V. 1946-1958 жылдардағы Қазақстандағы мәдениет құрылысы. VI. Қазақстандағы мәдени революцияның шешуші этапының басталуы (1959 ж. басталады.) [26, 27-28 бб.]. Олар мәдениет саласының маңызын В.И. Лениннің: «Біздің мектеп айналасындағы жұмысымыз, ол тура сол буржуазияны құлату; біз ашық айтамыз мектеп өмірден, саясаттан тыс екені – ол өтірік және екіжүзділік» деген сөздері арқылы көрсетеді [26, 79 б.]. Шынында да авторлардың ұстанған жолы кеңес билігінің тарихындағы белестерге жақын болған. Дегенмен, мәдени революцияның шешуші этапының басталуы (1959 ж. басталады) деген сөзге келісу қиын екенін көреміз. Себебі кеңестік билік мәдени революцияның принциптерін, ұстанымдарын соңғы сағаттарға дейін қорғауға тырысқаны белгілі. XX ғасырдың 80 жылдары, М.С. Горбачевтің қайта құру, жариялылық кезеңінде Қазақстандағы «Желтоқсан оқиғаларының», «Чернобыль апатының», т.б. шынайы сипаты мен маңызы жария етілмеді. С. Баишев болса зерттеуінде профессор М.П. Кимнің «мәдени революция» жайлы айтқан тұжырымын дұрыс санады: яғни «мәдени революцияның басталуы ол социалистік мәдениеттің қалыптасуымен, Октябрь революциясы мен азамат соғысы тұсымен тура келеді», екінші кезеңі, «1931-1932 жылдарды қамтиды, бұл кездегі социалистік құрылыста социалистік өндіріс тәсілімен қатар мәдени құрылыс та қатар жүрді» [19, 240 б.], - деді. Автор онан арғы кезеңдерді қарастырмайды, тек «мәдени революцияның» табысын көрсетумен шектелді [19, 244 б.].

С.Б. Нұрмухамедов, В.К. Савосько, Р.Б. Сүлейменов еңбегінде мәдени саладағы табыстарды қарастыра келе [27, 72-73 бб.], 1929 жылы қабылданған латын алфавиті мен орфографиясы қазақ халқының «өмірлік негізіне, қазақ тілінің рухына» сай болмағанын, сонымен, 1940 жылғы 10 қарашада жаңа орыс графикасына көшкенімізді көрсетті [27, 265 б.]. Алайда авторлар қазақ халқының әліпбиінің бірнеше рет өзгеру себептерін ашып, оның зардаптарына, яғни келеңсіз тұстарына тоқталмаған. Шын мәнінде 1926-1927 жылдары жаңа алфавит айналасында өте қызу пікір-талас болған. Мұндай балама көзқарастарға «арабистердің» айналасында барлық ұлтшыл элементтердің, мұсылман дінбасыларының тағы басқа ескіні жақтаушылардың шоғырлануы түрінде баға берілді. Сыншылдар ескі «алфавиттен бас тарту – ұлттық дәстүрден бас тарту» екенін дәлелдегісі келді (қараңыз: «История Казахской ССР. Эпоха социализма. А., 1963». 404 бет.). Н. Киікбаев мемлекеттік аппаратты қазақ ұлтына жақындату мақсатымен атқарылған шараларды «кеңестік мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру», «іс қағаздарын ұлт тілінде жүргізу», «жергілікті ұлт еңбекшілерін партия, мемлекет, кәсіподақ, кооператив, шаруашылық аппараттарына алу, ұлт мамандарын даярлау» т.б. атай отырып [28, 26 б.],

большевиктердің қазақ халқын қайткенде өз жағына тартуға тырысқанын көрсетті. Бірақ, 1921 жылғы 2 ақпанда ҚАКСР ОАК-нің «ҚАССР мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін пайдалану тәртібі жайлы» деген декреті, болмаса II Бүкілқазақстандық Кеңестер съезінің шешімдеріндегі (1921ж.) «...қырғыздардан мемлекеттік аппараттың кадрларын даярлау кеңестік құрылыстың басты мақсаттарының бірі» деген шешімдері кейбір шындықтың бетін аша түседі. Біріншіден, қазақ еліндегі болып жатқан социалистік өзгерістер өзге тілдің үстемдігімен, басымдылығымен болып жатқаны көрінеді. Екіншіден, қазақ халқының жеріндегі жаңадан құрылып жатқан мемлекеттік құрылыс аппаратының ішіндегі қазақтар үлесінің өте аз екендігі көрінеді. Олардың аппараттағы санын көбейту үшін арнайы шешімдер қажет болды. Автортың пікірінше «нәтижесінде мемлекеттік өкімет органдарында жұмыс істейтін қазақтардың саны айтарлықтай өсті» [28, 27 б.]. Қазақ АКСР-нің ОАК-де 1923 жылы қазақтар 57 процент болса, 1926 жылы 66 процент болған. Алайда пайыздық көрсеткіштердің ішінде қазақ халқының үлес салмағы келтірілмейді. Кеңестік кезеңде басшы қызметтерге көбіне орыс ұлттар өкілдерінің тағайындалғаны тарихтан белгілі.

1940 жылы қазақ қоғамының мәдениет саласы айтарлықтай өзгерістерге түсті, 1940 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің V сессиясы орыс графикасына негізделген жаңа жазбаға көшу туралы шешім шығарды. Осы мәселе тарихи әдебиеттерде кеңінен көрініс тапты. Алайда оларда тарихи шындық бұрмалана көрсетілді. Мәселен, Н. Киікбаев кезінде үлкен қызмет атқарған латын алфавитін өмір талабына сай болмауына байланысты орыс графикасына көшіру «...қазақ халқының социалистік мәдениетінің даму мүддесіне сай» [28, 97 б.], – деп дәлелдеді. Мұндай тұжырым жасаудың өзіндік себептері юолғаны түсінікті. Біріншіден, Қазақстанда орыс идеологиясы, орыс контингенті, ықпалы патшалық Ресей кезеңінен бері басым болғандығы анық. Лениндік ұлт саясаты, социалистік мемлекет құрылысы, социалистік мәдени өзгерістер барлығы да орыс графикасына көшуді тездетті. Яғни саяси билік Ресей большевиктерінің қолында тұрғанда араб, латын графикасынан орыс әрпіне көшу заңдылық болатын. Екіншіден, большевиктер саясаты, коммунизм идеясы гуманизм, демократия, еркіндік, бостандық секілді адамзатының ойлап тапқан құндылықтарымен етене жақын, түсініктестікте болмағандықтан лениншіл революционерлер қазақ ұлтының мүддесімен әрине санаспады. Н. Киікбаев кадр-маман мәселесіне байланысты: «Тек қана 1939-1940 жылдары Қазақстанда партия, кеңес және басқа да жұмыстарға 20 мың адам жылжытылды» дей отырып, басшы кадрлардың Кеңес Одағының орталық аудандарынан келіп жатқанын ашып айтпаса да «БКП(б) ОК-і... 1939 жылы Қазақстанға тұрақты жұмыс істеуге 75 мың басшы партия мен кеңес жұмыскерлерін аттандырды» [28, 99 бб.], – деп жазды.

«Мәдени революция дегеніміз еңбекшілердің коммунистік дүниетаным негізіндегі санасындағы және психологиясындағы түбірлі өзгерістердің

күрделі міндеттерін шешу, рухани мәдениет байлығын құру, халық тұрмысының өзгеруі» [4, 4 б.], - деді Н. Джандильдин. Ол Қазақстанда «1928 жылы ВКП(б) ОК-нің және КСРО-ның ХКК шешімімен» жоғары оқу орындарының ашыла бастағанын «зор саяси маңызы бар оқиға» жатқыза отырып, ол коммунистік партияның «лениндік ұлт саясатының салтанат құруының тамаша үлгісіне айналды» [4, 27-28 бб.] деген баға берді. Ал Р.Б. Сүлейменов «мәдени революцияның шешуші табыстарын» екінші және үшінші бесжылдықтар тұсына жатқызады [29, 110 б.]. Бұл кезде республикада мектептер, жоғары оқу орындары, техникумдар, училищелердің саны өсті, әдебиет, өнер және ғылым «дамыды». 1929-1931 жылдары «сауатын ашқандар» саны 275 мыңнан 425 мыңға «өсті» [29, 113 б.], - деп атап көрсетті. Алайда зерттеушілерге де, оқырмандарға бұл жылдардың көлеңке тұсы белгілі болғандығын ескеру қажет, яғни мемлекеттік идеологияға бағына отырып, қарсы жақтың ойын келтірмей мақтанышқа бару қателікке ұрындыратынын көреміз. К. Нұрпейісов пен Х. Әбжанов кейбір зерттеушілердің «мәдени революция азамат соғысы мен шет ел интервенциясынан кейін басталды десе, екіншілері мәдениет саласындағы революциялық қайта құру өтпелі кезеңде (1917-1936 жылдар) аяқталды» деген пайымдауларын алға тартатынын айтады [9, 25 б.]. Ал С. Баишев «Қазақстанда 40 жылдары мәдени революцияның жаңа даму белестері басталды... барлық жұмысшылар мен шаруаларды жоғары білімді және мәдениетті адам ету үшін ұлы мақсат орындала бастады» [30, 62 б.], - деп өзге авторлардың ойларына қосылды. Бұл секілді ойлар большевиктердің идеология және мәдениет саласындағы алдына қойған төмендегідей міндеттері болатын: «буржуазиялық көзқарастардың, әдет-ғұрыптардың қалдықтарына қарсы батыл күрес жүргізу, империалистік Батыстың мәдениетінің шірік әсерін толығынан жою, барлық кеңес азаматтарын саналы патриоттар, интернационалистер ету, еңбекшілердің мәдени дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтеру». Осы міндеттердің бәрі 1946 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған төртінші бесжылдық жоспарда «нақтылы бейнеленді» [3, 509-510 бб.].

«Тарих ғылымының орталығын ұйымдастыруда В.И. Лениннің шешуші роль атқарғанын» айта келе, Истпарттың (1920 жылы 21 қыркүйекте құру жайлы қаулы шықты, 1921 жылғы 1 желтоқсанда РКП (б) ОК-нің жанында бөлім ретінде жұмыс істей бастады) мақсатын «марксизм-ленинизм идеяларын, партия мен үкіметтің шешімдерін насихаттау, большевиктердің қарсыластарының саяси идеологиялық диверсиясын әшкерелеу жұмыстарын істегенін» [31, 11-12 бб.] И.М. Қозыбаев жетістік ретінде баяндайды. Жалпы Истпарттың уақыт өте келе дамып, нығаюы саяси репрессияның күшеюімен дәл келгенін, оның тоталитарлық мемлекеттің саяси қаруы болғанын атап кету керек. Ал Б.А. Төлепбаев, В.К. Янулов ғылымның большевиктер «қаруына» айналғанын «жас ғалымдардың маркстік-лениндік методологияны, тарихи зерттеу методын жете меңгермегендігінен», сонымен қатар «тарих ғылымындағы ұлтшылдық, космополитизммен күресудің

әкімшіліктік методпен шешілуі» [32, 117 б.], - деп түсіндірді. М.К. Қозыбаев Ұлы Отан соғысына байланысты материалдар жинайтын ұйымдардың 1941 және 1942 жылдары құрылғанын, сонымен қатар осы мақсатта республикандық комиссияның жұмыс істегенін, Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы партия тарихы институтында бүкіл соғыс кезеңінде «хроника құрумен» ғалымдар тобы айналысқанын [33, 220 б.] көрсетті. Автор «тоғыз жыл ішінде (1946-1955 жж.) 1200-ге жуық кітаптар, брошюралар, мақалалар жарияланғанын» [33, 224 б.] мәлімдеді. Алайда Қазақстан тәуелсіздігінің алдында ғана айтылған бұл ойлар жаңа тарихи-методологиялық ұстанымдар, тұжырымдар қалыптастыруға септігін тигізбеді. Дегенмен кеңестік Қазақстандағы ғылым мен мәдениеттің өркендеуін, оның ұлттық дамуға тигізген әсерін жоққа шығаруға болмайды.

XX ғасырдың 40 жылдарының ортасынан бастап, соғыстың жеңіспен аяқталып, ел бейбіт еңбекке араласа бастаған тұста кеңестік идеология қалыптастырған мәдени революцияның ұстанымдары ары қарай өзінің дамуын жалғастырды. Баспа беттеріндегі, тарих ғылымындағы, өнер саласындағы өзгерістерге деген партияның көзқарасы соғыстың алдындағы жағдайға ұқсас болды. «Тарих ғылымы осы жаңа өзгерістердің, жаңа лептің басында болғаны әрине таңданарлық іс емес, себебі тоталитарлық қоғам күшінде еді. Оның үстіне атап кетерліктей ешқандай принципті өзгеріс болған жоқ болатын. Бірақ та болжам жасауға болар еді, өйткені Кеңестер Одағынан шет жерге өмірі аяқ баспаған (ал басқандары «шпион», «халық жауы» ретінде репрессияға ұшырады) қарапайым халық (шын мәнісінде қарапайым, өйткені үстем тап өкілдері де жер ауғаны жер ауып, қалғандары тап жаулары ретінде репрессияға ұшырап кеткен болатын) соғыстың арқасында европалықтардың өмірін, өмір сүру мүмкіншілігін, халықтардың салтын, әдетін. әсіресе европалық демократияның шетін болса да көріп, сезгені, бүкіл Кеңес Одағы халықтарының өкілдері «Европа» деген үлкен «көрмеге» барып қайтқандай болғаны анық. Ал партия, кеңес басшылары, кеңестік идеологтар бұл жағдайды сөз жоқ білді. Ендеше олар үшін бір ғана жол бар еді, қайткенде халықты үйреншікті қалыпқа түсіру қажет болатын. Қазақстандағы тарих ғылымының болашағы, өткені мен қазіргісі таптық көзқарастың «қалыбына» қайта түсіп, қорытындысы мен тұжырымдары жайлы қалам тарту әдетке айнала бастады [34]. Көп ұзамай мәдени революция қызметінің басында жүрген өнер қайраткерлері, зерттеушілер, ғалымдар өздері қалаған идеология құрсауының құрбаны болғанын айту керек. Осы айтқандарға 1952 жылғы 4 желтоқсанда 25 жылға сотталған Е. Бекмаханов жайлы істі нақты факті ретінде келтіруге болады. Бұл істің стенограммасы («Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. «Казахстан в 20-40 годы XIX века». Стенограмма. 14 – 19 июля 1948 г. Алматы, 2000.)) академик К. Нұрпейістің «Расправа над ученым и его главной книгой» деп аталатын кіріспесімен жарық көргенін [35, 3-5, 8 бб.], сонымен қатар «История одного «дела» деген еңбегінде [36, 47 б.] де бұл іс тарихи айналымға түскенін айту керек. Ал өзге зерттеушілер билікпен қосыла

отырып, Е. Бекмаханов секілді тарихшылардың еңбегін, қате позициясын сын объектісіне айналдырғаны сол кезеңнің шындығы болатын.

Мәдени революция тарих ғылымының да алдына өзіндік мақсат-міндеттер қойғаны белгілі. Социалистік құрылыстың басқа да бағыттары секілді мәдениет саласы «күрес майданы» болатын. Аграрлық, индустриалдық реформалардың, саяси өзгерістердің социализм құрылысындағы «жеңісі» қалай мадақталса, бұл саладағы табыстар да солай мақтанышқа толы сезіммен бүкіл халыққа жеткізіліп отырды. Х.Г. Айдарова Қазақстандағы тарих ғылымының дамуы «тек кеңес өкіметі жеңген соң» басталғанын атай отырып, кеңестік тарихнама негізіне «жеңімпаз маркстік-лениндік методология» [37, 16 б.] жататынын, ал Байтұрсынов, Бөкейханов, Рысқұлов және т.б. «буржуазиялық-ұлтшылдардың» «тап жоқ», «таптық күрес жоқ» [37, 22 б.] деген тұжырымдарын жоққа шығарды. Ол «Некоторые итоги и перспективы развития исторической науки в Казахстане» деген басқа еңбегінде осы ойларын нақты бөле отырып қарастырған. Біріншіден, кеңес тарихнамасының негізінде «маркстік-лениндік методология» жатқанын, екіншіден, тек қана орыс халқының тарихын ғана емес, сонымен қатар КСРО халықтарының барлығының тарихы зерттелуге «мүмкіншілік» алғанын, үшіншіден, партия мен үкімет методологияда мәселесінде «нақты нұсқаулармен» көмектескенін [38, 6 б.] атап көрсетті. Осыған байланысты автор былайша жазды: «Республикада тарих ғылымының даму жолында қиындықтар кездесті, және де қажетті кеңес тарихшы кадрларын, маркстік-лениндік методологияны игерген, даярлау бірден орындала қоймады» [38, 7 б.].

Егер Қазақстандағы тарих ғылымының даму барысына көз салатын болсақ, алғашқы кезеңдегі И. Кабулов, И.А. Зверяков, Е. Федоров, С. Нұрпеисов, І. Құрамысұлы, Ғ. Тоғжанов, О. Исаев, С. Брайнин, Ш. Шафиро қолданған «жабайы коммунистік» әдіс-тәсіл ескіргенін көруге болады. Ендігі жерде маркстік-лениндік методология ғана емес, сол методологияны жақсы меңгерген тарихшы да қажет болғаны анық байқалады. Х.Г. Айдарованың пікірінше «Буржуазиялық ұлтшылдық лагеріндегі тарихшылар қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынасқа сараптама жасауда және тарихи оқиғаларды жарыққы шығаруда, тарихи тұлғаларды бағалауда ғылымға жат көзқарастарды таратты, насихаттады, сол арқылы Қазақстандағы кеңестік тарих ғылымның дамуына кедергі жасады» [38, 7 б.]. Осылайша Қазақстанда кеңес өкіметінің орнағанына 25 жылдан асса да «ұлтшылдардың» Қазақстан ғылымын дамытуға кедергі жасап отырғандығын көрсетті. Бұл кезде тарихшылардың сауаты да, ғылыми әдіс-тәсілі де әлдеқайда алға жылжып, неше түрлі ғылымға жатпайтын теңеу сөздермен «жауларын» жайғауды тоқтатқаны, білімдерінің методологиялық тұрғыдан тереңдегені байқалады. Автор М.П. Вяткиннің 1941 жылы жарық көрген «Очерки по истории Казахской ССР» деген еңбегіне жоғары баға бере отырып, ол 1943 жылы жарық көрген «История Казахской ССР» кітабының жазылуына үлкен септігін тигізгенін атап өткен [38, 8 б.]. Ол 1943 жылы

жарияланған (А.М. Панкратова мен М. Абдықалықов редакциясымен) «Қазақ ССР тарихы» 1945 жылы КП(б)К ОК тарапынан сын естігенін жазды. Х.Г. Айдарова сонымен бірге Кенесары Қасымов, Сырым Датов көтерілістері т.б. тарихи тақырыптар жайлы жазған Е. Бекмаханов, М.П. Вяткин, т.б. авторлар жайлы жаза отырып олар туралы сыни көзқарас танытпайды. Бірақ та, ол «Қазақстан тарихында тап қатынасын, таптық күресті көрсете білу ол – біздің тарихшылар алдында тұрған басты проблема», «Осы мәселелерді терең зерттеу негізінде тарихшы қазақтардың патриархалдық-феодалдық қатынасын, еңбекші көпшілік қазақтарды байлар, сұлтандар, хандар қанап отырғандығын көрсете алады» [38, 10 б.], - деп тарихшылар алдындағы басты кемшілікті көрсетіп берді.

Мәдени революцияның ғылым саласындағы қызметін жан-жақты қарастырған С.Н. Покровский, А.Н. Нүсіпбеков, В.Ф. Шахматов секілді белгілі тарихшылар «марксист-тарихшылар революцияға дейін қазақтарда таптық феодалдық қатынастың болғандығын дәлелдеді» [39, 373 б.]. Олар ендігі жерде И.В. Сталин енгізген «патриархалды-феодалдық қатынас» термині көшпелі Шығыс халықтарының «феодалдық ерекшелігін толық анықтап беретіндігін» дәйектеді [39, 373 б.]. Авторлар А.П. Чулошниковті («Очерки по истории казак киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов») бұрыннан «қазақтарда тапсыз қауымдық-рулық қоғам болды» [39, 377 б.] деген ойы үшін, сонымен бірге 1941 жылғы жарық көрген М.П. Вяткинді «Очерки по истории Казахской ССР» деген еңбегінің де сондай қателігін [39, 378 б.] сынады. А.Н. Нүсіпбеков те қазақ буржуазиялық-ұлтшылдары қоғамың «тапсыз», кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуі «заңсыз» екенін айтқанын келтіре отырып, 30 жылдардың ортасындағы С.Д. Асфендияровтың еңбектерінде («Национально-освободительное восстание 1916 года», және «История Казахстана (с древнейших времен)») «халықтық пен партиялық» принциптер анық «байқалатынын», тарихи процесстерді «маркстік-лениндік методология тұрғысынан» қарастыруға тырысқанын көрсетті. Сонымен 20-30 жылдары «тарихи проблемаларды маркстік-лениндік тұрғыда зерттеу біржола орнағанын», 40-50 жылдар да ғылымда «жаңа бір кезең» болғандығын, дегенмен 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы, Е. Бекмахановтың «Казахстан в 20-30-е годы XIX века» деген еңбегі, А.П. Кучкиннің «Советизация казахского аула» деген монографиясы тарихшылардың қарсылығын туғызғанын, кейінгі зерттеулер осы ойдың «дұрыстығын дәлелдеді» [40. 210. 13-14 бб.], - деп қорытты. З.А. Алдамжаров өткен жылдар ықпалымен, тарих ғылымының саясатпен біте қайнасқан, өз халқына тек пролетарлық диктатура көзімен ғана қараған тұстағы дамуына үлес қосқандарға: О. Жандосов, Ғ. Тоғжанов, І. Жансүгіров, И. Кабулов, С. Сафарбеков және т.б. жатқызды [41, 80 б.]. Қазақстандағы Кеңес өкіметі үшін еңбекші көпшіліктің күрес тарихын маркстік-лениндік тұрғыда жазуға 1931 жылы 30 шілдеде БКП (б) ОК шешімі түрткі болып, көптомдық «Азамат соғысының тарихын» Ә. Жангелдин, П. Кобозев, С. Сейфуллин, В. Радус-

Зенкович, Т. Рысқұлов, О. Жандосов, П. Виноградов, С. Мендешев, С. Асфендиаров, П. Варламов, О. Исаев, Н. Нұрмақов, Т. Бокин, А. Асылбеков, А. Розыбакиев, М. Масанчи, А. Әйтиев және басқалары «негізін қалағанын» [41, 81-82 бб.] көрсетті. Автор олардың негізгі мақсаты: ұлтшылдардың «ауыл тұтас», «таптық күрес, таптық бөлінушілік мұнда жоқ» дегенін жоққа шығару» деп түсіндірді [41, 82-83 бб.].

Мәдени революцияның маңызды жетістігін тарих ғылымында қалыптасқан тұжырымдар арқылы: «коммунистік партияның ұлттық саясаты еліміздегі лениндік социализм құрылысымен және коммунизм жоспарымен ажырамас құрамдас бөлігі», «барлық халықтардың тең құқылығын дамыту», «езілген, артта қалған халықтардың экономикалық, мәдени, саяси теңсіздігін жою», «ерікті халықтардың көпұлтты мемлекеттілігін құру», «ұлыдержавалық шовинизмге және жергілікті буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы күрестің қажеттілігі», «халықтар достығын нығайту», - деп Н. Киікбаев лениндік ұлт саясатының негізгі «таптық» көзқарастағы бағыттарын айқындап берді. Автор 1926-1936 жылдары қазақ интеллигенциясы 2,5 мыңнан 18,8 мыңға, яғни 7 есе өскенін мақтанышпен атаған болатын. Ал осы кезеңнің қазақ зиялыларына деген көзқарасын, әрекетін тарихи мәліметтер бойынша таразылайтын болсақ, онда көбіне жазалау, қуғын-сүргін үдерісін байқауға болады. Ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, осы кезеңде ұлт зиялылары құнды ұлттық идеялары үшін қатаң жазаға ұшырады. Өркениетті көзқараста зиялылардың атқарған істеріне баға беретін болсақ, олар бүкіл қазақ ұлтының мүддесінде еңбек еткендері анық көрінеді.

Кейінгі жылдары тарих ғылымында үстем болған отарлық режим тұсындағы қазақ халқы «ұлт болып қалыптасып үлгере алмағанын», тек қазан төңкерісі, коммунистік партия бастаған «пролетариат диктатурасы» сол мүмкіндікті алып бергенін айта отырып зерттеушілер тек ұлт аймақтарында ауыр индустрияның құрылуы ғана «социалистік ұлттың негізгі табы ұлттық жұмысшы табын құра алатынын», сол ғана социализм және коммунизм құрылысының жеңісін қамтамасыз ете алатынын айтты. Лениндік ұлт саясатының Қазақстанда іске асуы жайлы С. Көлбаев «практика жүзінде» ұлт мәселесінің лениндік қағидасы Россияда «жұмысшы табының жеңісімен және пролетариат диктатурасының орнауымен» шешіліп жатқанын, коммунистік партия «ұлт езгісін және ұлттық теңсіздікті жойып» дүние жүзіне ұлттық мәселенің нағыз «дұрыс үлгісін, демократиялық шешімін» бергенін, еліміздің халықтары «бостандық» және «бақыт жолына түскені» [42, 12 б.] арқылы көрсетуге тырысты.

Г.Ф. Дахшлейгер еңбегінен мәдени революция ұстанымдарының 50 жылдары да қазақ қоғамындағы сана бостандығын, ой еркіндігін өзінің берік құрсауында ұстап отырғанын айқын көреміз. Ол шетел буржуазиялық әдебиетке сын айтудың [43, 4 б.] күшейгенін атай отырып, троцкийшіл-ұлтшыл концепция ұстанған Г. Сафаровтың «Колониальная революция. Опыт Туркестана. М., 1921.» еңбегін [43, 5-6 б.], сонымен қатар 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын», 1947 жылы жарық көрген Е.Б.

Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е гг. XIX века» деген еңбегін, 1949 жылы жарық көрген 2 томдық «Қазақ ССР тарихы» еңбегінің 1 томын [43, 10-11 бб.] сынға алды. А.П. Кучкин орыс және қазақ тілдерін ресми тіл деп жариялағанын қарастыра отырып, алайда, «бұл декрет жөнді орындалған жоқ»- деп қорытты. «Қырғыз (қазақ) тілінде іс жүргізуді енгізу» жайлы Қазақ ОАК-ті декреті 1923 жылғы 22 қарашада шыққандығын, соңғы мерзімі 1925 жылғы 1 қаңтар болып белгіленген [44, 312-313 бб.].

Жалпы «қазақтандырудың» 1921 жылы-ақ, ҚАССР құрылған соң басталып кеткенін, алайда 1923 жылдың 22 қарашасында Қазақ ОАК-нің шығарған декреті бойынша екі тілге көшу міндеттелгенін айта келе, Е. Қуандықов М. Дулатовтың («Ауыл тілі» газетінің редакторы, Қаз ОАК-нің төрағасы Ж. Мыңбаевқа тіл тағдыры жайлы.) «Төңкеріс болды, қазақтың көзі ашылды, оның үстіне «қазақ тілі мемлекет тілі болсын» деген заң шықты. Төбеміз көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін!» [45, 14-15 бб.] деген сөздері арқылы және С. Сәдуақасовтың «Сіздер ойлайтын шығарсыздар, ...өлкекомды біз басқарады деп. Жоқ мүлде олай емес» [45, 40-41 бб.] деген мойындауы арқылы лениндік ұлт саясатының мәдени саладағы мәнін ашып көрсеткен. Осы айтылғандар тіл мәселесіне қатысты аталған декреттегі тармақшаға да жауап болатыны анық, онда мынадай жолдар бар болатын: «7. Для руководства и направления работы по введению делопроизводства на киргизском языке при КазЦИКе и губисполкомах создать специальные комиссии, права и обязанности которых определяются особым положением». Сонымен бірге, өлкедегі барлық аппаратта іс жүргізу «...окончательным сроком введения в них киргизского языка считать 1 января 1925 года» [46, 360-361 бб.]. Р.Б. Сүлейменов, Х.И. Бисенов тарих ғылымындағы «алаш ұлтшылдарына» деген кеңестік идеологиялық концепцияны одан әрі дамытты. Олар «контрреволюциялық буржуазиялық ұлтшылдардың» жетекшілерінің бірі А. Байтұрсынов «біздің халқымызға жат идеяларды ашық, болмаса бүркемелеп жеткізу үшін пайдаланды», ұлтшылдардың әрекеттерінің қалыққа қарсы жағы, әсіресе «қазақ жазуын латын әрпіне көшіру тұсында анық көрінгенін» атап көрсетті [26, 5-6 бб.]. 1926 жылы Бакуде өткен түркологтардың бірінші съезі латын графикасына көшуге шешім шығарғанын, байтұрсыновшылдардың жеңілгеніне Н. Төреқұловтың да үлесі бар екенін, өзге зерттеушілер де ұлтшылдыққа қарсы күрес табысты жүріп жатқанын көрсету мақсатында атап кеткен [47, 353 б.].

Қорыта келе, кеңестік биліктің күйреп, жаңа өркениеттік рухани даму сатысына аяқ басқанымызға біршама мерзім болса да лениндік мәдени революцияның ықпалынан арылу тарих ғылымында баяу жүріп жатқаны көзге түседі. Мұндаға дейін «кеңестік құрылыстың» арқасында еуропа елдерімен салыстырғанда «600-700 жылға алға кетіп қалдық, қараңыз Қазақстанның 42 жоғары оқу орнында 163 мың студент бар, әрбір 10 мың тұрғынға 130 студенттен келеді, ал Англияда – 57, ФРГ-де - 45, Италияда – 47, Францияда – 61» [48, 32 б.] деген тұжырымды, немесе М.С. Жүнісов, М.

Сужиков, Д. Кшібеков, Г. Сапарғалиев секілді авторлардың социалистік мәдени революцияның «заңды нәтижесі ретінде» «ұлттық интеллигенцияның» құрылғанын атап кетуі [49, 164 б.] өмір талабы болатын. Ал керісінше, саяси репрессияға ұшыраған ұлт зиялылары көп жылдар бойына тек «жау» санатында болып, жөнді зерттелмеді. Бұл айтқандарға дәлел ретінде бір ғана құжатты, қазақ өлкесі жайлы 9 Бүкілресейлік Кеңестер съезінің делегаты С. Сәдуақасовтың баяндамасын (Москва. 1921 ж. желтоқсан.) келтірсек те болады [46, 182-192 бб.]. Бұл құжатты кеңес билігінің сол тұстағы қызметіне берілген ащы шындығы деуге болады. Мәдени революцияның ұлт мәселесін шешудегі теріс жағын әшкерелеу, сонымен қатар марксизм-ленинизм идеологиясынан толықтай бас тарту тек қана кейінгі жылдары ғана жүзеге аса бастағаны белгілі.

Қоғам қайраткерлерінің ұлт мәселесін шешу ұстанымына ғылымдағы көзқарас

В.И. Ленин шығармаларының 4-басылымының 20-томына енген «О праве нации на самоопределение» жұмысында қанаушы қоғамдық құрылыс тұсында коммунистердің алдына қоятын үлкен міндеттің бірі «кез келген ұлтшылдықпен, оның ішінде ұлы орыс ұлтшылдығымен күрес жайлы» [50, 281-282 бб.] болатын. Оған қоса «Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм – міне капиталистік дүниенің екі ұлы таптық лагеріне сәйкес, бүкіл капитализмнің, оның ұлттық мәселедегі екі саясатын білдіретін екі бітіспес-жау ұраны» қалыптастырылды [51, 8 б.]. Бұл тұжырымды Сталиннің «Национальные моменты в партийном и государственном строительстве. Тезисы к XII съезду РКП(б), одобренные ЦК партии» деген еңбегінен де көруге болады (РКП(б) XII съезінің (1923) шешімдерінде бекітілген), («Правда» №65. 24 март, 1923). Онда: «Ұлы державалық шовинизмді, жергілікті ұлтшылдықты, оны қоздырушы троцкийшіл-бухариншіл сатқындар мен капитулянттарды жою қажет» деп жазылған. Марксизм-ленинизмнің осы тұжырымдары кеңестік кеңістікте теориядан практикаға тез ауысқаны белгілі. Өйткені кеңес билігінің ұлт мәселесін шешудегі басты мақсаты оның негізгі қарсыласы, жауы ұлтшылдықты тез және түбірімен жою қажет болатын.

Саяси репрессияның қызып тұрған жылдары С. Нұрпеисов «Әшкерелеп, партиядан көптеген жауларды шығарып тастағанымыз бізге тынышталуға ерік бермейді. Біздің мақсатымыз – большевиктік қырағылықты одан әрі көтеру, партияны жұмылдыру, сол арқылы әрбір коммунист троцкист-зиновьевшіл жауыздарды, фашизм агенттерін, контрреволюциялық ұлтшылдарды, оңшыл сілімтіктер және басқа да партия, халық жауларын уақытында әшкерелеу» [52, 28 б.], - дейді. Ол «Кейбір жолдастар қазақ ұлтшылдары 1924-1925 жылдары-ақ талқандалған, қазір ешқандай қауіп жоқ деп ойлайды. Бұл өте қате» дей келе, «Сәдуақасовшылдық, қожановшылдық жұмысшы табының интернационалистік саясатының қазақ байлары мен

алашорда ұлтшылдық саясатына бейімделуі болып табылады», - деп олардың талқандалған элементтері кеңес өкіметімен осы жылдардан кейін де троцкист-зиновьевшілдермен бірігіп күресін жалғастырғанын, олар 1929-1932 жылдардағы партияның Қазақстандағы қателіктерін, асыра сілтеуін өз пайдаларына пайдаланғанын [52, 28-29 бб.] көрсетті. М.С. Жүнісов болса «көпшілік халыққа бір де бір идеология ұлтшылдық секілді қайғы мен азап әкелген жоқ,... оны тек діни фанатизммен ғана салыстыруға болады. Ұлтшылдық ұлттық мәселедегі буржуазияның идеологиясы, саясаты, этикалық принципі болғандықтан, өзінің антигуманистік табиғатына карамастан, көпшілік еңбекші ортасында біршама таралған» [53, 7 б.], - деп жазды. Ол антимарксистік тұрғыдан ұлтшылдық тақырыбында жазған: «А. Тойнби, Г. Кон, Р. Эмерсон, Б. Шейфер, К. Дойч, Ф. Нортрон, Р. Страус-Хюп, А. Смит, К. Силверт» секілді авторлардың атын [53, 8 б.] келтіре отырып, «шовинизмнің» ірі ұлтқа, ал «ұлтшылдықтың» кіші ұлтқа тән екенін, «Шовинизм – ол ұлтшылдықтың реакциялық формасы» [53, 102-103 бб.] екенін көрсетті. Ал келесі бір еңбегінде ол «Ұлтшылдық кез келген формада өзінде орасан зор қиратқыш күшке ие, ұлттық мәселедегі гуманистік принциптерді, жалпыадамзаттықты қорғайтын, қоғамның прогресстік күштерінің бірлігіне қарсы бағытталғандығын» [54, 22 б.] анықтап көрсеткен.

С. Бейсембаев өзінің ойын В.И. Лениннің «Барлық жұмысшылардың тек «тығыз бірлесуі» ғана қуатты және зұлым жаумен күресте жеңісті қамтамасыз ете алады» деген тұжырымы арқылы білдіреді [55, 16 б.]. Ал Ленинге, оның тұсындағы революционерлердің барлығына ол «зұлым жаудың» қайда екенін сұрау артық болатын, ол – бүкіл ұлт, ұлтшылдар, кез келген ұлтқа жаны ашитын азаматтар, оның ішінде «алаштар» да, «большевиктер» де бар болатын. М.С. Жүнісов те осы ойды қолдай отырып, былайша түйіндеді: «Интернационалдық саясаттың жүзеге асу тарихы – ол буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ұлтшылдықпен күрестің барлық формасының және көрінісінің де тарихы» [56, 39 б.]. М.К. Қозыбаевтың да осы идеологиялық майданның маңызын ашып көрсетуге күш салғанын көреміз: «20 жылдары қазақ ұлтшылдарының, ұлыдержавалық шовинистердің, троцкистердің т.б. антипартиялық топтардың, сонымен қатар солшыл субъективистердің идеологиясымен табанды күресте Қазақстандағы азамат соғысы мен революция тарихының маркстік-лениндік концепциясын сақтап қалған зерттеушілердің ядросы қалыптасты» - деп олардың «қазақ ұлтшылдарының және олардың «Алаш» партиясының реакцияшыл мәнін дәлелдеп» отырғанын айта келе, оның үстіне 30 жылдары тарихшы-марксистіктердің талантты буыны: «И. Кабулов, Т. Жүргенов, Н. Тимофеев, Е. Федоров, М. Төлепов, А. Лекеров, С. Асфендияров және т.б.» қалыптасқанын жазды [57, 21-22 бб.]. «Азамат соғысы мен шетел әскери интервенциясы Алашорданың тек қана антисоветтік қана емес, сонымен қатар халыққа да қарсы бағытын толық ашып берді. Оның қызметі бұл кезеңде қазақ халқының ұлттық мүддесіне жауап бермейтін» [54, 99 б.], - деп М.С. Жүнісов өзге авторлардың айтқан ойларына қосылды.

Сөз жоқ, кеңестік тарихтың өн бойында сынға түскен, саяси билікке бірден-бір қарсы келген күш алаш зиялылары болатын. Алғашқы кезеңде Ғ. Тоғжанов, Е. Федоров, І. Құрамысов, С. Нұрпеисов, И. Кабулов, С. Брайнин және Ш. Шафиrow, О.Ж. Исаев секілді авторлар ұлт мәселесін шешудегі «алаш» және қоғам қайраткерлері рөлін барынша ашуға күш салды. Кеңестік идеологияның табысты болуы тек қана ұлтжанды азаматтарды «жау» санатына қосуға байланысты болатын, олар бұл тәсілді барынша қолданды. Ғ. Тоғжанов өзінің еңбегінде С. Сәдуақасовтың алашордашылардың ойын қолдаған коммунистердің бірі екендігі, байларды экспроприациялау ол кедейлерге азаттық әкелмейді, керісінше езгі, қайыршылық «азап» әкелетінін, ал 1926 жылғы егістік, шабындық жерді бөлу, байлар жерін кедейлерге беру мәселесін «азамат соғысы, ауыл үшін қайыршылық» деп айтқанын келтірді [58, 30 б.]. Зерттеуші Е.С. Қуандықтың С. Сәдуақасов жайлы айтқандары жоғарыдағы авторлардың ойын толықтыра түсетінін айту керек, ол ұлт жанды қоғам қайраткерінің қазақ жерінде де индустриаландыру қажет деген ойына тек қана Ф.И.Голощекин ғана емес, сонымен бірге О.Ж. Исаев (өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы), І.М. Құрамысов (өлкелік партия комитетінің мүшесі), С. Меңдешев (сол жылдары РСФСР-дің экономика кеңесінің мүшесі) секілді билік басындағы адамдар да қарсы тұрғанын атап кеткен болатын [59, 31 б.].

Қазақтың басына түсетін қиындықтарды көре білген, ескерткен және кеңес өкіметінің аграрлық реформаларынан арашалап қалуға тырысқан ғалымдардың атын сынға ала отырып, Ғ. Тоғжанов: «Швецов, Сириус, Вернер, Букинич, Донич, Е. Тимофеев, Челинцев, Соколовский» – деп, бұл тізімге тағы Клеменцті де қосты [58, 32 б.]. Ол: «Кеңес өкіметін таптық жек көру байларды және кулактарды, олардың идеологтары алашордашылар мен буржуазиялық экономистердің-зиянкестердің басын біріктірді» [58, 33 б.] деген қорытынды жасады. Е. Федоров «таяқ жеген алашордалықтар партия қатарына, кеңес органдарына еніп алды»– дей келе, «Кондратьевшілер мен өзге де контрреволюционерлер алашордашылардың жерге байланысты тактикасы мен бағдарламасын толық қолдады» дей отырып Алаш бағдарламасының ауыл, аудан жерлерін жанұялар емес, ру болып игергенін қалағанын «бұл жартылай феодалдардың, капиталистік қанауға үйреніп қалған, талабы екендігін» көрсетеді [60, 5 б.]. І. Құрамысов та «Партия билетімен және партия билетінсіз әртүрлі алашордашылар өзінше қайғыра берсін, өкінішке орай олар қазір де арамызда жүр. Олар «мен қазақты жақсы көремін» деп кеуделерін ұра берсін. Қазақстанға және қазақтарға кім көп жақсылық жасағанын социалистік Қазақстанның нәтижелері айтсын, еңбекші қазақтардың өзі айтсын» [61, 26 б.], - деп бір жағынан алашордашылардың әлі жойылып бітпегеніне өкініш білдірсе, екінші жағынан «жеңіс» бәрібір большевиктер жағында екендігін көрсетеді. Ол Ленин шығармаларын Мағжан Жұмабаевтың, алашордашылардың аса көрнекті, жолын қуушының бірі, аударғандығының өзі «оқулық ісінің қаншалықты масқара жағдайда екендігін көрсетеді» [61, 27 б.]. Осы секілді тұжырым жасаған авторлардың

болашақта алаш азаматтарына, ұлт жанды қоғам қайраткерлеріне қарсы саяси репрессияның астарын, «мәні мен маңызын» терең бағамдауға дәрменсіз болғандығы тарихи шындық.

Отарлық және патриархалды-феодалдық мұраларды жоюмен қатар әрине, ұлыдержавалық шовинизмді және жергілікті ұлтшылдықты да «жою», соның арқасында алашордашылар мен оның жолын қуушыларды «аластау», жаңа өмірдің құрылысына жергілікті ұлт өкілдерінің еңбекшілерін «тартудың» [62, 7 б.] арқасында мүмкін болғанын С.Н. Покровский айтқан. А. Нүсіпбеков, Х. Бисенов те бұл табыстардың Ташкентті Қазақстанға бермек болған қазақ ұлтшыл-уклонистерінің әрекеті «әшкереленгеніне» [63, 99 б.] байланыстырды. Ал «жойылуға тиіс» алашордашылар мен оның жақтастарының образы Г.Ф. Дахшлейгер зерттеуінде көрсеткендей «қазақ халқының әлеуметтік және ұлттық езгіден азаттығы үшін нақты бағдарлама да ұсынған жоқ» [64, 86 б.] деген ұстанымды нығайтты. Кейінгі жылдары «алаш» тақырыбын жан-жақты, терең зерттеп жүрген зерттеуші М. Қойгелдиев «Алаш» партиясының бағдарламасының орыс тілінің А. Кенжин аударған түпнұсқаға жақын аудармасы бола тұра Мартыненконың жинаққа «басқа, яғни құжаттың мазмұнын бұрмалауға салған сапасыз аударма нұсқасын енгізгенін», ал ол өз кезегінде шетелдік басылымдарға да енгенін көрсету арқылы бұл тақырыптың большевиктер саясатындағы алатын орнын аша түсті.

Қазақ ұлт зиялыларын тек қана «контрреволюционер» ретінде көретін С.Н. Покровский «Алашордалықтар ешқашан Қазақстанның отарлық жағдайын жою үшін күрескен жоқ, ешқашан да қазақ халқының өз мемлекеттілігіне деген құқы жайлы сөз қатпаған» [65, 66 б.], - деп кеңестік идеологияның «сара жолын» анықтап берді. Осы секілді саяси, идеологиялық таластың немен аяқталғанын бастамай тұрып, ұлтшылдыққа айыптаудың «буржуазиялық автономия» төңірегінде болуы заңдылық екенін айту қажет. С.А. Покровскийдің пайымдауынша қазақ ұлтшылдары таптық шиеленіс тұсында орыс буржуазиясымен «бірге болды», [66, 19 б.] 1919 жылғы 24 маусымда алашордалықтардың адмирал Колчакқа жазбасында «Алашорда идеясы большевиктермен күресу ниетінен пайда болды, ол үшін... қару керек» деген сөздерін келтіре отырып [66, 55 б.], қазақ кеңестік автономиясының құрылуы «алашордашылармен күрес үстінде жүрді», олар кеңестік автономияны ұлттық-буржуазиялық автономиямен «алмастырмақ болды» [66, 65 б.]. Г.Ф. Дахшлейгер партияға 30 жылдарға дейін (XX ғасыр) «теория мен практикада» ұлыдержавалық шовинизммен және буржуазиялық ұлтшылдықпен күресуге тура келгенін, буржуазиялық ұлтшылдар «буржуазиялық автономияны, сонысымен сеператистік бағытты қалады» [67, 101 б.] деген нақты тұжырым жасады.

«Жергілікті ұлтшылдыққа бұратын уклонистер» Ресей федерациясынан бөлінуге тырысты, 20 жылдардың ортасында қазақ халқының шаруашылығы мен тұрмысының ерекшелігін «сылтауратып» уклонистер заң енгізбекші болды, әлеуметтік негізді есепке алмай тек ұлттық белгі бойынша

Қазақстанға көшіп-қонуға жер болса да, тиым салуға тырысты [68, 5 б.] дей келе, Г.Ф. Дахшлейгер сонымен қатар «Алаш» ұлттық партиясы мен Алашорда үкіметінің прогресстік рөлі жайлы «аңыздың», қазақ халқы үшін тәуелсіз мемлекет құрмақ болғаны, ақгвардияшылар мен интервенттерге қызмет көрсеткені түпкілікті фактілер арқылы «әшкереленгенін» [68, 8 б.] көрсетті. И. Кабулов: «... алашордашылардың Дутов, басқа генералдардың көмегімен Алаш Орда үкіметін құрғандығын айта келе: «Бұл үкімет» Қазақстанның отарлық жағдайын сақтауға, оны Кеңес елінен аулақтатуға, көпшілік қазақтардың революциялық қозғалысын, ұлы орыс пролетариатының басшылығымен сол кезде кең құлаш жая бастаған, басуға тырысты» [69, 48 б.], - деп бағалады. Автордың пікірінше революция жаулары кеңес билігінен жеңіліс тапқанда алашордашылар «сөз жүзінде» кеңес билігін мойындады, «іс жүзінде контрреволюциялық астыртын жұмысқа кетті» [69, 48 б.]. Қазақ ұлт зиялыларының Ресейлік буржуазиямен «қосылып» кеңестік емес буржуазиялық автономия құрмақ болғанын айта келе С. Досымбеков, С. Көлбаев буржуазиялық ұлтшылдар буржуазиялық автономияны өз халықтарын қанаудың қаруы ретінде және социалистік революциямен күресу үшін «пайдаланбақшы болды» [70, 5 б.], - деп жазды.

Қазақ буржуазиялық ұлтшылдары, ұлыдержавалық шовинистер «троцкийшіл-бухариндік топпен одақ құрып», капиталистік құлдықты қайта қалпына келтіру үшін «шетел империалистеріне қызметке тұрды» [71, 18 б.] деген зерттеуші В.К. Савоськоның ойына Г. Әбішев қазақ буржуазиялық ұлтшылдары Бөкейханов, Байтұрсынов, Шоқаев есімдерін кеңес өкіметінің «жауы», «ұлттың өзін-өзі билеуіне» қарсы, «Қазақстанды кеңестік Ресейден бөліп тастамақшы болған» деген жолдарды қосты. Бұл айтқандар И.В. Сталиннің РКП (б) X съезінде айтқан: «РСФСР-дегі ұлт мәселесінің мәні кейбір ұлттардың өткеннен қалған артта қалушылығын (шаруашылық, саяси, мәдени) жою, артта қалған халықтарға орталық Россияны мемлекеттік, мәдени, шаруашылық қатынастары бойынша қуып жетуге мүмкіндік жасау» [72, 27 б.] тұжырымдарымен үндес екені көреміз. С.Н. Покровский де Қазақ АССР-нің құрылуын интервенттер, ақ гвардияшылар, алашордашылар мен троцкист-бухариншілер секілді жау, сатқындарға, буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы күрестің табысты болуымен байланыстырды [73, 12-14 бб.]. Жалпы С. Бейсембаев осы процестің барысын көрсеткен. Ол И.В. Сталиннің 7 сәуірде Далалық (Қырғыз) өлкесінің төтенше комиссары Ә. Жангелдинге буржуазиялық ұлтшылдармен қалай қатынас жасау қажет екенін «Олардан «өздерінің массасын» түпкілікті бөліп алу үшін және кеңестердің айналасына біріктіру үшін алдымен буржуазиялық былықтан тазартып және буржуазиялықты кеңестік етіп, олардан автономияны «алу» қажет» («Правда», 1918, 9 сәуір) деген телеграмма арқылы көрсеткенін атап кеткен болатын [74, 105 б.].

Кеңестік биліктің негізі, оның басты идеологиялық сүйеніші пролетарлық диктатураның өмір сүру тәсілі, қазақ халқының көшпелі өркениетін түбірімен бұзған ұжымдық меншік және ұжымдық еңбек тек қана

«халықтарды жақындастыратынын, ұлт араздығын, ұлт езгісін жоятынын» А. Тұрсынбаев айта келе [75, 3 б.], еңбекшілерді «ұлтшылдық уымен» уландырмақ болған, интернационализмнің қас жауы – «буржуазиялық ұлтшылдар» екенін атап көрсетеді [75, 6 б.]. Ал 1918 жылы 18(31) қаңтарда алашорда үкіметі құлағанда «тек қана ұлы орыс халқының көмегімен қазақ халқы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін сақтай алды» [75, 31 б.] деген түрде қорытынды жасаған болатын. Әрине бұл мәселені таптық тұрғыда шешетін, қазақ кедейін пролетариатқа жақындататын тәсіл, «артта қалған халықтардың феодализмнен капитализмге соқпай социализмге өтуінің» көрініс еді. Г.Ф. Дахшлейгер 1919 жылы «Жизнь национальностей» газетінде А. Байтұрсынов «Қырғыздар және революция» мақаласында «қазақтарда таптық бөлінушілік жоқ», «Қазақстанда екі тап бар – «қазақ табы», және «орыс – табы» дегеніне, С. Сәдуақасов, Е.А. Полочанскийдің де сол тектес сөздеріне [76, 43-44 бб.], сонымен бірге, тіпті кейбір марксист, дайындығы бар тарихшы Ғ. Тоғжановтың «революцияға дейінгі саяси тәрбиені біз ұлтшылдардан алдық деп есептейді» [76, 48 б.] дегенін сынға алған болатын. Автор өзге зерттеуінде де С.П. Швецов, С. Сәдуақасов, Ғ. Тоғжанов А. Байтұрсыновтың ойына ұқсас тоқтамға келгенін жазды. Олар «ауылда патриархалды-рулық құрылыс, онда таптық сезім толығымен жоқ» деген болатын [64, 118 б.]. А.Н. Нүсіпбеков, С.Н. Покровский, В.Ф. Шахматов Қазақстанның тарих ғылымының 30-40 жылдарындағы даму динамикасын [77, 567-568, 573 бб.] келтіре отырып, «соңғы жылдарға дейін» тарих ғылымының біркелкі дамымағандығын, кеңестік кезеңдегі тарихтың барлығы зерттелмегендігін, Қазақстан тарихы бойынша көптеген еңбектердің «теориялық деңгейі» төмен екенін атап кетеді [77, 576 б.]. Оның бір себебіне олар «троцкист, буржуазияшыл-ұлтшылдардың (Сафаров, Бөкейханов т.б.)» әрекетін жатқызады. Авторлар революциядан бұрын қалыптасқан, 30 жылдары қазақ көшпелі қоғамдық қатынасы «тапсыз», «патриархалды-рулық» деген көзқарасты буржуазиялық ұлтшылдар қолдап, кең үгіттеді, бірақ «бұл партия, ғылым тарапынан жоққа шығарылды» [77, 561 б.], - дейді. Жалпы ғылымда Г. Сафаровты Ә. Бөкейхановпен қатар айтуы тегін емес екенін А.И. Зевелевтің еңбегінен (Зевелев А.И. Историография Советского Туркестана. - Ташкент, 1968. – 276 с.) де көруімізге болады. Онда Г. Сафаровтың «Түркстандық Кеңес өкіметі мұсылман кедейлеріне бөтен және жау күш ретінде қарсы тұрғандықтан», «қызыл армияның шабуылы... қырғыз, өзбек және түркімен кедейлерін өздерінің манаптарына, байлар мен улемдеріне онан сайын жақындастырды, кедейлерге басмашы қатарына бармасқа жол қалмады» деген сөздерін, Н. Батманов, Г. Соколов, Д.Д. Зуев, С. Гинзбург еңбектері де, Е. Федоровтың «К истории Коммунистической партии Туркестана» еңбегі де «сөзбе-сөз қайталайды» деген тұжырымдар орын алған.

Қазақ ұлтшылдары қазақ халқының тарихын бұрмалау үшін «аз күш жұмсаған жоқ» дей отырып, Е. Бекмаханов «қазақ буржуазиялық ұлтшылдары кеңес тарихшылар қатарына еніп алып, Қазақстан жеріне Кеңес өкіметі шеттен келген, сонымен қатар Октябрь социалистік революциясының

Қазақстанда ішкі байланысы жоқ» [78, 27 б.] дегенін айтқан. Құрамысовтың «Октябрь» дауылы ауылға соқпай, тимей өтті» деген пікірін Рысқұлов, Бөкейханов, Шонанов және басқа да буржуазиялық ұлтшылдар «қайталады, тарихты жүйелі түрде көпшілікті саяси адастыру мақсатымен бұрмалады», олардың «қазақ қоғамында таптық күрес және таптар жоқ, қазақ қоғамы рулық деген тіптен теріс «теория» өміршең болып шықты» [78, 27 б.], - деп сынға алды. Алайда, сөйлемдегі «сыннан» басқа ешқандай да қарсы аргументті келтірмеген. Т. Елеуов Түркістандағы Октябрь еңбекші мұсылмандарға жат, бөтен екенін, революция мұнда «телеграф арқылы» келгендігі жайлы айтқан Сафаровты, 1924 жылы «қырғыз массасының Россиядағы 1905 жылғы, Ақпан және Қазан революцияларына кең түрде қатысқандығы жайлы айту қиын» деген З. Миндлинді сынға алды [79, 12-13 бб.]. Сонымен қатар «қалалар мен темір жолдардан сырт тұратын төрттен үші еңбекші диқан (шарулар) миллиондаған далалық көпшілікке революциялық қозғалыс тимеді деуге болады» деген сөзі үшін Т. Рысқұловты, сонымен бірге С. Сәдуақасовты, Ғ. Тоғжановты да осындай ой айтқаны үшін сынай келе [79, 17-18 бб.], «ұлтшылдық позицияда» «Н. Мартыненко және К. Харлампович те» [79, 19 б.] тұрғанын көрсетті. Ғ.Ф. Дахшлейгер бұлар осылайша «байлардың қанаушы рөлін, таптар қайшылығын, ауылдағы қоғамдық қатынастарды революциялық шаралармен өзгерту қажет екенін жоққа шығарады» [80, 9-10 бб.], - деп жазған.

Қазақ еңбекшілерінің революцияға қатысы жоқ екендігін «буржуазиялық ұлтшылдар» да, кеңес халқының «сатқыны» Б. Хаит та айтты, ол «Ташкенттегі, тіпті Түркістандағы (Қазақстанды айтып отыр) революцияны тек қана орыстар жүргізді» деп жазғанын М. Сужиков көрсетті [48, 160 б.]. С. Көлбаев та «буржуазиялық ұлтшылдар» - алашордашыларға қарсы сын айтқандардың ішінде болды, ал А. Тұрсынбаев буржуазиялық ұлтшылдардың «жалпықазақтық» немесе «рулық» мүдделер таптықтан жоғары тұратынын «таратқанын» айта келе, оның көсемдеріне Ә. Бөкейханов және А. Байтұрсыновты жатқызады. Ал Чаяновты, Кондратьевті, проф. Швецовты, проф. Челинцевті «ауылдағы социалистік қайта құруды жоққа шығарды» деп сынға алды. К.Н. Нұрпейсов Қазақстан революциясын «фальсификациялаудың», ондағы кеңестердің орны мен рөлін «бұрмалап көрсетуде» буржуазиялық ұлтшылдар мен троцкийшілдерге ешкім де жетпейтіндігін, сонымен қатар Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың қазақ жерінде «таптық бөліну жоқ», «қазақ халқы социалистік құрылысты, социалистік революцияны қажетсінбегенін», соған байланысты ұлт аймақтарындағы кеңес өкіметін «отаршылдық» деп тұжырымын келтірді. К.Б. Бейсембиев те А. Байтұрсынов, Заки Валидов, Султан Галиев, Низамеддин Ходжаев және т.б. қоғам қайраткерлеріне «пролетариат диктатурасының таптық саясатына қарсы шықты», «милициядағы басшылықты, почта, телеграф, жергілікті кеңес органдарын басып алуға тырысты», «Орынбор губерниясын қазақ өлкесіне қосуға қарсы болды» секілді айыптар тақты. Сонымен қатар ол А. Байтұрсынов жайлы басқа

зерттеуінде, «ол өзінің жақтастарын – патриоттар, ал интернационалистерді – антипатриоттар деп есептеді», «қазақтар арасында «таптар жоқ, болуы мүмкін де емес», оның ойынша екі тап бар, ол «қазақ табы» және «орыс табы», ал әдебиетте «таптан жоғары тұру», «бейсаясат», «ескіні аңсау, субъективизм, пессимизм, индивидуализм идеяларын ұстанды» [81, 278 б.], - деп тізіп көрсетті.

М.Х. Асылбеков, С.Б. Нұрмұхамедов «индустриаландыруға қарсы», «көшпелі мал шаруашылығын сақтағысы келгендер» ретінде «уклоншы» С.Сәдуақасовты, «ұлыдержавалық шовинистер» Прокопович, Шевцов, Сириус, Донич және т.б.келтіре отырып троцкийшіл-зиновьев тобының осы уклоншылдармен байланыспақ болғанын айтады. С.Б. Нұрмұхамедов, В.К. Савосько, Р.Б. Сүлейменов секілді зерттеушілер де «ұлыдержавалық шовинистер және жергілікті ұлтшылдар» елді лениндік индустриаландыру курсына «барын сала қарсы шыққанын» [27, 28-29 бб.] баса көрсетті. Н. Киікбаевтің пікірінше: «Троцкистік-бухариншіл және буржуазиялық-ұлтшыл азғындар» Қазақстандағы индустриаландырудың табысты жүруіне кедергі болған, Қазақстанды Россиядан ажыратуға тырысқан, шет ел капиталын пайдаланбақшы болған, көшпелі және мал шаруашылығын сақтауды жақтаған». Ал О.С. Сексенбаев «жероргандарында жұмыс істеген буржуазиялық мамандар, троцкийшілдер, бухариншілдер, буржуазияшыл ұлтшылдар, кулактар мен байлар тұтас майданмен, ашық және әртүрлі маска жамылып... қазақ халқының ұлттық дәстүріне қайшы деген сылтаумен совхоздардың республикада құрылуына қарсы шыққаны» туралы жазған.

Лениндік ұлт саясатының ұстанымдарына, пролетарлық диктатура, интернационализм, социалистік құрылыс тұжырымдарына сәйкес тарихи әдебиетте ұлт зиялыларының кез келген саяси әрекеті «контрреволюциялық» бағытта айыпталғаны белгілі. Большевиктер ұлт мәселесін шешуде мәдени революцияның, ұжымдастырудың, индустриаландырудың жетістіктерін, табыстарын осы «буржуазиялық ұлтшылдарға» қарсы пайдалана отырып маркстік-лениндік идеологияны дамытуға күш салды. Әрине, оның нәтижесі де белгілі, ұлт зиялыларының тарихы, қоғамдық қызметі, олардың идеялары зерттеуден тыс қалып келгені белгілі. Буржуазиялық ұлтшылдар «кеңес өкіметі мұсылмандарға қайыршылық, жоқшылық әкеледі, оларды дін, ұлттық әдет-ғұрыптар үшін қудалайтын болады» деген сөздер таратты» дей келе, А. Ержанов олар «көпшілікті алдау үшін», өздерінің «контрреволюциялық ниеттерін» жасыру үшін «ұлттық туды жамылды» деп көрсетті. Р.Б. Сүлейменов, Х.И. Бисенов те «ұлтшылдық, панисламизм, пантюркизм, ашық мистика» – көпшілікке қарсы, оларды ескі қиял мен ескі наным құшағында ауыздықтап «ұстап отыру үшін қажет болды» [26, 64-65 бб.], - деп жазды. Авторлар бұл буржуазиялық ұлтшылдарға ауылдың әлеуметтік өзгерістерге дайын еместігіне «көз жеткізгілері келді» деп, «ұлтшыл-уклоншылдар» Сәдуақасов, Сұлтанбеков, Мұстамбаевтарды қосты. Бұл ойды өзге де зерттеушілер «партия ішіндегі оппозицияда болған, ұлтжанды азаматтарға Т. Рысқұлов, С.

Сәдуақасов, С. Қожанұлы, Ж. Мыңбайұлы, Н. Нұрмақұлы, Ы. Мұстамбайұлы, Ж. Сұлтанбекұлы, Ә. Лекерұлы» секілді қоғам қайраткерлерін жатқыза отырып [59, 46 б.] атап кеткен болатын.

Ал Г.Ф. Дахшлейгер Қазақстандағы Наркомзем, Госплан секілді құрылымдарда істеген «шовинистік ойдағы, буржуазиялық профессура өкілдері - Кондратьев, Чаянов, Швецов, Сириус т.б. ауызша және жазбаша сөздерінде «көшпелі тұрмыстың және көшпелі мал шаруашылығының (болашақта да) және қазақ халқының артта қалғандығы жойылмайтындығын» дәлелдегісі келді [80, 10 б.], - деп сынға алды. А.П. Кучкин «Коммунист» Байтұрсынов, Бөкейханов та қазақ халқы «басқалардан бұрын» және «онай коммунизмге келеді» («НХК», 1931, №5, с.26.), («Большевик Казахстана», 1932, №5, с.24.) дегенін, Байтұрсыновтың «большевиктік өкімет патша өкіметінен әлдеқайда жеккөрінішті, зиянды» («Большевик Казахстана», 1932, №5, с.22.) деп айтқанын мысалға келтіре отырып, С. Сәдуақасов секілді «национал-уклонистер» оларды қайталап, ауылда «бай – тап жауы еместігін айтады» дейді. Сонымен бірге ол осы қатардан Соколовский, Полочанский, Кушнерді де көрді [44, 69-70 бб.]. С.Н. Покровский алашордашылардың өз тарихында тек қана «анық контрреволюциялық бағытты» ұстанғанын [65, 66 б.] көрсетуге тырысты. Оның пайымдауынша Жетісуда негізгі антисоветтік күштерді ұйымдастырушылар қатарында шетелдік империалистерден басқа «казактардың бай офицер-кулактарынан тұратын жетісулық әскери кеңесі және «Алаш» контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшылдардың ұйымы болған» [65, 103 б.].

Сібірлік автономистердің «көптеген жақтастары» алашордашылар мен басқа да контрреволюциялық элементтер түрінде ауылда Кеңес өкіметін нығайтпас үшін Қазақстанды бөлшектуге де дайын еді, «Сібір автономиясына» қосқысы келді деп сынға алып, К. Нұрпейсов «Үш-жүз» партиясының алашқа жаулығына қарамастан сондай позицияда екенін, «олар Қазақстанның буржуазиялық автономия болуын» қалағаны жайында пікір танытқан. Ал В.К. Григорьевтің мәліметтері бойынша Қазақстандағы 1920-1922 жылдары эсер-кулак контрреволюционерлері мен олардың одақтастарының күйреу тарихына қорытынды жасауға талпынған бірінші еңбек екенін, «солшыл эсерлердің», «меньшевик-интернационалистердің», «анархист-синдикалистердің» саяси позициясы нашар болған. Бұлар пролетариат диктатурасымен күресуге талпынса, «Алаш» буржуазиялық-ұлтшыл партиясы мен ұсақ буржуазиялық «Үш жүз» партиясы «саяси аренадан кеткен» [82, 30-32 бб.]. Эсерлер Батыс Қазақстан, Көкшетау, Петропавловск, Ақмола, Өскемен, Семей, Бұқтырма жерлерінде өздерінің: «Коммунистерсіз Кеңес өкіметі үшін», «Азық-түлік салғырты жойылсын», «Товар еркіндігі жасасын» деген ұрандармен сайлауға да, басқа да шараларға «қатысты» [82, 47 б.]. Көзге түсетін топтардың арасынан автор 1920 жылы көтеріліске шыққан Шишкин, Рогов, Новоселов, А. Сапожковты [82, 49-65 бб.], сонымен қатар эсерлердің үміт артқан «бандаларының» қатарына автор Серов, Кайгородов, Сальников, Митрясов және т.б. жатқызды [82, 159 б.].

Авторлар мойындағандай большевиктер саясатының ұлт мәселесін шеше алмайтынын, қазақ қоғамында таптар болмағанын, социалистік революцияны түсінбегенін ашық айтқаны үшін ұлт зиялылығы контрреволюция қатарына жатқызылды, саяси репрессияға да ұшырады. Дегенмен, олардың еңбегі босқа кетпеді. Қазақстанда қалып күрескен, немесе шетелде жүріп лениндік идеологияны жоққа шығарған қайраткерлердің еңбектерінде кеңестік саясаттың қазақ халқына алып келген қасіретін бұрмаламай ашық жазды. Большевиктік кеңес өкіметінің қазақ даласына сырттан алып келіп таңылғандығы, оның жергілікті тұрғындар үшін маңызының жоқтығы, голощекиндік ұрдажық саясаттың қазақ халқына жасалған геноцид екендігі ашып жазылды. Кеңес Одағында орын алған оқиғаларды бүкіл дүние жүзі, соның ішінде өркениетті, сауатты, әрі бай шетел мемлекеттері де қадағалап отырды. Осы мәселерді арнайы зерттеп, өз еңбектерінде мерзімді басылым материалдары негізінде көпшілікке ұсынды. «Егеменді, демократиялық» мемлекетке айналған Қазақстанда ұлт интеллигенциясына деген көзқарас түбірімен өзгеріске түсті. М.К. Қозыбаев «Өзге де радикалды ұлтшыл қозғалыстардың ішінде алаш қозғалысы» отарлыққа қарсы күрестің «ең прогресшіл ағымдардың бірі» болғанын айтқанын көрсеткен болатынбыз, сонымен қатар ол өзге еңбегінде «Алаш», «Алашорда» тақырыптарын зеттеген ғалымдар еңбектерін талдай отырып, алдыңғы он жылдықтардай емес, «Алаш» қозғалысына «эволюционизм, ағартушылық, отарлыққа қарсылық, ұлттық дербестікке, буржуазиялық-демократиялық бостандықты қорғауға даярлық, сонымен қатар автономизмге, ұлттық тәуелсіздікке талпынушылық тән екендігін» көрсетті. Р.К. Нұрмағамбетова зерттеуінде алаш мәселесінің тарихнамалық ерекшелігіне жалпы алаш жайлы проблеманың 1940 – 1950 жылдардың бас кезіндегі еңбектерде толықтай қаралмауын жатқызады [83, 68 б.]. 1970-1980 жылдары автордың ойынша қазақстандық тарихнама өзгеріске түспегендігін Ф. Маликов, М. С. Бурабаев секілді авторлардың еңбегі арқылы көрсетті [83, 89 б.]. Ол 1989 жылғы шілдеде Қазақтың марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында болған «Алаш-Орда: история зарождения, деятельности и крушения» деген дискуссияға қатысушылардың «көбісі алашорда қозғалысын халыққа қарсы деп есептегенін», жалпы «1991-1992 жылдарға дейін» осы проблеманың теориялық-методологиялық жағы алға жылжи қоймағанын дәл көрсетеді [83, 95-96 бб.]. Автор тек Д.А. Аманжолова, К. Нұрпейсов, М. Қойгелдиев монографияларын тарихнамалық зерттеулердегі «осы мәселедегі жаңа сапалы кезең» екендігін атап өтті [83, 103 б.].

1917 жылғы 5 желтоқсанда Орынборда болған жалпы қазақ-қырғыз съезінде Ә. Бөкейханов бастаған топ автономияны құруға қарсы болғанын М. Қойгелдиев «Бұл сөзсіз өмір талабынан туған астарлы, көргендік саясат болатын» (Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі және тағдыры. - Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.), - деп жоғары бағалайды Ол съездің жер мәселесін қарамаған себебіне де «көрші жұрттың, сыртқы күштің үлкен наразылығына қалуды жөн

көрмеді» деп көрсеткен. Е.Е. Сайлаубай «Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі» деген еңбегінде Алаш немесе Алашорда қозғалысы мәселесінің зерттелуі тек тәуелсіздік жылдары ғана мүмкін болғанын ал С. Брайнин және Ш. Шафиро «Алашорданың тарихи рөлі» деген өздерінің баяндамаларының негізінде 1935 жылы «Очерки по истории Алаш-Орды» деген атпен кітап шығарғанына назар аударды. Ол тек 90 жылы «Қазақстан Коммунисті» журналының 5 санында «Алаштың ақиқатын кім айтады» деген топтама жарияланғанын, зерттеушілер К. Нұрпейсов пен Т. Кәкішев «Алаштың саяси ұйым ретіндегі қызметіне алғаш рет оң баға бергені» [84, 8 б.] туралы жазды. Алайда оны «оң бағаға» жатқызу қиын екені анық. Дегенмен К. Нұрпейсовтың «Алаш һәм Алашорда» деген еңбегінің мақсаты да, міндеттері де бөлек екенін айту керек. Мұнда партияның тапсырмасымен Алаш партиясының «контрреволюциялық-ұлтшылдық» мәнін ашуды мемлекеттік баспаның директоры А.К. Бочагов (Алаш-Орда. Кзыл-Орда, 1927.), Өлкелік Комитеттің Насихат бөлімінің меңгерушісі Н. Мартыненко (Алаш-Орда, сб.документов, составитель Н. Мартыненко, Кзыл-Орда, 1929.) қолға алғаны айтылады. Дегенмен, олар жазған кітап Москва тарапынан «Алашорда идеологиясын ашық түрде насихаттау» деп бағаланды, оның ізімен Т. Рысқұлов та айыптау мақаласын жариялағанын, алайда ВКП (б) Қазақ Өлкелік партия комитеті 1935 жылғы 15 сәуірдегі («Правдадан» 1 күн кейін) бюросында С. Брайнин мен Ш. Шафиро еңбектерін, оған қоса Н. Мартыненконың да жинағын «пайдаланудан алып тастау» жөнінде қаулы шығарғанын айта отырып, алаш тақырыбын зерттеудің ресми түрде тиылғанын айтты. Сонымен, К. Нұрпейсов алаш партиясы жайлы «әдеттегі таптық партияға ауысу «кезеңін» бастан кешірген өтпелі жалпыұлттық саяси ұйым деп қарастырған жөн», - деп тұжырым жасаған. К.Н. Нұрпейсов басқа зерттеуінде XX ғасырдың аяғында Октябрь революциясы мен азамат соғысы жүріп жатқан жылдары, болашақтағы тоталитарлық режим өзінің билік басына келуін күшпен, қарумен көрсетіп жатқан тұста, ұлттық-демократиялық интеллигенция оған қарсы қарулы қарсылық көрсеткенін, Қазақстанда ол Ә. Бөкейханов басқарған Алашорданың әрекетінен көрінсе, Орта Азияда М. Шоқай мен М. Тынышпаев басқарған Түркістан («Қоқан») автономиясының әрекетінен «көрінді» [85, 134 б.] деген маңызды тұжырымға келді.

«Алаш» тақырыбы Қазақстан тарих ғылымының зерттеу объектісі ретінде әрқашанда өзектілігімен көзге түсетін, алайда авторлардың ойлары тарихнамалық кезеңдердің барлығында айтарлықтай жаңалық алып келмегенін мойындау керек. «Алаштың» ақиқатын кім айтады? деген рубрикамен «Қазақстан коммунисті» журналында кеңестік биліктің соңғы сәтінде, XX ғасырдың 90 жылы жарияланған В. Григорьев, К. Нұрпейсов, Т. Кәкішев секілді зерттеушілердің мақалалары айтылған ойдың шынайылығын дәйектейді. В. Григорьевтің «большевиктердің ашық қарсыластары мен жасырын қаскөйлері, уақытша одақтастары мен жолбике әріптестері де бар еді. Осындай күрес-аренасынан тайқып шыққан партиялардың бірі –

буржуазияшыл-ұлтшыл Алаш партиясы еді» деген сыны бар. К. Нұрпейсов болса «Алаш» партиясына әртүрлі көзқарас бар екеніне мысал келтіреді: «Бочагов оған ұсақ буржуазияның партиясы ретінде баға береді, ал Құрамысов жартылай феодалдық байшылдықтың, Брайнин мен Шафиро жалпы байшылдықтың партиясы ретінде қарады. Қазақстан Компартиясы мен Қазақ ССР тарихтарында Алаш контрреволюциялық буржуазияшыл-ұлтшыл ұйым ретінде бағаланып келді» дей келе, «Менің пікірімше, Алаш - шын мәніндегі саяси партия болып қалыптасып үлгірмеген ұйым», 1917 жылы шілде айында оның нағыз саяси партияға тән Уставы да, Программасы да «болмағанын» айта келе, «өтпелі саяси ұйым деп қарастырған жөн сияқты», - деп қорытты. «Алаш» немесе (Алашорда) қозғалысы 1917-1920 жылдары, тұжырымдап айтқанда, «төрт кезеңнен өтті» деп автор сол төрт кезеңді де «қарсылық, большевиктерге қарсылық» деген сөзбен сипаттады.

Т. Кәкішев болса «Алаш» партиясы Программасының жобасы 1917 жылғы қарашаның 21-інде «Қазақ» газетінде жарияланды. Ал біз болсақ, «партия 1917 жылдың маусым айында құрылды деуден танбай келеміз» - деп шындықты нұсқады. Бүкіл 1917 жылдың жаз-күз, айларының бәрі сайлау науқанына арналды, ал «партия құру, программа түзу, устав жасау» ойларына келмегенін айта келе, «Қалай десек те, заңды түрде құрылған «Алаш» партиясы болғанын дәлелдейтін құжатқа кезіге алмадық. Жетпіс жыл бойына бүкіл тарихымызды шулатқан «Алаш» деген партияның бар сиқы міне осындай» деп қорытты. Ғылымда осы мәселеге қатысты ортақ пікірдің орын алмай отырғаны мәлім. Ғалымдардың бір тобы Алаш партиясы құрылды, оның бағдарламасы мен Жарғысы болды десе, екіншілері партия тек өз атауын алыды, алайда оның партиялық құжаттары қабылданып үлгермеді деген пікір танытады. Ал алашордалықтар «ұлттық сезімді пайдаланып, қырғыз автономиясы үшін күресе отырып, Қазақстанды Кеңестік Россиядан бөліп алмақ болды», «қазақ еңбекшілері алашордалық буржуазиялық автономияны қабыл алмады» деген «Борцы за Советскую власть в Казахстане» жинағындағы ойлар 1987 жылы саяси толқуларға байланысты қайта шығарылған, ғылымда орын алған тұжырымды қайталаған еңбек болып саналады.

«Партияның ұлттық саясатындағы лениндік принциптердің бұзылғанын, мәдени мұраларға нигилистік қатынасты, ұжымдастырудағы еріктіліктен бас тартуды... қарастырамыз» деп зерттеуші М.С. Бурабаев лениндік принциптен кете алмай жүрген ғалымдардың қатарынан алыс кете алмады. Оның пікірінше «Үш жүз» партиясының бұл буржуазиялық-ұлттық партиямен («Алаш») туыс емес екенін, керісінше қайшылықта, олар «әртүрлі таптық-идеялық позицияда тұрған» [86, 8 б.]. Кейбір жарияланымдарда «Алашорданы» толық ақтау әрекеттері байқалады, олардың саяси әрекеттері бүркемеленеді» [86, 19 б.]. Ал А. Байтұрсынов жайлы: «Большевиктер жағына белгілі ірі идеялық қарсыласының шығуы Кеңес өкіметінің көпшілік халық арасында беделінің өскенін көрсетті және партияның ұлттық

саясатының дұрыстығына жақсы дәлел болды» [86, 38 б.], - деп анық большевиктік позицияда екенін көрсеткен.

Көптеген жылдар большевиктік, лениндік идеологияның, ұлт саясатының салқынымен айыпталып келген ұлт зиялыларына қоғамдық-саяси өмірдегі алатын орнына қарай тиісті баға беру де өмір талабы. Алайда, ендігі жерде азабы мол сол жылдардың жаласынан алаш азаматтарын, қоғам қайраткерлерін аршып алу үшін зерттеушілерге уақыт та, жігер де қажет екені түсінікті. Дегенмен, ұлт мәселесін шешудегі Алаш және қоғам қайраткерлерінің рөлін ашып көрсету үшін кеңестік саяси, идеологиялық, мәдени, шаруашылық салаларында қызмет еткен, қазақ қоғамының күйреуіне араша түсе алмаса да, ол идеологияны өзгертуге күштері жоқ болса да барынша қарсыласқан, сол жолда өмірін де қиған азаматтардың қоғамдық қызметіне қарай отырып, лениндік ұлт мәселесінің қазақ өлкесінде жүзеге асу барысын бағалауға болатынын көреміз. Зерттеуші Д.А. Махат еңбегінде Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» деген сөзін келтіре отырып [87, 3 б.], ондай азаматтардың қазақ қоғамында болғанын Ф. Голощекиннің қазақ оқығандары мен Алашорда зиялылары туралы «оларды жұмысқа қосып, партияға ала тұрсақ та, олардың байшыл, ұлтшыл салт-санасына қарсы күресу керек» деген сөзінен көруге болатындығын көрсетті. Артынша Ф. Голощекиннің алған бағытын қолдаған мақалалар жарық көре бастағанын, сонымен қатар 1926 жылғы БК (б) П Қазақ Өлкелік комитетінің қараша пленумы ұлт зиялыларын «жікшілдікке» айыптап, Мыңбаев, Сәдуақасов, Қожанов туралы ОК-ке, Сталин, Молотов және Косиорға 1926 жылғы 12 желтоқсанда «аса құпия» хат жолдағанын, «ұлтшылдық» пен «жікшілдікке» айыптау «ашық сипат» алған. Автор бұл саясаттың 1928 жылы мамыр айында да өзінің жалғасын тауып, Ф. Голощекиннің Қызылорда партия белсенділерінің жиналысында «Смағұлшылдарға» тиіскен соң, осыған орай тағы да айыптау мақалаларының жарық көргені туралы жазды. Осы секілді айыптаулар кеңестік тарихтың өн бойында болғаны белгілі, XX ғасырдың 70 жылдарының басында да М. Сужиков С. Сәдуақасовтың «Большевик» журналының беттерінде жариялаған ойларын: «партияның ОК-і ұлт мәселесін жөнді есептемейді, сондықтан да ұлттық шет аймақтар отар, тек шикізат қоры болып қалып отыр деп жала жаба отырып сендірмек болады», - деп сынға алды.

«Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы №7,8,9 санындағы «Қазақстанды қалай құрған жөн?» деген мақаласы «Қазақстан коммунисті» журналының 1991 жылғы №5 санында басылып шыққан С. Сәдуақасовтың еңбегі тарихи айналымға түскені куантарлық іс екені анық. Сонымен қатар автор сол кезеңді бізге жақындатып қана қойған жоқ, оның өзі де халқына біртабан жақындағанын айту керек. Ол біріншіден, Ташкент айналасында қазақтар көп, «қазақтың азық-түлігінсіз оның күн көру мәселесі екіталайға айналатындығын», екіншіден, қазақтардың да ол қаласыз күні жоқ, олардың

арасы ана мен баланың арасындай «Сол себепті Ташкент Қазақстанға берілуі керек» деген ойды айтады. Үшіншіден, онда оқу орындары бар, ал Қазақстанда жоқ. Төртіншіден, «Қазақстан үкіметі үлкен үкімет. ...Кішкене калаға біз симаймыз» деп неліктен Ташкент қазаққа қарау керек екенін түсіндіреді [88, 87 б.]. Ал зерттеуші М. Қойгелдиев келтірген «оңшылдық» пен «солшылдыққа» айыптауға байланысты 1927 жылғы 10 тамызда жазылған хаттардың мазмұнында мынадай жолдар бар: «Сәдуақасов жолдастың бағыты объективті оңшылдық, ал Жандосов жолдастың бағыты объективті солшылдық. Мен бұрын да... ортасын ұстағанмын, қазір де солай», «текті феодалдарды жою әдісін барлық байларға қолдануды ұсынып Жандосов қателеседі». Сонымен қатар «текті феодалдарға қатысты батыл шараларға қарсы шығып Сәдуақасов жолдас жаңылысып отыр» деген сөздермен қатар орыс ұлтшылдығынан мезі болған С. Қожановтың «ұлттық ауытқушылықты» партиямен бірге айыптайтынын, сонымен қатар «ұлыдержавалық шовинизмнің көріністерін батыл түрде тежеп отыру міндет» деген нақты ойын да көреміз. Ж. Сүлейменов «Қазақстан коммунисті» 1991. №7. журналындағы мақаласында солшылдықтың көсемі саналған С. Меңдешев жайлы 90 жылдардың басындағы зерттеушілердің, қоғам танушылардың кейбіріне тән бір қатені ұстана отырып жазады, факті жоқ. Егер деректер болса, кез келген оқырман салыстыра отырып, жан-жақты қарай отырып өз ойын, автордың позициясын анық білер еді.

Алаш қайраткерлерінің қоғамдық саяси қызметіне, жеке өміріне М. Құл-Мұхаммед, К. Есмағамбетов, Ғ. Исахан, Т.С. Қаленова, Г.Ж. Сұлтанғазы секілді зерттеушілер жаңаша мазмұн беруге тырысты. «Алаш» тақырыбын толықтыруға тиіс болатын М. Кул-Мухаммедтің еңбегі 90 жылдардың аяғында, алаштарға, алашордалықтарға деген жаңа көзқарастың қалыптасып қалған, дегенмен, әлі де қазақ ұлтының оларға деген ыстығы басыла қоймаған тұсы. Алайда, еңбектің тек Ж. Ақбаевтың ғана жеке басына арналғаны, құқықтық деректерді талдаудың жоқтығы, жалпы нақты тарихи желінің болмауы еңбектің құндылығын түсіретіндігі сөзсіз. Автор «жаңа замандағы қазақ тарихын, оның ұлт-азаттық қозғалыстарынан туындайтын саяси және құқықтық тарихын» талас тудыратын 5 кезеңге бөліп қарастырды [89, 33 б.]. Ол Жакып Ақпаевты қазақ халқының өмірінде қалыптасқан алғашқы саяси партияның «саяси идеологтарының және барлық тарихи жағдайларды ұйымдастырушыларының бірі», - деп Ж.Ақпаевты өте жоғары бағалады. Осы тұрасында зерттеудің тақырыбы да талас тудыратынын айту керек.

Қазақ қоғамында өшпес із қалдырған мемлекет, ұлт қайраткерлерінің портреті жинақталған «Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности)» жинағында Д. Сатпаев ұлтжанды алаш азаматы М. Шоқайдың (1917-1918) саяси қызметін қарастыра келе, оған «Түркістан ұлттық комитетіне» қатысы бар деген айып тағуына еш себеп жоқтығын айтады. Ол М. Шоқайдың 1941 жылы 27 желтоқсанда қайтыс болғанын, ал «Түркістан легионының» тек жарты жылдан соң ғана, 1942

жылы құрылғанын алға тартады. Ал зерттеуші Б. Садыкова «Мұстафа Шоқай» деген еңбегінде Мұстафа Шоқай секілді ұлт лидері мен Кеңес өкіметінің арасындағы негізгі қайшылықты анық көрсете білген. Ол 1917 жылғы 10 желтоқсандағы Түркістан автономиясын жариялаған съезде Түркістан үшін ең негізгі қауіп ол «бірліктің жоқтығы» екенін, ал кеңес билігінің негізгі саяси ұраны «бөліп ал да билей бер» болғандықтан жан-тәнімен оған қарсы екенін жасырмағанын [52, 55 б.], ол Ресеймен достықта, бейбітшілікте болуымыз керек, себебі «жаман халықтар жоқ, тек жаман адамдар болады» деген ойын жайып салғанын айтады. Большевиктер «уысынан шығып бара жатқан» Қоқан автономиясын, бар жоғы 64 күн өмір сүрген (1917 жылғы 10 желтоқсан – 1918 жылғы 13 ақпан), қатыгездікпен талқандағанын, Қоқан автономиясының талқандалуы бұл жерде он жылдан астам уақытқа созылған «басмашылық» деп аталған «қуатты ұлт-азаттық қозғалысқа ұласқанын» көрсетті. Автор сонымен қатар коммунизм идеясының мұсылман коммунистерінің, жәдидтердің арасында қолдау тапқанын, бұл бір ерекше кезең 1918 жыл мен 1928 жылдар арасында, кей жерде онан да ұзақ уақытқа созылғанын айта келе, «Мұсылмандық ұлттық коммунизмінің» ең ірі теоретиктеріне автор еділдік татарлар Мир-Саид Султан-Галиев, Галимджан Ибрагимді, қазақтар Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханды, өзбектер Абдуррауф Фитрат, Нариман Наримановты жатқызады. Олардың негізгі бағдарламалық ойларын атай отырып: «исламды «шектеу»; европалық (орыс) өркениетке қарсы тұра білу, тіл, мәдениет т.б. жағынан; орыс отаршылдығынан қорғану, отаршылдарды қуу; мұсылман халықтары бір ұлтқа, Тұран республикасына, бірігуі қажет; мұсылмандардың өз коммунистік партиясы болуы тиіс, өз кадрлары, өз еркіндігі; Коминтерн Европадан Шығысқа ауысуы тиіс, мұнда коммунизмді орыстар емес, мұсылман коммунистері алып келуі керек...» бұл идеялардың «утопия» екенін айтпаса да Т. Рысқұловтың Түркістандағы орыстардың екі жылдық билігінің өкінішке орай «революция идеалдарының жергілікті жердегі саясатпен үйлеспейтіндігін көрсеткенін» айтты.

Жалпы Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап кеңестік кезеңде тек қана жаулық көзбен қарастырылып келген қоғам қайраткерлеріне жаңа тарихи методология, көзқарас пен тәсіл қолдана отырып зерттеу арнаған Ж.М. Уәлиханова, В.М. Устинов, Ж.Б. Аширбекова, А. Кәкен, Э.Ж. Әзіретбергенова, Т. Мансуров, Л.Д. Кудерина, П.Ж. Алтынбекова, Ж. Сүлейменов, Р.Б. Сүлейменов, К. Есмагамбетов, Б. Садыкова, Ғ. Исахан, Т.С. Қаленова, Г.Ж. Сұлтанғазы, т.б. секілді авторларды атап кету қажет. Сонымен қатар «У. Джандосов – выдающийся государственный деятель и просветитель» жинағында Т. Омарбеков, М. Қойгелдиевтің қоғам қайраткеріне берген екі түрлі көзқарасты көреміз [90, 15-22 бб.], алайда олардың да түйісетін жері бар екенін айту керек. Сталиндік биліктің қудалауына ұшыраған, 1952 жылғы 4 желтоқсанда 25 жылға сотталған Е. Бекмаханов жайлы істің стенограммасының, «Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. «Казахстан в 20-40 годы XIX века». Стенограмма. 14 – 19

июля 1948 г. Алматы, 2000.», академик К. Нұрпейістің «Расправа над ученым и его главной книгой» деп аталатын кіріспесімен жарық көруі, сонымен қатар К. Нұрпейісовтың «История одного «дела» деген еңбегінде тарихи айналымға түсуі кеңестік биліктің мәдениет, ғылым саласындағы тағы бір жеңілісі болатын.

Қорыта келе, меньшевиктер, эсерлер, буржуазиялық ұлтшылдар және буржуазиялық әлеуметтанушылар шығыстағы артта қалған ұлттық аймақтарда «социалистік революцияның заңдылығын жоққа шығарады» [48, 160 б.], ал «буржуазиялық ұлтшылдар» қазақ еңбекшілерін таптық күрестен аулақ әкету үшін, барлық мұсылмандарды біріктіру үшін бар жігермен «пантюркизмді, панисламизмді таратты» [48, 166 б.] деген зерттеушілердің тұжырымы бүкіл кеңестік кезеңнің арқауы болғанын айту керек. Бұл айтқан айыптаулар тек қағаз бетінде қалған жоқ, іс жүзінде Алашорда басшылары 1919 жылдың желтоқсанында кеңестер жағына шығып, заңды түрде 1920 жылғы қаңтарда өмір сүруін тоқтатқан соң, 1920 жылғы 5 наурызда Кирревком қаулысы бойынша Ж. және Х. Досмұхамедовтар, И. Қашқынбаев, К. Жәленов, Б. Атшыбаев Москва, т.б. Ресей қалаларына аулақтатылған болатын, XX ғасырдың 50 жылдарының басында да И.В. Ерофеева жазғандай тоталитарлық жүйенің қысымын көрген ғалым Е.Б. Бекмаханов кейінгі жылдары өзінің өткенді идеалдандыру ойынан қайтып, енді «қазақ аристократтырының жеке басының, субъективті мүддесі үшін талаптануы позициясынан қарастырғанын» айтқаны кеңестік идеологияда, саясатта ешбір өзгеріс болмағанын көрсетсе керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуында нарықтық қатынас, дүниежүзілік жаһандану, ақпараттану, жаңа технологиялар аясына ену, дүниежүзілік дамыған елдер санатына қосылу басты бағыт болып отырған тұста, саяси, идеологиялық ерекшелігіне орай «жабық есік» саясатын ұстанған кеңестік тоталитарлық жүйе тұсындағы қазақ ұлтының, республиканы мекендеген өзге де халықтармен бірге көрген, алайда нәтижесі соншалықты қасіретті болған социалистік құрылыс өзгерістері тұсындағы даму ерекшелігі өзінің аса өзектілігімен көрінуі заңдылық болатын.

Ұлт мәселесінің тікелей жеке тақырып түрінде қарастырылмағанына карамастан, лениндік ұлт саясатының кеңестік реформалары арқылы оның жан-жақты тұрғыда зерттеу объектісі болғаны кеңестік тарихшылардың еңбектері арқылы көрсетілді. Осы тарихи зерттеулерді қайта қарау, салыстыру, жаңа сыннан өткізу ғылым үшін ғана емес, кеңестік өзгерістердің темірдей құрсауынан әзер аман қалған қазақ халқы үшін, оның болашаққа жасаған әрбір жаңа қадамын көру үшін маңызы зор.

1917-1955 ж. Қазақстанның ұлт мәселесінің зерттелу деңгейі алғаш рет алдыңғы қатарлы методологиялық бағыттар мен әдістерге, кеңестік кезеңде болмаған еркіндікте жазылған тарихи зерттеулер арқылы талданды. Мәселе монографиялар мен мақалалардағы, сонымен бірге дүниежүзілік тарихи дәстүрге негізделген тарихнамалық фактілерге сүйене отырып, жан-жақты, әрі кешенді зерттелді.

- Қазақстандағы әміршіл-әкімшіл социализм жүйесін орнықтыру тұсында ұлт мәселесі халық демократиясын, бостандығын, еркіндігін нығайту деген ұранмен жүргенінмен, ол сталиндік кеңестік тоталитарлық жүйені, пролетарлық интернационализмді күшейтті.

- Кеңестік ұлт саясатының жер-су, аграрлық және индустриалдық реформалар арқылы жүзеге асуы халықтар трагедиясына айналды.

- Лениндік ұлт саясатының мәдени революция тарапынан болған өзгерістерінің нәтижесінде қазақ ұлтының тарих ғылымында «артта қалғандығы», «сауатсыздығы», «тапсыз» емес екендігі негізделді, сонысымен де оның социалистік өзгерістерге түсу заңдылығының тұжырымдалуы шындығында қазақ халқының мәнгүрттенуінің, апатқа ұшырауының бастамасы болды.

- Кеңестік тоталитарлық жүйенің демократиядан, өркениеттіліктен, адамзатының мәдени құндылықтарынан кетуі қазақ халқының бетке ұстар ұлт зиялыларының саяси, қоғамдық, мәдени, рухани бостандықтарының, еріктерінің сталиндік билік тұсында шектеліп, репрессияға ұшырауынан көрінді.

- Сталиндік тоталитарлық жүйе тұсында кеңестік қоғамдық жүйелері лениндік ұлт мәселесін, коммунистік партияның ұстанып отырған саясаты

мен идеологиясын жүзеге асыруда тек қана біржақты, жұмысшы табының, коммунистік құрылыс мүддесінің пайдасы тұрғысынан шешуге тырысты.

- Кеңестік ұлт саясатының біржақты, тар таптық аясында әрекет еткені қазақ ұлт зиялыларын, сонымен қатар алдыңғы қатарлы орыс және шетелдік қоғам танушыларын тарихи әдебиетте әсіре қатаң айыптауынан көрінді.

Зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындыларға келуге болады:

- 1917-1955 жж. Қазақстанның ұлт мәселесінің тарихнамасы алғаш рет қазан революциясымен, социалистік құрылыстың аграрлық, өнеркәсіптік реформаларымен, мәдени және саяси өзгерістерімен тығыз байланысты ғылыми зерттеу объектісіне айналды;

- алғаш рет зерттеу тақырыбының аясында кеңес өкіметінің «жауларына» қарсы қуғын-сүргін тұсындағы мәселелерді, өзгерістерді баяндаған зерттеулерді қазіргі таңдағы методологиялық бағыттар мен әдістерге сүйене отырып тарихнамалық талдау жасалды;

- ұлт мәселесінің пролетариат диктатурасы арқылы, социалистік құрылыстың ажырамас бөлігі ретінде «күшпен», «асыра сілтеумен» ұлт мүддесімен санаспай жүргені жаңа заман талабымен, объективті және кешенді түрде алғаш рет сараланды;

- қазақ ұлтының еркіндігі, бостандығы, тәуелсіздігі секілді құндылықтарының жойылуының лениндік ұлт саясатымен байланысы алғаш рет тұжырымдалды;

- алғаш рет қазақстандық тарихнамада зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты тың тұжырымдар, ұстанымдар ғылыми айналымға еніп, оның жетістіктері мен кемшіліктеріне терең талдау жасалды. Осы айтылғандар тарихи ойдың бүгінгі күн талаптарына сәйкес жұмыс істеп, тың тарихнамалық талдаулар жасалғандығын, жаңа ғылыми нәтижелерге, бағыт-бағдарларға қол жеткенін көрсетеді.

Монографиядағы тұжырымдар мен қорытындыларды Қазақстан тарихының кеңестік кезеңіне арналған зерттеулер, еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауда, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарының тарих факультеті студенттеріне элективті курстарды меңгеруде пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу еңбегінде ұсынылған библиографиялық көрсеткіштерді кеңестік тарихқа байланысты, сол кезеңдегі өзгерістер мен реформалар жайлы ғылыми-зерттеу еңбектер жазғанда, ленинизм және сталинизм тақырыбында библиографиялық әдебиет тізімдерін әзірлеуде пайдалануға болады.

Жалпы бұл жұмыстың қорытындыларын, айтылған тұжырымдарын Қазақстан тарихын, тарихнама ғылымын дамыту мақсатында, арнаулы курстарда, дәрістерде, өзге де арнайы зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Дербес зерттеудің тұжырымдары республикадағы ұлт мәселесі бойынша іргелі, ұжымдық зерттеулерді дайындауда методологиялық және тарихнамалық мәселелері жағынан көмегін тигізе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІРІСПЕ

1 Н. Назарбаев. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар 2014 жыл.

2 Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг.). - Алматы: Ғылым, 1991; История Казахстана: белые пятна. Сб.ст. /сост. Ж.Б. Абылхожин. - Алматы: Казахстан, 1991. – 345 с.; Межнациональные отношения в Казахстане: (теория и практика регулирования). / Сужиков М., Татимов М., Ахмеджанов А. и др. - Алматы: Ғылым, 1993. – 156 с.; История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане. / под ред. Ж.А. Кулекеева; Сост.: А.Б. Гали, А.Б. Калышев, К.С. Каражанов. – Алматы: Агентство РК по статистике, 1998. – 87 с.; Л.Д. Кудерина. Геноцид в Казахстане. - М., 1994. – 58 с.; Б.А. Мусаев. Голод первой половине 20-х годов XX века в Казахстане: исторический, социально-политический анализ. автореф. дисс. канд. ист. наук. 07.00.02. - Уральск, 2005. – 24 с.; М. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1996. – 368 с.; Народ не безмолвствует. - Алматы: П. «Обелиск», «Простор», 1996. – 305 с.; Р.Б. Абсаттаров. Национальные процессы: особенности и проблемы. - Алматы: Ғылым, 1995. – 248 с.; Н.З. Тажибаева. Изменение социальной и национальной структуры сельского населения Казахстана (1946-1992 гг.). автореф. докт. ист. наук. 07.00.02. - Алматы, 1999.; С.З. Зиманов., Ж.Б. Абылхожин, К.Н. Бурханов, А.Ш. Кадырбаев, Т.И. Султанов. Страна в сердце Евразии. Сюжеты по истории Казахстана. - Алматы, 1998.; О. Мұхатова. Қазақстандағы XX ғасырдың 20-90-жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. - Алматы: Ғылым, 1999. – 177 б.; С.О. Смағұлова. Ұлттық интеллигенция және XIX ғ-ң аяғы мен XX ғ-ң басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе. 07.00.02. дисс. т.ғ.к. - Алматы, 1999. – 24 б.; Ж.И. Мулдахметова. Динамика межэтнических процессов 20-30-х годов XX века в Казахстане. История и историография проблемы. (07.00.09.), 07.00.02. дисс. т.ғ.к. - Алматы, 2001. – 45 б.; Е.С. Қуандық. Қазақстандағы «Кіші Октябрь» бағыты: бастауы, барысы және салдары /тарихи-саяси талдау/. тарих ғыл. д-ы дисс. автореф. 07.00.02. - Алматы, 2002. - 45 б.; К.Т. Сантаева. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және ауыр салдары. (Оңтүстік Қазақстан 1925-1935 жж.). Тарих ғылым. канд. дисс. автореф. 07.00.02. - Алматы, 2001.; М.Ч. Калыбекова. Казахстан как объект переселения депортированных народов /1937-1956 гг. исторический аспект./. автореф. дисс. канд. ист. наук. 07.00.02. - Алматы, 2005. – 25 б. т.б.

3 Махат Д.А. Қазақстанда әміршіл-әкімшіл социализм жүйесін қалыптастырудың сталиндік концепциясының мерзімді басылымдарда насихатталуы (1925-1956 жж.). Тарих ғылым. канд. дисс. автореф. 07.00.02. - Алматы, 2007. – 45 б.

4 Батпенова З.С. Историография национального вопроса в Казахстане (1956-1991 гг.): дисс. канд.ист. наук.: 07.00.09. - Алматы, 1999. – 150 с.

5 Майданали З. Земледельческие районы Казахстана в годы насильственной коллективизации. Уч.пос. – Алматы, 2003. – 202 с.

6 Алдамжаров З.А. (Победа Великой Октябрьской Социалистической революции в Казахстане (историография проблемы). – Алматы: Казахстан, 1983. – 176 с.).

7 Кийкбаев Н. Торжество ленинской национальной политики в Казахстане. – Алматы: Казахстан, 1968. – 344 с.

8 Бейсембаев С. Ленин и Казахстан (1897-1924 гг.). - Алматы: Наука, 1968. – 536 с., Бейсембиев К. Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. – Алматы: Казахстан, 1970. – 384 с.

9 Дахшлейгер Г.Ф. В.И. Ленин и проблемы казахстанской историографии. – Алматы: Наука, 1973. – 216 с.

10 Зиманов С.З. Теория и практика автономизма в СССР. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 144 с.; Зиманов С.З. Вопросы методологии изучения национально-государственного строительства // Вопросы национально-государственного строительства в Ср. Азии и Казахстане. - Алматы: Наука, 1977. – 147 с.; Зиманов С.З., Рейтор И.К. Советская национальная государственность и сближение наций. – Алматы: Наука, 1983. – 223 с.; Казахский отдел Народного Комиссариата по делам национальностей РСФСР. /С. Зиманов, С. Даулетова, М. Исмагулов; АН Каз ССР, Ин-т философии и права. - Алматы: Наука, 1975. – 221 с.;

11 Есмагамбетов К. Действительность и фальсификация. (Англо-американская историография о Казахстане). - Алматы: Казахстан, 1976. – 186 с.; Есмагамбетов К.Л. Зарубежная историография истории Казахстана (с др.вр. до начала 90 годов XX века). автореф. дисс. д-ра. ист. наук. 07.00.02. - Алматы, 2000.; Бейсембиев К. Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. – Алматы: Казахстан, 1970. – 384 с.; Сужиков М.М. Вымыслы и действительность (критика буржуазных фальсификаций). - Алматы: Казахстан, 1985. – 128 с.; Кшибеков Д. Критика буржуазной фальсификации опыта строительства социализма в Казахстане. - Алматы: Казахстан, 1972. – 112 с.; Чеченкина О.И. Критика современной англо-американской буржуазной историографии политики Советской власти в области развития культуры народов Средней Азии и Казахстана. автореф. дисс. канд. ист. наук. 07.00.02. - М., 1975.

12 Тойнби А.Дж. Постигание истории: Пер. с англ./сост. Огурцов А.П.; вступ. ст. Уколовой В.И.; Закл. ст. Рашковского Е.Б. – М.: Прогресс, 1991. – 736 с.

1-ТАРАУ.

1 Большая советская энциклопедия. – М.: Сов. энциклопедия, 1954. - Т. 29. – 628 с.

- 2 Советская историческая энциклопедия. - Т. 10. - М: Сов. энциклопедия., 1967. - 1039 с.
- 3 М.С. Джунусов. Теория и практика национальных отношений. - Алматы: Казахстан, 1969. - 68 с.
- 4 Развитие и сближение Советской наций. Проблемы управления / Книга написано: М.М. Сужиковым, Т.С. Сарсенбаевым, Г.В. Малининым, и т.д.». - Алматы: Наука, 1978.
- 5 Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы. *Орысша толықтырылып, алтыншы басылуынан аударылды.* - Алматы: Қазақстан, 1983. - 792 б.
- 6 Большая советская энциклопедия. - М.: Сов. энциклопедия, 1954. - Т. 26. - 651 с.
- 7 Большая советская энциклопедия. - М.: Сов. энциклопедия, 1954. - Т. 30. - 653 с.
- 8 Большая советская энциклопедия. - М.: Сов. энциклопедия, 1953. - Т. 23. - 636 с.
- 9 Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.). - Т. 1. (Под ред. К.С. Каражанова) - Алматы: Санат, 2002. - 408 б.
- 10 Сужиков М. Социально-экономические проблемы национальной консолидации. Из опыта перехода казахского народа к социализму, минуя капитализм. Под ред. и с предисл. проф. М.С. Джунусова. - Алматы: Наука, 1968. - 380 с.
- 11 Сужиков М. В.И. Ленин – выдающийся теоретик по национальному вопросу // Известия АН КазССР, 1970, - №2. - 13-18 Б.
- 12 Туганбаев А. Октябрьская революция и развитие Казахской Советской национальной государственности. - Алматы: Казахстан, 1967. - 136 с.
- 13 КПСС създерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Бірінші том. 1898-1917. Қазақша екінші басылымы. - Алматы: Қазақстан, 1971. - 583 б.
- 14 КПСС тарихы. Лекциялар. Екінші кітап (Орысша екінші басылуынан). - Алматы: Қазақстан, 1970. - 688 б.
- 15 Ержанов А.Е. Осуществление ленинской национальной политики в Казахстане в 1935-1958 годах. автореф. дисс. канд. ист. наук. - Алматы, 1961.
- 16 Досымбеков С., Кульбаев С. Сороколетие образования казахской советской государственности. - Алматы, 1960. - 52 с.
